

**Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі**

**Алауханов Е.О.**

**КРИМИНОЛОГИЯ  
(ҚЫЛМЫСТАНУ)**

*Оқулық*

Алматы, 2021

Бұл еңбек қазақ тіліндегі тұңғыш оқулық болғандықтан келешекте бірнеше қайта басылуына күмәніміз жоқ.

Оқулық заң жоғары оқу орындары мен факультеттерінің студенттеріне, аспиранттарына және оқытушыларына, тергеу, прокуратура, сот органдары қызметкерлеріне, сондай-ақ қазіргі криминология проблемасымен айналысатындарға арналған.

Заң ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі **Сұлтан Сартаев.**

Философия ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі **Ғарифола Есім.**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Алматы Академиясының ғылыми кеңесі басуға ұсынған Е.Алаухановтың орындауымен дайындалған «Криминология» оқулығына

## Пікір

Соңғы жылдары еліміздегі ауыр және аса ауыр қылмыстардың көбеюі, оның ішінде ұйымдасқан қылмыстылықпен байланысты қылмыстардың өсуі қарқынды сипатқа ие болып отыр. Сот тәжірибесінің материалдарына сүйенсек, қазіргі кезде қоғамның даму бағытының өзгеруіне байланысты бұрын жасалынбаған жаңа қылмыстардың түрлері орын алуда. Әсіресе, меншікке, экономикалық қатынастарға, қоғам қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар жиі кездеседі. Осы күнге дейін мемлекеттік тілде қылмыстылықпен күресудегі қылмыстық заңдарының тиімділігін, оны жетілдіру жолдарын, қылмыстан сақтандыру проблемалары толық қарастырылмаған. Бұл өз кезегінде, орны толмай шешілмей жүрген криминология мәселелерінің шешу жолдары пікір беріліп отырған ғылыми еңбекте қарастырылып отыр. **Қазақстан Республикасында криминология оқулығы тұңғыш рет дайындалып, баспаға ұсынылуда.** Жұмыстың құндылығы болып онда ең алғаш рет осы уақытқа дейін басқа ғалымдармен зерттеле қоймаған мәселелердің бірі-криминологияның пәні, мазмұны, методологиясы мен әдістемесі, оның ғылым ретінде қалыптасуы және қазіргі жағдайына зерделеу жүргізілуінде және де зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы сипатталғаны табылады.

Автор еңбегінде қылмыстылықтың түсінігін, белгілері және оның даму тенденцияларын көрсеткен, сонымен қатар қылмыстылықтың латенттілігін қарастырған. Қылмыскердің тұлғасы, қылмыстылықтың себептері және жағдайлары, қылмыстылықты алдын алу проблемалары толық қарастырылған. Заң ғылымдарының докторы, профессор Е.Алауханов осы оқулықты жазу барысында көп ізденіп, осы саладағы өзіне дейінгі жазылған ғылыми жұмыстардың басым көпшілігімен танысқан. Жұмыс мазмұнында қамтылған сұрақтар шегінде аса жауаптылықпен орындалған. Автордың еңбегі-ғылыми жұмыстың (оқу құралына) оқулығына қойылатын талаптарға жауап береді және өте жоғары деңгейге сәйкес келеді. Е.О.Алаухановтың қазақ тілінде жазылған «Криминология» оқулығын баспаға ұсынамын.

**Заң ғылымдарының докторы,  
профессор, криминолог-ғалым**

**Жекебаев Ү.С.**

## Мазмұны

<b>1-тарау. Криминологияны ғылым ретінде санау</b>	9
§1. Криминологияның заты мен мазмұны	9
§2. Криминологияның ғылым ретінде қалыптасуы және дамуы	15
§3. Криминология ғылымдар жүйесінде	22
<b>2-тарау. Криминологиялық зерттеулердің методологиясы мен әдістемесі</b>	26
§1. Методология және әдістеме ұғымы	26
§2. Танымның жалпы ғылыми әдістерін криминологияда қолдану	28
§3. Накты-социологиялық әдістерді криминологияда қолдану	32
§4. Криминологиялық зерттеудің әдістемелері	36
<b>3-тарау. Қылмыс және қылмыстық әрекет</b>	39
§1. Қылмысты криминологиялық зерделеудің объектісі ретінде санау	39
§2. Қылмыстық іс-қимыл тетіктері	40
§3. Ұйымдасқан қылмыс және қылмыстық әрекет	46
<b>4-тарау. Қылмыскерлік</b>	48
§1. Қылмыс және қылмыскерлік	48
§2. Қылмыскерлікті жүйелік-құрылымдық құбылыс ретінде санау	49
§3. Ұйымдасқан қылмыскерлік ұғымы	57
§4. Қылмыскерлікті әлеуметтік құбылыс ретінде санау	61
<b>5-тарау. Қылмыскерлікті зерделеу</b>	64
§1. Қылмыскерлікті зерделеудегі міндеттер	64
§2. Қылмыскерлікті зерделеу кезіндегі танымдар мен бағалау	65
§3. Қылмыскерлік туралы ақпараттар көзі және оның көрсеткіштері	68
§4. Қылмыскерліктің коэффициенттері және оның құрылымы	70
§5. Қылмыскерлікті қозғалыста зерделеу	71

§6. Қылмыскерлікті әлеуметтік контексте зерделеу	89
§7. Қылмыскерліктің «сыртқы» және «ішкі» сипаттамаларын зерделеу	74
§8. Қылмыскерліктің латенттігін зерделеу	80
<b>6-тарау. Қазақстандағы қылмыскерліктің жалпы сипаттамасы</b>	89
§1. Қазақстанда қылмыскерліктің жалпы таралуы және қылмыскерліктің өзге «сыртқы» сипаттамалары	89
§2. Қылмыскерліктің «ішкі» сипаттамаларының өзгеруі	103
<b>7-тарау. Қылмыскерліктің детерминациясы және себептілігі</b>	113
§1. Қылмыскерліктің себептерін зерделеудің маңызы	
§2. Қылмыскерлік детерминациясы ұғымы және оның процестері	114
§3. Криминологиядағы себептілік ұғымы	117
§4. Себептілікті әлеуметтік орта мен адамның жеке басының өзара әрекеттестігі деп санау	121
§5. Қылмыскерліктің себептері мен жағдайларының диалектикасы	123
§6. Шектелген детерминизм шегінде зерделеу	125
<b>8-тарау. Қоғамды криминологиялық зерделеу</b>	128
§1. Қоғамды криминологиялық зерделеудің заты деп санау	128
§2. Әр түрлі деңгейдегі әлеуметтік ортаны криминологиялық талдау	129
§3. Тіршіліктің негізгі салаларын бөліп алу және олардың ерекшеліктерін есепке алу	144
§4. Қоғамды оның сипаттамаларымен өзара әрекеттестікте және қозғалыста зерделеу	153
§5. Әлеуметтік бақылау	157
<b>9-тарау. Қылмыстар және оны криминологиялық зерделеу</b>	163
§1. Қылмыскер және қылмыскердің жеке басы	163
§2. Қылмыскерлерді криминологиялық зерделеу объектісі және заты деп санау	166
§3. Қылмыскерлердің әлеуметтік позицияларын, рөлдерін	

және әрекеттерін зерделеу	167
§4. Адам санасының мұқтаждық-сылтауламалық өрісін және құндылық-нормативтік сипаттамаларын зерделеу	171
§5. Қылмыскерлерді топтастыру	175
§6. Қылмыскердің жеке басын әлеуметтік тип ретінде санау	178
<b>10-тарау. Қылмыс пен қылмыскерліктің себептілігі мен детерминациясын айқындау</b>	180
§1. Қылмыскерліктің себептілігі мен детерминациясын айқындау процесінің жалпы сипаттамасы	180
§2. Қылмыстың себептері мен жағдайларын зерделеу	182
§3. Қылмыскерліктің себептілігі мен детерминациясын қылмыстар туралы мәліметтерді жинақтап қорыту жолымен айқындау	187
<b>11-тарау. Қылмыскерлікпен күрес</b>	193
§1. Қылмыскерлікпен күрес ұғымы және оның мазмұны	193
§2. Қылмыскерлікпен күрестің жалпы ұйымдастырылуы	196
§3. Қылмыскерліктің алдын алу	202
§4. Құқық қорғау қызметінің криминологиялық аспектілері	218
§5. Қылмыскерлікпен күрестің міндеттері және негізге алынатын бастаулары	220
<b>12-тарау. Қылмыскерліктің жекелеген түрлерінің криминологиялық сипаттамалары</b>	223
§1. Қылмыскерліктің жекелеген түрлерін бөліп алудың және оларды зерделеудің маңызы	223
§2. Қылмыскерліктің сылтаулама негізінде бөлініп алынған кейбір түрлерінің ерекшеліктері	225
§3. Қылмыскерліктің адамның жеке басын сипаттайтын демографиялық белгілер бойынша бөліп алынған жеке түрлерінің ерекшеліктері	228
§4. Қылмыскерліктің объектілердің сипаттамалары және қылмыстық қастандықтың тәсілдері негізінде бөліп алынған түрлерінің ерекшеліктері	232
§5. Ұйымдасқан қылмыс, оның рецидивтік және кәсіби қылмыстармен өзара байланысы	238
<b>Қосымша №1</b>	250

*Осы еңбегімді қазақ заңының патриархтары,  
заң ғылымдарының докторы, профессор,  
Ұлттық ғылым академиясының академиктері  
көрнекті ұстаздарым Салық Зимановпен  
Сұлтан Сартаевқа арнаймын.*

## **1-тарау. Криминологияны ғылым ретінде қарау**

*§1. Криминология пәні және оның мазмұны.*

*§2. Криминологияның ғылым ретінде қалыптасуы және дамуы.*

*§3. Криминология ғылым жүйесінде*

### **§ 1 Криминология пәні және оның мазмұны**

Егер сөзбе-сөз ұғынсақ, криминология дегеніміз қылмыскерлік жайындағы ілім: Crimen - қылмыс, logos - ілім. Бірақ криминология ғылымының нақты мазмұны едәуір күрделі әрі көп аспектілі. Ол жекелеген қылмыстардың ғана емес, жаппай қылмыстық әрекет ретіндегі *қылмыскерліктің* де заңдылығын зерттейді, адам неге қылмыс жасайды? Өз проблемаларын шешу үшін көптеген адамдар неге қылмыс жолына түседі? Ондайға жол бермеу үшін не істеу керек? – деген сұрақтарға жауап береді.

Кез келген басқа ғылым сияқты криминология да *заңдылықты* зерттейді. *Криминологияның айрықша пәні* – заңдылықтар: а) қылмыскерліктің барлық көріністері; б) қылмыскерліктің детерминациялары мен себептілігі; в) қылмыскерліктің әр түрлі ықпалға ұшырайтындығы.

*Қылмыскерліктің әр түрлі көрініс табуы мыналарды қамтиды:* қылмыс немесе жеке қылмыстық әрекет; қылмыскерліктің әр түрлі негіздер бойынша бөлініп алынатын жекелеген түрлері (экономикалық, мемлекеттік, кәмелетке толмағандардың, әйелдердің және т.б.); мемлекеттің белгілі бір аймағындағы, мемлекеттегі адамзат қоғамының әр түрлі кезеңіндегі қылмыскерлік.

Осы айтылғандардан мынадай тұжырым жасауға болады: қылмыскерлік - адамзат тарихында бұрын болған және қазіргі бар қоғамдардың барлығының да ажырамас бөлігі.<sup>1</sup>

Криминология қылмыскерлікті орын мен уақыттың нақты жағдайында зерттейді. Криминолог қоғамға, адамға, бір жағынан, «қылмыскерлік арқылы», қылмыстық әрекет арқылы қарайды. Тек қылмыскерлік, оның себептері және онымен күрес – криминологияға негізгі керектілер осылар. Қылмыскерліктен бастау алып ол оның себептерінің, онымен күресті ұйымдастырудың, оның алдын алудың талдамасына тереңдеген сайын қоғам мен табиғатта бар басқа да кең әрі күрделі проблемаларға шығады. Философ, керісінше, қылмыскерлікті көптеген құбылыстардың бірі ретінде, барлық басқалардың өзара байланысы, өзара әрекеттестігі контекстінде қарайды. Философтар қылмыскерлікке табиғат пен қоғамның жалпы заңдылықтарын зерттеуге байланысты талдама жасайды.

Нақты өмірде қылмыскерлік пен басқа келеңсіз әлеуметтік ауытқулар (алкоголизм, маскүнемдік, наркомания, көлеңкелі экономия және т.б.) арасындағы шекараны дәл анықтау қиын. Оларды оқшаулап қарау салыстырмалы, жасанды болып шығады.

Қолданыстағы заң қылмыскерліктің шекарасын көрсетеді, бірақ криминологиялық зерттеулердің шекарасы одан біршама кең. Қоғам мен заң өзгергенде қылмыс және қылмыс емес деген ұғымдар да өзгереді. Криминолог белгілі бір іс-әрекеттерді криминалға жатқызу (оларды заң бойынша қылмыс деп тану) және криминалға жатқызбау (тиісті іс-әрекеттерді заң бойынша қылмыстар қатарынан, яғни қылмыстық жазаланатындар қатарынан алып тастау) туралы мәселеге өз үлесін қосады. Қылмыс жасайтын адамдарды зерттей келе криминологтар мынаны байқады: ұдайы құбылып отыратын жағдайда олардың қоғамға қауіпті әрекеттері өз формасын өзгертеді екен, ал бұл форманың өзгеруінен сол әрекет өзінің қоғамға қауіптілік сипатын жоғалтудың орнына, кейде бұрынғыдан да бетер қауіпті болады екен. Мұндай жағдайда қылмыстық заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізу керек. Заңның криминологиялық келісімділігін, оның қоғамға аса қауіптілік келтіретін жаңа шындыққа сәйкестігін осы криминологтар қамтамасыз етеді. Қылмыстық құқық саласындағы мамандарда құбылмалы кезде қоғамға қауіпті әрекет формасының өзгеретіндігі жайында толықтай деректер болмайды.

*Сонымен криминолог қылмыскерлік пен келеңсіз әлеуметтік ауытқулардың өзге формаларының өзара байланысындағы,*



*олардың қоғамға қауіпті әрекетке айналуындағы заңдылықты зерттейді.*

Профессор Г.М.Миньковский бейнелеп айтқандай, криминологтардың назар аударатын объектілері қалайда «фондық құбылыстар» болуға тиіс. Бірақ криминологтар оларды толық көлемде емес, тек олардың қылмыскерлікпен байланысын ғана зерттейді.

Қылмыскерлік детерминациясы және себептілігі – бұл, жалпы алғанда, қылмыскерліктің қоғамда туындау процесі (әлеуметтік детерминация) және сол процесті тудыратындарды, себептік байланыстарды бөліп алу (себептілік).

*Қылмыскерлік детерминациясы мен себептілігі*, жалпы, қоғамдағы, мемлекеттегі, аймақтағы қылмыскерліктің, белгілі бір әлеуметтік топ өкілдерінің қылмыскерлігінің, қылмыскерліктің кейбір түрлерінің, жеке қылмыстық әрекеттің қандай да бір кезеңде дамуын зерттейді.

Бұл ретте тек қоғамның қылмыскерлікке ғана емес, сонымен қатар қылмыскерліктің қоғам өмірінің әртүрлі жақтарына ықпал ету процесі де талданады.

Қылмыскерліктің әртүрлі ықпалға ұшырау заңдылығын талдағанда алдыда қылмыскерлікпен күрестің неғұрлым тиімді жолдарын іздестіру мақсаты тұрады.

*«Қылмыскерлікпен күрес»* - күрделі, көп аспектілі қызмет, ол қылмыскерліктің өзіне және оның себептеріне, жағдайға ықпал етуді қамтиды. Бұл қызмет қылмыскерлікпен күресті жалпы ұйымдастыруды да, қылмыскерліктің алдын алуды да, құқық қорғау қызметін де қамтиды. Егер алғашқы екі мәселе, негізінен, криминологтардың назарын аударатын басты объектілер болып келсе, ал құқық қорғау қызметі – оның жүйелілігін қамтамасыз ету және криминологиялық келісім тұрғысынан алынады. Құқық қорғау қызметінің кейбір бағыттарын қылмыстық процесс, жедел-ізвестіру қызметі бойынша мамандар және басқалар анықтайды.

*Криминолог – жан-жақты экономикалық, саяси, әлеуметтік, құқықтық және басқа да ұсыныстар бере алатын амбебап маман емес. Қоғам өмірінің экономикалық, саяси және басқа да салаларын, құқықтың әртүрлі салаларындағы мәселелерді тереңірек талдаған сайын ол алғашында басқа мамандармен ынтымақтастықта болады, кейіннен «эстафета*

*таяғын» олардың қолына ұстатады, содан кейін барып олар қылмыскерлікті тудыратын себептер мен жағдайларды жоюдың нақты жолдарын анықтайды.*

Бұл ретте криминологта оның өзіне ғана тән зерттеу саласы болады: тікелей қылмыскерлік туындайтын әртүрлі әлеуметтік құбылыстар мен процестердегі (әлеуметтік, саяси және басқа) өзара байланыстылықты бөліп алу. Ол өзі алған нәтижелер жайында экономистерді, саясаткерлерді, социологтарды, құқық қорғаушы және басқа мемлекеттік органдарды, жұртшылықты хабардар етеді. Бірақ криминолог, енді болды, бұдан былай жұмыссыздық та, кедейлік те болмайды, қылмыскердің ешқайсысы жазасыз қалмайды деп қол қусырып отыруға тиіс емес. Ол жұмыссыз азаматтардың қандай бөлігі кедейлік сатысының ең төменгі баспалдағында тұрғандығын, сол себепті олардың қылмыс жасайтындығын ашып көрсетуі тиіс. Бірақ ондай адамдардың ішінде қылмыс жасамайтындар да бар. Тиісінше, кейбір тұрақты теріс құбылыстарды тез жою жөнінде мәселе көтермесе де, криминолог өз ақпаратымен олардың криминогендік әрекеттерін бейтараптандыруға, оң факторлармен өзара қатынасын қамтамасыз етуге көмектесе алады (қарттарға, мүгедектерге экономикалық көмек; еңбекке жарамды адамдарды жұмысқа орналасту; қылмыспен келген табысты «жуып-шаюға» жол бермеу және т.б.).

Сонымен қатар криминолог қылмыскерлікті азайтуға ықпалын тигізетін құбылыстарды назарға алады – ол тек криминогендік қана емес (қылмыскерлікті туындататын), сонымен қатар антикриминогендік (туындауға тосқауыл болатын) мән-жайларға да баса көңіл аударады.

Оның антикриминогендік процестер жайындағы ақпараты қылмыскерлікпен күресте батымды шара қабылдауға көмектеседі<sup>2</sup>.

Сонымен, біріншіден, криминология өмірдегі барлық жағдайға жан-жақты ұсыныс беретін әмбебап ғылым емес, екіншіден, қылмыскерлікпен күрес проблемасын орын мен уақыттың нақты жағдайларында шеше отырып ол өз бағытын ұстанады.

Криминологиялық тұжырымдар әлеуметтік қайта өзгеру процесінде қолданысқа алынады, солай болуға тиіс те, бірақ

криминолог пен революционерді, криминолог пен билік басындағылардың жауын ажырата білу керек.

Криминолог іс жүзінде әрқашан қоғамға оның денесіндегі сыздауықты, әлеуметтік басқарудағы қателіктерді көрсететін сыншы рөлін атқарады, себебі қылмыскерлік оң жетістіктерден, жақсы өмірден туындамайды. Ал, оның ұсынысы болмаса қылмыскерліктің тасасында тұрған, кейде қоғамға «қылмыскерлік арқылы» қарағанда ғана көрінетін теріс құбылыстардан арылу мүмкін емес.

Криминологиялық құбылыстарды ескеру – қоғамдық қатынастарды құрбансыз және астан-кестен төңкеріссіз, ғылымға сүйеніп қайта құру жолындағы маңызды қадам.

Әлеуметтік жетістіктерді емес, қателіктерді ғана көрсеткені үшін криминологты айыптау пациенттің келісті түр-түсін, инабаттылығын, жақсы қасиеттерін сөз етпей, оның ауруы жайында, оны емдеудің жолын айтқан дәрігерді айыптағанмен бірдей.

Мұны айтып отырған себебіміз, КСРО кезінде криминологиялық зерттеулерге отыз жылдан аса уақыт тыйым салынған еді. Ол тыйым Қылмыскерлік пен қылмыскерді зерттеу жөніндегі мемлекеттік институт қайта ұйымдастырылып, Орталық статистика басқармасының моральдық статистика бөлімі таратылған 30 жылдардың басынан Қылмыскерліктің себептерін зерттеу және оның алдын алу шараларын қарастыру жөніндегі Бүкілодақтық институт құрылған 1963 жылға дейін созылды. Бұл кезеңде қылмыскерлік проблемалары бойынша, бірақ қылмыстық құқық, криминалистика және басқа пәндер шеңберінде жекелеген ғылыми зерттеулер жүргізілді. Іс жүзінде әңгіме күрделі де бүтіндей ерекше құбылыс болып табылатын қылмыскерлік жайында емес, жекелеген қылмыстармен күрес жайында ғана еді.

КСРО құрамында болған мемлекеттердегі социализмнің ыдырауы қылмыскерліктің себептеріне, әсіресе, наркобизнес, жезөкшелік, валюталық операциялармен жасалатын қылмыстардың себептеріне жаңаша көзқарасты талап етті<sup>3</sup>.

ТМД елдерінде алғашқы Криминологиялық Ассоциация 1991 жылы құрылды. Қазақстан Республикасында да Криминологиялық Ассоциация 2000 жылы құрылып, аталған ұйымның “Қылмыстылықтың алдын алу” (Предупреждение

преступности) журналы 2001 жылдан бастап жылына екі рет жарық көре бастады. Алғашқы Қазақстанның Криминологиялық Ассоциациясының төрағасы болып заң ғылымдарының докторы, профессор И.И.Рогов сайланды.

*Криминологияның ғылым ретіндегі мазмұны* – бұл дегеніміз: қылмыскерлікті, оның өзгерістерін, аймақтық және әлеуметтік-топтық ерекшеліктерін зерттеу және бағалау; тиісті қылмыскерліктің детерминация және себептілік процестерін, оның өзгерістері мен айырмашылықтарын зерттеу және бағалау; қылмыскерлікпен күрес жөнінде, сондай-ақ криминологиялық зерттеулердің методологиясы мен әдістемесіне қатысты ұсыныстар дайындау.

Криминология пәнінің анықтамасымен салыстырып қарасақ, мұнда, біріншіден, қылмыскерлікті, оның детерминация және себептілік процестерін, екіншіден, қылмыскерлікпен күрес жөнінде криминологиялық зерттеулердің методологиясы мен әдістемесі бойынша ұсыныс дайындауды көрсету өзінше жаңалық болып табылады.

Кез келген ғылымның *методологиясы мен әдістемесі* маңызды рөл атқарады, себебі олар әрқашанда зерттеу объектісіне «байланыстырылады» және оның нәтижелерінің сенімділігін, растығын анықтайды. Зерттеу әдістемелері мен әдістерінің өзіндік ерекшеліктері осы әдістерді игерген мамандардың, сондай-ақ арнаулы зерттеу мекемелерін ұйымдастырудың қажет екендігін талап етеді.

Криминология бойынша 60-жылдары шыққан алғашқы оқулықтарда оның пәні мен мазмұнын қарастырғанда *қылмыскердің жеке басы* сөз болмайды. “Қылмыскердің тұлғасын жалпы анықтаудан теория жүзінде бас тарту дегеніміз жеке дараны әлеуметтік айналдырудан бас тарту деген сөз, ол, ойлап қарасаңыз криминологиялық теорияны әдістемелік негізден айырады”-деп У.С. Жекебаев дұрыс айтқан болатын<sup>4</sup>. Кейін қылмыскерлікпен, оның себептерімен, қылмыскерліктің алдын алу шараларымен қатар ол жайында сөз қозғала бастады. Ондағы мақсат – криминологтардың оған өзінше бөлек назар аударуы керек екендігін, қоғамдық қатынастарды зерттеу қылмыскердің жеке басын зерттеуді алмастыра алмайтындығын, ал қылмыскерлікке және оның себептеріне ықпал ету – адамның өмір салтын сауықтыру және белгілі бір жеке мінез-құлықты

түзету екендігін көрсету еді. Криминология пәнін, оның мазмұнын анықтаудағы мұндай көзқарас өзін ақтады, себебі ол, мысалы, қылмыскердің жеке басын криминологиялық зерттеудің дамуына септігін тигізді. Осы күні зерттеулер нәтижелерінің маңыздылығы даусыз, енді криминологияның пәні мен мазмұнын анықтауда қылмыскердің жеке басын қылмыскерліктен бөлек, оның себептері мен алдын алу шараларынан бөлек сөз етуге болмайды. Қылмыскердің жеке басын криминология пәнінде бөліп алудың жасандылық сипаты бар, ол жайында алда сөз болады.

## **§ 2. Криминологияның ғылым ретінде қалыптасуы және дамуы**

Қылмыстардың себептері, олар үшін жауапкершілік принциптері туралы көптеген негізге алынатын идеялар адамзат тарихының бастапқы кездерінде-ақ пайда болған<sup>5</sup>.

Криминология тарихы, өзінше дербес ғылым ретінде 19-ғасырдан басталды, жаратылыстық-ғылыми әдістерді қолдану аясы кеңіді. Олар қоғамдық ғылымдарға да ене бастады.

19-ғасырдың 1-жартысында криминологияның дербес ғылым ретінде қалыптасуына зерттеулердің мына төрт түрі айқын әсерін тигізді: 1) антропологиялық; 2) статистикалық; 3) әлеуметтік-экономикалық, социологиялық және т.б., олар арқылы қылмыскерлік факторларына және оларға ықпал ету тетіктеріне талдау жасалды; 4) әлеуметтік-құқықтық.

Антропологиялық зерттеулердің негізін қалаушы френолог Галль болатын. Ол қылмыс жасайтын адамдарды үш категорияға бөлді, қылмыскерлерді биологиялық топтастырудың басын бастады. Кейін туа қылмыскер деген идеяны бұрынғы түрме дәрігері, сот-медицинасының итальяндық профессоры Цезарь (немесе Чезаре) Ломброзо тамаша негіздеді. «Қылмыскер болып туады» - деді ол өзінің алғашқы еңбегінде. Кейін ол туа қылмыскер болу – типтердің біреуі ғана, ал өсе келе өмір ықпалымен қылмыскер болатын басқалар да бар екенін мойындады. Ламброзоның бұл жұмысы күшті дау туғызды: бір авторлар оны қолдады, басқалары оның идеясын қолдамады, өздерінше зерттеулер жүргізді. 19- ғасырдың соңы – 20-ғасырдың басында қылмыстық антропология жөнінде бірқатар

халықаралық конгрестер өтті, оларға қатысқандардың көбісі Ломброзо теориясын сынады<sup>6</sup>.

Ломброзо болса қылмыскерлерді және қылмыс жасау себептерін зерттеу ауқымын кеңейтіп, айтысты жалғастырды. Ол өзінің кейінгі жұмыстарында сыртқы органың қылмыскерлікке ықпал ететін әртүрлі факторларына назар аударды, туа қылмыскер болатындық туралы теориясынан бас тартпаса да біртіндеп әлеуметтік факторларға көңіл бөле бастады.

Ломброзоньың идеясын оның шәкірттері – белгілі итальян ғалымдары Рафаэль Гарофало мен Энрико Ферри дамытты, олар қылмыскерліктің әлеуметтік факторларына баса назар аударды. Ферридің пікірінше, антропологиялық мектептің айрықшылығы сонда, ол органикалық және психикалық келбеттері, мұралаған және жүре біткен қасиеттері арқылы қылмыскердің жай адамнан өзгеше екендігін мойындады (*par des anomalies organiques et psychiques*), қылмыскерлерді адамзат тұқымының ерекше бір түрі деп санады (*une classe speciale, une variete de l'espece humaine*). Тиісінше, жазаны, қоғамның осы «адамзат тұқымының бір түрінен» қорғанысы ретінде қарады.

Бұл бағытты жақтаушылар Францияда және басқа да елдерде болды. Ресейде П.Н.Тарановскийдің, Д.А.Чиждің жұмыстары, біршама Д.Дрильдің және басқа авторлардың жұмыстары антропологиялық бағытқа жақын болды.

Айтулы криминологиялық жұмыстардың бірі – «Қылмыскерліктің экономикалық факторының» авторы Ван-Кан кейіндері былай деп жазды: «Ломброзоньың еңбегі сонда, ол криминология саласындағы ойды оятты, жүйе құрды, тапқыр және батыл гипотеза жасады, ал нәзік талдамалар мен түйінді тұжырымдарды ол өз шәкірттеріне қалдырды».

Ресейде А.Хвостов, Францияда А.Герри, Бельгияда Э.Дюкпетью қылмыскерлік жайында жинақталған деректерге арнаулы статистикалық зерттеулер жүргізді. Олардың қылмыскерліктегі заңдылықты зерттеу үшін қаншалықты маңызды екендігін бельгиялық математик әрі статист А.Кетле айқын көрсете білді. 1836 жылы А.Кетленің «Адам және оның қабілетінің дамуы немесе қоғамдық физика тәжірибесі» атты шығармасы жарық көрді, онда автор былай деп жазды: «Қылмысқа қатысты нәрселердің бәрінде сандар соншалықты тұрақты қайталаынады, ол жағдайға назар аудармасқа болмайды.

Қылмыстардың белгілі бір түрлерінің жыл сайын ұдайы қайталанып тұратындығы және олар үшін берілетін жаза түрлерінің де сол пропорцияда болатындығы қылмыстық соттың бізге беріп отырған қызықты статистикалық мәліметтері; мен оларды өзімнің әр түрлі шығармаларымда бетке ұстадым, әрқашан қайталаудан жалықпадым: таңғаларлық дәлдікпен төлем жасап тұратын бюджет бар, ол – зындан, түрме, эшафот бюджеті; сол бюджеттің азаюын ойластыруымыз керек».

Мұндай зерттеулерді басқа авторлар да жалғастырды, олардың көмегімен, біріншіден, қылмысты немесе қылмыстарды зерттеуден статистикалық заңдылығы бар жаппай әлеуметтік құбылыс болып табылатын қылмыскерлікті зерттеуге қадам жасалды, екіншіден, қылмыскерлік туралы статистикалық мәліметтердегі өзгерістер мен қоғамдағы өзгерістер арасындағы өзара байланыс көрсетілген.

Ал, әлеуметтік-экономикалық, социологиялық зерттеулерді алатын болсақ, көптеген авторлар (Ферри, Гарофало, Марро, кейінірек Ашшафенбург және басқалар) қылмыскерліктің әр түрлі әлеуметтік факторлармен статистикалық байланысын көрсетті.

1844-1845 жылдары жас Фридрих Энгельс «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» атты кітап жазды, онда «Өз байқауым және шын көздер бойынша» деген тарау бар. Бұл іс жүзінде қоғамдық жағдайлардың қылмыскерлікке ықпал ету факторын ғана емес, ондай ықпалдың тетігін, қылмыскерліктің әлеуметтік мәнін алғаш рет тереңірек зерттеу болды. «Әлеуметтік тәртіпті сыйламау өзінің ең ақырғы сатысында – қылмыскерлікте айқын көрініс табады. Жұмысшыны моральдық азғындауға алып келген себептер әдеттегіден гөрі күштірек, жиналып әрекет ететін болса, онда, Реомюр бойынша 80 градустан су сұйық күйден газға өтетіні сияқты жұмысшы да қалайда қылмыскерге айналады»<sup>7</sup> - деп жазды Ф.Энгельс. Қылмыскерлік дегеніміз әлеуметтік соғыстың көрініс табуы, Энгельс айтқандай, «әркім өзін ойлайды, өзі үшін басқалардың бәріне қарсы тұрады, ал, өзінің қас жауы болып табылатын сол басқаларға зиян келтіру керек пе деген мәселені тек өз қамына байланыстырып шешеді. Қылмыскерлік кестесі көрсетіп отырғандай, бұл шайқас жылдан жылға ушығып, етек алып барады; жауласушы тараптар біртіндеп өліспей беріспейтін екі лагерге бөліне бастады: мұнда – буржуазия, онда

– пролетариат. Бұл барлығының барлығына қарсы және буржуазияның пролетариатқа қарсы соғысы бізді тандандырмау керек, себебі ол жеке бәсекелестік принципінің біртіндеп жүзеге асуы болып табылады».

Фридрих Энгельс, біріншіден, адамдар мінез-құлқындағы жалпы келеңсіз әлеуметтік ауытқулардың себептерін емес, тек қылмыскерліктің себептерін негіздеді; екіншіден, жеке мүдденің, еркін бәсекелестіктің толық үстемдігі, жеке меншігі жоқ, жалданбалы еңбек адамдарының мүдделері мен құқықтарын ешбір елемеушілігі орын алып отырған жағдайдағы қылмыскерлік заңдылығын көрсетті. Осыдан барып қоғамдық және саяси мекемелерді, қоғамның қоғамдық-әлеуметтік калпын өзгерту қылмыскерлікпен күрес шараларының ең бастысына айналады.

Әлеуметтік-құқықтық зерттеулердің, құқық социологиясының дамуы қылмыстардың әлеуметтік негізіне, құқық нормаларының бұзылу себептеріне, қылмыс үшін жаза қолданғанда оларды ескеру қажеттігіне назар аударды, талап етті. Қылмыстық саясат туралы ілім пайда болды<sup>8</sup>.

Қылмыстардың себептерімен және олардың алдын алу шараларымен криминалистер айналыса бастады. Жапония профессоры Кан Уэда өз еліндегі криминологиялық зерттеулердің пайда болуын қылмыстық саясат пен түрме ісіне жасалған реформамен байланыстырады<sup>9</sup>.

Қазақстан заңгерлері үшін криминология – қылмыстану теориясын меңгеру үшін Республикамызға орасан еңбек сіңірген, қазақ ғылымына теориялық сом еңбектер жазған заң ғылымдарының докторы, академик **С.Зиманов**, академик **С.Сартаев** және заң ғылымдарының докторы, профессор **У.С.Жекебаев** және заң ғылымдарының докторы, профессор **Е.І.Қайыржановтардың** ғылыми еңбектерін тереңірек талдау жасап оқуды ұсынамын.

Криминология ғылымына айрықша еңбек сіңірген Саратов заң институтының профессоры **И.С.Ной** - Әлеуметтік генетикалық концепцияның авторы (көзінің тірісінде партиялық идеологияның әсерінен түрлі себептермен еңбектері бағаланбай қалған кездері болды).

Қазақстан Криминология ғылымында **Сергей Яковлевич Булатов** тұңғыш криминологиялық проблемаларды көтерді.



Оның шәкірті Бәрімбек Сәрсенұлы Бейсенов республикадағы алкогольдік факторларға байланысты қылмыстарын зерттеді. **С.Я.Булатовтың үлкен шәкірті заң ғылымдарының докторы, профессор Елеген Ізтілеуұлы Қайыржанов** криминология мектебін аша білді: ол кісінің қолынан қазіргі заң ғылымының докторлары, профессорлар: Абдиров Н.М., Ағыбаев А.Н., Алауханов Е.О, Жүнісов Б.Ж, Жансараева Р.Е., Дулатбеков Н.О, Чукмаитов Д.С, Рустемова Г.Р, Смағұлов А.А., Мауленов Ғ.С, ал ғылым кандидаттары: Баймурзин М.С., Жұмағали А., Жумағұлов Т.Қ, Жемпиісов Н.Ш., Бұғыбайқызы Д., Ещанов А.Ш., Ли А., т.б. көптеген шәкірттерді тәрбиеледі.

Қазақстан криминология саласында ХХ - ХХІ ғасырдың басында бір топ ғалымдар өз еңбектерімен елеулі үлестерін қоса білді, олар:

**БУЛАТОВ Сергей Яковлевич** Мәскеу-Алматы қ. Заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ССР еңбегі сіңген ғылыми қайраткері. Ғылыми зерттеу мәселелері:Криминология: қылмыстылықпен күрес жүргізудегі қылмыстық заңнаманың рөлі; қылмыстылықтың шығу себептері териясы. Негізгі еңбектері: «Империализм дәуірінің қылмыстық саясаты», «Каролина».

**ҚАЙЫРЖАНОВ Елеген Ізтілеуұлы** Алматы қ. Заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, ҚР ғылым мен техникаға еңбегі сіңген қайраткер, “Қайнар” университетінің бірінші проректоры. Ғылыми зерттеу мәселелері: криминология, қылмыстық іс-жүргізу, криминалистика, жедел-іздістіру қызметінің териясы, қылмыстық-атқару құқығы мәселелері, қылмыс объектісі, қылмыстылықтың алдын алу. 150-ден астам ғылыми еңбектердің, соның ішінде жоғарғы оқу орындарына арналған 20-дан аса оқулықтардың авторы.

**ЖЕКЕБАЕВ Үзікен Сүйкімбайұлы** Алматы қ. Заң ғылымдарының докторы, профессор. Ғылыми зерттеу мәселелері: қылмыстық мінез-құлық мотивациясы; қылмыстылықтың әлеуметтік-психологиялық аспектілері. 20-дан аса оқулықтары мен монографиялары жарияланған.

**ӘБДІРОВ Нұрлан Мәжитұлы** Астана қ. Заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Сенат вице-спикері. Ғылыми зерттеу мәселелері: криминологияның және қылмыстылық профилактикасының жалпы теориялық проблемалары; наркоманияның алдын алу және ескірткі саудасымен күрес мәселелері. 10-нан аса оқулықтары мен монографиялары жарияланған.

**АҒЫБАЕВ Арықбай Нүсіпәліұлы** Алматы қ. Заң ғылымдарының докторы, профессор. ҚР еңбегі сіңген қайраткер, ҚазҰУ-дың қылмыстық құқық және криминология кафедрасының меңгерушісі. Ғылыми зерттеу мәселелері: лауазымдық және қызметтік қылмыстардың алдын алу мәселері. 10-нан аса оқулықтар мен монографиялары жарияланған.

**АЛАУХАНОВ (АЛАУОВ) Есберген Оразұлы** Алматы қ. Заң ғылымдарының докторы, профессор, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», ҚР ҰҒА-ның құрметті академигі, ҚР “Мәдениет қайраткері”, заңгер-жазушы, ҚР Журналистер одағы Бақытжан Қаратаев атындағы сыйлығының лауреаты (1995ж.). ҚазГЮУ-дың профессоры. Ғылыми зерттеу мәселелері: меншік және пайдақорлық-зорлық қылмыстарының алдын алу; қылмыстық-құқықтық реформа. 140-тан аса ғылыми еңбектері, оның ішінде 20-дан аса оқулықтар мен монографиялары жарияланған. 2005 жылы Санкт-Петербург қаласында «Криминологические проблемы предупреждения корыстно-насильственных преступлений» атты монографиясы, 2005-2006 жылдары тұңғыш рет «Криминология» оқулығы қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шықты.

**БЕЙСЕНОВ Бәрімбек Сәрсенұлы** Алматы қ. Профессор, ішкі істер генерал-майоры. Ғылыми зерттеу мәселелері: ішкілікпен және маскүнемдікпен байланысты қылмыстылықтың алдын алу.

**ДУЛАТБЕКОВ Нұрлан Орынбасарұлы** Қарағанды қ. Заң ғылымдарының докторы, профессор. “Болашақ” институтының ректоры, *2004 жылдың Қазақстандағы үздік адамы танылған.* Ғылыми зерттеу мәселелері: криминология және қылмыстық құқық, жаза мәселелері. 10-нан аса оқулықтары мен монографиялары жарияланған.

**ЖҮНІСОВ Бактыбай Жолжақсынұлы** Қарағанды қ. Заң ғылымдарының докторы, профессор. Қарағанды “Фемида”

академиясының бастығы. Ғылыми зерттеу мәселелері: қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-құқықтық саясат; жаза қылмыстылықпен күресудің арнайы шарасы ретінде. 15 – аса оқулықтар мен монографиялар жарияланған.

**НӘРІКБАЕВ Максұт Сұлтанұлы** Астана қ. Заң ғылымдарының докторы, профессор. Қазақтың заң гуманитарлық университетінің ректоры болған. Ғылыми зерттеу мәселелері: кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықтың алдын алу; сыбайлас жемқорлық пен ұйымдасқан қылмыстылық; сот жүйесін дамыту. 10-нан аса оқулықтар мен монографиялары жарияланған.

**РОГОВ Игорь Иванович** Астана қ. Заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Конституциялық кеңесінің төрағасы. Ғылыми зерттеу мәселелері: Криминология: экономикалық қылмыстылық пен сыбайлас жемқорлықтың себептері мен алдын алу жолдары. 10 – нан аса оқулықтары мен монографиялар жарияланған.

**РҮСТЕМОВА Гаухар Рүстембекқызы** Алматы қ. Заң ғылымдарының докторы, ҚР ПМ Алматы Академиясы, кафедра бастығы. Ғылыми зерттеу мәселелері: медицина саласындағы қылмыстылық; адамның мүшелері мен тіндерін ауыстырып салу. 10-нан аса оқулықтары мен монографиялары жарияланған.

**ЧУКМАИТОВ Дулат Сламбекұлы** Қостанай қ. Заң ғылымдарының докторы, профессор. Қостанай Заң институтының ректоры. Ғылыми зерттеу мәселелері: қылмыстылықтың алдын алу, қылмыскер тұлғасы, рецидивтік қылмыстылықтың алдын алудағы қылмыстық жазалардың жүйесі мен түрлері. 10 – нан аса оқулықтары мен монографиялар жарияланған.

Осының бәрі қылмыскерлік жөніндегі арнаулы зерттеушілердің, оның заңдылықтары мен себептерін зерттеудің, яғни криминологияның пайда болуына әкелді.

*Римдегі кассациялық соттың прокуроры барон Р.Гарофало өзінің 1890 жылы жарық көрген кітабын «Криминология» деп атаған.*

### §3. Криминология ғылым жүйесінде

Бірқатар авторлар криминологияны пәндераралық ғылым деп санайды, криминалист заңгер де, қоғамтанушы да болуы тиіс дейді. Бұл криминалист үшін мақтанарлық жай. Бұндай көзқарас бірқатар тактикалық мәселелерді шешерде қиындық тудырады. Мысалы, криминологтарды қай мамандық шеңберінде дайындау керек? «Пәнаралық» ғылым деген не? Ол қай пәндер арасында?

Сонымен қатар, пәнаралық зерттеулер мен пәнаралық ғылымды айыра білу керек. Мұндай зерттеулерге әр түрлі мамандар қатысады, ал маман-криминолог деген кім, оған не үйрету керек, оны базалық даярлау қандай болуы тиіс?

Бұл мәселелер әр түрлі шешілді және шешіліп келеді. Бұған негізі төрт көзқарас бар:

1. Криминология – қылмыскерлік социологиясы және зерттеушіні социологиялық даярлау базалық болуы тиіс. Осыған байланысты бірқатар мемлекеттерде криминологияны заңгерлер емес, болашақ социологтар өтеді (АҚШ, Ұлыбритания және т.б.).

2. Криминология – заң ғылымы және мамандарды заңдық даярлау базалық болуы тиіс. Оған мынадай аргументтер келтірілген: қылмыстың шекарасын заң белгілейді, қылмыскерлікпен оның барлық аспектісінде күресуді заң құқық бұзушылықтың басқа түрлерімен және өзге де келенсіз әлеуметтік ауытқулармен салыстырғанда өте мұқият реттейді.

Ресейде, Батыс Еуропаның бірқатар мемлекеттерінде криминологияны заң факультеттерінде өтеді. Тиісінше, криминология, заң мамандықтарының бірі ретінде қаралады. Бұл ретте, криминолог, басқа маман-заңгерлерге қарағанда социологияны, әлеуметтік психологияны жақсы білуге тиіс деген ұғым бар. Басқа сөзбен айтқанда, криминология әлеуметтік-құқықтық ғылым деп саналады. Шындығына келгенде, юриспруденцияға, әлемге социологиялық кең көзқараста болу тән. Сондықтан да болар, болашақ заңгерлер философияны да, психологияны да, экономиканы да, статистиканы да, сот психиатриясын да, сот медицинасын да өтуге тиіс. Юриспруденция жалаң заңдық-догматикалық көзқарастан әлдеқашан өтіп кетті. Әрине, заңгерлерді мамандандыру бар. Ол заңгерлердің философия негізін, психологияны, статистиканы және т.б. білуімен шектелмейді. Олар «криминалдық цикл» деп

аталатын пәндерді жақсы игеруі тиіс (қылмыстық құқық, қылмыстық процесс, сот статистикасы және т.б.).

3. Криминологиялық зерттеулер – бұл, бәрінен бұрын, адамның мінез-құлқын зерттеу, сондықтан оны маман-психологтар, психиатрлар жүргізуі тиіс. Бұл «клиникалық» криминология деп аталатынның өкілдеріне тән. Бірақ соңғы онжылдықтар практикасында мұндай көзқарас социологиялық, экономикалық, заңдық және басқа танымдар ескеріліп жүзеге асырылатын, яғни кешенді немесе пәнаралық деп саналатын криминологиялық зерттеудің объектісіне айналды.

4. Криминологиялық зерттеу, бұл – пәнаралық зерттеу. «Криминология – айрықша тұтастық құрайтын әр түрлі білімдер мен әдістердің жүйесі, сондай-ақ қылмыскерлікті зерттеуге бағытталған пәнаралық ғылыми-зерттеу қызметінің айрықша жүйесі» - деп санайды В.Б.Першин мен А.Н.Подрядов<sup>10</sup>. Мұндай көзқараспен криминологияны «кешенді ғылым» деп те атауға болады.

Мынадай сұрақтар туындайды: құқықпен қоса социология туралы неге сөз болады? Неге экономика, саясаттану және басқа ғылымдар жайында емес? Ал, социология дегеніміз – қоғам өмірінің әлеуметтік саласының заңдылығын зерттейтін қоғамдық ғылымдардың бірі ғана.

60-жылдары КСРО-да криминология қайта дамығаннан кейін өмірдің өзі эксперимент қоя бастады. Қылмыскерліктің себептерін зерттеу және олардың алдын алу шараларын дайындау жөніндегі Бүкілодақтық институттың кадрлары философия, заң, социология, психология және басқа салалардың мамандарынан жинақталды. Басқаларына қарағанда заңгерлер криминологиялық зерттеулерді тез игеріп кетті. Алғашында қиындық көрді, себебі олар криминологияны жоғары заң оқу орындарында оқымаған еді, тек аға буын криминологтармен қатынаста болды, кітапханаларды пайдаланды, басқа мамандармен зерттеулерге, жарыссөзге қатысты. Отандық криминологияның қазіргі мектебін құрған сол заңгерлер еді.

Заң білімі криминологтарға, қажетті жағдайларда, нақты құқықтық шешім ұсынуға, адресаттардың құқықтық құзыретін ескере отырып өз ұсыныстарының адресаттарын дәл таңдауға мүмкіндік береді. Криминологтың тергеуші, прокурор, судья, адвокат болып жинақтаған тәжірибесі де елеулі рөл атқарады.

Бұл қылмыскерлікті де, онымен күрестің жолдарын да нақты жағдайда көріп-білуге мүмкіндік береді.

*Ресейде және юриспруденция шеңберінде өзі дамыған басқа елдерде криминология криминалдық цикл ғылымдары үшін (қылмыстық, қылмыстық-атқару құқығы, қылмыстық процесс, криминалистика, жедел-іздістіру қызметі, сот психологиясы және т.б.) жалпы теориялық ғылымға айналды. Криминалдық цикл ғылымдарының саны тұрақты емес.*

Криминология мен бұл ғылымдардың арақатынасын мемлекет және құқық теориясы мен басқа заң пәндерінің арақатынасымен салыстыруға болады.

Криминология жөніндегі оқулықтар мен оқу орындарында криминологияның прокурорлық қадағалаумен, азаматтық құқық және процеспен, басқа да құқық мамандықтарымен, сондай-ақ өзге де қоғамдық ғылымдармен: философиямен, политологиямен, социологиямен, экономикамен, демографиямен, әлеуметтік және жалпы психологиямен, статистикамен тығыз байланыста екендігі жайында айтылған<sup>11</sup>.

Криминологияда сөзсіз практикалық сипат бар екендігін көрсетуге болады: оның ұсыныстары негізінде қылмыскерлікпен күрестің бағдарламасы жасалады, заңнамалар өзгереді, қоғамдық қатынастар жетілдіріледі, қылмыстардың себептері, қылмыскердің жеке басы туралы мәліметтер көрініс табатын қылмыстық-іс жүргізу құжаттары, прокурорлық қадағалау актілері жасалады және т.б. Тергеуші, прокурор, судья, жедел-іздістіру, контрбарлау, барлау қызметін жүзеге асырушы адамдар, адвокат қылмыстың себептері мен жағдайларын дұрыс талдай алуға, қылмыскердің жеке басын дұрыс бағалай білуге, ол себептер мен жағдайларға шара қолдануға міндетті. Заң консультанттары мен нотариустар криминалдық мәмілеге жол бермеуі керек.

Сонымен қатар, белгілі бір әлеуметтік құбылыстың заңдылықтарын зерттейтін криминология адам және қоғам туралы ғылыми ұсыныстар жасауға өз үлесін қосады.

Қазақстанда криминологиялық зерттеулермен ғылыми мекемелер мен жоғары заң оқу орындарының қызметкерлері айналысады.

1991 жылы криминологтар Криминологиялық қауымдастық құрды, бұл заңды тұлға болып табылатын ерікті, өзін-өзі

басқаратын қоғамдық бірлестік. Оның жұмысының негізгі формалары: семинарлар мен конференциялар өткізу, арнайы әдебиет шығару<sup>12</sup>, криминологиялық сараптама жүргізу, заң жобаларын жасауға қатысу, зерттеулер ұйымдастыру, тиісті мамандармен халықаралық байланыстар орнату.

Қазақстан криминалистеріне тән қасиет – қылмыскерлікті шетелдік және халықаралық зерттеуге қатты ықылас қою. Криминология жөніндегі көптеген еңбектер орыс тіліне аударылды, ал отандық ғалымдардың еңбектері шет елдерде басылып шығуда.

## 2-тарау. Криминологиялық зерттеулердің методологиясы мен әдістемесі

- §1. Методология және әдістеме ұғымы.
- §2. Танымның жалпы ғылыми әдістерін криминологияда қолдану.
- §3. Криминологияда-нақты социологиялық әдістерді қолдану.
- §4. Криминологиялық зерттеулердің әдістемесі.

### §1. Методология және әдістеме ұғымы

*Methodos* грекше сөзбе сөз алғанда «бірдемеге жол», зерттеу дегенді білдіреді. Ғылыми айналымда «методология», «әдістеме», «әдіс», және бірқатар сөздер пайдаланылады. «Әдіс» дегеніміз амал, зерттеу тәсілі. «Әдістеме» - зерттеу әдістерінің жиынтығы. «Методология» - бірдемені ғылыми зерттеудің жолдары, әдістері туралы ілім.

Кез келген басқа зерттеулер сияқты криминологиялық зерттеулердің методологиясы зерттеу заты мен объектісіне, зерттеуші алдыға қойған мақсатқа байланысты. Адамды зерттеу әдістемесі өлі табиғатты зерттеу әдістемесімен бірдей бола алмайды, қоғам мен адамды зерттеу әдістемелері де басқа.

Криминологиялық зерттеулер қылмыскерлікті тудыратын күрделі қоғамдық процестерді де, қылмысты жасайтын адамдардың мінез-құлқын да қозғайды. Криминологияның қылмыстық-антропологиялық бағытының өкілдері антропологиялық медициналық зерттеулер жүргізді. Сонымен қатар, «қиын жағдай криминологиясы» («критическая криминология») деп аталатынды жақтаушылар қоғамдық қатынастарға социологиялық, политологиялық, экономикалық және басқадай талдау жасап, қылмыскерді тудыратын қоғам сипаттамасын ғана талдаса, сол жеткілікті дегенді айтады. Бұл ретте олар қылмыскерліктің өзіне, қылмыскерлерді зерттеуге назар аудару керек деп санамайды. Бұл қылмыскерлікті және оның себептерін толық зерттеуге кедергі келтіретін өзара алшақ пікірлер.

Жалпы криминологиялық таным диалектикалық – материалистік ілімді пайдалануға негізделеді.

Біріншіден, қылмыскерлік *элеуметтік* құбылыс ретінде қаралады, және тиісінше, оны зерттегенде элеуметтік



ғылымдардың, оның ішінде социологияның, әлеуметтік психологияның әдістері пайдаланылады. Өртүрлі әлеуметтік құбылыстармен, процестермен, институттармен қатар адам да зерттеледі, бірақ ол биологиялық тұрғыдан емес қоғам мүшесі, қоғамдық дамудың жемісі ретінде зерттеледі. Криминологтардың қылмыскердің жеке басы туралы айтып жүргені кездейсоқтық емес.

Екіншіден, *қылмыскерлік басқа құбылыстармен және процестермен өзара әрекеттестікте, өзара байланыста талданады.* Ол әрқашанда қоғамдық қатынастар тұрғысынан қаралады. Қылмыскерлік – қоғаммен қатар тұрған бірдеме емес, ол сол қоғамда бар, оның дәстүрлі жақтарын: саяси, экономикалық, әлеуметтік, рухани салаларын түйреп өтетін құбылыс.

Қылмыскерлік адам әрекетінің өзге де актілерімен өзара байланыста, оның барлық тіршілігі тұрғысынан қаралады.

Үшіншіден, *криминологиялық маңыздылыққа ие құбылыстар (қылмыстар, қылмыскерлік, олардың детерминациясы, себептері және т.б.) олардың қозғалысы мен өзгерісінде, өткенді, осы кезді зерттеу және болашақты болжау арқылы зерттеледі.*

Төртіншіден, *криминологиялық маңыздылыққа ие құбылыстардың дамуы сандық өзгерістер жинақтала, дами келе сапаға өтетін, қылмыскерліктің жаңа күйін тудыратын процесс ретінде қаралады.* Бұл қылмыскерлікпен күресті жетілдіру үшін маңызды болып табылады.

Бесіншіден, зерттелетін криминалдық құбылыстардың *ішкі қайшылықтары, әртүрлі жақтары да, криминалдық және басқа да әлеуметтік құбылыстар арасындағы сыртқы қайшылықтар да ескеріледі.* Сонымен қатар, *ішкі және сыртқы қайшылықтардың өзара әрекеттестігі* де назарға алынады. Қайшылықтар күресі ғана тиісті құбылыстардың даму көзі болып табылады. Қылмыскерлікпен күрес, қылмыскерліктің алдын алу дегеніміз – бір жағынан келеңсіз жақтардан арылу және оң жақтарға сүйену, оларды дамыту және мадақтау.

*Криминолог нақты зерттеуді қылмыскерлікті талдаудан бастауы керек, содан соң оның детерминациясы мен себептілігі процестерін зерттеуге көшеді.*

Қылмыскерлік – қоғам жемісі, бірақ оған қоғам дертінен туындай салған, көзге бадырайтып көрініп тұрған нәрсе деп қарауға болмайды. Қоғам өзгергенде қылмыскерлік онымен бірге, тез өзгере салмайды. Онда өзіндік ерекше сипаттама бар, сондықтан оған өзінше қарау керек. Қылмыскерлікті сыртқы жағдайлардың өзгергеніне қарай бірден өзгере салмайтын, тұрақталып қалған «бедермен» салыстыруға болады. Адамдар қатып қалған саз батпақтың бетінен ежелгі өсімдік іздерін табады. Қылмыскерлікті талдағанда қоғамдық қатынастардың бүгінгі сипатамасын ғана емес, адамдар санасында, олардың дәстүрінде, іс-әрекетінде сақталып қалған өткенін де көруге болады. Тіптен, қылмыскерліктің өзі де қоғамға ықпал етеді.

Криминологиялық зерттеудің методологиясы тағы да бір проблеманың шешіміне байланысты. Кейбір ғалымдардың пікірінше, қылмыскерлік дегеніміз - абстракция. Жекелеген қылмыстар және қылмыстардың жекелеген түрлері нақты өмірде бар. Мұндай ойдың логикасы мынадай: қылмыскерлік дегеніміз – қылмыстардың *жасалынатындығын* білдіреді, ал жасалынатындық нәтижесінде не туындайды, ол - көптеген мән-жайларға, адамның биологиялық және басқа да қасиеттеріне, ол үшін қарастырылған сыртқы жағдайларға байланысты. Бұл ретте зерттеушіні не туындайтыны емес, сол жасалынатын процесс қызықтырады деп дәлелдейді. Басқа авторлар қылмыстылықты оның детерминация процесімен теңдестіруге болмайды, ол оның нәтижесі, оған өзінше назар аудару керек дейді.

## §2. Танымның жалпы ғылыми әдістерін криминологияда қолдану

*Криминологиялық зерттеуде танымның мынадай жалпы ғылыми әдістері пайдаланылады:*

- 1) абстрактыдан нақтыға көтерілу;
- 2) жорамал;
- 3) жүйелік-құрылымдық талдама (жүйелік амал);
- 4) тарихи әдіс;
- 5) салыстыру;
- 6) динамикалық және статистикалық әдістер.

1) *Абстрактыдан нақтыға көтерілу.* Танымның бұл әдісі зерттеушінің теориялық даярлығының белгілі бір деңгейде болуын, жорамал жасауды, теориялық ұғымдар мен түсініктерді пайдалануды, абстрактылы ойлауды керек етеді.

Бұл ретте екі маңызды кезеңді ескеру керек:

-бұрындары жасалғандармен танысу керек. Қылмыскерлік туралы үйреншікті түсініктерге ғана сүйенген, бірақ криминология теориясын игермеген, бұрынғылар алған ғылыми мәліметтермен таныспаған зерттеушілер *ғылыми негізделген* ережелер бере алмайды;

-«кылмыскерлік» құбылысының және оны туындататын процестердің жете танылмағандығы туралы, ол құбылыстың ұдайы өзгеріп тұратындығы туралы ой естен шықпау керек. Сондықтан да зерттеу процесінде криминолог «ашық жүйе» болуы тиіс, және ол жаңа мәліметтерді бұрыннан бар теориялық ұғымдар мен схемаларға «сыйдыруға» барлық күшін салып тырыспауы керек.

2) *Жорамал.* Ол іздестіру бағытын көрсетеді, зерттеуші назарын шындықтың қандай да бір кездеріне аударады, зерттеуді бір мақсатқа бағыттауға мүмкіндік береді.

Жорамал, біріншіден, криминологияда белгіленген ғылыми негізделген ережелермен үйлесімде болуы тиіс, екіншіден, тиісті болжамның дәлелді болу мүмкіндігімен сипатталуы керек.

Болжамның бәрі бірдей жорамал бола бермейді. *Өзін тексеруге тұрарлықтай болжамды жорамал деп айтуға болады.* Жорамалды ұсыну, оны қалыптастыру бұрыннан бар теориялық және эмпириялық мәліметтерге баға беруді, оларды зерттеу пәнімен, объектісімен және мақсатымен салыстыруды қажет етеді. Бұл жұмыс зерттеу бағдарламасын даярлау процесінде жүргізіледі.

3) *Жүйелік амал.* Бұл әдіс саны белгілі өзара байланысты элементтерді қамтитын белгілі бір құрылымы бар белгілі бір күрделі ұйымдасқан жүйе ретінде зерттелетін объектіні (біздің жағдайда қылмыскерлік пен қоғам) қарауды көздейді. Қылмыскерлік дегеніміз көптеген жай қылмыстар ғана емес, олардың жүйесі, ол жайында келесі тарауда толығырақ айтылады. Өте жалпы түрде жүйені қандай да бір тұтастық құрайтын өзара байланысты элементтердің кешені деп ұғыну қалыптасқан.

Криминологияда жүйелік-құрылымдық әдісті қолданудың екі аспектісінің өзара байланысында маңыздылық бар. Біріншіден, қылмыскерлікті көптеген өзара байланысты қылмыстар мен оларды жасаған адамдардың жиынтығы және олардың арасындағы өзара әрекеттестікті табу деп қарастыру. Бұл ретте қылмыскерліктің құрылымы, әр түрлі элементтердің сипаттамасы, олардың өзара әрекеттестігі талданады. Екіншіден, қылмыскерлік неғұрлым ортақ жүйенің – қоғамның шеңберінде зерттеледі. Қылмыскерліктің қоғамның әр түрлі сипаттамаларымен сыртқы байланыстары ашылады, оның ішіндегі бастылары, яғни қылмыскерлікті тудыратын себептік байланыстар бөлініп алынады.

Жүйелік-құрылымдық талдау процесінде, әдетте, математикалық әдістер кең пайдаланылады. Криминологияда оларды пайдалану онша дамыған жоқ. Математикалық модельдеу әдістері шектеулі қолданылады. Сонымен қатар, корреляциялық, кластерлік талдаулар жүргізу және электрондық-есептегіш машиналар пайдаланып басқа да математикалық әдістерді қолдану практикасы кең таралған.

4) *Тарихи әдіс*. Ол қылмыскерлікті тарихи тұрғыдан, қозғалыста зерттеуді қамтамасыз етеді. Қылмыскерлікке талдау жасағанда, әдетте, қылмыскерліктің сипаттамасы мен үрдісін, сондай-ақ оның өзге құбылыстармен байланысын ашуға мүмкіндік беретіндей ұзақ кезең алынады.

*Қылмыскерліктің аймақтық ерекшеліктерін зерттегенде тарихи әдістің бір түрі ретінде салыстырмалы-тарихи әдіс алынады*. Бұл ретте мыналар жүзеге асырылады: а) әртүрлі аймақтарда бір кезең аралығында болған бір типті оқиғаларды (кәмелетке толмағандардың, жастардың жасаған қылмыстарын т.б.) салыстыру; б) әр аймақтардағы бірдей сипаттамаларды әртүрлі кезең бойынша салыстыру.

5) *Салыстырмалы әдіс*. Әр түрлі мемлекеттердегі, мемлекеттің әр түрлі аймақтарындағы қылмыскерлік, жынысы, жасы және элеуметтік жағдайы және т.б. әр түрлі адамдардың қылмыскерлігі салыстырылады.

Ұқсастық әдісі қолданылғанда кеңістік-уақытқа байланысты қылмыскерлік сипаттамасының қылмыскерліктің қайталанып тұратын сипаттамасымен және адамдар өмірінің қайталанып тұратын жағдайымен ұқсастығы анықталады. Тиісті ұқсастықтар

бұл жағдайлар мен қылмыскерліктің өзара байланыстарының фактісі мен тетігін ары қарай зерттеуге негіздеме болады. Айырмашылық әдісін пайдаланғанда қылмыскерліктің бір мемлекеттерде, бір аймақтарда кездесетін, ал басқаларда кездеспейтін сипаттамалары анықталады. Мұндай материалдар қылмыскерліктің ортаның нақты жағдайларымен себептік байланыста екендігі туралы болжам жасауға да және оны тексеруге де негіз болады.

б) *Динамикалық және статистикалық әдістер* криминологиялық зерттеулерде кеңінен қолданылады. Әсіресе, қылмыскерлік те жататын осы жаппай құбылыстарды зерттеуде бұл статистикалық әдіс кеңінен пайдаланылады. *Динамикалық және статистикалық әдістер* әр түрлі білім береді. *Динамикалық заңдылықтар* дегеніміз даму заңдылығы. Оларды қолдану себептік байланыстарды анықтауға алып келеді. Мысалы, 20 жыл бойы кәмелетке толмай қылмыс жасаған 140-тан аса адамның жеке басының сипаттамалары мен тағдырларына кененді зерттеу жүргізілді. Зерттеудің бірінші кезеңі – 14-17 жастағыларды қылмыс жасағаннан кейін бірден зерттеу, екінші кезең – 10 жылдан соң, үшінші – тағы 10 жыл өткеннен кейін. Бұл біреулердің қылмысты қайталағандығы, біреулердің дұрыс жолға түскендігі, ал біреулердің азғындап кеткендігі қандай мән-жағдайлармен байланысты екендігін анықтауға мүмкіндік берді.

*Жалпы қасиеттерді таба және сипаттай отырып, статистика үлкен сандар заңының әрекетіне негізделген жалпы статистикалық заңдылықтарды анықтайды. Олар заңдылықтардың қалыптасуының ішкі тетігін түсіндіреді, себептік байланыстарды бөлектеп қарамайды.* Статистикалық заңдылықтарды іздестіру құбылыстардың ортақ қасиеттерін табу және сипаттау жолдарымен жүзеге асырылады. Мысалы, бұрын рецидивистердің 60 пайызынан 80 пайызына дейін алғашқы қылмысты кәмелетке толмаған жаста жасағандығын статистика дәлелдеген болатын. Бірақ бұл статистикалық заңдылық неге негізделген? Жоғарыда аталған ұзақ уақыттық зерттеу осы құбылыстың тетігін ашуға мүмкіндік берді.

Заңдылықтарды іздестіру әрқашанда статистикалық зерттеулермен байланысты. Бірақ олардың сипаттарын (себептік, жағдайлар байланысы немесе өзгедей) табу әдістер кешенін қолдануды талап етеді.

*Статистикалық зерттеулерде жинақтап қорытылатын көрсеткіштер пайдаланылады. Оларға мынадай негізгі талаптар қойылады:*

а) зерттелетін жиынтық құрамы жағынан біртекті болуға тиіс. Мысалы, 1997 жылдың 1-қаңтарына дейін және одан кейін тіркелген қылмыстарды салыстыра салуға болмайды, себебі Қазақстанның жаңа ҚК-сі енгізілгеннен кейін заң шығарушы қылмыстар қатарына жатқызатын іс-әрекеттер шеңбері өзгерді, ҚК-нің көптеген баптарының диспозияларының түсініктемесі де өзгеріссіз қалған жоқ;

б) зерттелетін жиынтық едәуір кең ауқымды болуы тиіс, ондай болмаса кездейсоқ ауытқулар нәтижеге ықпал етуі мүмкін.

Зерттеулер процесінде кейде ішінара бақылау қолданылады, бірақ бұл ретте өкілдік (репрезентативтік) мәліметтер алынуы тиіс.

### **§ 3. Криминологияда нақты-социологиялық әдістерді қолдану**

*Нақты-социологиялық әдістер, яғни әлеуметтік құбылыстарды орын мен уақыттың нақты жағдайларында және олардың нақты көрініс табуында зерттеу әдістері криминологиялық зерттеулерде маңызды орын алады. Бұл әдістер кешені мыналарды қамтиды:*

1. Құжаттарды зерттеу;
2. Анкета және сұқбат түрінде сұрақ беру;
3. Байқау жүргізу (тікелей немесе сырттай);
4. Эксперимент.

1. **Құжаттарды зерттеу.** Криминологиялық зерттеу жүргізгенде әртүрлі құжаттарды зерттеуге тура келеді, олар: статистикалық есептер, істердің материалдары, қылмыстар туралы арыздар мен оларға қайтарылған жауаптар, шағымдар, бақылаушы органдардың материалдары, сот-медициналық сараптама орталығының, бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары. Сонымен қатар, аймақтардың төлқұжаттары, әлеуметтік-экономикалық талдаудың жинақтап қорытылған нәтижелері, қылмыскерлікке және онымен байланысты құбылыстарға бұрын жүргізілген зерттеулердің нәтижелері және басқа да құжаттар зерттеледі.

Қызығарлық істерді немесе өзге құжаттарды зерттеудің бағдарламасы жасалынады. Зерттеудің тиісті нәтижелері өңделеді және олардың негізінде қандай да бір заңдылықтың бар екендігі туралы тұжырым жасалады.

2. Сауалнама не сырттай (анкета арқылы), не бетпе-бет (сұқбат арқылы) жүргізіледі. Бірінші жағдайда сұрақтар көрсетілген анкета жасалынады. Егер сұрақтарда «жабық» сипат болса, онда оларға «иә», «жоқ» немесе «білмеймін» деген жауаптар беріледі. Ал, «ашық» түрдегі сұрақтарға кез келген формада жауап беріледі. Мұндай сұрақ-жауаптарды өңдеуде қиындық туындайды. Оларды, негізінен, зерттеудің алғашқы кезеңінде, жауаптардың қандай болатындығын алдын ала болжау қиын болған жағдайда пайдаланады, онда алдымен жауаптардың болуы мүмкін варианттарын анықтау және анкетаның «жұмыс қабілеттілігін» тексеру үшін: сұрақтар түсінікті ме, оларға жауап берілген бе, әлде жалтарып кеткен бе, және т.б. анықтау үшін «пилотажный» деп аталатын сұрақ-жауап жүргізіледі. Немесе «ашық» сұрақтарға берілуі мүмкін жауаптар «тізбегі» ұсынылып, «еске салудан» қашу керек болған жағдайда қойылады. Мысалы, кейбір сотталғандарға сұрақ қойылғанда, егер мәселе ашығынан болса, олар моральдың көпшілік қабылдаған нормаларына өздерінің теріс көзқараста екендігін ашық айтқан. Егер жауаптардың «тізбегі» берілсе онда олар «дұрысырақ» жауап беруге тырысады. Бірақ барлығы ондай емес.

Ұсынылған жауаптар «тізбегінің» артында жауаптың ұсынылғаннан басқа нұсқасын таңдау керек болса және ол нұсқаны айқындауға өтініш болса, онда жауаптар «тізбегі» «ашық» болады. «Жабық тізбекте» жауап нұсқаларының барлығы түгел беріледі.

Анкетада бірін-бірі толықтыратын қосымша сұрақтар болады. Сол себепті кейде «ашық» және «жабық» сұрақтар жиынтығы пайдаланылады.

Әдетте, криминологиялық зерттеулерде сұралатын адамның аты-жөні мен мекен-жайы көрсетілмейтін анонимдік деп аталатын сұраулар да болады. Бұл анкетада «шағын төлқұжаттың» болуы қарастырылған, яғни онда жасы, жынысы, жұмысы туралы сұрақтардың және сұралғанды сипаттайтын басқа да мәліметтердің болуы мүмкін.

Анкетаны құрастырғанда оның артынан ЭЕМ-де өңделетінін ескеру керек. Сұқбаттасу дегеніміз – қылмыс жасаған адаммен, немесе оның туыстарымен, немесе құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен, сондай-ақ басқа адамдармен әңгімелесу.

Криминологиялық зерттеулерде сотталғанмен жеке сұқбаттасу, анкеталық сұрақтарға қарағанда, толығырақ нәтиже береді, қылмыстық іс-әрекеттің себептері мен мақсатын, оның тәрбиесі мен өмір салтын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сұралушы өзінің жеке ұстанымын жария еткісі келмесе, оны анкета арқылы білуге болады. «Ұжымдық сұқбат» деген де өзін жақсы жағынан көрсетті, мысалы, онда бірнеше, «әдетте, оннан көп емес» адаммен кездесу болады, оларға зерттеуші өздері байқап жүрген қылмыскерліктің жайы, ондағы өзгерістер, қабылданған шаралардың нәтижелілігі, қылмыскерліктің өсу немесе азаю себептері жайында айтуды өтінеді. Мысалы, мұндай сұқбат қандай да бір ұйымның бір топ қызметкерлерімен, немесе белгілі бір ауданның немесе үйдің бір топ тұрғындарымен, немесе колониядағы сотталғандармен, немесе прокуратураның, полиция бөлімшесінің қызметкерлерімен жүргізіледі. Егер зерттеуші алдын ала сұрақтарды құрастырып, оларды қандай ретпен қою керектігін жоспарласа ғана ондай сұқбаттан жақсы нәтиже күтуге болады. Ол сұрақтар оқылмайды, еркін әңгімелесу арқылы беріледі. Сұқбат нәтижелері, әдетте, артынан жазылып алынады, сонан соң өңделеді.

### **3. Байқаудың бірнеше түрі бар.**

Социологиялық зерттеулердегі байқауларға қарағанда криминологияда байқау өрісінің және оның нұсқаларының біршама ерекшеліктері бар.

Мысалы, байқаудың үш негізгі рөлін бөліп алуға болады: 1) байқаушы – қандай да бір қызметке қатысушы (қызметті және оған қатысушыларды байқап жүреді); 2) шындығында байқаушы (ол өзін қызметін байқауы тиіс субъектілермен қатынаста байқаушы ретінде сезінеді); 3) қамтылған байқаушы (жұмысқа орналасады не өзін бақылаушы ретінде көрсетпей бір жерлерде жүреді, бақылауы тиіс қызметке қатыспайды, бақылауды сырттай жүргізеді).

Қылмыстық қызметті алатын болсақ, онда қылмыстық топқа, ұйымға кірген криминологты көзге елестету керек. Бірақ мұндай топқа кіру қылмыс жасауға міндетті түрде қатысумен



байланысты. Қатыспаған жағдайда зерттеуші әшкереленіп, одан ауыр зардап шегуі мүмкін. Заң криминолог-зерттеушіні қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатуды қиындатады. Зерттеу тиісті іс-әрекетті қылмыс деп танымау үшін де негіз бола алмайды, мысалы, аса қажеттілік және қажетті қорғаныс жағдайларында.

Жаза өтеу орындарында қамтылған байқау, көбіне, көрсетілген қиындықтармен, сондай-ақ сотталғанның мәртебесін жасырын алуға қиындықтармен байланысты.

Қамтылған байқауда құқық қорғау органдарының оперативтік қызметкері, тергеуші, прокурор, судья, адвокат, еңбекпен түзеу мекемесінің қызметкері ретінде болған пайдалы. Бұл тұрғыдан алғанда криминолог үшін оның құқық қорғау органдарында, соттарда жұмыс істеп алған тәжірибесінің маңызы зор.

*Байқаудың басқа да түрлері пайдаланылады.* Мысалы, қалалардың бірінде кәмелетке толмағандар қылмыскерлігін зерттегенде оған қатысушылар ретінде заң оқу орындарының студенттері қамтылған. Олар зерттелетіндердің құрдастарындай еді. Дискотекаларға, басқа да сауықтыру орындарына барғанда олардың басқалардан айырмашылығы болмады, сондықтан құқық бұзушылардың демалу кезіндегі әрекеттерін, әртүрлі топтар арасындағы өзара байланысты, олардың жүріс-тұрысын байқауға мүмкіндік болды.

**4. Эксперимент.** Профессор Дюверженің айтуынша, «эксперимент жасауды арандатылған байқау деуге болады». Отандық әдебиетте экспериментке «эксперимент жасаушының басқаруындағы кейбір факторлардың ықпалымен объектінің өзгеретін жағдайына бақылау жасау және дәйекті тіркеу болатын зерттеу әдісі» деген анықтама беріледі.

*Криминологияда эксперимент аясы екі қатынаспен шектелген.* Бір жағынан, қылмысты арандатуға жол берілмейді. Зерттеуші қылмысқа арандатушы, көмектесуші ретінде немесе басқадай рөлде қатысканы үшін қылмыстық жауаптылықтан босатылмайды. Екінші жағынан, қылмыскерлікпен күрес жөніндегі шаралар заңға, моральдің көпшілік қабылдаған нормаларына негізделуге, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін, ұлттық және діни сезімдерді бұзуға тиіс емес.

Болжаулау әдістерін де бөліп алуға болмайды. Әдебиетте олар фондық және профильдік болып бөлінеді. Фондық әдістер осы тарауда айтылған әдістер кешенін пайдалана отырып қажетті ақпараттық база құрады. Профильдік әдістер дегеніміз – экстраполяция, модельдеу, эксперттік бағалау әдістері. И.В.Бестужев-Ладаның орынды көрсеткеніндей, болжаулау, ол – «болашақ жайында айтпау, қандай да бір құбылыстың және процестің даму перспективасын қазіргі ғылым құралдарының көмегімен ұдайы зерттеу».

#### § 4. Криминологиялық зерттеудің әдістемесі

Өткен параграфтарда аталған барлық әдістер практикада жиынтықталып колданылады. Ал олардың жиынтығы зерттеудің пәніне, объектісіне және мақсатына байланысты. *Зерттеу бағдарламасы* жасалғанда сұрақтардың мынадай топтары бөлініп алынады: 1) зерттелуге жататын проблемаларды баяндап жазу; 2) әдебиеттің және алдыңғы зерттеулердің нәтижелерінің талдамасын ескере отырып оның күйін суреттеу, оны зерттеудің қажеттігін негіздеу; 3) жорамалдау; 4) зерттеу әдістемесі мен алынған мәліметтерді жинақтап қорыту әдістемесі.

Мысалы, жеке адамның өмірі мен денсаулығына қарсы нақты жасалған қылмыстар туралы мәліметтерді ресми қылмыстық статистика қаншалықты толық көрсететіндігін зерттегенде әдістердің мынадай жиынтығы пайдаланылады: статистикалық мәліметтерді зерттеу; сот-медициналық сараптаманың Республикалық орталығының тірі адамдарды куәлендіру және мәйіттер сараптамасының нәтижелері туралы материалдарын зерттеу; азаматтарға сауал қою; ауруханалардың, травматология пункттерінің материалдарын зерттеу; денсаулық сақтау, құқық қорғау органдарының қызметкерлерінен сұрау; сақтандыру компанияларының материалдарын зерттеу және олардың қызметкерлерінен сұрау.

Кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың жеке басының ерекшеліктерін зерттегенде және олардың көзқарастары мен нанымдары өз құрбыларының көзқарастары мен нанымдарынан өзгеше ме деген мәселені анықтағанда анкетамен сұрау әдісі, ал олардың нәтижелерін өндегенде – бейнелерді тану әдісі пайдаланылады. Атап айтқанда, ЭЕМ жадына сұралғандардың

қандай да бір құқықтық жағдайды қалай бағалайтындығы, өмірде жетістік деп нені санайтындығы, ол жетістікке жетудің қандай маңызды жолдары бар екендігі туралы мәліметтер енгізілген болатын. Анкетадағы сұрақтарға берілген жауаптар негізінде ғана ЭЕМ жібі түзу құрбылары арасынан кәмелетке толмаған қылмыскерлерді 80% жағдайда дұрыс анықтады. Сонан соң зорлық-зомбылық қылмыс жасаған кәмелетке толмағандардан 86% жағдайда бас пайдасы үшін қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарды дұрыс ажыратты.

«Жасөспірімге теріс ықпал жасаған не?» деген сұрағына мынадай жауап алынған: туыстарымның жасаған қылмысы - 7,5%, отбасы мүшелерінің ішімдікке салынуы - 14,1%, үйдегі жанжал, көзге шөпсалу - 2,3%, көшенің ықпалы - 73,6%. Сұралғандардың үштен бірі ғана әке-шешесінің беделін сыйлаған. Мұғалімнің, ұстаздың беделін - 2,3%, жаттықтырушының, үйірме жетекшісінің беделін - 4,0%, жұмыс істеген не оқыған ұжымның беделін 3,7% сыйлаған. Ата-аналардың - 37,5%-і жасөспірімдер ең алдымен құрбыларының беделін сыйлайды деп, ал 7,5%-і қылмысты ұйымдастырушы немесе оған әзәзіл болған ересек адамдардың беделін сыйлайды деп пайымдайды.

Әлі қалыптасып жетілмеген жасөспірім өз әке-шешесінің мінез-құлқындағы жақсы-жаман қасиеттерді тез қабылдап алады. Әсіресе, теріс өнеге тезірек қабылданады<sup>13</sup>.

*Криминологияда бақылау тобы әдісі қолданылады.*

Қылмыс жасамаған, өзін тиянақты ұстайтын адамдар зерттеледі. Бұл қылмыскерлер сипаттамасының басқа адамдар сипаттамасынан айырмашылығын білу үшін жасалады. Санадағы немесес «періште» адамның емес, нақты, сол ортада қалыптасқан және әрекет етуші адамдардың сипаттамасынан.

*Көмегі арқасында мәлімет алынатын әдістемелер ғана емес, қорытып жинақтау, сондай мәліметтерге баға беру әдістемесі де маңызды.*

Жинақтап қорыту, әдетте, мына схема бойынша жүзеге асырылады:

1. Статистикалық мәліметтерді немесе сауалнаманы зерттеу нәтижесінде алынған деректер өңделеді.

2. Алынған мәліметтер негізінде *эмпириялық факт* бөлініп алынады. Біріншіден, эмпириялық факт әртүрлі әдістерді қолданудың нәтижелерін жинақтайды. Олар сенімділік және

шындық тұрғысынан бағалануға жатады: бұл эмпириялық фактіні басқа да зерттеушілер анықтай алады деген оң жауап алынуы тиіс. Бөлек-бөлек мәліметтерден эмпириялық фактіге көшу, салыстыру, топтастыру және типологизация жолымен жүзеге асырылады. Екіншіден, алынған нәтижелер ғылымның теориялық қағидаларымен, бұрынғы зерттеулердің нәтижелерімен салыстырылады.

Эмпириялық факт - кез келген хабар емес, ол сол ғылымның немесе теорияның контексімен үйлесетін факт.

3. Эмпириялық фактіден кейін теориялық факт келеді. Мысалы, азаматтар мен ұйымдардың өкілдеріне сауал қойғанда олардың едәуір бөлігінің пайдакүнемдік қылмыстық әрекеттерден зардап шеккендігі анықталды. Қылмыстық статистиканың цифрлары көрсетіп отырғандай, азаматтар айтқан сол кезеңде тіркелген пайдакүнемдік қылмыстардың саны азайған. Азаматтар мен заңды тұлға өкілдеріне қойған соңғы сауалнаманың мәліметтерін алдыңғы сауалнаманың нәтижелерімен салыстыру жәбірленушілер санының өскендігін көрсетіп отыр. Сақтандыру компанияларының мәліметтері ұрлыққа байланысты сақтандыру сомасын төлеудің ұлғайғандығын көрсетіп отыр. Азаматтардың арыздарын қарау туралы материалдардың талдамасы бұл арыздардың көпшілігінің дұрыс шешімін таппағандығын көрсетеді. Пайдақорлық қылмыстарды туындататын мән-жайларды зерттеу ешқандай жақсы өзгерістің жоқ екендігін көрсетті, ал, бұл – ұрлықтың азаюына ешқандай әлеуметтік алғышарт болмады деген сөз. Көрсетілген мәліметтердің жиынтығы негізінде мына эмпириялық фактілер анықталады: пайдақорлық қастандықтар саны ұлғайған, бірақ олардың бір бөлігі қылмыстық статистикада көрініс таппаған. Сонымен, бұл ретте эмпириялық факті деп қылмыстық статистиканың тікелей мәліметтерін емес, жоғарыда көрсетілгенді санау керек. Криминологтар қылмыскерліктің өзгеруіне берген бағаларын ұдайы жариялап тұрады.

### 3-тарау. Қылмыс және қылмыстық әрекет

§ 1. Қылмыс криминологиялық зерттеу объектісі ретінде.

§ 2. Қылмыстық іс-қимылдың тетігі.

§ 3. Ұйымдасқан қылмыс және қылмыстық әрекет.

#### § 1. Қылмыс криминологиялық зерттеу объектісі ретінде

Қылмыскерлік біздің санамызда, бәрінен бұрын, әртүрлі қылмыстар түрінде көрініс табады. Сондықтан, қылмыскерлік туралы мәселені қарауды қылмыстан бастаған жөн.

Қылмысты, қылмыстық құқық тұрғысынан да, криминология және криминалистика тұрғысынан да қарауға болады.

*Қылмыстық-құқықтық* тәсілде қылмыс айыпты адамның қылмыстық тыйымды бұзған өзінше оқшауланған әктісі ретінде талданады. Назар бұл жерде қылмыс құрамын оның төрт элементі арқылы талдау жағына аударылады. Ол элементтер: объект, объективтік жақ, субъект және субъективтік жақ. Қылмысты жасау сатылары қылмыстық-құқықтық критерийлер негізінде бөлініп алынады.

Криминологиялық тәсілде қылмыс, біріншіден, адам үшін сыртқы орта болып табылатын жағдайларда және адамның өзінің синаттамаларымен бір мезгілде, екіншіден, бір кездік акт емес, кеңістік пен уақытта дамиды белгілі бір процесс ретінде талданады<sup>14</sup>.

Талдаудың бұл екі аспектісі тек теориялық емес, практикалық та маңызға ие. Қылмыстың қылмыстық-құқықтық талдамасы адам қылмыстық заңның нақты нормасында көзделген (тыйым салынған) іс-әрекетті жасады және соған сәйкес ол қылмыстық жауаптылық көтеруге жатады деп тану үшін қажетті және жеткілікті нышандар жүйесін анықтауға мүмкіндік береді.

Криминологиялық тәсіл қылмыстың себептері мен жағдайларын, қылмыс жасаған адамның мінездемесінің ерекшеліктерін, қылмыстық әрекеттің әлеуметтік салдарын анықтауға бағытталған. Мұның бәрі сол адамның жаңа қылмыстар жасауының және өзге адамдардың сондай қылмыстар жасауының алдын алу үшін не жасау керек; айыптыға қатысты және жасалған қылмыстық әрекеттің келенсіз әлеуметтік

салдарларын болдырмау мақсатында заң шегінде қандай нақты шараларды қабылдаған жөн екендігін түсінуге мүмкіндік береді.

Заң қылмыстың өзінің қылмыстық-құқықтық және криминологиялық сипаттамаларымен бірге зерттелуін талап етеді. Анықтама, алдын ала тергеу жүргізгенде және істі сотта қарағанда дәлелдеуге жататын мән-жайлар ішінде қылмыстың сылтауы, айыпталушының жеке басын сипаттайтын мән-жайлар (жауапкершілікті жеңілдететін және ауырлататындардан басқа), сондай-ақ қылмыс жасаудың себептері мен жағдайлары сияқтылар да бар.

## §2. Қылмыстық іс-қимылдың тетігі

Қылмыстық іс-қимылдың тетігін қарастырғанда адам үшін сыртқы орта мен оның жеке басының қасиеті өзара әрекеттесе отырып қылмыс жасауға сылтаудың (мотивация) туындауын, ол туралы шешім қабылдауды, қабылданған шешімді орындауды, одан кейінгі мінез-құлықтың сипатын анықтайтындығы ескеріледі.

Бұл схеманы мына мысалмен көрсетуге болады: бақуатты адамдардан кем тұрмасам, сол үшін материалдық молшылыққа кенелсем деген сылтау қалыптасады. Сонан соң адам мына шешімдердің біреуін қабылдайды: молшылыққа жетудің заңды жолын таңдау (заң факультетін бітіру, шетел тілін үйрену және айлығы көп жұмысқа тұру), не қылмыстық жолға тұру (ұрлау, қорқытып алу және т.б.). Бірақ бұл шешім оқталған объект жақсы қорғалатындықтан жүзеге аспай қалуы мүмкін. Қылмыс жасалған күннің өзінде де ұрлық затын пайдалануға, қылмыс ізін жасыруға және т.б. байланысты мәселелер туындайды.

### Қылмыстық іс-қимыл тетігінің схемасы



*Сылтау* қылмыстық іс-қимыл себебінің туындау, қалыптасу процесін және оның мақсатын қамтиды. Іс-қимылдың сылтауы - әрекет жасауға іштей ұмтылыс, сыртқы орта мен нақты жағдайдың ықпалынан туындаған және асқынған мұқтаждық, мүдде, сезім анықтайтын ниет. Сылтаудан кейін белгілі бір іс-әрекеттің алдын ала көрінген және қалаулы нәтижесі ретінде мақсат қалыптасады.

*Қылмыс жасау туралы шешім қабылданғанда* сол ниетті жүзеге асырудан болуы мүмкін салдарлар болжамданады, нақты жағдай, өз мүмкіндігі және басқа мән-жайлар ескеріліп алдағы әрекет жоспарланады, қылмыс құралы таңдалады.

Қалыптасқан жағдайдың және бойындағы мұқтаждықтың, мүдденің, сезімнің ықпалымен адамда белгілі бір мақсат орныққаннан кейін онда біршама «кідіріс» болады. Әдетте, адам сол мақсатқа сәйкес бірден әрекетке көшпейді, ол мақсатын қоғамдағы моральдық, құқықтық және басқа нормалармен, қоғамның және топтың пікірімен, жақын адамдар пікірімен өлшеп көреді. Сонымен қатар ол объективтік факторларды, оның ішінде сыртқы әлеуметтік бақылаудың (объектіні күзету жүйесін немесе кәсіпорындағы есеп-қисап жағдайын және т.б.) ахуалын ескереді. Сондай-ақ қылмысқа тосқауыл қою, оны ашу және айыптыларды жазалау практикасы да ескеріледі. Қылмыстан не пайда, не зиян болатындығы салмақтанады. Мысалы, әңгіме аса ірі соманы ұрлау жайында болса, ол үшін жаза ретінде сол сомадан едәуір аз айыппұл салынатын болса, әрине ондай қылмыстан адам пайда көреді. Бұл кезеңде сол адамның санасының сипаттамасы, сондай-ақ, ол араласып жүрген немесе өзі еліктейтін адамдар мен топтардың санасы үлкен рөл атқарады. Егер төңіректегілер жалпы қылмысты айыптағанмен экономикалық қылмыстарға саусақ арасынан қарайтын болса, онда заңсыз баюға бағдар алған адам ұрлық жасауды емес, басқа қылмысты, мысалы, пара алғанды жөн көреді. Егер төңіректегілер іс-қимылдың қылмыстық түрін мүлде айыптайтын болса және сол шешім қабылдаған адамның өзі қылмыстық жазаланатын іс-әрекетке жол беруге болмайды деп санаса, онда ол қылмыс жасаудан бас тартуы не оны басқалардың күшті қысымымен немесе қалыптасқан мән-жайға байланысты жасауы мүмкін. Сонымен, шешім қабылдау сатысында адамда туындаған ниет қоғамда қалыптасқан нормалармен, пікірлермен,

көзқарастармен, болуы мүмкін салдарлармен тағы бір салыстырылады. Қайта құрудың белгілі бір кезеңінде: «Заң тыйым салмағанның бәріне рұқсат» деген ұран болған. Бұл қылмыстық іс-қимылға тосқауыл болатын және әлеуметтік реттеуші міндетін атқарушы тек заң ғана емес, сонымен қатар моральдық нормалар, діни, этикалық қағидалар, экономикалық ережелер де екендігін елемегендік еді. Әрбір шешім қабылдарда бұлардың барлығы жиынтықта ескерілуі тиіс. Қабылданған шешім заңға, әсіресе қылмыстық заңға қайшы келе ме, бұл – «қорғаныстың соңғы шебі», оны аттап өткен адам қылмыстық заңның әрекет аясына түседі.

Шешім қабылдауды «кешіктірсе» қылмыс жасаудан бас тартуы да мүмкін. Егер адам қылмыс жасаудан бас тартса, онда ол мақсатқа жетудің сол жағдайға жарамды басқа жолын іздестіреді және де өз мүмкіндіктерін, болса – сыбайластарының да мүмкіндіктерін ескереді. Мысалы, бойында қауһары жоқ адам немесе ақсақ мүгедек, жәбірленушінің қарсылығын жеңіп, қылмыс жасалған орыннан тез қашып кетуді қажет ететін қарақшылыққа бара қоймайды. Адамның күш-қуаты, кәсіби тәжірибесі және басқа факторлар маңызды рөл атқарады.

*Қылмыстық іс-қимыл тетігінде «ықшамдалған» деп аталатын да сипат болуы мүмкін.* Онда «кідіріс» актісі болмайды: адам өзінде туындаған мақсатқа сәйкес бірден әрекетке кіріседі. Шешім қабылдау және амалды таңдау табан асты болады, ол жағдайдың ықпалымен, не ол адамның сондай мән-жайларды жасайтын дағдылы іс-қимылдарының бой көтеруі нәтижесінде, сыбайластарының ықпалымен болады. Мұндай жағдайларда адамның жеке басының сипаттамалары «жалаңаштанады». Іс-қимылдың сыртқы реттегіштері (мораль, заң және т.б.), егер олардың мазмұнын адам іштей игермесе, еш әсер етпейді.

Қылмыстық іс-қимылдың «ықшамдалған» тетігі (ойластырылмаған шешім, мақсатқа жетудің басқа жолы іздестірілмегендік), көбіне, шешім қабылдағанда ұстамдылық танытпайтын, салдарды ойламайтын адамдарда байқалады. Бұл кәмілетке толмағандарда, интеллектуалдық даму деңгейі төмен адамдарда не қызба адамдарда жиі кездеседі.

Мұндай тетік мас адамдардың қылмыстық іс-қимылдарында да кездеседі. Бұл ретте адамның сипаттамасы жалаңаштанады, ол



өзін өзінде қалыптасқан барлық мұқтаждықтармен, дағдылармен, миссиялармен қоса мүмкіндігінше толық көрсетеді.

Қылмыстық іс-қимылдың «ықшамдалған» тетігі, сондай-ақ, сол адам үшін күрделі, дағдылы емес, тез әрекет етуді талап ететін жағдайларда да кездеседі. Бұл ретте сылтау, шешім қабылдау және оны орындау сатылары бір-біріне сәйкес келеді.

*Шешім қабылданғаннан кейін оны орындау сатысы келеді.* Шешімнің іс жүзінде жүзеге асырылуы жоспарланғаннан басқана болуы мүмкін, мысалы, сыртқы жағдай өзгергендіктен. Мысалы, жәбірленуші қатты қарсылық көрсетсе тонау қарақшылықпен тонауға ұласуы мүмкін немесе керісінше, қылмыстық пиғылды аяғына дейін жеткізуден бас тартылады.

Адамның күйі де, сыртқы орта жағдайы да қылмыстық іс-қимылдың әртүрлі кезеңінде тұрақты болып қалмайды.

Мынаны анықтау керек: а) негізінен ненің ықпалымен сылтау мен шешім пайда болды: адамның жеке басының тұрақты еңпағтамасы ма, әлде күрделі, өзгеше жағдай ма? б) іс-қимылдың сол қылмыстық нұсқасын таңдау туралы не себепті шешім қабылданды; в) дәл сол қылмыстық іс-қимыл туралы шешім қабылдауға қандай мән-жай әсер етті: ол дауды шешудің сол адам үшін дағдылы тәсілінен туындаған ба, әлде, ол үшін өзгеше жағдайдан, басқа мән-жағдайлардан, атап айтқанда, бұзылған құқықты заңды жолмен тез және тиімді қорғаудың мүмкін екендігіне сенбеушіліктен, ол жолдарды білмеушіліктен және т.б. туындаған ба? г) қылмыс жасау туралы шешім тиісті формада неге іске асты, қылмысты аяғына жеткізуден бас тартудың себебі неде?

*Қылмыстан кейінгі іс-қимыл кезеңінде,* қылмыскер, болған оқиғаны, салдарды талдайды, қылмыстық жолмен тапқан мүлікке иелік жасайды, қылмыстың ізін жасырады, өзінің әшкереленбеуі және қылмыстық жауапқа тартылмауы үшін тиісті шара қолданады. Бұл кезеңде қылмыстық табысты «жуып шаю» немесе заңдастыру әрекеті жасалады.

*«Қылмыстан кейінгі іс-қимыл» ұғымы, бұл жерде, қылмыс жасау туралы шешім орындалғаннан кейін тікелей жалғасатын және жасалған қылмыспен байланысты іс-қимылды білдіреді.*

Қылмыстық әрекетті және оның салдарларын талдағанда қол жеткенді ойластырылғанмен салыстыру болады. Мұның бәрі мораль нормаларымен, құқықпен, қоғамдық пікірмен, топтың

берген бағасымен қайтадан салыстырылады. Адам істеген қылмысына өкінеді (тіптен, айыбын мойындап тиісті орынға өзі барады), не әшкереленбеу үшін қорғаныс жүйесін ойластырады. Адам бұл ретте қылмыстың ізін жасыру, куәлерден арылу және т.б. (бұл әрекеттер, кейде шешім қабылданғанда жоспарланады, олар шешімді орындаудың ажырамас бөлігі болып табылады) сияқты нақты қорғануды ғана емес, «психологиялық қорғаныс» жүйесін және «қорғану» сылтауларын ойластыру жағын да қарастырады.

Сұрақ алған кезде айыпталушы кейде осы «қорғану» сылтауларын алға тартады, ол бірінші кезеңге тән сылтаулардан едәуір өзгеше болуы мүмкін. Кейде «қорғаныс» сылтауы сол адам үшін астыртын пайда болады, ал оның өзі қандай да бір орынды дәлелдерді басшылыққа алғандығына сене бастайды.

Әдебиетте «психологиялық өзін-өзі қорғау» тетіктерінің кешені баяндалған. Олардың ішінде айыпталушының қылмыс жағдайын, ондағы өз іс-қимылын өте субъективті түсіндіргенін бейнелейтіндер маңызды рөл атқарады. Қылмыскер өзін «құрбан» ретінде көрсетуі мүмкін (басқа түскен қиыншылық және т.б.). Кейде ол өзінің ниетіне және мақсатына «игілікті рең» береді, мұндай істейтін жалғыз мен емеспін («кім ұрламайды»), «қалай өмір сүрем», басқаларға қарағанда ашық кеттім («басқалар да осылай істер еді, бірақ қорқады»), менің келтірген залалыма қарағанда мен тартқан зиян әлдеқайда көп, деп те айтады. Мысалы, пайдақорлық пиғылмен адамды қасақана өлтіру үшін оған қастандық жасаған сотталушы: «Жәбірленуші тірі қалды, тіптен жұмысқа шықты, ал мен болсам бас бостандығымнан айырылып түрмеде әлі отырмын» деген.

«Қорғаныс» сылтауы мен түрткі болған сылтаудың түбірлері бір: олар адамның жеке басының сипаттамасына тамыр жайған.

Криминологиялық талдауда қылмыс сыртқы орта контексінде және адам сипаттамасымен қоса зерттеледі. Қылмыскер мен жәбірленушінің арақатынасының сипатын анықтаудың маңызы зор, ол тек қылмыс жасалған жағдаймен ғана шектелмейді. Олардың арасында ұзақ уақыт дау-дамай болған жағдайлар да кездеседі.

*Қылмыс құрбанының да іс-қимылы едәуір маңыздылыққа ие, соңғы жиырма жылдан аса уақыт виктимология проблемасына*

– қылмыстың құрбаны туралы ілімге баса назар аударылуы бекерден бекер емес<sup>15</sup>.

Криминологиялық зерттеулерге сүйенсек, көбіне, іс-қимылы қылмыскердің іс-қимылына ұқсас адамдар қылмыс құрбаны болады екен (бұрын сотталғандар, маскүнемдер және т.б.). Бұл ретте виктимдік проблемасы қылмыстық немесе азғындаған топ ішіндегі дау тұрғысынан қаралуға тиіс. Бірақ, басқа да құрбандар бар ғой: олар дұрыс адамдар, қылмыскерге тап боламын деп ойламайды, қамсыз жүреді (қылмыскерге мүлкін сеніп тапсырып кетеді, бірге қонаққа баруға келіседі және т.б.). Бұл мәселелердің бәрі жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

*Қылмыстық іс-қимылды тек қылмыскер мен нақты жабірленуші арасындағы қатынастар шегінде ғана емес, қылмыскер мен орта арасындағы ауқымды қақтығыстың қорытындысы деп те қарау керек. Кейде қылмыскермен бұрын қақтығыспаған, тіптен оны танымайтын адам да соққыға жығылуы мүмкін. Мысалы, бұрыннан бойына жинақталған ашу-ызаны қылмыскер осылай сыртқа шығарады.*

*Қылмысты криминологиялық талдаудың шеңбері, әдетте, қылмыстық-құқықтыққа қарағанда кең. Біріншіден, сылтау және шешім қабылдау кезеңдері қылмыстық заңда қылмысты жасауға дайындық ретінде бағаланбайтын әрекеттерді қамтуы мүмкін. Мысалы, ірі ұрлық жасауды жоспарлаған адам алдын ала қолайлы объект іздестіреді, сол жерге жұмысқа орналасады, күзет және бақылау жүйесін зерттейді. Тек біршама уақыт өткеннен кейін ғана ұрлықты жеңілдететін қосымша жағдайлар тудырады. Екіншіден, криминологиялық зерттеуде іс-әрекеттің сол айыпты үшін де, орта үшін де қандай әлеуметтік салдары болғандығы зерттеледі. Сонымен қатар, қоғамға қайшы бағдардың орнығуы, қылмыстық дағдыға үйрену, қандай да ұйымның қалыпты жұмысын бұзу, қылмыстық әрекетін жалғастыру үшін жағдай тудыру сияқты тұстар да ескеріледі.*

*Криминология тұрғысынан алғанда қылмыстан кейінгі іс-қимыл да қылмыстық іс-қимыл кезеңіне жатады. Ал, бұл ретте, қылмыстық іс-қимыл қылмыстық-құқықтық түсінікке қарағанда кеңірек ұғым ретінде қаралады.*

Сонымен, мамандар, қылмысты қарағанда қылмыстық іс-қимыл жайында айтады. Онымен қатар «қылмыстық әрекет» деген басқа термин де қолданылады, ол келесі параграфта кеңірек қаралады.

### 3. Ұйымдасқан қылмыс және қылмыстық әрекет

*Ұйымдасқан қылмыс – жоспарланған, алдын ала ойластырылған, әдейі қасақана жасалатын қылмыс.* Мұндай қылмысты жеке адам да, топ та жасауы мүмкін. Шешім қабылдау кезеңінде қылмыс жасаудың жоспары ойластырылады. Егер қылмысты бірнеше адам жасайтын болса, алдын ала олардың рөлдері бөлінеді: сыбайластардың біреуі қылмыс объектісін іздестіреді, екіншісі – қылмыс құралын, қажетті керек-жарактарды табады, үшіншісі – қылмыс орнынан тез кетіп қалу үшін және ұрлаған заттарын алып кетуге қажетті көлікпен қамтамасыз етеді, төртіншісі – қауіпсіздік жағын ойластырады, бесіншісі – қылмыстық жолмен табылған мүлікті сатумен, қылмыстан түскен табысты заңдастырумен айналысады. Криминологиялық талдама жасалғанда рөлдерді бөлісу жоспарының қандай болғандығын, қылмыс жасалған кезде дәп солай болды ма, басқаша болса – не себепті өзгерді, нақты қандай әрекеттер жасалды, соны анықтау керек.

*Ұйымдасқан қылмыстың өрбуінің белгілі бір қисыны бар.* Оның негізінде сылтаудың өзгеруі, қылмыс кезіндегі және қылмыстан кейінгі іс-қимылдар логикасы жатады. Мысалы, ірі ұрлық жасалғанда, біріншіден – ұрлағандарды сату және оны сататындарды және алатындарды табу проблемасы туындайды; екіншіден – егер ұрлық мүлікті өткізу жолы табылса қылмыскер жаңа қылмыс жасауға және сол арқылы табыстың тұрақты көзін ашуға ұмтылады. Соңғы жағдай оны ең қатаң жазалау шаралары көзделген жаңа қылмысқа итермелейді. Бұл жағдайда ұрлаушылар ұрлықтың куәлерін немесе бақылаушы және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, кейде журналшыларды, сондай-ақ басқа адамдарды сатып алудан немесе оларға күш көрсетіп қорқытудан тайынбайды. Осылай, *ұйымдасқан қылмыс «ұйымдасқан қылмыстық әрекетке» ұласады.*

*Ұйымдасқан қылмыстық әрекет – қандай да бір субъектінің (бір адамның немесе топтың) өзара байланысты ұйымдасқан қылмыстық іс-әрекетінің жүйесі.* Гректердің *systema* сөзі «бөліктерден құралған бүтін» дегенді білдіреді. Яғни, қылмыстық әрекеттегі жекелеген қылмыстар оның құрама органикалық бөліктері және әрине олардың әрқайсысы тек қылмыс қана емес, ұйымдасқан қылмыс. Кейде ұйымдасқан қылмыстық әрекеттің

субъектілері кездейсоқ қылмыстық әрекеттер жасайды, ал оларды сондай әрекеттердің элементтері деп санауға болмайды (көңілді отырыс кезінде жанжал шығып қорлық көрген адам өзін қорлағанда дене жарақатын салады, мүмкін ол қылмысты өзімен бірге жасасатын сыбайласы да шығар). Бұл жерде қылмыстар жинақтығы бар, бірақ жүйе жоқ.

Жүйеле, біріншіден, бірнеше қылмыстардың өзара байланысы байқалды, екіншіден, келесі қылмыстар сылтаудың бірінші кезеңінде де, шешім қабылдағанда да, оны орындау кезеңінде де, одан кейін де туындауы мүмкін.

*«Қылмыстық іс-қимыл» терминіне қарағанда «қылмыстық әрекет» термині тек белгілі бір жағдайда жасалған қылмысты ғана емес, адамның алдын ала әлеуметтік ұстанымдарды, қылмыстық пайғылды жүзеге асыру үшін қажетті жағдайларды іздестіруін, өзін-өзі тәрбиелеу процесінде тек қылмыстық қызмет үшін маңызды қасиеттердің дамуын көрсетеді.* Яғни, қылмыстық әрекетте адамның жеке басының рөлі белсенді де шешуші рөл атқарады.

Ұйымдасқан қылмыстық әрекеттің даму қисыны мынаны көрсетеді: қылмыс субъектісі бір адам емес, криминологиялық терминология бойынша атағанда – *«ұжымдық субъект»* болуы мүмкін. Мысалы, бір жоспармен әрекет жасайтын адамдар тобы үйлесті және ұйымшыл болады. Мұндай жағдайда оның әр мүшесінің әрекетін басқалары толықтырып отырады. Ұйымдасқан қылмыстың негізінде әртүрлі ұйымдасқан құрамалардың дәл осындай ұжымдық қылмысты әрекеті жатыр.

#### 4 – тарау. Қылмыскерлік

§1. Қылмыскер және қылмыскерлік.

§2. Қылмыскерлік жүйелік-құрылымдық құбылыс ретінде.

§3. Ұйымдасқан қылмыскерлік ұғымы.

§4. Қылмыскерлікті әлеуметтік құбылыс ретінде қарау

#### §1. Қылмыстар және қылмыскерлік

«Қылмыскерлік» ұғымы, көбіне қылмыстың көптігі туралы, олардың статистикалық жиынтығы туралы сөз болған жағдайда қолданылады<sup>16</sup>.

Бұл - қылмыскерлік анықтамасын ең қарапайым да түсінікті ыңғайда беру. Шындығында, қылмыскерлік көптеген қылмыстар арқылы ғана неғұрлым айқын көрініс табады. Қылмыскерліктің қылмыстың жекелеген түрлерімен салыстырғандағы ерекшелігі – оның жаппайлығында. Жаппай болған жағдайда қандай да бір құбылыстың саны статистикалық талдауға келеді, нәтижесінде белгілі бір статистикалық заңдылық анықталады.

Сондықтан да, қылмыскерлік жайында тек қылмыстардың көптігі деп сөз болса, назар ол жайындағы мәліметтердің статистикалық талдамасына аударылады, қылмыскерліктің жайы, құрылымы, динамикасы зерттеледі.

Бірақ, қылмыстарды жаппай деп зерттеу олардың сол жаппайлықта көп жаңа сипаттарға ие болатындығын көрсетіп отыр. Әр түрлі қылмыстар арасында белгілі бір қатаң қатынастар байқалады. Мысалы, ашылған және тіркелген жеңіл дене жаракаты, ұрып-соғу фактілерінің, қару алып жүрумен байланысты қылмыстардың саны азайғанда адамның өмірі мен денсаулығына қарсы ауыр қылмыстар саны артады.

Қылмыскерлік пен қылмыстардың уақытпен байланысын жалпының жекемен байланысы деп қабылдай бастады. Жалпы, біздің білуімізше, жекенің сипаттамасын қайталамайды. Мынадай ұқсастық бар: су тамшысында өзіне ғана тән сипаттама бар. Ал көп тамшы қосылса бұлақ, өзен, теңіз, мұхит болады. Егер мұхиттан су тамшысын алсақ, онда оны жоғары көрсетілген сипаттамаларды анықтау тұрғысында зерттейміз. Ал, мұхитта су тамшысына тән емес құбылыстар бар, ол ағады, толқиды, тасиды және т.б.

Қылмыскерлікте де тура осындай жағдай. Оны тек қылмыстар көптігі деп қарағанның өзінде де, ол басқадай жаңа сипаттамалармен сипатталады.

Қылмыстардың көптігінен қылмыстық іс-қимылдың тұрақтылығын да (рецидив), ұйымдасқандықты да (қылмысты ұйымдасқан құрылымдардың жасауы), қылмыс көптігінен қоғамға келетін қауіпті де байқауға болады.

*Сонымен, біріншіден, қылмыскерлік бізге тек қылмыстық іс-әрекет түрінде ғана келмейді. Ол қылмыс жасаған адамдардан да көрініс табады.* Қылмыскерліктің статистикалық есебі фактілер бойынша да, адамдар бойынша да, ұйымдасқан құрылымдар бойынша да жүзеге асырылады. Сонымен қатар қылмыскерліктің салдары: жәбірленушілер саны, ұрлағанның мөлшері және т.б. ескеріледі.

*Екіншіден, әңгіме жай бірімен-бірі байланыста жоқ қылмыстардың көптігі жайында ғана емес, сонымен қатар олардың күрделі жүйе екендігі жайында да.*

## §2. Қылмыскерлік жүйелік - құрылымдық құбылыс ретінде

Қандай да бір объектінің жүйелік-құрылымдық сипаты туралы мәселе сол объектінің өзі бөлігі болып табылатын неғұрлым жалпы бүтіннің өзгеруімен өзара байланыста қалай өзгеретіндігін және бүтіннің бір бөлігінің басқа бөліктің өзгеруімен қалай байланысты екендігін анықтау қажет болған жағдайда туындайды.

Бұл міндет күрделі құбылыс ретінде қылмыстың қоғаммен органикалық бірлігін зерттейтін, оның әртүрлі формаларының өзара байланысын зерттейтін криминологтар алдында да қалайда туындайды.

Қылмыскерлік дегеніміз өзара байланысты элементтердің белгілі бір жүйесі, онда едәуір дербестік, оның жекелеген элементтеріне тән емес сапалы сипаттама бар. Сондықтан да қылмыскерліктің өз тарихы, даму логикасы бар<sup>17</sup>.

*Криминологиялық зерттеулер қылмыскерліктің әртүрлі элементтерінің заңдылықтағы өзара байланысын ашады, оның ортаның өзгерісіне «бейімделу» қабілетін, тіптен ортаны өзінің тұрақтануы және дамуы үшін «бейімдейтіндігін» растайды.*

*Жаңа жағдайларда оның көрініс табу формасы түрін өзгертеді, қылмыскерліктің қоғамға кері ықпалы да байқалады.*

Қылмыскерлік бүтіндік сипаты және басқа құбылыстардан бөлектігі мүлде айқын емес жүйелер типіне жатады. Қылмыскерлік бірімен бірі байланысты емес әртүрлі қылмыстардың конгломераты деген де пікірлер бар. Қылмыскерліктің жүйелік сипатының негіздемесі мыналарға сүйенген:

а) қылмыскерлікті едәуір жалпы жүйенің – бүтіндей қоғамның элементі ретінде, сол қоғамның ерекше шағын жүйесі деп тану;

б) қылмыстылықтың белгілі бір бүтіндігін негіздеу;

в) қылмыскерліктің бірімен бірі өзара байланыстағы, барлық қылмыскерлікке бүтіндей жаңа сапалы сипаттама беретін, оның жекелеген элементтерінен өзгеше нақты элементтерін бөліп алу.

Жүйеге қойылатын талаптардың бірі – «осы жүйені қамтитындай кемінде бір үлкен жүйенің болуы».

*Қылмыскерлікке қатысты алсақ үлкен жүйе деп қоғамды санауға болады.* Қылмыскерлік – қоғамда болатын және онымен тығыз байланыстағы құбылыс. Оның түрлері мен элементтері тым болмаса қылмыстың тұтас, ортақ детерминанты ретіндегі қоғам арқылы өзара байланысты.

Нақты зерттеулер ұрлық, зорлау, адам өлтіру, сапасыз өнім шығару, есепті бұрмалау сияқты әр түрлі қылмыстардың аймақтық әлеуметтік ортамен детерминациясының ортақ бағытын көрсетіп отыр. Бір үлкен қалада ірі өнеркәсіптік кәсіпорын негізгі «жұмыс беруші» деп саналған. 70-жылдардың аяғында қысқа мерзімде өндіріс көлемін үштен бірге ұлғайту жөнінде тапсырма берілген. Ал, әлеуметтік проблемаларды шешуге қажетті қаражат кәсіпорынға бөлінбеген.

Көрсетілген өндірістік тапсырманы орындау үшін басқа аймақтардан қызметкерлер алып келу керек еді. Бірақ білікті мамандарды шақыруға ешқандай мүмкіндік болмады: оларға беретін пәтер жоқ, қажетті тұрмыстық тауарлармен қамтамасыз ету бұл жерде жолға қойылмаған, сауықтыру орындары жоқ, бар болғаны жатақханадан орын беру ғана еді. Сол себепті кәсіпорын кәсіби-техникалық және басқа оқу орындарының түлектерін шақыра бастады; үйінен қашқан, жұмыста берекесіз, маскүнем, жалқау адамдар, қысқасы одан қашқан, бұдан қашқандар келе



бастады. Олар жұмысты алып кете алмады, жоғары айлық та талап етпеді. Нәтижесінде қосып жазуға тура келді, ал шығарылған өнім сапасыз болды. Қосып жазу нәтижесінде артық болып шыққан материалдық құралдар ұрланды, талан-таражға түсті. Сонымен қатар жатақханаларда маскүнемдік, төбелес, бейбастақтық кең етек алды.

Бұрын сотталғандар, «көпті көргендер» билік тізгінін қолдарына алды. Олар жастарды өзінше «тәрбиелей» бастады. Ал, айтқанына көнбеген, айдауына жүрмегендерге зорлық-зомбылық жасалды. Қалада ұрлық, әйел зорлау және басқа қылмыстар көбейді.

Кәмелетке толмағандар мен ересек адамдардың қылмыстылығын, пайдақорлық және зорлық-зомбылық қылмысты зерттеушілер қылмыстылықтың бұл түрлерін тудыратын әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-психологиялық факторлардың ұқсас екендігін байқады. Бұл аталған факторлар қылмыстық іс-қимылдың бір-бірімен әртүрлі байланыстарындағы өзіндік формаларын, ықпал ету тетіктерінің бөлек екендігін анықтайды.

*Қылмыскерлікті ол үшін негұрлым жалпы жүйенің (бірақ, бүтіндей қоғамнан кішілеу) бөлігі ретінде, келеңсіз әлеуметтік ауытқулар ретінде қарау керек.* Бұл ауытқулар әрқилы: көлеңкелі немесе қосарланған экономика, маскүнемдік, шапқорлық, жезөкшелік, өзіне-өзі қол жұмсау және т.б. Қылмыскерліктің келеңсіз әлеуметтік ауытқулардан айырмашылығы оның қоғам үшін аса қауіптілігінде. Мұндай бағаны мемлекет қылмыстық заңда берген.

Бұл – формальды критерий емес, қандай да бір іс-әрекетті қылмыс ретінде бағалау ойдан алынбайды, онда әлеуметтік рең бар, ол орын мен уақыттың белгілі бір жағдайларымен «байланыстырылады». Қылмыстар тізбесі әртүрлі мемлекеттерде және тарихи әртүрлі кезеңдерде аса көп түрлі емес. Адамдардың өмірі мен денсаулығына, абыройы мен ар-ожданына, мемлекетте орныққан конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпке, қызметтік міндетті, экономикалық қызметті жүзеге асыру тәртібіне қастандық, ұрлық және меншік иесінің еркінен тыс бөтеннің мүлкін иеленудің өзге формалары, міне осы іс-әрекеттер қылмыстық заңдардың мазмұнын толықтай қамтиды. Осы қастандықтардың әрбір түрі ҚК баптарында нақтыланған.

Криминологиялық зерттеулерде «салыстырмалы қылмыстар» массиві деп аталатындар бөлек қаралады, олар жайындағы заң нормалары өзгермеген, ал оларға қатысты статистикалық мәліметтерді салыстыруға болады. Бұл массив бар болғаны 16 бапты қамтиды, бірақ оларға 1980 жылы тіркелген барлық қылмыстардың 56%-ы, 1999 жылы - 70%-ы келіп отыр.

Қылмыскерліктің ерекшелігі туралы айтқанда оның қылмыстық жаза көзделген ең қатаң тыйымды көптеген азаматтардың айыпты бұзғандығының нәтижесі екендігін ескеру керек. Нормаларды қылмыстық заңмен қорғау оларға жаңа сапа береді. Тиісінше, бұл нормаларды бұзу да жаңа сапаға ие болады.

*Қылмыстық жазалаушылықта әңгіме қылмыстық тыйымды іс-қимылдың басқа нұсқалары жол берген жағдайларда айыпты бұзу жайында ғана болады. Қылмыстық іс-қимылды түсіндіргенде мұны ұмытпау керек.*

Барлық қылмыстық көріністер үшін неғұрлым ортақ сапа критерийі мынау бола алады: әлеуметтік негізі бар, сонымен қатар, қылмыстық-құқықтық тыйымды өзге келеңсіз әлеуметтік ауытқулармен салыстырғанда қоғамға қауіптіліктің ең жоғарғы сатысы болып табылатын айыпты бұзу.

Қылмыскерлік теріс әлеуметтік ауытқулардың ең шыңында тұр. Криминологиялық зерттеулер көрсетіп отырғандай, қасақана ауыр қылмыс жасаған жағдайлардың 90%-нан астамында айыптының мінез-құлқында бұрындары теріс ауытқулар байқалған. Нормалардан немесе оң ауытқулардан қылмысқа бірден секіріп өту де болады, бірақ ол айрықша жағдайларда не айыпты адамның көңіл күйінің ерекше толқуы кезінде (аффект) орын алады.

Қылмыскерліктің айрықша әлеуметтік құбылыс ретінде қандай да бір бүтіндігі, жүйелілігі оларды майда құрылымдарға бөлгенде, олардың арасындағы өзара байланысты талдағанда байқалады.

*Қылмыскерлік белгілі бір орта типтері мен жеке адам типтерінің өзара әрекеттесуінің нәтижесі ретінде қаралатындықтан, қылмыскерліктің екі ірі құрылымшасы бөлініп алынады:*

1. «тұрақты», оның туындауында адамның жеке басының сипаттамасы жетекші рөл атқарады: адам кедергілерді жеңеді,

қылмыс жасауға қолайлы жағдай тудырады, оларды ұтымды пайдаланады;

2. «ситуациялық», оның генезисін жеке бастың сипаттамаларына қарағанда ортаның күштірек ықпалы, қылмыстық іс-қимылдың күрделі ситуациясы анықтайды.

Мұндай бөлектеу әлеуметтік ықпалдың жеке бастың сипаттамасында із қалдыратынына және ұзақ уақыт бойы адамның іс-қимыл сипатын анықтайтындығына негізделген. «Ситуациялық» қылмыскерлік әлеуметтік жағдайлардың, ситуацияның өзгерісін тез әрі тікелей сезеді. Қылмыскердің жеке басындағы өзгерістің оның генезисіндегі рөлі шамалы, ол өзгерістер де шамалы.

*Қылмыскерліктің осы түрлерінің әрқайсысында да екі құрылымша бөлініп алынады:*

1. «тұрақты» қылмыскерлікте – «алдын ала қасақана» (оның ішінде ұйымдасқан, кәсібилерді қоса) және «өзекті-мақсатты» (адамның сәті келген кезде іс-қимылдың вариантын табан асты тандауын сипаттайтын);

2. «ситуациялық» қылмыскерлікте – «виктимдік-ситуациялық» (қылмыс жасауға көрінеу қолайсыз ситуацияны және қылмыскердің сондай ситуацияны жасауға және оған түсуге кінәсін сипаттайтын) және «кездейсоқ-ситуациялық» (қылмыс жасаудың күрделі ситуациясы қылмыс жасаған адамның кінәсінен тыс болады, ондай жағдай ол үшін тосын, үйреншікті емес).

*«Алдын ала қасақана» қылмыскерлікте әлеуметтік жағдайларды ойластырып пайдалану, қылмыстық әрекетті жоспарлау, қажет болса – қылмыстық-құқықтық тыйымды бұзу үшін қолайлы жағдай жасау, болған өзгерістерді, оның ішінде әлеуметтік бақылаудағы, қылмыспен күрестегі өзгерістерді ұдайы ескеру байқалады.*

Іс-қимылдың қылмыстық вариантын тандауды субъект тиісті жағдайдағы өзі үшін ең тиімді қадам деп санайды. Бұл ретте келешекте түсетін пайда мен болатын шығындар мұқият есептеледі. Осы жерде жеке бастың рөлі айрықша зор.

*«Өзекті-мақсатты» қылмыскерлік өзекті мақсаттың күшті ықпалынан туындайды, мұнда мұқтаждығы, мүдделері теріс бағдар алған немесе оларды қамтамасыз ету амалдары туралы ұғымы заңға сәйкес келмейтін адамдардың белгілі бір әлеуметтік*

типi сол мұқтаждықтар мен мүдделердi қанағаттандыру мүмкiн болатындай ситуацияға тап болады.

Жалпы, ситуациялық қылмыстың көрiнiс табуы негiзiнде сол ситуацияның өзi жатады, сол жағдайда адам белгiлi бiр iс-қимыл вариантын, қылмыстық вариантты таңдайды.

Егер жәбiрленушi тарап iс жүзiнде сол кезде қылмыс жасаушы адамның өзi болса, ал әңгiме қылмысқа қылмыспен жауап қату жайында болса, онда бұл ситуация тiкелей қылмыстық болуы мүмкiн. Мысалы, «қылмыстық талқылау» («криминальная разборка») ситуациясы осындай. Ситуацияда, сонымен қатар, жанама немесе шалғай қылмыстық сипат болуы мүмкiн, онда ол қылмыскерлiктiң жанама салдарларын көрсетедi (қылмыскерлiк жайлап, жаппай үрей басқан кезде жол көрсетудi өтiнiп кешкiсiн саяжайға келген адамды қылмыскерге балап қателесiп өлтiрiп қою).

Ситуацияда жалпы қолайсыз сипат та болады: маскүнемдiктiң, нашакорлықтың етек алуы, жұмыссыздық, үйсiздiк, жаппай өзара сыбайластық және т.б.

*«Виктимдiк-ситуациялық» қылмыскерлiкте ситуацияның рөлi анықтаушы болып табылады, дегенмен қылмыскерлердiң кейбiр жеке басы сипаттамаларының өзгеруi де бой көтерiп қалады, нәтижесiнде олар проблемалық жағдайға тап болады. Мысалы, iшiмдiкке үйiр компанияда дау-жанжал жиi болып тұрады. Ал төбелес бола қалған жағдайда кiмнiң жәбiрленушi, кiмнiң айыпты болатындығы белгiсiз.*

*«Кездейсоқ-ситуациялық» қылмыскерлiкте табан асты туындаған ситуация анықтаушы (толықтай дерлiк) болып табылады, адам өзiнiң бұрынғы кейпiмен оған дайын болмағандықтан, дауды шешудiң заңды вариантын тез таба алмайды. Мысалы, рульде келе жатқан жүргiзушi басқа бiреулердiң кiнәсiнен табан асты қиын жағдайға тап болады, бiрден дұрыс шешiм қабылдай алмағандықтан адам қағып кетедi, ол қаза болады. Әрине, адам қаққан жүргiзушiнiң кәсiби деңгейi төмен болуы, тез пайымдауға қабiлетi болмауы мүмкiн. Бiрақ, жеке бастың қасиетi мұндай күрделi жағдайда қалып көрмеген, адам қақпаған басқа жүргiзушiлердiкiндей болуы мүмкiн.*

Бұл құрылымшаларды, былайша алғанда, қасақана деп те, «абайсызда» жасалған қылмыс деп те санауға болады. Шынында, соңғыда «қасақаналық» жоқ, бiрақ, субъектiнiң, бұзылуы қоғамға

мауіпті салдарға алып келген нормаға қатынасын ескерсек, мұнда «өзекті-мақсатты» қылмыскерлік бар.

Жүргізілген есептерге сүйенсек, әртүрлі аймақтарда ішінара өрттелген қасақана қылмыскерлікте «тұрақты» және «ситуациялықтың» қатынасы 6:1 екен. Жалпы тіркелген қылмыстар ішіндегі алдын ала қасақана қылмыскерліктің үлесі – 50-70%, кездейсоқ-ситуациялық қылмыскерліктің үлесі 0,6-дан 2%-ке дейінгі аралықта. Бұл мәліметтер тек айқындалған және тіркелген қылмыскерлікке ғана қатысты алынған. Қылмыскерліктің латенттік (жасырын) бөлігінде «тұрақтының», әсіресе «алдын ала қасақаналықтың» үлесі бұдан жоғары деп ойлауға негіз бар.

*Қылмыскерліктің жүйелік-құрылымдық сипатын негіздеу үшін жекелеген құрылымшаларды (элементтерді) бөліп алумен қатар, олардың араларындағы объективтік байланыстарды да ашу керек.* «Объективті байланыс» дегеніміз заттар мен олардың қасиеттері арасындағы қатынас, олардың біреуінің өзгеруі екіншісінің өзгеруіне алып келеді (өзара әрекеттестікте болғандықтан).

*Қылмыскерліктің бөлініп алынған құрылымшаларының өзара байланысының негізі оның дамуындағы қылмыстық әрекеттің әлі болып табылады. Белгілі бір жағдайларда қылмыскерліктің бір түрі басқа түрін (түрлерін) туындатады немесе оларға ықпал етеді.* Мысалы, қылмыскерлікпен күресте кателік кетсе хшықтың бір бөлігі оны өз бетінше түзеуге әрекеттенеді, қылмыстық формада оған қарсылық жасайды немесе оған «бейімделеді». Қарсылық әрекет жасағанда кейбір қылмыскерлерді күш жұмсап жазалайды (қылмыс орнында ұсталса және т.б. жағдайларда). Бейімділік көрсеткенде паракорлармен, ұрлаушылармен қылмыстық мәмілеге келеді.

Алдын ала қасақана қылмыстық әрекет қылмыстық әрекет үшін «қолайлы», өзекті-мақсатты қылмыстарды жасағанда пайдаланылатын ситуация тудырады. Бұл құрылымшалардың өзара байланысы әдебиетте жан-жақты талданған. Қоғаммен жанама байланыста болатындардан басқа, өзара тікелей байланыста болатын әр түрлі құрылымшалар да бар.

*Әр түрлі құрылымшалардың, қылмыскерлік элементтерінің тікелей өзара байланыстылығы, өзара әрекеттестігі ғана қылмыскерліктің біршама дербес, айрықша әлеуметтік құбылыс*

*ретінде болатындығының, қылмыскерліктің жүйелік сапасының себепкері болады. Сондықтан да қылмыскерліктің жекелеген түрлеріне оқшау ықпал етуге талпыныс калайда сәтсіз аяқталады.*

Қылмыскерлікпен күресте қылмыскерліктің сипатына сай келетін жүйелік сипат болуға тиіс. Қоғамдық тәртіпті нығайту мәселесін қолға алған кездер болды (көшелерде, алаңдарда, парктерде), бірақ көп ұзамай бұзақылық көріністер, жатақханалардағы, үй-пәтерлердегі төбелестер саны көбейіп кетті.

Қылмыскерлік әлеуметтік жүйе болғандықтан, оған дәл сондай жүйенің сипаттамасы тән: мақсаттылық, ашықтық, қылмыскерлікпен күресте олқылық болса өзін өзі детерминациялау және дамыту.

Қылмыскерліктегі өзгеше мақсаттылық не қоғамға қауіпті, заңға қайшы мақсаттарға қол жеткізуде (есірткі өндіру және оны тарату және т.с.с.), не, жалпы құқық тыйым салмаған мақсаттарға қоғамға қауіпті, заңға қайшы құралдармен қол жеткізуде (қорқытып талап ету жолымен баю, абройын өзін қорлаған адамды қасақана өлтіру арқылы қорғап қалу) көрініс табады.

*Әлеуметтік өзара әрекеттестікте қылмыскерлік «қатаң» жүйе ретінде емес, «ашық» жүйе ретінде көрінеді. Ол орта жағдайына бейімделеді, белгілі бір шекте тез өзгереді. Жалпы қылмыскерлік өзін өзі басқарушы жүйе ретінде дамиды және өзі детерминделеді.*

Криминологтар сақталу, өзгерген мән-жайға бейімделу; халықтың бір бөлігіне тікелей «қылмысты жұқтыру» жолымен қоғамға шабуыл жасау, қылмыскерлердің тікелей нандыру, еліктіру, нұсқау беру тетіктерін пайдалану есебінен қылмыскерліктің өзін өзі қайта қалпына келтіру эффектісін атап өтеді. *Қылмыскерлік, өзінің қоғамға қарсы тұруын қамтамасыз ететіндей ерекше қорғану жүйесін құрып алады. Мұндай жүйені ескеру, білу қылмыскерлікке қарсы тиімді күрес үшін қажет.*

Мынадай сұрақ туындайды: қылмыскерлікте жаңа ақпараттарды қабылдауды және өзгерістерге сай бағдар алуды не қамтамасыз етеді? Зерттеулер көрсеткендей, алдын ала қасақаналық, оның ішінде кәсіби және ұйымдасқан қылмыскерлік бұл жерде маңызды рөл атқарады.

Қылмыскерлердің әлеуметтік жағдайларды қылмыстық тұрғыдан мүқият зерттеуі, жай пайдалана салмай, оларға ықпал етуі деп осылармен байланысты.

Алдын ала қасақаналық қылмыскерліктің барлық жүйесінің дамуындағы қозғаушы күш қана емес, ол өзге құрылымшаларды әр түрлі «жаулап алады». *Қылмыскерлік үрдісін*, оның өзгеруінің және қоғамға кең ауқымды ықпалының бағыттылығын, ең алдымен, алдын ала қасақана қылмыскерліктің, оның ішінде ұйымдасқан және кәсіби қылмыскерліктің сипаттамасын талдай отырып зерттеу керек.

### §3. Ұйымдасқан қылмыскерлік ұғымы

«Ұйымдасқан қылмыскерлік» ұғымы «ұйымдасқан қылмыс», «ұйымдасқан топ», «ұйымдасқан қылмыстық әрекет», «ұйымдасқан қоғамдастық» сияқты басқа ұғымдармен байланысты. Барлық жерде «ұйым», «ұйымдасқан» сөздері пайдаланылады. Бұрындары «ұйымдасқан қылмыс» және «ұйымдасқан қылмыстық әрекет» жайында айтылатын. Оның субъектілері жекелеген адамдар және адамдар тобы, оның ішінде ұйымдасқан құрамалар: ұйымдасқан топтар, бандалар, қылмыстық ұйымдар мен қылмыстық қоғамдастық болуы мүмкін.

*Ұйымдасқан топтар* бірнеше адам қылмысты, тіптен аса ауыр қылмысты жасағанда емес, оны жасау үшін алдын ала бірігіп, соған жан-жақты дайындалғанда пайда болады: олар жоспар жасайды, барлық күш-жігерін сол жоспарға бағындырады, жоспарды жүзеге асыру барысында туындаған проблемаларды бірлесіп шешеді, нақты жағдайға қарай оған түзетулер енгізеді. Ұйымдасқан топ бір қылмысты жасау үшін де құрылуы мүмкін. Мысалы, банктен ақшаның ірі сомасын ұрлау немесе инкассатор машинесін тонау үшін. ҚК-де ұйымдасқан қылмысқа бір немесе бірнеше қылмыстарды жасау үшін алдына ала біріккен адамдардың тұрақты тобы деп анықтама берілген, ал банда – адамдарға немесе ұйымға шабуыл жасау үшін құрылатын тұрақты қарулы топ.

Қылмыстық әрекеттің ауқымын кеңейту оған неғұрлым көп әр түрлі субъектілерді тартумен байланысты.

Іс жүзінде олар жеке тұлғалар да, әр түрлі қылмыстар жасауға маманданған бұрыннан келе жатқан ұйымдасқан топ та, заңды тұлғалар да, мысалы, солар арқылы қылмыстық табыс заңдастандыралған және молаятын заңды тұлғалар, болуы мүмкін. Кең ауқымды қылмыстық әрекетке қатысушы әр түрлі субъектілердің жұмысын үйлестіру қажеттігі туындайды. Саны едәуір әр түрлі қылмыстық субъектілердің күрделі, көп аспектілі ұйымдасқан қылмыстық әрекетін басқарғанда ұйымдасқан қылмыстық құрамаларды тұтас организм ретінде басқаратын арнайы құрылымдар құрылады. Бұл ретте таза атқарушы функциялармен және ҚК-нің Ерекше бөлімінде көзделген нақты қылмыстарды тікелей жасаушы құрылымдарымен қатар басқарушы функциялар мен құрылымдар (ұйымдастырушылар, жетекшілер); қылмыстық ұйымның өзіне тән мұқтаждықтарын қамтамасыз ететін функциялар, құрылымдар (талдау бөлімшелері, өзінің «қауіпсіздік қызметі», қылмыстық табысты заңдастыру және т.б.) бөлініп алынады. Қылмыстық ұйымдарды құрудың негізі осындай.

Мұндай ұйымның қоғамдық қауіптілігі сонда, ол тек аса ауыр қылмыс жасап қана қоймайды (бұл тұрғыдан алғанда оның қоғамға қауіптілігі ауыр қылмыстың қоғамдық қауіптілігіндей-ақ), сонымен қатар өзін басқаратын субъектілердің сылтауларына және сыртқы жағдайларға байланысты кең ұйымдасқан қылмыстық әрекетті оның әр түрлі варианттарында қамтамасыз ете алатын құрылым болып саналады. Қылмыстық әрекетті дамыту және жасыру, алынатын табысты заңдастыру және молайту, қылмыстық құраманы сол қалпында сақтап қалу логикасы итермелейтін әртүрлі қылмыстар жасайды.

«Ұйымдасқан қылмыспен күрес туралы» федералдық заңның жобасында қылмыстық ұйымға мынадай анықтама берілген: «Қылмыстық ұйым – а) қылмыстық ұйым не оның басшылығын құру; б) ҚК-нің Ерекше бөлімінің баптарында көзделген қылмыстарды тікелей жасау; в) қылмыстық ұйым құруды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етудің өзге де формалары бойынша қатысушылар арасында міндет бөлінген, бірлесіп қылмыстық әрекет жасайтын адамдар, не ұйымдасқан топтар, не бандалар».

Қылмыстық ұйымдар, өздерінің қылмыстық әрекетін қорғау мақсатында мемлекеттік құрылымдармен және азаматтық



қоғамның институттарымен, олардың алдына қойылған міндеттерін теріс арнаға бағыттап, өзара қатынас орнатуға әрекеттенеді. Осыдан барып мемлекеттік органдар жүйесінде және кәсіподақтар, шығармашылық одақтар, қауымдастықтар сияқты мемлекеттік емес салада сыбайлас жемқорлық кең етек алады.

*Бұл жерде мынадай тұжырым жасауға болады: егер жәй қылмыскерлік қоғамға, оның институттарына, оның ішінде мемлекетке қарсы әрекет ететін болса, ұйымдасқан қылмыс мемлекеттік институттарға және қоғамға сүйенуге, оларды өз мақсатында пайдалануға тырысады.*

Қылмыстық әрекет заңды кәсіпкерлікпен, басқа да қоғам жол берген, тіптен қолдайтын қызметпен тығыз айкасып жатады, бұл — халықтың наразылығын тудырмай олардың қылмыстық әрекетін әшкерелеуге едәуір қиындық тудырады. Олар мұқият жасырынады, заң шығарушының алдын орағытады, олардың қателіктерін жақсы пайдаланады, қолайсыз құқықтық шешімдерден ертерек сақтанады.

Мұның бәрі, егер мемлекеттік жүйе тарапынан қателіктер болса, ұйым болып сақталып қалуға, тіптен, белгілі бір кезендерде мемлекетпен жекпе-жекте жеңіске жетуге көмектеседі.

Қылмыстық ұйымдардың мынадай өзіне тән сипаттары бар: ақпараттар жинау және оларды беру; құқық қорғау институттарының әрекеттерін бейтараптандыру, негізгі әлеуметтік-экономикалық қызметтерді пайдалану, ішкі құрылымдардың болуы, әрекеттерінің сырттай «заңды» көрінуі.

Ұйымдасқан қылмыстық құрамалар саны көбейсе олардың өзара әрекеттесуінде ықпал ету өрісін бөлісу, мемлекетке бірлесіп қарсы тұру және т.б. проблемалар туындайды.

Ұйымдасқан топтардың, бандалардың, қылмыстық ұйымдардың бұл өзара әрекеттестігін, ақпарат алмасуды, құқық қоғау жүйелерін, өзге мемлекеттік құрылымдарды және азаматтық қоғамның институттарын бейтараптандыру және пайдалану үшін, қылмыстық ұйымдардың мұқтаждықтағы функционерлеріне көмек көрсетуде күш жігердің біріктірілуі қамтамасыз ететін *қылмыстық қауымдастықтар* пайда болады.

Қылмыстық қауымдастықтың құрылу негізінде бірлескен ұйымдасқан қылмыстық әрекет негізінде құрылатын қылмыстық ұйымдарға қарағанда басқа сипат бар.

Қылмыстық қауымдастықта өзара қарым-қатынасты қылмыстық ұйымдар мен оның құрылымшасы болып табылатын қылмыстық топтар жасамайды, осы құрамалардын өкілдері немесе тіптен, өзінше жұмыс істейтін кәсіби қылмыскерлер жасайды.

Қылмыстық қауымдастық, ол – басқа қылмыстық құрамалар үшін жоғары тұрған саты емес, ол өзінше үйлестіруші орган, кәсіби қылмыскерлер үшін онда «қылмыстық кәсіподақтар» кейпі, ал, елдегі саяси процестерге ықпал ете бастаса – партия кейпі бар.

Қазақстанда қазіргі кезде бірнеше қылмыстық қауымдастық бар, олар бірімен бірі қиянкесті соғыс жүргізуде (өртеп, өлтіріп кетеді, көпе-көрінеу атысады және т.б.), немесе өзара мәмілеге келеді.

«Қылмыстық қауымдастық» термині қылмыстық құқықта басқа мәнде қолданылады. Жаңа ҚК-де қылмыстық қауымдастыққа мүшелері бірлесіп қылмыс жасайтын ұйымдасқан қылмыстық топтың бір түрі деп түсініктеме берілген: «Қылмысты қылмыстық қауымдастық жасаған деп танылады, егер оны ауыр және аса ауыр қылмыстарды жасау үшін құрылған ұйымдасқан топ (ұйым) жасаған болса». Бұл – қылмыстық заңның криминалдық шындықты дәл көрсете алмауының мысалы. «Ұйымдасқан қылмыспен күрес туралы» федералдық заңның жобасында мынадай анықтама берілген: «Қылмыстық қауымдастық – ұйымдастырушылардың, немесе басшылардың, немесе қылмыстық ұйымдардың басқа мүшелерінің, немесе ұйымдасқан топтардың, немесе бандалардың, немесе тиісті құрамалардың, немесе адамдардың қылмыстық әрекетін үйлестіру, қолдау, дамыту жөніндегі шараларды бірлесіп дайындайтын не іске асыратын адамдардың немесе қылмыстық әрекетпен айналысатын адамдарға, ұйымдасқан топтарға, бандаларға, қылмыстық ұйымдарға қолайлы жағдай тудыратын, сондай-ақ көрсетілген мақсатта ауыр қылмыстар жасауды ұйымдастыратын адамдардың бірлестігі».

Қылмыстық қауымдастық қылмыстық ұйымға толықтай айналуы немесе оның кейбір сипаттарын иемденуі мүмкін.

*Ұйымдасқан қылмыскерлік – кең ауқымда қылмыстық әрекеті бар және ондай әрекет үшін қолайлы жағдай жасалған, осы құрамаларға, олардың әрекетіне және сыртқы өзара*

*әрекеттестіктеріне қызмет етуде басқарушылық және басқа функциялары бар өз құрылымдарын да, мемлекеттік құрылымдар мен азаматтық қоғамның институттарын да пайдаланатын ұйымдасқан қылмыстық қызметтің күрделі жүйесі.*

«Жүйе» ұғымы ұйымдасқан құрамалардың жай көптігін ғана білдірмейді, сонымен қатар олардың органикалық бүтіндігін, олардың арасындағы әр сипаттағы тұрақты өзара байланыстың, оның дамуы, қылмыстық табыстың заңдастырылуы және молаюы үшін негүрлым қолайлы жағдайдың бар екендігін де көрсетеді.

*Ұйымдасқан қылмыскерлік өзінің экономикасы, әлеуметтік және рухани саласы бар, өзінің басқару, қауіпсіздік, жас ұрпақты қалыптастыру жүйесі, юстициясы, өзінің ішкі және сыртқы саясаты бар балама қоғам.* Ол, шын мәнінде, мемлекет, азаматтық қоғамның билеуші институттары, дін ресми таныған және қолдаған жүйеде орын тепкен балама болғандықтан, іс жүзінде, жалпы адам қоғамы құрылымдарының бірі болып табылады, тиісінше, «ресми» қоғам дегенмен өзара әрекеттеседі. Олардың арасында нақты да қатаң шекара жоқ: ұйымдасқан қылмыскерлік өзінің заңдастырылған тұлғалары арқылы әр түрлі заңды қатынастар жасайды; өз қатарына тарту, өз қатарын толықтыру мақсатында халықтың әр түрлі әлеуметтік топтарының мұқтаждығымен және мүддесімен санасады; қылмыстық әрекеттің тұрақты және белсенді мүшелерімен кей кездері немесе бір-ақ рет қарым-қатынас жасайтындар да болады;

Мұндай жағдайларда әр түрлі жеке және заңды тұлғалар «көзжүмбайлық» жасайды, олар бір «сүйкімді» адамдарға қызмет көрсеттік деп ойлайды, бұл адамдардың қылмыстық құрылымдарда тұратындығын немесе оларға байланысты екендігін білмейді.

#### **§4. Қылмыскерлікті әлеуметтік құбылыс ретінде қарау**

Сонымен, қылмыскерлік – біршама дербес, тұтас, қоғамға едәуір қауіпті құбылыс. Ол қоғамның әр түрлі салаларына, әр түрлі қоғамдық қатынастарға тараған. Бұл тұрғыдан алғанда ол «әлеуметтік» сөзінің кең мағынасындағы *әлеуметтік құбылыс* (қоғам – социум).

Мынаны ұмытпау керек: қылмыскерлік – қоғам ағзасындағы жат дене емес, ол оның сипаттамаларының, ондағы бар қатынастардың өзінше өзгеруінің нәтижесі, тірі ағзадағы рак ісігі сияқты оның қайта пайда болуы.

Рақпен ауырған бауырды алып тастау – адамды өмірден айыру. Қылмыскерлік канша етек жайса да қоғам адамдардың өмірлік маңызы бар мүдделерін қамтамасыз етуге тиіс.

*Қылмыскерлік қоғамда болады, қоғам оны тудырады.* Бұл тезис клиникалық криминология өкілдерінің пікірін өзгерте алмайды. Егер адамның туа біткен немесе бойына кейін біткен қасиеті оның іс-қимылын қылмыстық деп кесіп көрсетсе, ол есі дұрыс деп танылмайды. Қылмыс дегеніміз – белгілі бір жасқа жеткен, өз әрекетінің мәнін ұғынатын және оған басшылық ете алатын есі дұрыс субъектінің айыпты іс-әрекеті.

Қылмыскерлік – жай әлеуметтік қана емес, әлеуметтік-психологиялық құбылыс, себебі ол адамдардан және олардың іс-қимылынан, әрекетінен тысқарыда болмайды. Ол адамдардың жалпы қоғамға қауіпті іс-қимылын көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар қылмыстық-құқықтық тыйымды бұзу лажсыздық емес, ал ситуация шешімнің басқа варианттарына жол беретін жағдайлардағы айыпты іс-қимылды да көрсетеді.

Қылмыскерліктің әлеуметтік мәні қандай? Мұндай сұраққа Ф.Энгельс өзінің «Жұмысшы табының Англиядағы жағдайы» деген кітабында жауап берген. Ол әр түрлі қылмыстардың объективтік ұқсастығын бөліп алған, сонан соң қылмыскерліктің теориялық ұғымын қалыптастырған: «Мұнда ұрлық жайында, полицияға шабуыл жайында, ата-анасы тастап кеткен некесіз балаға алимент төлеуге әкесін мәжбүрлеу жайында, күйеуін әйелінің уландырғаны жайында жариялайды. Осы тектес оқиғаларды ағылшынның барлық газеттері хабарлайды. Англияда әлеуметтік соғыс жаппай жүріп жатыр. Әркім өзі үшін және өзі үшін басқалардың бәрімен күресуде, ал басқаларға зиян келтіру керек пе, оны ол тек менмендік тұрғыдан шешеді: қай жағы өзіне тиімді. Бір сөзбен айтқанда, әркім басқаның бәрін жау көреді, жолында тұрғанды қағып кеткісі келеді, немесе өз мақсаттарында пайдаланады».

Сонымен, әрбір қылмыстың объективтік ұқсастығы – не пайдалы деген менмендік есеппен әркімнің қалған басқаларға қарсы күресі. Мұндай көріністердің көптігі туралы мәліметтер

негізінде Ф.Энгельс «әлеуметтік соғыс» жайында сөз етеді. Ал, «әлеуметтік соғыстың» бұл түрін ол бөліп алады, оны «тәртіпті сыйламаудың ең соңғы көрінісі» деп атай отырып, оның негізінде таза менмендік есеп жатқандығын көрсетеді.

Бірінші нышан (тәртіпті сыйламаудың ең соңғы көрінісі) қылмыскерлікті теріс ауытқушы іс-қимылдың өзге формаларынан, екіншісі (таза менменшіл есеп) – қылмыскерлікті, идеясы халықтың әлеуметтік өмір жағдайын жақсарту болып табылатын революциялық күрестен бөлектейді.

Тәртіпті бұлай жаппай өте сыйламау, қоғамда таза менмендік өсіп-өну және еш нәрсенің алдында тоқтамайтын сипатпен қалыптасады. Ал, бұл процестің қоғамда қалай жүретіндігі, ол – қылмыскерліктің себептері туралы мәселеге жатады.

Сонымен, қылмыскерлік қоғамның жемісі болып табылады, ол оның әр түрлі салаларына және қоғамдық қатынастарға тарайды. Сонымен қатар онда біршама дербес, бүтіндей құбылыс ретінде дамудың өзіне тән ерекше сипаттамалары мен заңдылықтары бар. Оның сипаттамалары, біріншіден – қоғамда болып жатқан өзгерістермен бірге өзгермейді, екіншіден – оларды сол қалпы қайталамайды. Қылмыскерліктің жаңа сипаттамалары, әрқашанда, оның қоғаммен өзара әрекеттестігінің нәтижесі.

Қылмыскерлікке сипаттамалардың екі тобы тән:

1. «сыртқы» сипаттамалар, олар қылмыскерліктің қоғамда қалай әрекет ететінін, оның қандай да бір құрылымдарына таралатындығын: жалпы таралуын, сылтауын, әлеуметтік бағыттылығын, қоғамға қауіптілігін, әлеуметтік-аумақтық, әлеуметтік-топтық, әлеуметтік-салалық көп таралғандығын көрсететін;

2. «ішкі» : ұйымшылдығын, белсенділігін, тұрақтылығын көрсететін сипаттамалар.

## 5-тарау. Қылмыскерлікті зерделеу

§1. Қылмыскерлікті зерделеудегі мақсат.

§2. Қылмыскерлікті зерделеудегі тану және бағалау.

§3. Қылмыскерлік туралы ақпарат көздері және оның көрсеткіштері.

§4. Қылмыскерлік коэффициенттері және оның құрылымы.

§5. Қылмыскерлікті қозғалыста зерделеу.

§6. Қылмыскерлікті әлеуметтік контексте зерделеу.

§7. Қылмыскерліктің «сыртқы» және «ішкі» сипаттамаларын зерделеу.

§8. Қылмыскерліктің латенттігін зерделеу.

### §1. Қылмыскерлікті зерделеудегі мақсат

Қылмыскерлікті криминологиялық зерделегенде мыналар айқындалады:

қылмыскерліктің жағдайы мен үрдісін бағалау, онымен күрестің бағытын анықтау мақсатында оның орын мен уақыттың нақты жағдайларында жалпы таралуы және қоғамға қауіптілігі;

нақты алдын алу шараларын дайындау мақсатында қылмыскерліктің туындауы мен орын алып тұруының ерекшелігін көрсететін әлеуметтік сипаттамалар (сылтау, әлеуметтік бағыттылық, әлеуметтік-топтық, әлеуметтік-сапалық, әлеуметтік-аумақтық көп таралғандығы);

құқық қорғау қызметін жетілдіру, қылмыстар рецидивінің және ұйымдасқан қылмыстың асқынуының алдын алу мақсатында қылмыскерліктің өзіндік, ішкі сипаттамалары (тұрақтылық, белсенділік, ұйымшылдық).

Статистикада қылмыскерлік түгелдей, тіптен қылмыстардың барлығы бірдей көрсетіле бермейді. Оның жасырын, жабық, яғни латенттік бөлігі болады. Латынша *tatens* (*latentis*) – жасырын, сырттай көрінбейді дегенді білдіреді. Қылмыскерліктің латентті бөлігі немесе «латенттік қылмыскерлік» деп қылмыстардың статистикада көрсетілмеген бөлігін айтады.

Зерделеудің басты міндеттерінің бірі – «статистикалық қылмыскерлікті» емес, іс жүзіндегі нақты қылмыскерлікті айқындау.

Қылмыскерлікті талдау оның нақты сапалық және сандық сипаттамаларын айқындауға бағындырылуы тиіс. Бұл әдістер көшенін қолдануды керек етеді. Талдау барысында қылмыскерлік пен оның өзгеруінің криминологияда айқындалып қойған және әдебиетте баяндалған заңдылықтары ескеріледі. Бұл қылмыскерліктің нақты жағдайлардағы ерекшеліктерін дәлірек бағалауға, оның әр түрлі құрылымдық элементтерінің жаңа үрдістері мен өзіндік ара қатынастарын уақтылы айқындауға мүмкіндік береді.

## §2. Қылмыскерлікті зерделеудегі тану және бағалау

Қылмыскерлікті зерделеу - талдау, тану мен бағалаудың біртұтас екендігін көрсетеді. *Тану* процесінде зерттеуші қылмыскерлік туралы нақты мәліметтер алады, оны «суретке түсіреді» десе де болады. Әрине, әңгіме көрсеткіштер жүйесінде көрініс тапқан ерекше фотография жайында (қылмыстар саны, айқындалған қылмыстар саны және т.б.).

Қылмыскерлікті *бағалау* дегеніміз жаңа деректерді бұрынғы біліммен, түсінікпен, болжаммен салыстыру. Мысалы, тіркелген қылмыскерліктің азаюын оның латенттігі көтерілген жоқ па деген тұрғыдан бағалау керек. Қылмыскерлікті талдау мақсаты мен тиісінше бағалау мақсаты елеулі болып табылады. Бағалау негізінде бұрынғы түсініктердің дұрыстығы жайында тұжырым жасалынады, қылмыскерлікпен күрес жөніндегі іс-шаралар жоспарына түзетулер енгізіледі.

Егер әңгіме қылмыскерліктің алдын алудың тиімділігін көтеру туралы болса, онда оның әлеуметтік ортада қылмыскерліктің туындау ерекшеліктерін көрсететін сипаттамалары бірінші кезекте талданады. Сонымен қатар, қылмыстық әрекеттің көбірек таралған әдістері туралы мәліметтер қылмыстарды ашу жөніндегі қызметті жетілдіру процесінде ерекше маңызға ие болады.

Жалпы тану мен бағалауды абстракцияда ғана ажыратуға болады. Қылмыскерлікке бағаны оның «фотографиясын» алдын ала алмай, яғни танымай беруге болмайды, ал мақсатсыз, ешқандай болжам болмай оны тану іс жүзінде мүмкін емес. Қылмыскерлік оның салдарымен бірге талданады. Оның ішінде мыналар назарға алынады:

қылмыстың құрбандарының саны;  
айырылып қалған пайданы қосқандағы материалдық залалдың мөлшері;

әр түрлі әлеуметтік топтарға қылмыстың таралуы (олардың ішіндегі қылмыс жасаушы және жасаған адамдардың үлестік салмағы);

халықтың белгілі бір бөлігінің «әлеуметтік қараусыз қалуы» (әр түрлі көріністегі нашақорлықтың, жезөкшеліктің, қадағалаусыздықтың, панасыздықтың, оның ішінде қылмыскер отбасынан шыққан балалардың, сондай-ақ өзгедей келеңсіз әлеуметтік ауытқулардың кең таралуы; олармен қылмыскерлік өзара байланысты);

өмір тірлігінің әр түрлі салаларына қылмыстың таралуы (мысалы, реформа кезеңінде Қазақстанда капиталдың 55%-ы экономикада және дауыс беретін акциялардың 80%-ы қылмыстық кланның қолына өткен. Бизнесмендердің өздерінің мәліметтері бойынша кәсіпкерлердің 30%-дан 50%-ға дейіні тікелей қылмыстық құрамаларға жұмыс істейді екен).

мемлекеттік құрылымдарға және азаматтық қоғамның институттарына, құқыққа криминалдық ықпалдың дәрежесі, оларды қылмыстық әрекет мүддесіне пайдалану (мысалы, Ростов облысының көптеген қылмыстық топтары құқық қорғау органдарының әртүрлі рангадағы қызметкерлерінің панасында әрекет еткен; қылмыстық орта жетекшілерінің биліктің жоғарғы эшелонына ену әрекеттері де табыссыз болмайды).

қоғамның өркениетті, құқықпен қорғалатын құндылық-нормативтік жүйесін шайқалту, қылмыстық идеология мен психологияны тарату;

қылмыскерлікке қарсы тұруда халықтың белсенділігін төмендету және оған жеке, заңды тұлғалардың белгілі бір мөлшерінің «бейімделуі».

Әдебиетте істің жайын бағалаудың әмбебап критерийі ретінде өзінше бір ортақ сандық көрсеткіш енгізуге нешеқайтара әрекет жасалынды. Авторлар бұл әр түрлі аймақтардағы және әр кезеңдердегі қылмыскерлікті салыстырып бағалағанда өте қажет болады деп санайды.

Бірақ, қылмыстық жағдайы едәуір дұрыстау аймақтарда да қылмыскерлікпен күресті ары қарай жетілдіру керек екенін, ал қылмыскерлік – күрделі, көпқырлы құбылыс екендігін ескерсек,



ға жайындағы мәліметтерді «орташалау» қажет емес, қылмыскерліктің сандық және сапалық ерекшеліктеріне назар аудару керек.

Зерттеулер көрсеткендей, мысалы, бірқатар аймақтардағы тіркелген қылмыстар санының біршама дұрыстау жалпы көрсеткіштерінің тасасында өте жоғары экономикалық қылмыстар көрінбей қалған. Ал, басқа аймақтармен салыстырғанда маскүнемдікпен байланысты қылмыскерлік төмен болған. Соның есебінен бұл аймақта, басқалармен салыстырғанда, жалпы жағдай дұрыстау болып көрінген.

*Қылмыскерлікті талдаудың ақтық мақсаты* – оның негізгі бағыттарын бөліп алу, қандай да бір акциялардың мақсаттарын нақ көрсету, оларды қамтамасыз етудің бағдаламаларын жасау, алдын алу және құқық қорғау қызметін жетілдіру негізінде *онымен күресті жандандыру болып табылады*. Тиісінше, қылмыскерлікті зерделеуде де көп аспектілі сипат бар.

Қылмыскерлікті бағалау мен құқық қорғау органдарының қылмыскерлікпен күресін бағалауды теңдестіруге болмайды. Қылмыскерліктің жайы мен өзгеруін құқық қорғау органдарына байланысты емес жалпы әлеуметтік жағдайлар анықтайды.

Сондықтан да, қылмыскерліктің өсуін онымен күресетін құқық қорғау органдары қызметінің нашарлағандығы деп бірден кесіп айтуға болмайды. Тиісінше, қылмыскерліктің азаюы тек қана құқық қорғау органдарының жеңісі емес.

Криминалдық ситуацияның өзгеру себептерін әрқашан да терең талдап тұру керек. Сонымен қатар, қылмыскерліктің сипаттамасын прокуратура органдарының, соттың, ішкі істер және басқа құқық қорғау органдарының жұмысына талдау жасағанда есепке алу керек. Осы органдардың жұмысы қылмыскерлікке қалайда әсер етеді. Мысалы, ашылмаған қылмыс деген не? Бұл – қылмыскердің бостандықта жүруі және де, көбіне, жаңа қылмыстарды жасауы.

Қылмыскерлікті зерделегенде неғұрлым кең таралған сипаттамаларды ғана, әр түрлі аймақтардағы және әр түрлі әлеуметтік топ өкілдерінің қылмыскерлігіндегі ұқсастықты ғана тауып қоймау керек, айырмашылық пен ерекшеліктерді де ескеру керек.

*Сонымен қатар жеке дара қайталанбайтындыққа да назар аударып, оның қалай пайда болғанын айқындау қажет.*

Қайталанбайтын мән-жайдың кездейсоқ ағымының кездейсоқ нәтижесі болуы мүмкін, онда, қылмыскерлікке жаппай құбылыс ретінде талдау жасағанда, оған көңіл аудармаса да болады. Бірақ, басқадай да болуы мүмкін: бұл қайталанбайтын және кездейсоқ қандай да бір жаңа туындап келе жатқан үрдіс болуы мүмкін.

Егер зерттеу кезеңінде аймақта сылтауы, қастандық жасаған объектісі, қылмыстық әрекеттің тәсілі бойынша әдеттегідей емес бір қылмыс жасалғанның өзінде оны мұқият талдау керек. Бұл қылмыскерлікте бой көтерген жаңа құбылысты дер кезінде байқап, оған тосқауыл қою шараларын қабылдауға мүмкіндік береді.

Олай болмаған жағдайда бұл өзгерістер біртіндеп айқын көрініс таба бастайды, оған қарсы тұру қиынға түседі. 70-80-жылдар аралығында криминологтар нақты зерттеулер жүргізіп, елде ұйымдасқан қылмыстың етек алып келе жатқандығы жайында ескертті. Олар жоғары ұйымдасқан қылмыстық құраманы және криминалдық жаңа мамандықты – мемлекеттік құрылымдар пайдаланылған кең ауқымды ұйымдасқан қылмыстық әрекетті байқады. Бірақ бұған кейбір мемлекеттік қызметкерлер мән бермеді, ал кейбіреулері «қорыққанға қос көрінеді» деді. Ешқандай алдын алу шаралары алынбады. Содан барып елде ұйымдасқан қылмыс лаулап өсе бастады, криминологтардың дәлелі дұрысқа шықты.

Қылмыскерлікті талдауда перспективалық сипат болуға тиіс. Басқаша айтқанда, қылмыскерліктің өткен шағын көрсетумен қатар оның алдағы жағдайы да болжамдануы керек. Ол болжам қылмыскерлікпен күреске бағдарлама жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен, талдау жұмысының мақсатты бағыттылығын қамтамасыз етудің, сол мақсатты дұрыс анықтаудың, бір емес бірнеше болжамдар жасаудың, бұл талдамаға белгілі бір бағдарламалық сипат берудің және жаңа, кейде тосын, бағдарланбайтын мәліметтер алуға дайын тұрудың, оларды мұқият бағалаудың маңызы зор.

### **§3. Қылмыскерлік туралы ақпарат көздері және оның көрсеткіштері**

Қылмыскерлік туралы ақпарат көздері:

а) статистикалық есептер:

ІІМ-нің, прокуратураның, басқа да құқық қорғау органдарының, оның ішінде: тіркелген қылмыстар туралы; қылмыс жасаған адамдар туралы, ҚК-нің барлық баптары тұрғысынан алғанда тіркелген қылмыстар мен айқындалған қылмыскерлер туралы деректер бар ІІМ-нің №1г формасы, ІІМ-нің № 1а, № 3, №5 формалары, сондай-ақ басқа формалар;

- соттар мен әділет органдарының, оның ішінде: соттардың жұмыстары туралы есеп; қылмыстық жауапқа тартылғандардың саны және қылмыстық-жазалау шаралары туралы есеп; сотталғандардың құрамы, қылмыс жасау орны туралы есеп; көмелетке толмаған жаста қылмыс жасағандар туралы есеп, бюджет болған жағдайда – сот статистикасының басқа да формалары;

б) бастапқы есепке алудың статистикалық карточкалары;

в) әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-демографиялық және басқа статистика көрсеткіштері. Мысалы, қылмыскерліктің коэффициентін шығару үшін халықтың, оның ішінде әр түрлі жастағылардың саны туралы деректер керек болады;

г) өзге құқық бұзушылықтар, маскүнемдік, нашақорлық және т.б. туралы мәліметтер. Олар Мемлекеттік статистиканың да, ведомстволық статистиканың да материалдарында болады.

д) қылмыстық істерді, қылмыстар туралы материалдар мен арыздарды жинақтап қорыту материалдары;

е) қылмыскерлікке және онымен күреске байланысты қоғамдық психологияны, құқықтық сананы, қоғамдық пікірді зерделеудің нәтижелері;

ж) сотталғандармен, бақылау тобындағы адамдармен, халықтың әр түрлі әлеуметтік тобының өкілдерімен жүргізілген сұхбатнаманың нәтижелері;

з) криминологтардың байқауларының нәтижелері;

и) егер жүргізілген болса – сараптама нәтижелері.

Қылмыскерлікке есеп жүргізу оның нақты көріністерін: жасалған қылмыс фактілерін; сол қылмыстарды жасаған адамдарды; қылмыстардың құрбандарын және қылмыстардан келген материалдық залалдың сомасын; ұйымдасқан қылмыстық құрамаларды тіркеуге негізделеді. Бірақ қазіргі статистика бұл мәліметтерді толық көрсетпейді.

Криминологияның міндеттерінің бірі – есеп жүргізуді жетілдіру жөнінде ұсыныс беру. Криминологтар қылмыстардың

барлық түрі бойынша біртұтас мәліметтер банкін құру туралы мәселе көтерді. Олар алғашқы есеп карточкалары негізінде құрылуы тиіс. Қазір бұл карточкалардағы мәліметтер аймақтарда ғана өңделеді, республика көлемінде мәліметтердің біртұтас банкі жоқ. Субъектілер орталыққа өздері толтырған статистикалық формаларды жібереді. Мұндай формаларды толтыру кезеңінде, аймақ басқалардан нашар көрінбесін деген оймен, ақпараттар толық қамтылмай қалуы мүмкін.

#### §4. Қылмыскерліктің коэффициенттері және оның құрылымы

Қылмыскерлікті зерделеген кезде абсолюттік мәліметтермен қатар салыстырмалы мәліметтер: коэффициенттер, үлестік салмақ немесе үлестер де пайдаланылады.

Қылмыскерліктің таралу себебіне талдама жасағанда:

а) қылмыскерлік *деңгейі* (тіркелген қылмыстар мен айқындалған қылмыскерлердің абсолюттік саны); б) оның қылмыстылық коэффициентімен көрсетілген *қарқындылығы* анықталады.

Коэффициенттер қылмыскерлік туралы мәліметтерді халық жайындағы мәліметтермен салыстыру жолымен шығарылады.

Егер тіркелген қылмыстар саны туралы мәліметтер салыстырылса коэффициент Кф деп (факторлар бойынша коэффициент), айқындалған қылмыскерлер санына қатысты коэффициент Ка деп ( адамдар бойынша коэффициент), сотталғандар саны бойынша көрсеткіште Кс деп (сотталғандар бойынша коэффициент) белгіленеді.

Әр түрлі мемлекеттерде, мемлекеттің әр түрлі аймақтарында, сондай-ақ әр түрлі уақыттық кезеңдерде, әр түрлі әлеуметтік топтардың өкілдерінде қылмыстылық осы коэффициенттер бойынша салыстырылады.

Қылмыскерлік коэффициентін есептеу формуласы:

$$K_f = \frac{\text{Қылмыстар фактісінің саны} \times 100\,000}{\text{халықтың саны}}$$

Бұл жерде есеп 100 000 адамға жасалынған, бірақ 10 000 адамға да, қажет болған жағдайда 1000 адамға да жасауға болады.

*Қылмыскерлік коэффициенті не барлық халыққа, не қылмыстық жауаптылық жасындағы халыққа есептелуі мүмкін.* Егер есеп

барлық халыққа жасалса, онда коэффициент халықтың қылмыскерліктен шеккен іс жүзіндегі жәбірін ғана көрсетеді (100 мың адамға қанша тіркелген қылмыстан келеді).

Ал, жас сәбилер де жәбірленуші болуы мүмкін. 14 жастағы және одан үлкен адамдарға жасалған коэффициент қылмыстық жауаптылық жасындағы халықтың криминалдық белсенділігін – оның қылмыстық іс-қимылға қаншалықты ықпал ететіндігін көрсетеді. Барлық халыққа есептелген коэффициент дәл емес деп саналады.

Қылмыскерліктің жекелеген түрлерін немесе жекелеген қылмыстарды зерделегенде олардың жалпы қылмыскерліктегі үлестік салмағы немесе үлесі есептен шығарылады. Жекелеген қылмыстар санының үлестік салмағы тиісті түрдегі қылмыстардың жалпы санынан да шығарылуы мүмкін. Мысалы, қисақана адам өлтірудің адамның өмірі мен денсаулығына қарсы қылмыстардың да жалпы санындағы үлестік салмағы.

*Үлестік салмақты жалпы сомаға не барлық тіркелген қылмыстарға, не белгілі бір түрдегі қылмыстарға қатысты пайыз арқылы көрсетеді.*

Қылмыскерліктің құрылымы жайында сөз болғанда қылмыскерліктің әр түрлі көріністерінің үлестік салмақтарының ара қатынастары алынады. Қылмыскерліктің бұл түрлері зерттеушінің бастапқы позициясына және талдаудың міндеттеріне байланысты әр түрлі негіздер бойынша ( айыптың формалары, қылмыс субъектілерінің сипаттамалары және т.б.) бөлініп алынады. Қылмыскерліктің құрылымы кестеде немесе диаграммада көрініс табады.

## **§5. Қылмыскерлікті қозғалыста зерделеу**

Қылмыскерлік қозғалыста зерделенеді. Талдамалардың мынадай түрлері болады:

а) ағымдағы – қылмыскерлік туралы бір жылдық мәліметтерді алдыңғы жылдардағы мәліметтермен салыстыру;

б) жүйелі түрде – қылмыскерлік жылдарға жіктеліп талданады, бұл ретте белгілі бір кезеңдер (бес жылдық, он жылдық) немесе қоғам дамуының белгілі бір кезеңдеріне – қайта құруға, реформаға және т.б. сәйкес келетін кезеңдер бөлініп алынады;

в) егер ондай қажеттілік болса – қылмыскерліктің маусымдық тұрақсыздығы. Ол, мысалы, курорттық орындарда, туристік орталықтарда керек болады.

*Қылмыскерлік қозғалыста зерделенгенде өсу қарқыны есептеп шығарылады.* Бұл – қылмыскерлік азайған жағдайда да қолданылатын жалпы термин. Егер, мысалы, қылмыстар саны 10%-ға азайса, пайызды көрсеткен цифр алдына минус (-) таңбасын қояды.

Өсу қарқыны пайызбен беріледі, ол тіркелген қылмыстар санының немесе басқаның базалықпен салыстырғанда қанша пайызға өскендігін немесе азайғандығын көрсетеді.

Мынадай амалдар пайдаланылады:

а) *динамиканың (қозғалыстың) базистік көрсеткіштерін* пайдалану, мұнда бірнеше жыл бойы көрсеткіштер тұрақты базиспен – талдаудың алғашқы кезеңіндегі көрсеткіштермен - талданып отырған кезеңнің алғашқы жылымен салыстырылады.

Бұл жағдайда: «...жылғы өсу, %» деп көрсетіледі;

б) *динамиканың тізбекті көрсеткіштерін* пайдалану, мұнда әрбір жылдың көрсеткіштері алдыңғы жылмен салыстырылады. Бұл жағдайда «Өткен жылға қарағанда өсу... %» деп көрсетіледі.

Қылмыскерліктің әр түрлі көрсеткіштерінің өзгеруі талданады. Бұл кестеден көріп отырғанымыздай, 1986-1996 жылдары тіркелген қылмыстар саны екі есеге көбейген, қылмыс нәтижесінде қаза тапқан адамдар саны 2,4 есе ұлғайған, айқындалған қылмыскерлер саны 43% –ға, сотталғандар саны тек 39%-ға көбейген. Бұдан мынадай қорытынды жасауға болады: мемлекеттің қылмыскерлікке қарсы қолданып отырған іс-шараларының тиімділігі төмен. Бұл болжам қосымша тексеруді қажет етеді.

1997 жылы тіркелген барлық қылмыстар туралы абсолюттік мәліметтер өткен жылдардағы мәліметтермен салыстыруға келмейді, себебі Қазақстанда жаңа Қылмыстық Кодекс күшіне енді және тікелей қарама-қарсы процестер болды: іс-әрекеттердің едәуір саны қылмысқа жатқызылды және қылмыстар қатарынан алынып тасталды.

Келтіріліп отырған кесте – талдама басталып отырған бірінші кесте.

1-кесте

Жылдар	Тіркелген қылмыстар саны	Жылдар	Тіркелген қылмыстар саны
1990	148053	1997	165401
1991	173858	1998	142100
1992	200873	1999	139431
1993	206006	2000	150790
1994	201796	2001	152168
1995	183913	2002	135151
1996	183977	2003	118485

2-кесте

**Пайдақорлық-зорлық қылмыстарының құрылымы және құрылымының соңғы 14 жылдағы өзгерісі**

Жылдар	Бандитизм		Қарақшылық		Тоңау		Қорқытып алушылық		Барлық пайдақорлық зорлық қылмыстар
	саны	үлесі, проц.	саны	үлесі, проц.	саны	үлесі, проц.	саны	үлесі, проц.	
1990	1	0	1321	13,2	8343	83,7	295	2,9	9960
1991	1	0	1422	12,2	9828	84,6	365	3,1	11616
1992	2	0	2304	14,8	13238	85,4	340	2,1	15884
1993	6	0	2335	13,6	13872	80,9	919	5,3	17132
1994	2	0	2146	13,9	11919	77,6	1289	8,3	15356
1995	16	0,1	2087	16,2	9486	73,7	1274	9,9	12863
1996	23	0,1	2509	19,7	8912	70,2	1249	9,8	12693
1997	53	0,4	2910	22,8	8909	69,8	880	6,9	12752
1998	28	0,2	2952	22,2	9467	71,2	838	6,3	13285
1999	58	0,4	2687	20,1	9269	69,3	1344	10	13358
2000	54	0,4	2478	19,4	8875	69,4	1365	10,6	12772
2001	32	0,2	2670	20,7	9039	70	1154	8,9	12895
2002	17	0,1	2471	20,8	8267	69,7	1101	9,2	11856
2003	17	0,1	2279	21,05	7449	68,83	1077	9,95	10822
Барлығы	<b>310</b>	<b>0,16</b>	<b>32571</b>	<b>17,7</b>	<b>136873</b>	<b>74,77</b>	<b>13490</b>	<b>7,33</b>	<b>183244</b>

**Ресейдегі қылмыскерліктің 1986-1996 жылдарғы негізгі көрсеткіштері (статистика мәліметтері бойынша)**

Жылдар	Тіркелген қылмыстар саны	Қылмыс жасаған адамдардың айқындалған саны	Сотталғандар саны	Қылмыс нәтижесінде қаза болған адамдар саны
1986	1 338 424	1 128 439	797 286	27 482
1991	2 173 074	956 258	593 823	44 365
1992	2 760 652	1 148 962	661 392	213 590
1993	2 799 614	1 262 556	792 410	75 365
1994	2 632 708	1 441 568	924 574	75 034
1995	2 755 669	1 598 501	1 035 000	75 510
1996	2 625 081	1 618 394	1 111 097	65 368
1997	2 397 311	1 372 161	1 013 431	62 598

**§6. Қылмыскерлікті әлеуметтік контексте зерделеу**

Қылмыскерлікті көп қилы әлеуметтік құбылыстардың ішінен тек белгілі бір шекте, криминологиялық зерттеудің әдістемелік амалдарының бірі ретінде бөліп алуға болады. Ол маңызды, бірақ шектеулі білім береді.

Қылмыскерлікті зерделеудің басқа аспектісі – аймақтың эконномикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени сипаттамалары координаттарындағы талдамасы, оның ішінде қылмыстық емес сипаттағы құқық бұзушылықпен және өзге келеңсіз әлеуметтік ауытқулармен байланысты.

Тиісінше, қылмыстық, сот статистикасының мәліметтері көптеген басқадай статистикалық және өзге деректермен, оның ішінде әлеуметтік бақылаудың, құқық қорғау органдары қызметінің жайы туралы мәліметтермен салыстырылады.

Криминалдық зерттеулерде аймақтың әлеуметтік сипаттамасы халық және қоныстардың типі туралы мәліметтерді талдау арқылы анықталады.

Халықты мынадай топтарға бөлуге болады:

а) *жынысы бойынша*, себебі адамдардың әр түрлі әлеуметтік функциялары және тиісінше олардың әлеуметтік жағдайлары мен іс-қимылдарының ерекшеліктері жынысқа байланысты (мысалы, әйелдер еркектерге қарағанда зорлық-



зомбылық қылмыстарына сирек барады, сондықтан да тұрғындары, негізінен, әйелдерден тұратын мекендерде зорлық көрсету қылмыстары аз болады);

б) *жасы бойынша* (14-15 жас, 16-17 жас, 18-24 жас, 30-49 жас, 50 жас және одан жоғары), себебі әр жасқа қылмыстық іс-қимылдың өз формалары тән (кәмелетке толмағандар, көбіне, ұрлық, тонау, қарақшылық, әйел зорлау, бұзақылық, яғни жалпы қылмыстық іс-әрекеттерді, ал 50 жастан асқандар, негізінен, экономикалық, лауазымдық қылмыстар жасайды);

в) *ұлты бойынша*. Орыс жазушысы Тендряковтың бейнелеп айтқанындай, «ұлт дегеніміз – іс-қимылдың стереотипі».

Шындығында, әрбір ұлтта және ұлыста өз салт-дәстүрлері болыды. Тиісті ұлттың адамдары қылмыс жасағанда, егер олар сол салт-дәстүрлер шеңберінде қалыптасқан болса, олардың қылықтарын жақындары аса қатты кінәламайды, орталарынан қуып шықпайды. Жастайынан қалыптасқан дағды, мақсат байқанып тұрады. Қылмыстық іс-қимылдың формалары, сонымен қатар, қандай да бір ұлттық ортада кең таралған, бірақ қылмыстық емес сипаттағы теріс құбылыстармен де байланысты. Маскүнемдік кең таралған жерде зорлық-зомбылық қылмыстары, ішімдік сатып алуға қажетті қаражатты табан асты табу үшін ситуациялық пайдакүнемдік қылмыстар жиі жасалады.

г) *діни наным бойынша*. Мұсылмандардың спирттік ішімдіктерді пайдаланбауында криминалдық тұрғыдан оң салдар бар. Ал, мұндай аймақтарда ішімдіктің кесірінен жасалған қылмыстар аз болады. Бірақ оларда қылмыстық зардабы айтарлықтай ауыр болып табылатын есірткі қолдану көп тараған. Соңғы кездері құқық қорғау органдарының назарын тоталитарлық секталар өзіне аударып жүр, оларда адамдардың құқықтары мен бостандығын бұзу фактілері жиі кездеседі.

д) *отбасының жағдайы бойынша* (некеде тұратын адамдар саны, отбасы саны, ажырасқандар және т.б.). Негізінен жастар тұратын қоныстарда кәмелетке толмағандарға, жастарға тән қылмыстар жиі жасалынады. Бұл баяндалғандармен кәмелетке толмағандардың саны да, оның ішінде толық емес отбасыларында тұратындар да, тек ата-анасының отбасында немесе үш буын үрпақ – ата-әже, ата-ана және балалар бар отбасында тұратындар саны да байланысты. Соңғыларында балалардың жүріс-тұрысына бақылау бар.

Қоныстар типтерін талдағанда мыналарды бөліп алуға болады: а) қала және ауылдық мекендер; б) халықтың санына қарай қалалар былайынша бөлінеді: қалалық типтегі елді-мекен (10 мыңға дейін), шағын (10-50 мың), орта (50-100 мың), ірі (100-500 мың), өте ірі (500 мың-1 млн), айрықша ірі (1 млн-нан аса) қалалар. Ауылдық елді-мекен, тиісінше – шағын, орта және үлкен болып бөлінеді; в) әкімшіліктік критерий бойынша (астана, облыс, аудан орталықтары және т.б.); г) уақыт және даму қарқыны бойынша (жаңа қала, тез дамушы ескі қала, біртіндеп дамушы қала), себебі онда, мысалы, көші-қон процестері, отбасыларының және басқаларының қалыптасуы әр түрлі қарқынмен дамиды; д) функционалдық нышандары бойынша (көпфункционалдық астана қалалар, Федерация субъектілерінің көпфункционалды орталықтары, өнеркәсіп, көлік орталықтары, сауықтыру, ғылыми-эксперименттік орталықтар, порт-қалалар, сондай-ақ кәсіпорындарының, ұйымдарының моно-, поли-құрылымдарымен сипатталатын және аралас типтегі қалалар). Кәсіпорындары мен ұйымдары моноқұрылымды мекендерде (шахтерлер, мұнайшылар т.б.) халықтың құрамы мен олардың тұрмыс жағдайы біртекті болады. Сондықтан ондағы қылмыс та біртекті. Ал, аралас типті мекендерде немесе ұйымдарының, кәсіпорындарының құрылымы көп тармақты қоныстарда қылмыстар өз формалары жағынан әр түрлі болады.

*Ауылды жерлердегі елді мекендер де функциялық нышандары бойынша бөлінеді.*

Ірі және айрықша ірі қалаларда білікті педагог-кадрлар, мәдени қызметкерлер және басқа мамандық адамдары шоғырланған, онымен қатар, ол жерлерде қоғамға жат, қылмыстық өмір салтын құрып жүрген адамдарды айқындау қиынға түседі, ақшаны көп керек ететін «әзәзіл» орындар да жеткілікті.

Аумақтың көлемінің де, халықтың тығыздығының да, оның қалай орналасқандығының да маңызы зор. Мысалы, егер халық негізінен шағын аумақта тұрып, ал кейбір елді мекендер шалғайда орналасса, оларға әлеуметтік бақылау жасау, қылмыстық факторларға уақтылы шара қолдану қиындық тудырады. Мұндай жерлерде бұзақылық әрекеттер, адам денсаулығына қарсы қылмыстар, көбіне, жасырын қалады. Сонымен қатар, тұрғындары бірін-бірі танытын елді мекендерде

тонау, қаракшылық деген болмайды, біреудің мүлкін ұрлау сирек кездеседі.

*Әлеуметтік-экономикалық сипаттама.* Қылмыскерлікті зерделегенде мынадай кезеңдерді алуға болады: а) меншік формалары мен ұйымдық-құқықтық формалары әр түрлі кәсіпорындар мен ұйымдардың ара-қатынасы; б) әр түрлі мамандандырылған кәсіпорындар мен ұйымдардың ара-қатынастары (өндіретін, өңдейтін және т.б. өнеркәсіптер, негізінен, тиісті мәліметтерді салыстыру үшін қылмыстық статистикада көрініс тапқан салалар бөлініп алынады); в) халықтың әлеуметтік-кәсіби құрамы (өнеркәсіптің, көліктің, мәдениеттің, ғылымның және т.б. қызметкерлері); г) халықтың мөлшері мен көздері ескерілген табысы бойынша және мөлшері мен сипаты ескерілген шығыны бойынша құрылымы (бала тәрбиесіне, мүгедектерге, кәсіпкерлікті инвестициялау, маскүнемдік және т.б.); баспанасыз адамдардың және тұрақты табысы жоқ адамдардың, оның ішінде жұмыссыз адамдардың болуы; д) аймақтың еңбек ресурстарын қалыптастырудағы және оларды пайдаланудағы ерекшеліктер: өздерінің адамдары, маусымдық мердігер бригадалар, «ары-бері теңселген» көші-қон, бұл жағдайларда қаланың кәсіпорындарында қала маңында немесе қалаға жақындау елді мекендерде тұратын адамдар істейді; өзге де көші-қон ағымдары (кімнің есебінен?); ашық және жасырын жұмыссыздық; е) адамдардың өздерінің өмір сүруі және өсіп-өнуі үшін ең қажет мұқтаждықтарын қамтамасыз ету; ж) халықтың табысына, жұмыс түріне, басқа сипаттамаларына сәйкес келетін өзге мұқтаждықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету.

Аймақта орналасқан кәсіпорындардың сипаты қылмыскерліктің сипатына әсер етеді.

Егер халықтың арасында баспанасыздардың, жұмыссыздардың және басқадай тұрақты табыс көзі жоқ адамдардың үлесі жоғары болса, онда меншікке қарсы қылмыстың да, оның өсуінің де мүмкіндігі жоғары.

*Әлеуметтік-саяси сипаттама:*

а) халықтың әр түрлі топтарының саяси мүдделерінде қатты айырмашылық бар ма, ол қалай шешімін табады (аса байлар мен кедей топтар арасындағы қайшылық жаппай тәртіпсіздік, мүлікті

қорқытып тартып алу, үй жайларын өртеу формасында болуы мүмкін);

б) аймақта қандай саяси партиялар мен қозғалыстар жұмыс істейді, олар бірімен-бірі қалай әрекеттеседі;

в) билікті құрылымдар әр түрлі саяси мүдделерді қанағаттандыруды қалай қамтамасыз етеді;

г) билікті құрылымдар қалай қалыптасады (азаматтардың сайлау құқығын қылмыстық бұзу бола ма және т.б.);

д) Федералдық органдардың, Федерация субъектілері органдарының және өзін-өзі басқару органдарының және т.б. қатынастары қалай тұрғызылған. Бұл мән-жайлар тек мемлекеттік қылмыстардың ғана емес, лаңкестік актілердің, басқалардың да жасалуын анықтайды. Қарулы қақтығыс болып ұлтаралық қатынас шиеленіскенде көптеген адам қаза табады, жарақаттанады, әйелдер қорланады, үйлер тоналады, басқа да қоғамға қауіпті көріністер орын алады. Мұндай жағдайларда қылмыскерліктің жасырындық сипаты жоғары болады, басқа дағдылы жағдайларға қарағанда, яғни қылмыс мұндай жаппай сипат алмаған кездегімен салыстырғанда қылмыстардың ең ауырлары ғана тіркеледі.

Егемендену процесінің, оның салдарларының да маңызы зор. Кейбір субъектілер егемендік алғаннан кейін қылмыскерлік туралы мәліметтер беруді тоқтатқан, ол жалпы жағдайды бағалауда едәуір қиындық тудырады.

*Әлеуметтік-мәдени сипаттама* бәрінен бұрын мынадай мәліметтерді қамтиды:

а) мәдениет және спорт мекемелерінің саны, құрылымы, олардың қызметінің сипаты және халықты қамыту дәрежесі туралы;

б) жалпы білім беруді және кәсіби дайындықты қамтамасыз ететін мекемелер туралы;

в) халықтың мұқтаждықтары мен мүдделерінің ерекшеліктері туралы;

г) салттары, дәстүрлері, мінез-құлықтың стереотиптері проблемалық және даулы жағдайларды шешудің қалыптасқан тәсілдері туралы («қанға қан» және т.б.).

Мәдениет, спорт мекемелерінің қызметі, мысалы, бос уақытты өткізудің сипатына әсер етеді, мұның көбіне жастар үшін маңызы зор, ол жастардың дем алу кезіндегі қылмыстық іс-

қимылына едәуір әсерін тигізеді (мысалы, казино, ойын-автоматтарына ақша табу мақсатында ұрлыққа бару, т.б.).

Қылмыстардың білім деңгейі қылмыстың сипатынан гөрі, оның формасын анықтайды. Жоғары білімді қылмыскерлер ашық формадағы қылмыстарға (ұрлау, тонау) сирек барады, олар көбіне экономикалық немесе лауазымдық қылмыстар жасауға немесе басқаларды бәсекелеске және т.б. қарсы жаншықылмыстық әрекетке арандатуға бейім болады.

*Әлеуметтік-құқықтық сипаттама* жоғарыда көрсетілген сипаттамалармен өзара тығыз байланыста, тіптен айқасып жатыр, бірақ криминолог үшін айрықша маңыздылығы ескеріліп оны өзінен бөлек қарағанды жөн көрдік.

Әңгіме мыналар жайында:

а) қылмыскерлікпен күресуге тиісті мемлекеттік органдардың, қоғамдық және басқа мемлекеттік емес органдардың саны мен құрылымы туралы (оның ішінде, жеке күзет және детективтік қызметтер, ведомстволық қауіпсіздік қызметі).

Мұндай құқық қорғау органдарының «өткізу қабілетінің» маңызы бар, олар заңда белгіленген тәртіпте қылмыскерлік туралы ақпараттың қандай көлемін «өңдей» алады. Мысалы, қылмыстық іздестірудің оперативтік қызметкерлерінің, тергеушілердің саны едәуір көбейсе тіркелген жалпы қылмыстардың саны да өседі. Қылмыстық статистика дегеніміз қылмыстар туралы арыздар мен хабарлардың статистикасы емес, оларды тексерудің және қылмыс фактісін растаудың нәтижесі, қылмыстық іс қозғау туралы қаулыда, не қылмыстық істі ақтамайтын негізде қозғау туралы қаулыда, не қылмыстық істі сол негіздерде қысқарту туралы қаулыда қылмыстық құрамның бар екендігін көрсететін статистика. Кейде, белгілі бір түрдегі тіркелген қылмыстардың бірдей цифрлары құқық қорғау органдарының тиісті қылмыстарды айқындаудағы, оларды шұдағы және алдын ала тергеу жүргізудегі бірдей мүмкіндіктерімен (жылдан жылға) байланысты;

б) қылмыскерлікпен күресті құқықтық реттеудің ерекшеліктері туралы, құқықтың тиісті нормаларын қолдану практикасы туралы.

*Қылмыскерліктің статистикалық көрінісіне қылмыстық заңнаманың өзгеруі едәуір әсер етеді және тіркелген қылмыстар*

санының өсуі кейбір іс-әрекеттерді қылмысқа жатқызудың, ал азаюы – қылмыс қатарынан шығарудың нәтижесі болуы мүмкін, бұл жағдайды анықтау керек.

*Сонымен қатар, заң нормаларын қолдану саясатына да назар аудару керек.* Мысалы, Қылмыстық кодекс толық көлемде қолданылып, бірақ, бұқаралық ақпарат құралдарында бірқатар экономикалық қылмыскерлерді, ірі алып-сатарларды қылмыстық жауапқа тарту төңірегінде айқай-шу болған кездер есімізде. Бірқатар журналшылар, публицистер, саясаткерлер оларды «алтын бастылар», елді «сақтап қалатын» талантты адамдар деп санады. Дегенмен, бұрын аталып өткендей, қылмыскерліктің әлеуметтік сипаттамаларының бір ерекшелігі – оның аса менмендік сипатта көрініс табуында. Бұл тұрғыдан алғанда жоғарыдағы пікірлерді не білместік, не белгілі бір мүддені қорғаушылық деп айтуға болады. Практика көрсеткендей, сол қылмыскерлердің ішінен «Отанды құтқарушылар» табылмады;

в) қылмыстық сипаты жоқ құқық бұзушылықтар туралы, сондай-ақ өзге де теріс әлеуметтік ауытқулар туралы. Мысалы, маскүнемдіктің етек алуы, ішімдік саудасы туралы заңнаманы бұзу - алкогольдік криминалдық бизнеспен байланысты болуы мүмкін, мұндай жағдай есірткіге де қатысты;

г) халықтың құқықтық мәдениетінің жайы мен қылмыскерлікке және онымен күреске қатысты қоғамдық пікір туралы, оның ішінде халықтың қылмыскерлікпен күреске көңіл аудару практикасы туралы.

Егер халықтың құқық қорғау органдарымен ынтымақтастықта болғысы келмесе, онда ол болып жатқан қылмыстық фактілер жайында, айрықша жағдайларда болмаса, айтпайды, қылмыстың жасырын қалу деңгейі жоғары болады. Қылмыстың сипатына жекелеген қылмыстар жайындағы қоғамдық пікірдің өзгеруі де, олармен күрестің нәтижелілігі де, қылмыскерлердің өш алуынан жәбірленушілер мен куәлердің қорғалу жағдайы да, басқа мән-жайлар да әсерін тигізеді.

## **§7. Қылмыскерліктің «сыртқы» және «ішкі» сипаттамаларын зерделеу**

Қылмыскерліктің «сыртқы» сипаттамасын зерделеу оның көп таралғандығын талдаудан басталады. Бұл ретте мына жағдайлар

анықталады: а) қылмыскерліктің деңгейі (тіркелген қылмыстар және қылмыс жасап анықталған адамдар туралы абсолюттік мәліметтер); б) қылмыскерліктің қарқындылығы (халықтың белгілі бір санына есептелген коэффициенттер).

Қылмыскерліктің *жалпы кең таралғандығы* бір жылда тіркелген қылмыстардың жалпы саны немесе айқындалған қылмыскерліктердің жалпы саны бойынша анықталады.

Қылмыскерліктің *сылтаулық сипаттамасы* әр түрлі сылтауларды бөліп алу және осы сылтаулар бойынша жасалып тіркелген қылмыстардың, тиісті адамдардың санын айқындау жолымен анықталады.

Қылмыскерлікке статистикалық талдама жасағанда қылмыскерліктің мына түрлерін бөліп алу кең таралған: а) қасақана, оның ішінде саяси, зорлық, пайдакүнемдік қылмыстар; б) абайсызда жасалған қылмыстар.

Саяси қылмыстар әдебиетте бұл мемлекеттің және биліктің конституциялық негіздеріне қастандық ойлаумен байланысты идеялық-саяси сылтау деп көрсетілген.

*Зорлық қылмыстарына* жасалған кезде зорлық мақсатқа жетудің жай құралы ғана емес, сылтаулатудың элементі болып табылатын қылмыстар жатқызылады. Мысалы, қарақшылықпен тонау пайдакүнемдік қылмыс деп танылады.

Пайдакүнемдік қылмыскерлікті криминологтар «жалпы қылмыстық» және «экономикалық» немесе шаруашылық-пайдакүнемдік деп жіктейді. Бұл олардың өзара айырмашылықтары бар екендігімен байланысты. «Методика анализа преступности» кітабында аталып өткендей, жалпықылмыстық пайдакүнемдік қылмыстарға бөтеннің мүлкін тікелей заңсыз иемдену үшін, яғни пайдакүнемдік сылтаулармен жасалатын, сол мүлік есебінен негізсіз баюды мақсат тұтқан іс-әрекеттер жатады, бұл ретте шаруашылық байланыстары, экономикалық қатынастар бұзылмайды, қызмет бабы пайдаланылмайды. Ал, экономикалық, немесе шаруашылық-пайдакүнемдік қылмыстар жасалғанда басқару, шаруашылық жүргізу, материалдық ресурстарды өндіру және бөлу принциптері бұзылады, қызмет бабы теріс пайдаланылады. «Экономикалық қылмыскерлікке» мынадай да анықтама беріледі: «экономикалық қылмыскерлікті өздерінің кәсіби қызметі процесінде, сол қызметпен байланысты және тұтынушылардың,

серіктестердің, бәсекелестердің және мемлекеттің меншігіне және басқа мүдделеріне, сондай-ақ шаруашылықтың әр түрлі салаларында экономиканы басқару тәртібіне қамтандық жасайтын адамдардың экономика саласында жасайтын пайдакүнемдік қылмыстарының жиынтығы ретінде қарау керек».

Қылмыстық істерді зерделеу процесінде сылтаулар жан-жақты жіктеледі.

*Қылмыскерліктің әлеуметтік бағыттылығы* қылмыстық қастандық жасау объектісі бойынша анықталады. Қылмыскерлікті бұл негіз бойынша жан-жақты топтастыру ҚК-де берілген. ҚР ҚК-сі қылмыстардың 18 түрін бөліп алады. Криминологиялық талдауда блоктарды ірілендіруге және қылмыскерліктің мына түрлерін бөліп алуға болады:

- 1) мемлекеттік;
- 2) адамға, оның құқығына, бостандығына, меншігіне қарсы;
- 3) қоғамдық мүдделерге қарсы;
- 4) әскери.

Қылмыстардың тіркелген фактілерін талдау бірінші кезекке қойылған. Ол арқылы нақты жағдайларда кімдердің мүддесі көбірек зардап шеккендігін, қандай объектілердің қорғалуын күшейту керек екендігін пайымдауға болады.

Қылмыскерліктің әлеуметтік бағыттылығын талдағанда алғашқы есеп карточкаларындағы, қылмыстық істердегі мәліметтер бойынша одан ары бөлшектеп топтастыруға болады.

*Қылмыскерліктің әлеуметтік-аумақтық кең таралғандығын* зерделеу, көбіне, аймақтарды әкімшілік белгілері бойынша бөлу арқылы жүзеге асырылады. Олардың ішінде – қалалардағы, аудандардағы және т.б. қылмыскерліктің сипаттамалары жүйелі түрде талданады. Бірақ, жоғарыда көрсетілген басқа критерийлерді де пайдалануға болады.

Қылмыстардың салыстыруға келетін массивін, яғни аймақтардың жағдайларына қарай олардың әрқайсысында жасалуы мүмкін қылмыстарды бөліп алу сияқты тәсілдердің де елеулі маңыздылығы бар. Кейде бұл салыстырмалы массивке неғұрлым «дәстүрлі» және кең таралған іс-әрекеттер де кіреді.

*Қылмыскерліктің әлеуметтік-топтық таралуы* қылмыскерлікке халықтың әр түрлі әлеуметтік топтары мен қабаттарының өкілдерін тартумен сипатталады, ол



қылмыскерлер және олардың қылмыстық іс-қимылдарының ерекшеліктері туралы мәліметтер талданғанда анықталады. Әдетте, қылмыскерліктің әлеуметтік-топтық таралуын талдағанда қылмыстардың салыстырмалы массивін бөліп алу тәсілі де пайдаланылады.

Қылмыскерліктің қоғамға қауіптілік дәрежесі әр түрлі жағдаймен зерделенеді. Ең қарапайымы – ауырлығы әр түрлі дәрежедегі тіркелген қылмыстардың ара-қатынасын айқындау: а) шамалы ауырлықтағы, б) орташа ауырлықтағы, в) ауыр, г) айрықша ауыр.

Егер айрықша ауыр және ауыр қылмыстардың үлестік салмағы артса, онда қылмыскерліктің қоғамға қауіптілігі артты деп болжам жасау керек. Ол одан кейін тексеріледі. Бұл ретте қандай қылмыстардың ауырға немесе басқаға жататындығы туралы заң нормаларының өзгеруіне байланысты әр түрлі ауырлықтағы қылмыстардың ара-қатынасында өзгерістердің болған-болмағандығы анықталады. Немесе басқа болжам тексеріледі: қылмыскерлік өскендіктен негізінен ауыр қылмыстар тексеріледі, ал басқалары тергеушілердің қолы тимегендіктен кейде тіркелмей қалады.

Әдістер кешенін пайдаланып кринологиялық зерттеулер жүргізгенде қылмыскерліктің қоғамға қауіптілігі бірқатар параметрлер, оның қылмыстық салдары бойынша бағаланады, ол жайында бұрындары айтылған.

*Қылмыскерліктің «ішкі» сипаттамаларына талдама жасалғанда оның тұрақтылығы, белсенділігі, ұйымшылдығы бөлініп алынады.*

Қылмыскерліктің тұрақтылығының неғұрлым айқын көрсеткіші болып қылмыстардың криминологиялық рецидиві саналады.

Бұл рецидивтің жай қайталаудан айырмашылығы сонда, жаңа қылмыс алғашқы ашылғаннан, кінәлі адам анықталғаннан және оған заңда көзделген шара қолданылғаннан кейін жасалынады.

Мәселе сонда – адамға құқықтық шаралар қолданылып қойған, ал қылмыстық іс-қимыл тағы да қайталанады. Тереңірек талдау жүргізсек ол қайталанған қылмыстың кездейсоқ және тек өте күрделі жағдайларда жасалғанын көреміз. Бірақ ондай фактілер жиі кездеспейді.

Қылмыскерліктің белсенділігі мынадан көрініс табады:

біріншіден, қылмыскерлер әшкереленгенге дейін бірнеше қылмыс жасап үлгереді. ІІМ-нің №2 статистикалық формасы соңғы кезге дейін бұл мән-жайды айқындауға мүмкіндік беріп келді. Қазір оны алғашқы есеп карточкалары, қылмыстық істер, сотталғандарға және оған жақын адамдарға сұрақ қою арқылы анықтау керек;

екіншіден, қылмыскерлер қылмыс жасау үшін қолайлы жағдайларды жай пайдаланып қана қоймайды, сонымен қатар кедергілерді оңай жеңеді, өзінің криминалдық іс-қимылдары жағдайды әдейі қолайлы етеді. Бұл ретте кәсіби криминалдық тәжірибе де, дағды да қолданылады.

*Қылмыскерліктің белсенділігі криминалдық кәсібилікпен тығыз байланысты.* А.И.Гуров оның мынадай жақтарын бөліп алады:

тұрақты айналысу, қылмыскерлерде сол қылмыстық әрекеттермен айналысу үшін қажетті белгілі бір білімдер мен дағдылардың болуы;

бұл адамдардың белгілі бір криминалдық мамандануы, негізінен біртекті қылмыстар жасауы;

қылмыстық әрекет бұл адамдар үшін – негізгі, кейде бірден-бір табыс көзі;

бейәлеуметтік ортамен байланыс<sup>18</sup>.

Криминалдық кәсібилік қылмыстарды бүркеу тәсілдерін игеруді қамтитындықтан, тиісті дағдыларды меңгерген қылмыскерлер әшкереленгенге дейін бірнеше қылмыстарды, көпэпизодты қылмыстарды жасап үлгереді. Мұндай қылмыстар көбіне ашылмайды, кәсіби қылмыскерлер рецидивистер қатарына ілінбейді.

Көрсетілген бұл белгілердің біразын статистикалық мәліметтерді талдағанда, ал толығырақ – алғашқы есеп карточкаларын, қылмыстық істерді және қылмыс туралы материалдарды талдағанда, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, сотталғандарды сұрау арқылы анықтауға болады.

*Ұйымдасқан қылмыскерлік* – ұйымдасқан қылмыстарда және ұйымдасқан қылмыстық құрамаларда көрініс табатын күрделі құбылыс. Ұйымдасқан қылмыскерлікті, бірінші кезекте, топтасқан қылмыстарды, бандитизм фактілерін айқындау

негізінде зерделейді. Бірақ әңгіме қылмыс жасаудың топтасқандық сипатында ғана емес, оның жоспарланатынында, алдын ала оған дайындықта және қасақана жасалуында. «Қылмыскерліктің ұйымдасқандығы» мен «ұйымдасқан қылмыскерлік» терминдерін ажырата білу керек. Қылмыскерліктің қаралып отырған сипаттамасы оны айқындау үшін зерттеудің әр түрлі әдістерін қолдануды, оның ішінде қылмыстық істерді, сотталғандардан, куәлерден, жәбірленушілерден, басқа адмдардан алған жауаптарды мұқият зерделеуді қажет етеді.

### §8. Қылмыскерліктің латенттігін зерделеу

Қылмыскерлікте өте жоғары латенттік бар. Тіптен, адам өлтіру болған кейбір жағдайларда ол адам өзін-өзі өлтірді деп көрсетіліп, қылмыстың ізі жойылып, мұқият бүркемеленеді. Егер қылмысты ұйымдасқан және кәсіби топ жасаса, онда латенттік деңгейі жоғары болады.

Криминологтар мынадай тұжырымға келіп отыр: қанша латентті болғанымен «жалпықылмыстық» қылмыстар статистикада толығырақ көрсетіледі. Ал, экономикалық қылмыскерлік 1-5% шамасында ғана көрсетіледі, одан оның қандай үрдісте екендігін анықтау мүмкін емес. Бірақ егер, мысалы, айрықша ірі мөлшерде ұрлаудың тіркелген саны, аса қауіпті контробанда фактілерінің саны артса – бұл мұндай фактілердің көп екендігін көрсетеді. Алтын түйіршігін қанша іздегенмен табылмайды, егер ол сол іздеген жерде жоқ болса.

Басқа қылмыстарға қарағанда ауыр қылмыс қалайда байқалады, себебі оның ізін жасыру қиын. Мысалы, жай дене жарақатын салумен салыстырғанда адам өлтіруде латенттік аз. Аса құнды заттың ұрланғаны ұсақ ұрлыққа қарағанда тез байқалады.

*Қылмыскерліктің латенттік бөлігі жасырын және жасырылған қылмыстарды қамтиды.*

Қылмыскерліктің жасырын бөлігі, жасалған бірақ ол жайында құқық қорғау органдары мен сот білмейтін қылмыстар мен олардың әр түрлі жиынтығынан құралады. Бұл әр түрлі себептерден болады: жәбірленуші қалтасынан ақшасын ұрлап кеткенін хабарламайды, бақылаушы органдар өздері ашқан заң

бұзушылыққа қатысты материалдарды полиция, прокуратура органдарына бермейді.

*Қылмыскерліктің жасырылған бөлігі құқық қорғау органдарына белгілі болған, бірақ қандай да бір себептермен қылмыскерлік туралы статистикаға кірмей қалған қылмыстар мен олардың жиынтығын қамтиды. Оған мұндай қылмыстар туралы арыздарды іс жүзінде қарамау да, іс-әрекетке қылмыс емес деп дұрыс баға бермеу де, іс жүргізу шешімін дұрыс жасамау, оның ішінде Қылмыстық іс жүргізу кодексінің бабына қате сілтеме жасау да, қылмыскерлікті алғашқы есепке алу карточкаларын ресімдеу де, статистика құрастырудағы қателіктер де, тіптен ЭЕМ-ның қателесуі де кіреді. Кейбір қылмыстарды есепке алу принциптеріндегі қателіктер де әсер етеді.*

*Тиісті қылмыскерліктің латенттігі ескеріліп оның қанышалықты кең таралғандығын білуге мүмкіндік беретіндей бірқатар әдістемелер бар.*

Біріншіден, бұл бірқатар статистикалық мәліметтердің салыстырмалы талдамасы. Мысалы, адам өлтіру мен әр түрлі ауырлықтағы дене жарақатының санын салыстыру. Сот-медицина сараптамасы бюросының мәліметтеріне қарағанда, әр түрлі аймақтарда онжылдықтар бойы әрбір ауыр дене жарақатына екі немесе одан көп ауырлығы аздау дене жарақаты және 13-тен 22-дейін жеңіл дене жарақаты келеді екен. Ал, ауыр дене жарақатын алған адамдар саны зорлық-зомбылықпен өлтіргендік белгісі бар немесе басқадай өлтірген адамдар санынан әрқашанда асып түседі.

Сонымен қатар, алғашқы есепке алу карточкаларын, қылмыстық істерді, қылмыстар туралы арыздарды талдағанда қызғаныштан, дау-жанжалдан және т.б. болған адам өлтірудің санын дәл сондай себептермен болған дене жарақаты санымен өзара байланыстырып талдаған жөн.

Тиісінше, ұрып-соғу, дене жарақатын алу туралы арыздар мен хабарларға шара қолданыстың уақтылы және заңды болғандығына баға беру керек.

Жоғарыда аталған талдама меншікке қарсы қылмыстарды, атап айтқанда бірқатар ірі және басқа да ұрлықтарды зерделегенде де қолданылады.

Сонымен қатар, статистикалық мәліметтерді талдағанда прокурорлық және ведомстволық тексерулердің материалдары

ескеріледі. Тиісті тексерулерден кейін есепке алынған былтырғы жылы қылмыстар биылғы тіркелген қылмыстардың қанша пайызын құрағаны анықталады.

Екіншіден, латентті айқындау мақсатында қылмыстық статистиканың, азаматтық-құқықтық деликттер, әкімшілік және тәртіптік құқық бұзушылық статистикасының мәліметтері салыстырылады. Бұған құқық қорғау, сот, бақылаушы және басқадай органдардың материалдары да қамтылып талданады.

Үшіншіден, қылмыстық статистиканың мәліметтері қылмыстар туралы арыздармен, шағымдармен, хабарлармен, оның ішінде тек құқық органдарына ғана емес, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарына, басқа ұйымдарға жіберілгендерімен салыстырылады.

Төртіншіден, арнайы анкета бойынша халықтан алынған жауаппен де салыстыру жүргізіледі.

Сауалнаманың мәліметтерін қылмыстық статистика мәліметтерімен тікелей салыстыруға болмайды, себебі халықпен жүргізілген сұрақ-жауапта жәбірленушілер саны ашылады, ал қылмыстық статистиканың негізгі мәліметтері жасалған қылмыстар мен қылмыскерлерге ғана қатысты болады. Бір қылмыстан жәбір шеккендер бірнеше адам болуы тиіс. Сонымен қатар, азаматтар, өздеріне қатысты жасалған іс-әрекетті құқықтық тұрғыдан дұрыс бағаламауы мүмкін.

Шет елдерде эксперимент сияқты әдіс те қолданылады<sup>19</sup>.

Сондай-ақ, қамтылған бақылауды жүзеге асырған да пайдалы. Зерттеу кезінде криминологтар қалаларда ұдайы дүкендерге, кафелерге, ресторандарға барып, клиенттерді алдау фактісінің қаншалықты кең таралғандығын зерделеген. Алданғандардың іс-қимылын байқаған, олардың шағымдарына және клиент құқығын бұзудың басқадай факторларына сол ұйым басшылығының қандай шара қолданғандығын зерттеген.

Соттылық, ашылмаған қылмыскерлік, айқындалған латенттік қылмыстар туралы мәліметтерді жай жинақтап қоса салуға болмайды.

Біріншіден, фактілер мен адамдарды бірге қосуға болмайды. Ашылмаған қылмыстар фактілер бойынша тіркеледі, ал сот статистикасы адамдарды есептейді. Кейде былай айтылады: екі миллионнан аса қылмыс тіркелді, ал сотталғандар саны бір миллиондай ғана адам. Яғни, бір миллионнан аса қылмыс

ашылмаған ба? Бірақ, бір адам бірнеше қылмыс жасауы мүмкін ғой.

Екіншіден, қылмыстық статистика қылмыстар мен қылмыскерлерді іс-әрекетті заңдық саралау тұрғысында есепке алады. Қандай да бір іс-әрекеттің латенттік фактісін анықтау - ол туралы мәліметтерді қосымша өңдеуді және заңда көзделген тәртіпте оны саралауды талап етеді.

Қылмыскерліктің латенттігіне жасалған талдаудан кейін заңдылықтың нақты бұзылу фактілерін анықтау жөнінде үлкен мақсатты жұмыс жүргізіледі.

## 6- тарау. Қазақстандағы қылмыскерліктің жалпы сипаттамасы

§1. Қазақстанда қылмыскерліктің жалпы таралуы және қылмыскерліктің өзге «сыртқы» сипаттамалары.

§2. Қылмыскерліктің «ішкі» сипаттамаларының өзгеруі.

### §1. Қазақстанда қылмыскерліктің жалпы таралуы және қылмыскерліктің өзге «сыртқы» сипаттамалары

Қылмыскерліктің кең таралғандығының жалпы көрсеткіштеріне оның деңгейін (тіркелген қылмыстар мен айқындалған қылмыскерлердің абсолюттік саны), сондай-ақ өсу қарқынын (қылмыскерліктің коэффициенттерін) жатқызуға болады.

Е.Қайыржановтың тұжырымдауынша қылмыскерліктің ахуалын анықтау үшін оның сандық көрсеткіштерін қолдану керек.<sup>20</sup>

Қылмыскерліктің динамикасында, қазіргі күні әр түрлі болып саналатын төрт тарихи кезеңге төрт үрдістің сай келгендігі байқалады.

1. 60-жылдардың ортасынан 80-жылдардың бірінші жартысына дейін (1966-1985ж.) қылмыскерлік ұдайы өсіп отырды, әр бесжылдықта орташа коэффициенттің өсімі екі есеге жуық болды. (1-кестені қара).

Тіркеу тәртібіне талап көтерілгендіктен 1983 жылы тіркелген қылмыстар саны күрт көбейіп кетті. Жалпы, цифрларға қарасақ, қоғамда дағдарыстың ұлғаюына қарай қылмыстың да өте алғанын көруге болады.

2. Қайта құру кезеңінде қайшылықты процестер болды: 1986-1987 жылдары маскүнемдікке байланысты қылмыстар саны ситуацияға байланысты азайғанымен, олардың пайдакүнемдікке қатысты жағы көбейді, 1988-жылдан барлық қылмыскерлік тез қарқынмен көбейе бастады.

4-кесте

## Қазақстандағы қылмыстар саны мен оның динамикасы

Жылдар	Қылмыстылықтың деңгейі	1990 жылмен салыстырғанда	Алдыңғы жылдармен салыстырғанда
1990	148053	-	-
1991	173858	+17,4%	+17,4%
1992	200873	+35,6%	+15,5%
1993	206006	+39,1%	+2,5%
1994	201796	+36,2%	-2%
1995	183913	+24,2%	-8,8%
1996	183977	+24,2%	+0,03%
1997	165401	+11,7%	-10%
1998	142100	-4%	-14%
1999	139431	-5,8%	-1,87%
2000	150790	+1,8%	+8,14%
2001	152168	+2,7%	+0,91%
2002	135151	-8,7%	-11,18%
2003	118 485	-19,9%	-12,3%

5-кесте

## Жалпы қылмыстылықтағы пайдақорлық-зорлық қылмыстарының үлес салмағының өзгеруі

Жылдар	ҚР барлық қылмыстар саны	Пайдақорлық-зорлық қылмыстарының саны	Пайдақорлық-зорлық қылмыстарының үлес салмағы (%)
1990	148053	9664	6,5
1991	173858	11616	6,6
1992	200873	15542	7,7
1993	206006	17126	8,3
1994	201796	15354	7,6
1995	183913	12863	7
1996	183977	12693	6,9
1997	165401	12752	7,7
1998	142100	13285	9,3
1999	139431	13358	9,5
2000	150790	12772	8,4
2001	152168	12895	8,5
2002	135151	11856	8,8
2003	118485	10822	9,1



Қылмыскерліктің 1989 жылғы едәуір өсуі 1988-1989 жылдардың аяғында бұрыннан ашылмай келе жатқан қылмыстардың тошығырақ қамтудың нәтижесі еді. Бірақ, бұрынғы тіркеу саясаты қолданылған 1990 жылы да тіркелген қылмыстардың өсу қарқыны жоғары болды. Қоғамның қылмысқа бой алдыруы мемлекет бақылауынан шыға бастады.

*3. Реформа кезеңі (1991-1993 ж.) тіркелген қылмыстар санының шұғыл ұлғаюымен және халықтың қылмыстық әрекеттерге белсенді кірісуімен басталды.* Сонымен қатар, бұл кезде қылмыскерліктің құрылымдық өзгерісі, ондағы ұйымшылдықтың күшеюі, қоғамға аса қауіпті іс-қимылдар формаларының өзгеруі байқалды. Бұл мән-жайлар, сондай-ақ қылмыстық заңнамадағы едәуір өзгерістер 1994 және 1996 жылдардағы тіркелген қылмыстар санының азаюына себеп болды (1-кестеге қара).

1995-1997 жылдары қылмыскерліктің кейбір түрлеріне, атап айтқанда, көшедегі, тұрмыстағы түрлеріне белсенді шабуылдың оң нәтижелері байқалды. Дегенмен, ұйымдасқан қылмыс, әсіресе экономикалық саладағы қылмыс, сыбайлас жемқорлық, терроризм түбірін теренге жібере бастады.

*4. Жалпы, реформа жылдары қылмыскерлік коэффициенті екі есе өсті.* Қылмыскерлік әрекеттерге халықтың барлық топтары тартыла бастады. Өндіріс құлдыраған, тұрмыс нашарлаған, жұмыссыздық пен баспанасыздық етек алған, еңбекақы, зейнетақы және жәрдемақы уақтылы берілмеген жағдайда қылмыстық іс-қимыл көптеген адамдар үшін тұрмыстық мәселелерді шешудің бірден-бір тәсіліне айналды.

*1970 жылдан бастап тіркелген қылмыстар санына қарағанда айқындалған қылмыскерлер саны баяу өсті.*

Қылмыскерлер саны мен қылмыстар саны арасындағы айырмашылықтың болуы заңды да, себебі кейде бір қылмысты – қылмысты топ жасайды, ал бір адам әшкереленгенше бірнеше қылмыс жасап үлгереді. Қылмыстың бәрі бірдей ашыла бермейді. Ал, бұл екі көрсеткіш арасындағы барған сайын ұлғайып келе жатқан айырмашылық қылмыскерліктің сапалық сипаттамалары мен онымен күрестің жайын мұқият талдауды керек етеді.

Мұның барлығы мемлекеттің қоғамдағы қылмыстылыққа қарсы белсенді күресе бастағандығын көрсететін сияқты. Бірақ, тереңірек талдаудың нәтижелері басқадай көрсетіп отыр.

Қазақстанда реформа кезеңінде қылмыскерлік коэффициенті алдағы кезеңнің коэффициентінен екі есе асып түсті, қылмыстардың абсолюттік саны да екі есе өсті. (1-,2-кестелерді қараңыз). Сонымен қылмыскерліктің өсу қарқыны халықтың өсу қарқынынан асып түскен (3-кесте).

*Қылмыстық заңға енгізілген өзгерістер, оның ішінде кейбір іс-қимылдарды қылмысқа жатқызу немесе жатқызбау қылмыскерліктің статистикалық көрінісіне әсер етеді. Сондықтан да, талдама жасағанда салыстыруға болатын қылмыстар массиві дегенді бөліп алу керек, оны қысқаша «салыстыруға болатын массив» деп атаймыз.*

Ол бірқатар кең таралған қылмыстарды қамтиды, олардың нормалары бұл іс-қимылдарды тіркеудің нәтижелеріне ықпал ететін дәрежеде өзгермей ұзақ уақыт тұрады. Мұндай массив Қазақстанда 1990 жылға дейін ғана салыстыруға болатындай еді. Ал, 1980 жыл мен 1990 жыл аралығында ол 2,2 есе өсті. Салыстыруға болатын массивтің қылмыстары (олар 4-кестеде көрсетілген 16 болды) тіркелген қылмыскерліктің үрдісін одан әрі анықтай берді. Сонымен, қылмыскерліктің нақтылай өскендігін көрдік.

*Қазақстанның жаңа Қылмыстық кодексін күшіне енгізу өзара салыстыру мүмкіндігін бағалау үшін біртекті қылмыстар нормаларының диспозицияларын мұқият талдауды талап етеді.*

Тіркелген адам өлтірудің, басқа да жалпы сипаттағы қылмыстардың саны маскүнемдікке қарсы компания кезінде, әсіресе 1986-1987 жылдары едәуір төмендеді. Криминологиялық зерттеулердің мәліметтері бойынша бұл маскүнемдікпен байланысты *ситуациялық* криминалдық іс-қимылдар есебінен болған еді (5-кесте).

Республикалық сот-медициналық сараптама орталығының мәліметтері зорлық-зомбылық жасап өлтіру фактілерінің де, ауыр дене жарақатын салу фактілерінің де саны азайғандығын растады. Қайта құру маскүнемдікке қарсы компаниядан басталды, ол оның соңы экономикалық қылмыскерлікпен күресті бәсеңдетуге алып келді, себебі ол кезеңде көлеңкелі және криминалдық капиталды, нарықтық экономикаға көшудің резерві ретінде,

«қоғам игілігіне» пайдалануға болады деген пікір қалыптасты, тіптен нарыққа көшу кезінде экономикалық қылмыскерлікпен күреске мораторий жариялау жөнінде ұсыныс болды. Бұл кезеңде құқық қорғау органдарының экономикалық қылмыскерлікпен, паракорлықпен күресі бәсеңдеді, ал заңнама 1991 жылға дейін бұрынғы қалпында қалды. Қылмыстық саясаттың айқындалмауы, экономикалық қылмыскерлікті заңмен қудалаудың ревизиялық, бақылаулық, сараптық базасының әлсіреуі оның латенттігінің артуына әкеп соқты. Ал «қылмыстық саясат тек қана қоғамдық-саяси қатынастарды, қылмыскерліктің ахуалын және онымен күрес жүргізу практикасын зерттеу нәтижесінде ғана қалыптасады»<sup>21</sup>. Жаңа бақылау жүйесінің кейбір құрылымдары ғана құрылған еді.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің белсенділігі төмендеді, себебі-экономикалық қылмыстар жөніндегі қылмыстық істердің соттағы перспективасы айқын емес еді.

Криминологиялық мәліметтер бойынша бұрындар да экономикалық қылмыскерлік, немесе бұрын «шаруашылық-пайдакорлық» деп аталатын қылмыстар статистикада бірінші кезекте көрсетілмейтін, ал 80-жылдардың аяғында оларды ашуға онша құлшыныс болмады, болса да жалтақтық басым болды.

Біріншіден, ондай іс-әрекеттер жайында құқық қорғау органдарына жүгінгендер саны азайған. 1991 жылғы сауалнамаға қатынасқан азаматтардың басым көпшілігі қылмыскерлермен өздерінің есеп ажырататындығын, жолдас-жораларымен немесе ақы төлеп қарым қайтаратындықтарын айтқан.

Екіншіден, құқық қорғау органдарына медициналық және басқа мекемелерден жасалған қылмыстар жайында мәліметтер сирек түсе бастаған.

Осы көрсетілген қылмыстардан өзі немесе өзінің отбасы жәбір шекті деп санап, кінәлілерден өзі өш алған адамдар саны да көбейді.

## Қарақшылық қылмысының динамикасы

Жылдар	Жылдар бойынша деңгейі	Алдындағы жылмен салыстырған-да (жалғаспалы әдіс)	1990 ж. көрсеткішпен салыстырған-да (%)	Соңғы 10 жылдық (1993-2002) орташа көрсеткішімен (2524) салыстырғанда (%)
1990	1321	-	-	-47,6
1991	1422	+7,6	+7,6	-43,6
1992	2304	+62	+74,4	-8,7
1993	2335	+1,3	+76,7	-7,4
1994	2146	-8	+62,4	-14,9
1995	2087	-2,7	+57,9	-17,3
1996	2509	+20,2	+89,9	-0,5
1997	2910	+15,9	+120,2	+15,2
1998	2952	+1,4	+123,4	+16,9
1999	2687	-8,9	+103,4	+6,4
2000	2478	-7,7	+87,5	-1,8
2001	2670	+7,7	+102	+5,7
2002	2471	-7,4	+87	-2
2003	2279	-7,7	+72,5	-9,7

## Тонау қылмысының динамикасы

Жылдар	Жылдар бойынша деңгейі	Алдындағы жылмен салыстырған-да (жалғаспалы әдіс)	1990 ж. көрсеткішпен салыстырған-да (%)	Соңғы 10 жылдағы (1993-2002) орташа көрсеткішпен (9801) салыстырғанда (%)
1990	8343	-	-	-14,8
1991	9828	+17,7	+17,7	+0,2
1992	13238	+34,6	+58,6	+35
1993	13872	+4,7	+66	+41,5
1994	11919	-14	+43	+21,6
1995	9486	-20,4	+14	-3,2
1996	8912	-6	+6,8	-9
1997	8909	-0,03	+6,7	-9,1
1998	9467	+6,2	+13,4	-3,4
1999	9269	-2	+11	-5,4
2000	8875	-4,2	+6,3	-9,4
2001	9039	+1,8	+8,3	-7,7
2002	8267	-8,5	-0,9	-15,6
2003	7449	-9,8	-10,7	-23,9

Соңғы 14 жылдағы қорқытып алушылықтың динамикасы  
томендегідей

8-кесте

**Қорқытып алушылық қылмысының динамикасы**

Жылдар	Жылдар бойынша деңгейі	Алдындағы жылмен салыстырғанда (жалғаспалы әдіс)	1991 ж. көрсеткішпен салыстырғанда (%)	Соңғы 10 жылдық (1993-2002) орташа көрсеткішпен (1201) салыстырғанда (%)
1990	295	-	-19,7	-75,4
1991	365	+23,7	-	-69,6
1992	340	-6,8	-6,8	-71,6
1993	919	+170	+151	-23,4
1994	1289	+40	+253	+7,3
1995	1274	-1	+249	+6
1996	1249	-2	+242	+3,9
1997	880	-5,5	+223	-1,7
1998	838	-3,5	+211	-5,2
1999	1344	+18	+268	+11,9
2000	1365	+1,5	+273	+13,6
2001	1154	-15,4	+216	-3,9
2002	1101	-4,5	+201	-8,3
2003	1077	-2,1	+195	-10,3

9-кесте

**Бандитизм қылмысының динамикасы**

Жылдар	Жылдар бойынша деңгейі	Алдындағы жылмен салыстырғанда (жалғаспалы әдіс)	1995 ж. көрсеткішпен салыстырғанда (%)	Соңғы 10 жылдық (1993-2002) орташа көрсеткішпен (29) салыстырғанда (%)
1990	1	-	-93	-96
1991	1	-	-93	-96
1992	2	+100	-87	-93
1993	6	+200	-62	-79
1994	2	-66	-87	-93
1995	16	+700	-	-44
1996	23	+44	+44	-20
1997	53	+130	+231	+82
1998	28	-47	+75	-3,4
1999	58	+107	+262	+100
2000	54	-7	+237	+86
2001	32	-40,7	+100	+10
2002	17	-46,8	+6	-41
2003	17	0	+6	-41

**1980-1997 жылдары Ресейде неғұрлым көп таралған, салыстыруға болатын жалпы сипаттағы қылмыстардың тіркелген санының динамикасы**

Жылда р	Қастандықпен қасақана өлтіру	Қасақана ауыр дене жарақатын салу*	Қастандықпен әйел зорлау	Көнгі және айрықша Көнгі бұзақылық	Ұрлық	Тонау	Қарак- шылық	Ала- яқтық
1980	13 965	32 945	13 374	112 462	274 091	34563	8892	12692
1981	14 013	31 996	13 456	90 944	291 585	34559	8276	14534
1982	14 009	31 445	13 177	110 943	299 170	34554	7990	14776
1983	13 939	33 714	14 529	125 991	417 732	49197	9642	20558
1984	13 418	32 763	14 447	121 849	441 993	49500	8986	16120
1985	12 160	28 381	12 894	112 219	464 141	42794	8264	18746
1986	9 437	21 185	12 165	93 962	380 582	31441	6018	19343
1987	9 199	20 100	10 902	69 242	364 511	30441	5656	15751
1988	10 572	26 639	11 560	61 363	478 913	43822	8118	13302
1989	13 543	36 872	14 597	83 376	764 170	75209	14519	15160
1990	15 566	40 962	15 009	90 350	911 321	83488	16475	19804
1991	16 235	41 312	16 073	59 650	1 235 414	101900	18253	19925
1992	23 006	53 873	13 579	94 133	1 637-940	164800	30138	23473
1993	29 213	66 902	14 427	113 195	1 561 843	184143	39705	54042
1994	32 286	67 706	13 956	125 149	1 314 788	148546	37904	66687
1995	31 703	61 734	12 515	123 230	1 367 866	140597	37651	67301
1996	29 859	53 417	10 888	114 529	1 206 342	121283	33978	74539
1997	29 719	46 131	**	**	1 053 890	112049	34317	77757
1998	29 551	45 170			1 143 364	122366	38513	76738

\*1997 — қасақана денсаулыққа ауыр зиян келтіру

\*\* Мәліметтер салыстыруға келмейді

## 11-кесте

## 1985-1990 жылдары Ресейде қылмыскерліктің жекелеген көрсеткіштерінің өзгеруі

Өсу қарқыны (1984 жылға %-бен), саны	Жылдар					
	1985	1986	1987	1988	1989	1990
Мас күйінде қылмыс жасап айқындалған адам	-9	-30	-38	-37,5	-29	-23
Қастандықпен қасақана адам өлтіру	-9	-30	-31	-21	+0,9	+16
Қасақана ауыр дене жарақатын салу	-13	-35	-39	-19	+13	+64
Иелену, жұмсап қою, қызмет бабын теріс пайдалану жолымен ұрлау	+9	+15	+15,2	+4	-5	-16
Алыпсатарлық	+14	+24	+33	+43	+39	+57

Неғұрлым көп таралған жалпы сипаттағы қылмыстар статистикада бірінші кезекте көрініс тапқан, бірақ соңғы жылдары олардың да латенттігі арта бастады. Тіптен адам өлтірудің өзі латенттігі жоғары қылмысқа айналды.

Аймақтарда сот-медициналық сараптама бюросының мәліметтері бойынша өлім себебі анықталмаған мәйіттер саны күрт өсті. Мысалы, 1990-1994 жылы ол Мәскеуде 776-дан 2966-ға дейін көбейді және өлтіргендік нышаны бар мәйіттердің 1994 жылғы санынан асты (ол 2863 еді). Сонымен қатар Қазақстанда 1990-1995 жылдары танылмаған мәйіттер бойынша белгісіз азаматтардың кім екендігін анықтау жөніндегі істер саны көбейді және хабар-ошарсыз кеткен, іздестіру жарияланған және табылмаған адамдар саны артты: 1990 жылы олар 813 еді, 1995 жылы 44649-ға жетті.

Сол жылы ашылған жаңа істер саны 2837-ден 21855-ке дейін ұлғайды. Бұл мәліметтер Шешенстандағы әскери қақтығыстардың құрбандары есепке алынбай берілген, ал ресми деректерге қарағанда бұл қақтығыста қаза болғандар саны 80 мыңнан асқан (1996 жылғы қыркүйек). 1990-1995 жылдары хабар-ошарсыз кетіп табылмағандар саны 13214-тен 22708 адамға дейін артқан.

Қылмыскерлік туралы статистикалық мәліметтерге сол қылмыскерлікке қарсы қолданылатын іс-шаралардың

азайғандығы да елеулі әсер етті. Қылмыскерліктің қоғамға «жаппай» жайылуы құқық қорғау органдарының қылмыстар жөніндегі барлық ақпаратты заңда белгіленген тәртіпте өңдеп шығару мүмкіндігін төмендетті. Ең ауыр қылмыстар, ақиқатқа айналған немесе қоғамға әйгілі болған қылмыстар қалай да көрсетілетін болды. Ашылмаған және тергеуі ұзаққа созылып кеткен қылмыстар саны көбейді. Келе-келе қызметкерлер осындай режимде жұмыс істеуге дағдыланды, өз шешімін таппаған арыздардың үлестік салмағы артты. Ал азаматтар, мұндай жағдайларда, мемлекеттік құқық қорғау органдарына сенімін жоғалта бастады. Ведомстволық қауіпсіздік қызметінің, жеке күзет және детектив қызметінің, өзінше ерекшелігі бар «төрелік соттардың» даңқы жайыла бастады. Бірақ жеке және заңды тұлғалардың барлығы бірдей ондай қызметті пайдалана алмады. Тіптен жазасыз қалатын қылмыскерлер саны көбейе бастады, олар өздерінің қылмыстық белсенділігін арттырды.

Меншікті, билікті қайта бөлісумен байланысты көптеген қылмыстардың тіркелуі жиіледі. Олардың көпшілігі Қазақстанда реформа жылдары ғана пайда болды. Олар – адам ұрлау, адамды аманатқа алу, кәмелетке толмағандарды сату және т.б. (6-кесте).

*Былай деп айтуға болады: Қазақстан нарыққа қарай тез аяқ басқан сайын қылмыскерліктің деңгейі экономикасы нарықтық немесе аралас елдерге тән деңгейге жақындай бастады.*

*Қылмыскерліктің сапалық сипаттамасы өзгерді: ол қоғамға неғұрлым қауіпті, аспаптық зомбылық жиі қолданылатын негізінен пайдакүнемдік; құқықтық тәртіпті мүлде сыйламайтындығын, қоғамдық және мемлекеттік қауіпсіздік мүдделерін елелмейтіндігін ашық көрсететін қылмыстарға айналды.*

Қылмыскерліктің қоғамға қауіптілігін анықтағанда, алдымен, ауырлық дәрежесі әр түрлі тіркелген қылмыстық іс-әрекеттердің жалпы санындағы оның үлестік салмағы анықталады.

1986-1992 жылдары қылмыскерліктің өсуі, негізінен, орташа ауырлықтағы қылмыстар есебінен болды, ауыр қылмыстардың үлестік салмағы біршама өсті, «маңыздылығы шамалы» іс - әрекеттер азайды. Ауыр және қоғамға әйгілі болған қылмыстарға ғана ден қойылып, мәліметтердің «ішінара» ғана өңделгендігі



көрініп тұр. Ескеретін бір жағдай – 1994 жылдың 1-шілдесінен заң шағарушы ауыр қылмыстар шеңберін өзгертті, сондықтан да ол сол кезден бастап одан арғы жылдардың мәліметтерімен тікелей салыстыруға келмейді. Бірақ 1986-1993 жылдары ауыр қылмыстардың үлестік салмағы 14,6-дан 18,4%-ға дейін өсті, ал олардың тіркелген саны 2,6 есе артты. «Маңыздылығы шамалы» қылмыстарға келетін болсақ, бұл кезеңде олардың үлестік салмағы 21,3-тен 9,4%-ға, абсолюттік саны – 7,7%-ға кеміді.

Мынадай пікір бар: қылмыскерлікте қарулану, ұйымдасу, кәсібилік артқан сайын, жасалған қылмыстардың салдары да ауыр бола бастады. Бірақ, әр уақытта олай емес.

1986-1992 жылдары притон ұстау және жеңгетайлық фактілерінің тіркелген саны 5 есе, порнографиялық заттар дайындап сату 7 есе азайды, зорлық-зомбылықты, қатыгездікті уағыздайтын шығармалар дайындап сату фактілерін тіркеу тоқталды. Мұның бәрі кең етек алған еді, бұл іс-әрекеттердің қауіптілік үрдісі 1993-1996 жылдарғы статистикада байқалды.

Қылмыскерліктің қоғамға қауіптілігіндегі өзгерістерге баға бергенде оның салдарын, әсіресе адам өліміне алып келетін жағын елемеуге болмайды.

Материалдық залал жөніндегі мәліметтерді 1991 жылдан кейін инфляцияға байланысты салыстыру мүмкін болмай қалды.

Бірақ 1986-1991 жылдары Ресейде мемлекеттік және қоғамдық мүлікті ұрлаудан келген тіркелген залал 60,5-тен 160,5 млн рубльге дейін өсті. Пайдакүнемдік қылмыс жасаған адамдардан алынған мүліктерге қарағанда олар қаражатты валютаға, алтынға, асыл тастарға, жылжымайтын мүлікке айналдырған: 1993 жылы қылмыскерлерден 1 196 525 АҚШ доллары, 1995 жылы – 4 443 097 АҚШ доллары; тиісінше алтын – 36,7 және 105,7 кг; түрлі-түсті металдар – 457 123 және 552 796 кг; радиоактивтік материалдар – 0 және 137 г; есірткі және қатты эсер ететін заттар – 64,5 және 161,1 кг алынған. Бұл амал олардың инфляция жағдайында одан әрі баюына, ақшаларын «жуып-шаюына», мемлекет меншігінен алу және жекешелендіру жағдайында Қазақстанның ұлттық байлығын иеленіп қалуға мүмкіндік тудырды. Бұрындары бұл ұрлықтың үштен бірі, ал 90-жылдардың ортасына қарай жартысына жуығы сыбайлас жемқор мемлекеттік қызметкерлерге жұмсалды. Қылмыскерлер біртіндеп билікке қол жеткізе бастады.

Құқық қорғау органдарының әр түрлі деңгейде қылмыскерлікпен күресіп жүрген қызметкерлерінің айтуына қарағанда, қылмыстық орта өздерінің саяси салаға өтіп кеткен лидерлеріне қолдау көрсетеді екен; олар билік және басқару органдарымен сыбайластыққа кірген, бұрындары пайдакүнемдік қылмыстар үшін сотталғандар шетел капиталымен бірлескен кәсіпорындарға, банкілерге, биржаларға орналасуға ұмтылатын көрінеді. Ұлтаралық дауларды шешпекші болған сылтаумен қылмыстың жасалатындығын, қоғамдағы рухани құлдырасты, порнографияның кең етек алғандығын айтпай кетуге болмайды.

Қылмыстық орта жан-жақты қарулана бастады. 1989-1993 жылдары атылатын қару қолданып жасалған қылмыстар саны 6,2 есе (3550-ден 22116-ға дейін), атылатын қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттарды ұрлаудың тіркелген фактілері 2,5 есе (тиісінше 594 және 1496); соларды және басқа да қаруларды сақтаудың, иемденудің, дайындаудың және сатудың айқындалған фактілері 2,8 есе (20477 және 58318) өсті. 1993 жылы бұл үрдіс біраз баяулады, тиісінше – 1336 ұрлық, заңсыз сақтау, иелену, дайындау және сатудың 57454 фактісі тіркелді.

Кейде қылмыскерлер қолында қазіргі күнгі жетілген, тек шетелдердің (Израиль, АҚШ және басқаларының) арнайы бөлімшелерінде ғана болатын қарулар болды.

1989-1995 жылдары аса қауіпті болып саналатын қылмыстар саны күрт өсті. Мысалы, 1985 жылдың өзінде ғана 707919 жалған АҚШ доллары және құны 37470 АҚШ доллары тұратын жалған неміс маркасы алынған.

*Қылмыскерліктің сылтаулық сипаттамасы.* Тіркелген жалпы қылмыстар арасында пайдакүнемдік қылмыстардың үлестік салмағы тез өсе бастады. Бұл ретте күш және психикалық қысым көрсетіліп жасалған, меншік иемденумен байланысты қылмыстар көбейді.

1986-1993 жылдары пайдакүнемдік қылмыстардың үлестік салмағы біршама азайды, бірақ олардың ішінде күш қолданып немесе үрей тудырып жасаған қылмыстар саны көбейді (51-ден 76%-ға дейін) (7-кестені қараңыз).

Пайдакүнемдік қылмыстардың үлестік салмағының артқандығын салыстыруға болатын массивтің құрылымын талдағанда да айқын көруге болады (8-кестені қараңыз).

Қоғамда пайдакүнемдік те, зорлық көрсететін де қылмыстар етек алуда. Ал зорлық көрсету көбіне пайдакүнемдік мақсатқа жету үшін қолданылды. Сонымен қатар ол адамдар, топтар, ұлттар арасындағы, корпоративтік дауларды шешуде де кең қолданылды.

12-кесте

**Жалпы қылмыстылықтағы пайдакорлық-зорлық қылмыстарының үлес салмағының өзгеруі**

Жылдар	ҚР барлық қылмыстар саны	Пайдакорлық-зорлық қылмыстарының саны	Пайдакорлық-зорлық қылмыстарының үлес салмағы (%)
1990	148053	9664	6,5
1991	173858	11616	6,6
1992	200873	15542	7,7
1993	206006	17126	8,3
1994	201796	15354	7,6
1995	183913	12863	7
1996	183977	12693	6,9
1997	165401	12752	7,7
1998	142100	13285	9,3
1999	139431	13358	9,5
2000	150790	12772	8,4
2001	152168	12895	8,5
2002	135151	11856	8,8
2003	118485	10822	9,1

Егер қайта құрудың алғашқы кезеңіндегі қылмыскерлікте ішімдікті немесе оған қажетті қаражатты тез табу сылтауымен байланысты қылмыскерлік азая бастаса, ол реформа кезеңінде қайта көбейді. Аса қажеттілік, керекті азық-түлік, киім-кешек табу үшін, төңіректегі адамдарға тән тұрмыс деңгейіне жету сылтаумен мүлктік қылмыстар көп жасала бастады. Жаңа да сылтаулар табылды: алдыдағы нарықтық қатынастар мен ақша үстемдігінде келісті өмір сүру үшін кез келген жолмен алғашқы капитал жинап алу.

Қылмыскерліктің мүлік есебінен өсуін қоғамдық құрылыс ауысқан және нарықтық қатынастар дамыған кездегі заңды құбылыс деп қарауға болады.

**Қылмыскерліктің әлеуметтік бағыттылығында да** – қылмыстық озбырлықтың әр түрлі объектілерінің ара қатынасында да өзгерістер болды. 9-кестеде әр түрлі объектілерге қол сұғатын қылмыстар фактісі туралы мәліметтер келтірілген. Жалпы бұл цифрлар қылмыскерліктің кейбір түрлерінің статистикалық өзгерісін дәл көрсеткеннен гөрі олардың латенттігінің өскендігін көрсетеді.

Тіркелген қылмыстарды алғанның өзінде елдегі тәртіпті сыйламаушылық айқын көрініп тұр: басқару тәртібіне, сот қазылығына, қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар саны көбейді. Шаруашылық қылмыстарға қарсы жаңа саясат қалыптасты, ол статистикада көрініс тапты.

Бұрынғыдай, барлық тіркелген қылмыстардың 60%-ы меншікке қарсы қылмыстарға келеді. Одан кейінгі орында адамның өмірі мен денсаулығына қарсы қылмыс тұр.

*Қылмыскерліктің әлеуметтік-аумақтық таралысы жөнінде* қысқаша мынаны айтуға болады: 1) 1986-1989 жылдары қылмыскерлік негізінен қалалар мен қала типтес елді мекендерде өсті. Бұл ретте қаладағы қылмыскерліктің жалпы үлестік салмағы Қазақстан халқындағы қала халқының үлестік салмағынан төмен еді. 1986 жылы ол үлестік салмақ қала қылмыскерлігінде 68%, қала халқында – 73% болды.

Тиісінше, қаладағы қылмыскерліктің үлестік салмағы (100 мың қала халқына 858) ауылдағыға қарағанда (100 мың ауыл халқына 1120) төмен. 2) 1990-1996 жылдары ауылды жерлердегі қылмыскерліктің осу қарқыны қаланыкінен асып түсті, тиісінше, оның жалпы қылмыскерліктегі үлестік салмағы артты. Көші-қон процесінің үдеуіне байланысты оның коэффициентінің өскен-өспегендігін анықтау қиын. 3) Қаладағы қылмыскерлік республикалық, аймақтық, облыстық орталықтардың проблемасына айналды. 4) 1997 жылы барлық халықтың 100 мыңына есептегенде қылмыстар фактісі бойынша коэффициенттің Федерация субъектілерінде 7 еседен аса, 1990 жылмен салыстырғанда 6 есеге жуық айырмасы болған.

Аймақтық қылмыскерліктің криминологиялық зерттеулеріне қарасақ, жалпы тіркелген мәліметтер, негізінен, жалпы сипаттағы қылмыскерліктің кең таралғандығын көрсетеді.

Қылмыскерліктің төмен жалпы коэффициенттері тасасында кейбір аймақтарда экономикалық қылмыстардың, соңғы кездері –

экологиялық, мемлекеттік қылмыстардың жоғары латенттігі жатыр. Әсіресе, әскери қақтығыстар жағдайында, мысалы, Шешенстанда.

*Қылмыскерліктің әлеуметтік-топтық кең таралуы.* Қылмыскерліктің өсуі, негізінен, есейген жастағы адамдар тобы есебінен болады. 1990 жылы айқындалған қылмыскерлер арасындағы кәмелетке толмағандардың үлестік салмағы 25%, 19-29 жастағылардікі – 38%, 30 және одан үлкен жастағылардікі – 37%, ал бұл көрсеткіш 1997 жылы тиісінше – 12,41 және 47%, 1986 жылы – 20,5, 41,4 және 38,1% болды.

Айқындалған қылмыскерлер арасындағы әйелдердің үлестік салмағы артты: 1997 жылы ол 13,6%, 1990 жылы – 6,9%, ал 1986 жылы – 9,4% болған.

Қылмыстық статистика тіркелген қылмыскерліктің халықтың азғындау және қылмысқа бой алдыру процесімен, баспанасыздықпен және жұмыссыздықпен тікелей байланыста екендігін көрсетіп отыр (10-кесте). Айқындалған қылмыскерлер арасында бұрын сотталғандар, тұрақты табыс көзі жоқтар, жұмыссыздар басым.

Ішімдікке мас күйде қылмыс жасағандардың үлестік салмағы біршама азайған, бірақ есірткі қолданып жасалған қылмыстар саны артқан. Бұлар барлық айқындалған қылмыстардың 0,8%-ын құрағанмен, олар барлық тіркелген қылмыстардың 0,9%-ын жасаған.

## § 2. Қылмыскерліктің «ішкі» сипаттамасының өзгеруі

Қылмыскерліктің тұрақтылық сияқты сипаттамасын алатын болсақ, қайтара жасалған қылмыскерліктің талдамасы 1986 жыл мен 1995 жыл аралығында бұрын қылмыстық іс-әрекет жасап тиісті жаза қолданылған адамдардың қайтара қылмыс жасап ашылған қылмыстарының саны 80%-ға өскенін көрсетіп отыр.

*Тоқсаныншы жылдардың ортасына дейінгі қылмыскерліктің өсуінде халықтың жаңа топтарының қылмыстық әрекеттерге белсене кірісуінің рөлі зор болды. 1995-1997 жылдары қайталама қылмыс бұрынғыдан бетер жандана бастады.*

Айқындалған қылмыскерлер арасында бұрын қылмыс жасағандар: 1995 жылы – 354661 адам немесе 22%, 1996 жылы

тиісінше 367 780 немесе 22,7%, 1997 жылы – 397 026 адам немесе 28,9% болды.

Бұрындары қылмыс жасап 1997 жылы айқындалған адамдардың 9346-сы (2,4%-ы) аса қауіпті рецидивист деп танылған, 50763 адам (12,8 %) бұрын қылмыстық жауаптылыққа үш және одан көп рет (көп қайтара криминалдық рецидив) тартылған, 73636 адам (18,8%) осы тектес қылмысты жасаған (криминалдық кәсібилікті дәлелдейтін арнайы рецидив), 142,604 адам (35,9%) соңғы қылмысын топпен жасаған, 252 579 адам (63,6%) ауыр және аса ауыр қылмыстар жасаған.

*Криминологиялық зерттеулер көрсетіп отырғандай, халықтың арасында қылмыс жасаған адамдардың көбеюі, жалпы сипаттағы қылмыстардың, кейінірек экономикалық қылмыстардың теріс бағыттағы үрдісінің даму мүмкіндігін арттырады, себебі қылмыстық тәжірибесі бар адамдар жасы ұлғайған сайын айқын, жалпы сипаттағы қылмыстар жасаудан латенттігі жоғары экономикалық қылмыс жасауға көшеді. Бұл ретте олар өздерінің криминалдық капиталын заңдастырады және молайтады.*

Мәскеу облысының бірінші сатыдағы соты 1985 және 1991 жылдары қараған неғұрлым ауыр қылмыстар туралы қылмыстық істерді зерделегенде жасалуы үшін алдын ала жағдай дайындалған қылмыстық іс-қимылдардың қасақаналық сипаты 1985 жылы 33% жағдайларда, 1991 жылы 50% жағдайларда байқалған. Криминалдық кәсібилік тиісінше 7 және 10% жағдайларда, әркімнің рөлдері белгіленіп қылмысты топта жасау – 12 және 22 % жағдайларда болған. Бұл айқындалған адамдардың көбісі әшкереленгенге дейін екі және одан да көп қылмыстар жасап үлгерген. 1989 жылы мұндайлар 22112, 1993 жылы – 31857 адам болған.

Жасалуы арнайы қылмыстық дағдының болуын талап ететін бірқатар қылмыстар туралы статистикалық мәліметтерде қылмыстық кәсібилік көріністер санының артқандығын көреміз. Бұл, мысалы, алаяқтық. 1991 жылы 19925 алаяқтық фактісі, 1996 жылы 74624, 1997 жылы 77757 фактісі тіркелген. Бұрын қылмыс жасаған адамдар, негізінен, біртекті қылмыстар жасаған.

Қылмыскерліктің **ұйымдасқандығы** Қазақстанда реформа жылдарында кең етек алды, ол ұйымдасқан қылмыстардан да,

ұйымдасқан қылмыстық құрамалардан да көрініс тапты (11-кесте).

Кең ауқымды қылмыстық әрекетке, қылмыстық табысты заңдастыруға және молайтуға ұмтылған ұйымдасқан қылмыстық құрамалардың шеңбері кеңейді. 1997 жылы 1994 жылға қарағанда, 1,5 есе көп қылмыстық ұйымдасқан құрамалар айқындалды, оларға қатысушылардың айқындалған саны 1,7 есе көбейді.

### 13-кесте

#### Топ болып жасалған пайдақорлық-зорлық қылмыстарының (тонау, қарақшылық, қорқытып алушылық) деңгейі мен құрылымының өзгерісі

Жылдар	Топ болып жасалған барлық қылмыстардың саны	Топ болып жасалған тонау, қарақшылық және қорқытып алушылық қылмыстарының саны	Үлес салмағы (%)
1961	6634	1254	18,9
1966	7091	1276	18,0
1971	8413	1455	17,3
1976	8641	1642	19,0
1981	9012	1523	16,9
1986	9404	1552	16,5
1991	15812	2340	14,8
1996	20518	2544	12,4

### 14-кесте

#### 1991-1997 жылдары Ресейде айқындалған ұйымдасқан қылмыстық құрамалар туралы мәліметтер

	1994ж.	1995ж.	1996ж.	1997ж.
Ұйымдасқан қылмыстық құрамалар айқындалды	8 059	8 222	12 684	12 500
Ұйымдасқан құрамаларға қатысушылар анықталды	35 348	32 068	59 389	60 000

Ұйымдасқан топтармен қатар көбіне қылмыстық ұйымдар мен қылмыстық қауымдастықтар да әрекет ете бастады. С.В.Ванюшкиннің айтуына қарағанда 1993-1997 жылдары Ресейде «заңдағы ұрылар» - қылмыстық орта лидерлерінің саны 1200-ден 1500-ға дейін, ал ұйымдасқан құрамалар арасындағы

даулы жағдайлар («есеп айырысу», «дауды шешу», т.б) 4 есе (144-тен 600-ге дейін) өскен.

Алдын ала ойластырылған, жоспарланған, қасақана жасалатын қылмыстар саны артты, тапсырыспен адам өлтіру көбейді. Ол жайында нақты мәліметтер жоқ, себебі олардың көбісі ашылмай қалады, сондықтан адамды тапсырыспен өлтірді деген болжам ғана жасалады.

Кесіп айтатын болсақ: 1995 жылы 560, 1996 жылы 570, 1997 жылы 600 адам тапсырыспен өлтірілген. Тиісінше 60,70 және 132 өлтіріс ашылған.

1993-1997 жылдары адамдардың қылмыстық топтар құрамында жасаған қылмыстарының саны 7,2 %-ға өскен; қылмыстық топ құрамында қылмыс жасап сотталғандар саны 9,7 есе артқан.

Ұйымдасқан қылмыскерлік экономиканың әр түрлі саласында белсенділік танытуда, ол нарко-, порно-, алкобизнес және басқаларды бақылауды өз қолына алды. 1995 жылы жекешелендіру барысында жасалған 1 мыңнан аса қылмыстың жолы кесілді. Жекешелендіру туралы заңның бұзылуына байланысты Мәскеудің бір өзінде мемлекетке 100 млрд. доллар зиян келген.

Соңғы кездері ұйымдасқан қылмыскерлер интеллектуалдық қызметтің нәтижелерін иемденуге бар күшін салып бағуда.

Компьютер бағдарламаларын, аудио-, видеожазбаларды, кітап өнімдерін ұрлау, отандық және шетелдік сарапшылардың бағалауынша, шамамен 2 млрд. доллар табыс әкеледі екен.

Ұйымдасқан, кәсіби қылмыстық әрекетке, нарко-порно-және басқа криминалдық бизнестің дамуына тән өзге де қылмыстар барған сайын көп тіркелуде (12-кесте).

Айқындалған ұйымдасқан қылмыстық топтар арасынан халықаралық байланыста тұрғандар саны 1991 жылмен салыстырғанда 1995 жылы 5 есе өскен. Олардың қолында өте ірі капитал шоғырланған. Криминалдық және көлеңкелі капитал иелері қызметтің белгілі бір саласын монополиялап қана қойған жоқ, олар өзара меншік бөлісе бастады, ол өте ауыр қылмыстарға алып келді, заңнама өзгергенде криминалдық мүдделерді тікелей жақтағандар болды.



Терроризм, ұлтаралық дау және т.б. деп бағаланған көптеген криминалдық құбылыстардың негізінде ірі криминалдық капиталдың қозғалысы, оларды қайта бөлу әрекеттері жатыр.

Криминалдық топтар жақсы қарулана бастады. 1993-1997 жылдары қару, оқ-дәрі, жарылғыш заттар қолданылып жасалған тіркелген қылмыстар саны екі есе артты (19 157-ден 39 300-ге дейін).

Есірткімен байланысты тіркелген қылмыстар саны 1996 жылмен салыстырғанда 1997 жылы екі есе өсті. Жүздеген млрд. рубльдің есірткі заттары алынды, Қазақстанның әр түрлі аймақтарында оларды өндіретін және сататын қауіпті топтар әшкереленді.

Ұйымдасқан қылмыскерлік қоғамдық өмірдің элементіне және көптеген азаматтардың өмір мақсатына айналды. Ресейдің 4 қаласында (Мәскеу, Воронеж, Волгоград, Владивосток) 1998 жылы азаматтарға мынадай сұрақ берілді: «Сіз немесе жақындарыңыз ұйымдасқан қылмыс проблемасын сезінесіз бе?». Барлық сұралған кәсіпкерлердің 30%-ы, Мәскеуліктердің 14%-ы ұйымдасқан қылмыстың жәбірленушісі немесе куәсі болғандығын, тиісінше 22 және 11%-ының қылмыс жасайтын ұйымдасқан топты білетіндігін, 40 және 21%-ының ұйымдасқан топқа кіретін адамдарды білетіндігін, 12 және 5%-ының ондай топтардың әрекетін байқайтындығын айтқан.

Кәсіпкерлердің 8%-ы ондай топтардың қызметіне жүгінетінін, 9%-ы отбасы мүшесінің немесе танысының әжептеуір ақша алып олармен бірлесіп әрекет жасап жүргендігін көрсеткен. Барлық сұралғандардың тиісінше 4 және 5%-ы осындай жауап берген. Сұралған кәсіпкерлердің 77%-ы және басқа сұралғандардың 69%-ы қылмыстың құрбаны болудан қорқады. Кәсіпкерлер, негізінен, өлтіріп кетуден, адам ұрлаудан, мүлік қиратудан, ал жай адамдар – ұрлықтан, қарақшылықтан, алаяқтықтан, бұзақылықтан қорқады.

1998 жылы жасалған сауалнамаға құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, судьялардың 30%-ы - ұйымдасқан қылмыстық топтар өзара ынтымақтасуда деп, ал 14%-ы – олардың арасындағы қақтығыс ұлғаюда деп жауап берген; ондай ортаның лидерлері мемлекет пен қоғамның жоғары сатысына енуде (58%), отандық заңды бизнеске кіріп, онымен ашық айналысуда (55%), шетелге кетуде (15%), өздерімен бірге отбасын, балаларын алып кетуде (18%) деп көрсеткен. Жауап алынған құқық қорғау

органдары қызметкерлерінің 45%-ы криминалдық әрекеттен түскен табысты оның лидерлері мен ірі коррупционерлер қоғам өмірінің саяси саласына еруге жұмсайды деген пікірде.

Ұйымдасқан қылмыскерліктің қоғам өмірінің саяси саласына енуінің құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне белгілі фактілері мыналардан көрініс табады: мемлекеттік органдарға сайланғанда өз кандидатын ұсыну (52%), өз кандидаты болмаса да, кейін өз мүддесін қорғауға пайдалану үшін оған қаржылай және басқадай қолдау жасау (33%), ұйымдасқан қылмыстық орта лидерлерінің мемлекеттік басқару органдарына өздерінің тікелей өтіп кетуі (37%), сайлау комиссиясының мүшелерін сатып алу (11%), өзге мемлекеттік қызметкерлерді сатып алу (23%), бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану арқылы саясатқа ықпал ету (22%), қоғамдық ұйымдар мен қорлар құрып, солар арқылы ықпал жасау (18%), бұрыннан бар сондай ұйымдар мен қорларға бақылау орнату (15%), оқу орындарында өз адамдарын даярлау арқылы саясатқа ықпал жасау (11%), ұнамайтын саяси қызметкерлерге үрей туғызу (8%) және ондай қызметкерлердің көзін жою (4%).

Қылмыстық істердің материалдарына және басқа да құжаттарға қарасақ, ұйымдасқан қылмыскерліктің жаңа сатыға көтерілгендігін көреміз: егер ол бұрындары ұнамайтын мемлекеттік және саяси қызметкерлерді сатып алу, қорқыту, беделін түсіру, көзін жою арқылы мемлекеттік және қоғамдық институттарға сүйенсе, қазір олардың өздері тиісті лауазымдар мен орындарға өтуге талпыныс жасауда. Бұл үрдісті «тапсырыспен» адам өлтіру фактілері жанама дәлелдеп отыр.

*Мемлекеттік және өзге органдарды өзіне бағындырудың құрамы болып табылатын сыбайлас жемқорлықтың басқа бәсекелесі пайда болды: ұйымдасқан қылмыстық әлемнің лидерлері мен белсенді қайраткерлері ортаға делдал салмай-ақ саясатты өз қолдарына алуға ұмтылып отыр. Мұнымен олар өздеріне және өз жақындарына тек криминалдық және экономикалық қана емес, заңды әлеуметтік мәртебе алып бермекші.*

Бұдан сыбайлас жемқорлық проблемасы маңыздылығын жоғалтады деп ойламау керек. Біріншіден, ол криминалдық функционерлер үшін әлі маңыздылығын жоғалтқан жоқ, екіншіден, ол жаңа жағдайға да үйлесімін табады.

Егер криминалдық лидер жоғарғы ресми қызметке отырса ол өз командасына ұйымдасқан қылмыстық құрамалардың аса тәртіпті мүшелерін жинақтайды және олардың басқа біреуге қызмет еткеніне жол бермейді. Ал мұндай жағдай шенеуніктердің сыбайлас жемқорлығы тұрғанда әруақытта болады.

Лауазымды адамдарды сатып алудың дәстүрлі формаларымен қоса басқа да тәсілдер бар: материалдық емес игілік, балаларының оқу ақысын төлеу, жоғарғы оқу орнына түсіру, шенеунік атынан кітап жазу немесе басқа да шығарма жасау, коммерциялық құрылымға жұмысқа кіргізіп қою, акция беру.

Криминалдық жағдайға 1996 жылы берілген баға мынадай болды:

1) 80-90 жылдардың басында ұйымдасқан қылмыстың «саясаттану процесі» ғана байқалды, ал 1994-1995 жылдары ол әр түрлі тетіктер пайдаланып мемлекеттік билік органдарын (заң шығарушы, атқарушы, сот), олардың шешімдерін және ол шешімдердің жүзеге асырылуын бақылай бастады, яғни мемлекеттік тетік криминалданды. Көлеңкелі экономиканың жорықсыз етек алуымен қатар көлеңкелі саясат, көлеңкелі юстиция пайда болды, дами бастады. Әділ сотқа қарсы аса қауіпті қылмыстар саны едәуір көбейді;

2) заңды және қылмысты кәсіпкерліктің, заңды және қылмысты құрылымдардың өзара тығыз араласуы, заңды және қылмысты капиталдардың өзара араласуы болды. Нәтижесінде адал кәсіпкер зәбір шекті: оны тиімді қолдаудың мемлекеттік жүйесі құрылмады; ірі криминалдық капитал иелерімен оның бәсекелесуге шамасы жоқ; кәсіпкерлікпен айналысқысы келген адам мемлекеттен үмітін үзіп өзіне «шатыр» іздейді, содан кейін өз ісін ашады. Кәсіпкерлердің 30-дан астам шығыны өз басының, отбасының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге кетеді. Олар жеке детективтер мен күзетшілердің қызметіне жүгінеді, жеке меншіктегі қауіпсіздік қызметін құрады. Мұндай шығындардың орнын толтыру үшін олар мүмкіндік болса кеден төлемінен, салықтан, басқа да төлемдерден жалтаруға тырысады. Қазақстанда тоқсаныншы жылдары кәсіпкерлікпен айналысу көптеген қылмыстармен байланыста болды: пара беру, төлемдерден жалтару, кәсіпкерлердің заңды құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірген адамдардан күш жұмсап өш алу;

3) ұйымдасқан қылмыскерлік әлеуметтік өмірдің елеулі факторына айналды, өсіп келе жатқан ұрпақтың едәуір бөлігін ірі жұмыс берушілер өзінше «тәрбиелей» бастады. Бірақ оған онша мән берілмеді, себебі елді жұмыссыздық жайлаған еді, ал еңбекақы, зейнетақы және жәрдемақы уақтылы берілмеді, оның үстіне олар мардымсыз еді;

4) ол қымбат тұратын қызмет көрсетудің, әр саласындағы (құрылыс, өнер, сән, т.б.) кең ауқымды акциялардың негізгі тұтынушылары және ынталандырушыларына айналды, яғни «прогресті» жылжытушы іспетті болды, бірақ өзіне қажетті салада және аспектіде жасады. Сондықтан да ол қоғамдық қатынастарды дамытудың біржақты, корексіз факторына айналды;

5) ұйымдасқан қылмыскерлік, сонымен қатар, халықты кедейлендірудің өте күшті факторы болды: халық игілігін ойсырата иемденген қылмыстық топтар оны шетелге шығарып алып кетті, отандық өндіріске инвестиция жасамады, нәтижесінде қарапайым халық екіқайтара зардап шекті. Мысалы, Халықаралық валюта қорының 10,2 млрд. доллары мөлшерінде берген несиесіне байланысты Қазақстан газ бен мұнайға экспорттық баж салығынан бас тартты, ал Қазақстаннан жылына 15-20 млрд доллар шетелге шығарылып тұрған, оның 50%-дайы контрабандалық жолмен;

6) ұйымдасқан қылмыскерлік өзінің қарулы құрамалары бар және мемлекеттіктерді пайдалануға түрткі болатын қарулы күшке айналды;

7) ол кең ауқымды қақтығыстардың, терроризм акцияларының арандатушылары және қатысушылары болып табылады, себебі олар әлемнің әр тұсында орналасқан ұлан-ғайыр байлықтарды қорғамақшы;

8) алко-, нарко-, порнобизнес, балалар саудасы дамығандықтан, тегін медициналық жүйе күйрегендіктен, көптеген ақылы қызметтер жартылай криминалдық немесе тікелей криминалдық сипат алғандықтан, болашақ ұрпаққа зияндық келеді. Ол ұлттың санасын, оның озық дәстүрлерін және т.б. бүлдіретін мәдениетке қолдау көрсетеді, қаржыландырады. Қарулы қақтығыстарда ең алдымен дені сау жастар қаза табады.

Ұйымдасқан қылмыскерлік халықаралық байланыстар орнатып, халықаралық аренаға шығып қана қойған жоқ, ол

ияғына нық тұрып, жалпыхалықаралық қылмыстық әрекеттің элементіне айналды, әлемде болып жатқан құбылыстарға, халықаралық саясатқа ықпал етіп отыр.

1997-1998 жылдардың мәліметтері көрсеткендей реформаға ұшыраған Қазақстан қоғамында, біріншіден, мына құрылымшалар айқынырақ көріне бастады: 1) құқыққа, заңға, биліктің конституциялық органдарына бағдар алған орта (легалистикалық немесе ресми); 2) іс-қимылдың заңға қайшы нормаларына және ұйымдасқан қылмыскерліктің лидерлеріне – криминалдық билікке тұрақты бағдар алған криминалдық орта; 3) ситуацияға және шешілетін проблеманың сипатына қарай іс-қимылдың тіке қарама-қайшы нормаларына және әр түрлі лидерлерге бағдар алған маргиналдық орта.

Ұйымдасқан қылмыскерлік өзінше балама қоғам болып табылады, оның өзінің экономикалық, әлеуметтік және рухани салалары, өзінің басқару, қауіпсіздік, жастарды қалыптастыру, сот жүйелері, өзінің сыртқы және ішкі саясаты бар. Бірақ ол қоғамның заңға бағдар алған, өз мәселелерін заң шеңберінде шешетін бөлігіне қатысты ғана балама болып табылады. Ал, біртұтас қоғам шегінде бұл қарама-қарсы бағдар алған екі бөлік үдайы өзара әрекеттестікте болады, әр кезеңде әрқайсысы жеңіске жетіп отырады.

Екіншіден, бұл өзара әрекеттестікте криминалдық орта неғұрлым басымдау белсенділік танытады, ол ауыр салдарларға әкеп соғады. Бұл орта халықтың әр түрлі топтарының криминалдануы есебінен ұлғаяды, заңды қоғамның шекарасын тарылтады, оның материалдық құндылықтарын тартып алады, экономикалық, әлеуметтік, саяси және рухани негіздерді шайқалтады, сондай-ақ криминалдық лидерлер мемлекеттік-билікті және ресми қоғамдық құрылымдарға тікелей өтеді, қылмыстық табысты кедергісіз жуыпп-шаю, заңды және криминалдық кәсіпкерліктің өзара айқасуы нәтижесінде нық орнығады. Сонымен қатар, Конституцияға, құқыққа бағдар алған адамдар бұрынғы әлеуметтік мәртебесінен айырыла бастады, өзінің құқықтары мен мүдделерін заңнан тыс жолдармен қамтамасыз етуге мәжбүр болды, мысалы, лауазымды адамдармен және өзге қызметкерлермен қылмыстық қатынасқа барады, қылмысқа қылмыспен жауап береді, өзінің қорғансыздығын ұғынып қылмыстық сот ісін жүргізуде өз

міндеттерін орындамайды және т.б. Қылмыскерлік жайлаған кезде азаматтар, көбіне, не қылмыскерлермен ынтымақтастықта болады, не оларға жаны ашиды, олардың әрекетіне дағдыланады, не мемлекеттік органдардың көмегінсіз олардан қорғанады, тіптен жаза қолданады.

Ресми құқық қорғау қызметінің тиімділігі төмендеген кезде жеке және заңды тұлғалардың заңнан тыс, өз тарапынан шара қолдану практикасы қалыптасады: 1) нақты қылмыскерлерді сол жерде жазалайды, тіптен қылмысқа барады; 2) қылмысқа қарсы шара қолданудың және материалдық, өзге де залалдардың орнын толтырудың заңға негізделмеген дәстүрлері мен стандарттарын қалыптастырады; 3) көлеңкелі, оның ішінде криминалдық юстиция жүйесін құрады.

Сонымен қатар, қылмыскерлікте, басқа да құбылыстар болады: маскүнемдікпен, нашақорлықпен байланысты қылмыстар саны артады, кәмелетке толмағандар қылмыскерлігі көбейеді. Мұндағы жаңалық сол – бұрынғы «дәстүрлі» болып саналған процестер көбіне алко-, наркобизнеске тәуелді бола бастады, кәмелетке толмағандар қылмыстық әрекеттерге көптеп тартылды, олар - жұмыссыздар, бағдарын жоғалтқан жастар ұйымдасқан қылмыскерліктің «сарбаздарына» айналды.

Ұйымдасқан қылмыскерлік барлық қылмыскерлік үшін қуатты жүйе құрушы факторға айналды.

Ұйымдасқан қылмыскерлік өзінің халықаралық байланысын дамытып және әрекет ету аясын жақындастырып, сонда-ақ радиоактивтік және басқа да қауіпті заттарды қолдану үрейін тудырып терроризмге жиі жүгінуде, ол өзіндік өмір сүру режимі бар жекелеген мемлекетке және қоғамға емес, барлық мәдениеті мен басқа құндылықтарын қоса алғандағы әлемдік өркениетке қауіп төндіруде. Сол себепті трансұлттық ұйымдасқан қылмыспен күрес проблемасы бірінші кезекте тұр.

Қылмыскерліктің өзгеруі онымен күрес жөніндегі заңнамаға біршама өзгеріс енгізуді талап етті, ол осы кітаптың басқа оқу курстарында баяндалған.

## 7-тарау. Қылмыскерліктің детерминациясы және себептілігі

*§1. Қылмыскерліктің себептерін зерделеудің маңызы.*

*§2. Қылмыскерлік детерминациясы ұғымы және оның процестері.*

*§3. Криминологиядағы себептілік ұғымы.*

*§4. Себептілікті әлеуметтік орта мен жеке бастың өзара әрекеттестігі ретінде қарау.*

*§5. Қылмыскерлік себептері мен жағдайларының диалектикасы.*

*§6 Шектеулі детерминизм шегінде зерделеу.*

### **§1. Қылмыскерлік себептерін зерделеудің маңызы**

Қылмыскерлікті зерделеу кезеңі мен қылмыскерлікпен күресуді ұйымдастыру кезеңі арасында қылмыскерліктің детерминациясы мен себептілігін айқындау кезеңі міндетті түрде болады.

Қылмыскерлікті түр-түрімен, оның нақты жағдайларда пайда болуын жан-жақты түсіндіріп беретін қандай да бір жалпы, «негізгі», «басты» себептер жоқ<sup>22</sup>. «Барлық уақыт пен халықтардың» қылмыскерлігінің ортақ кейпі де жоқ. Қандай да бір «себептердің әмбебап каталогын» жасау да мүмкін емес.

Қылмыскерліктің себептеріне баса мән бермеу немесе ол жайында аса қолданбау соңғы уақытқа дейін кеңестік криминологияда да орын алды. Кейбір ғалымдар зорлыққа себеп: «әртүрлі сипаттағы дүниеқорлық», «буржуазиялық меншікқұмарлық психология» деп санады.<sup>23</sup>

Криминологиялық әдебиетте неғұрлым көп таралған, қылмыскерлікті туындататын әдеттегі мән-жайлар туралы мәліметтер келтіріледі. Бірақ өзінің әр түрлі көрінісінде және үйлесімінде бұл мән-жайлар қылмыскерліктің саналуан түрін туындатуы, оның сапалық және сандық сипаттамаларын әр түрлі анықтауы мүмкін. Сондықтан да әр түрлі аймақтадағы адамдардың нақты өмір тірлігінің жағдайын, сол жағдайлардың өзгеруін, сондай-ақ қылмыскерліктің соған дейінгі күйін әр уақытта талдау керек.

Қандай да бір мән-жайдың қылмыстық іс-қимылмен байланысын жай көрсету ғана емес, сол байланыстың сипатын

айқындаудың да маңызы зор, мысалы: өзінің қандай нақты көріністерінде, қандай өзге факторлармен жиынтығында және қандай ситуацияларда қандай мән-жай қылмыстық іс-қимыл тудырады. Міне, осы ғана орын мен уақыттың нақты жағдайларын ескеріп алдын алу шараларын мақсатты даярлауға мүмкіндік береді.

## § 2. Қылмыскерлік детерминациясы ұғымы және оның процестері

Детерминация – «дерминант», «детерминдеу» сөздерінен туынды ұғым. Латынның *determinare* сөзі «анықтау» дегенді білдіреді. «Детерминация» - *белгілеу, анықтау процесі*. Бұл жерде әзірге өзара байланыстың әр қилы түрлері бөлініп алынбайды. Детерминанттар, немесе «мән-жайлар», «факторлар» туралы себептер мен жағдайлар үшін біріктіруші терминдер ретінде айтады.

Қылмыскерліктің детерминация процесі байланыстардың әр түрлі формаларының күрделі өзара әрекеттесуі болып табылады: ол күйдің және өзгелердің тек себептік қана емес, сонымен қатар функционалдық, статистикалық байланыстары. Олардың саны отыздан асады.

*Функционалдық тәуелділік* объективтік сәйкестікті, өмір сүрудегі параллелизмді және үшінші факторға тәуелді болуы мүмкін екі фактордың өзгергіштігін көрсетеді. Мысалы, аймақта жұмыссыздықтың көбеюі қажетті мұқтаждықты қанағаттандыру үшін ұрлау санының өсуіне және сатып алушылық сұранымның төмендеуіне алып келеді. Сатып алушылық сұранысының төмендеуі мен ұрлықтың көбеюі өзара себептік емес функционалдық байланыста болады: бұл екі құбылыс та жұмыссыздықтың туындылары.

Статистикалық байланыста бір фактордың таралу сипатының өзгеруі екінші фактордың өзгеруіне тәуелді болады, мысалы, халықтың санының артуына қарай қылмыс санының көбеюі.

Статистикалық байланыстағы жеке жағдай – *корреляциялық тәуелділік*. Факторлардың, құбылыстардың орташа мәні негізге алынады. Егер бір құбылыстың таралуы екінші құбылыстың таралуына тіке пропорционал болса корреляцияда оң сипат, ал



теріс пропорционал болса – теріс сипат болады. Корреляция коэффициентінің мәні 0-ден 1-ге дейін болады, ол 1-ге жақын болған сайын құбылыстар арысындағы байланыс та күшті болады.

Бірақатар аймақтарды зерттегенде жалпы қылмыскерлік пен кәмететке толмағандар қылмыскерлігінің ( $K= 0,838$ ), сондай-ак жалпы қылмыскерлік пен жұмыс істемеген және оқымаған адам қылмыскерлігінің ( $K= 0,665$ ) коэффициенттерінің үлкен екендігі айқындалды. Басқа аймақтарда бұл коэффициенттер едәуір төмен – 0,475. Ол дегеніміз – бұл жердегі қылмыскерліктің жұмыс істемеген және оқымаған адамдардың қылмыскерлігіне тәуелді емес екендігін білдіреді.

Корреляциялық тәуелділік іздеудің нақты саласын анықтайды, ол себептік байланысты растайды. Бірақ бұл байланыстың тетігін арнайы зерттеу керек. Жалпы қылмыскерліктің, кәмететке толмағандар қылмыскерлігінің және жұмыс істемегендер мен оқымағандар қылмыскерлігінің арасындағы жоғары корреляциялық коэффициент аймақтың кәмететке жетпеген жастарының бір бөлігінің, оның ішінде қылмыс жасайтындардың белгілі бір тірлікпен айналыспайтындығын көрсетеді. Ал, мұндай жағдай неге болады, ол сол кәмететке толмағандардың немесе жұмыссыздардың өз позицияларына байланысты ма, мұның бәрі қылмыскерлікпен қалай байланысты – бұлар терең талдауды керек ететін мәселелер.

*Күйлер байланысының* сипаты сонда – белгілі бір құбылыстың белгілі бір жағдайдағы сол кездегі күйі сол құбылыстың басқа кездегі күйін қалайда анықтайды. Мысалы, кәмететке толмағандар саны басым қаладағы қылмыскерлік, егер онымен күрестің тиімділігі төмен болса, бара-бара рецидивтік қылмыскерліктің өріс алуына әкелуі мүмкін.

*Қылмыскерліктің қандай да бір басқа құбылыспен немесе процеспен өзара байланыстық фактісін айқындауды жеткілікті деп санауға болмайды. Одан кейін өзара байланыстың сипатын анықтап тұру керек.*

Диалектикалық детерминизм тұжырымдамасында әмбебап өзара әрекеттестік принципі негізге алынатын принциптердің бірі болып табылады. Өзара әрекеттестікке сілтеме жасай салу еш нәрсе де бермейді. Оның тараптарын, оны жүзеге асыру процесін

талдау, сондай-ақ өзара әрекеттесудің тараптары қалай өзгеретіндігіне баға беру керек.

*Себеptілік - әмбебап өзара әрекеттестік формаларының бірі ретінде, детерминацияның генетикалық байланысын ғана білдіретін түрлерінің бірі ретінде қаралады. Себепке түсініктеме бергенде қандай мән-жайлардың ықпалынан қылмыскерлік болатындығы анықталады, ал ауқымды детерминистикалық көзқараста қылмыскерлік жай ғана болмайды, қандай да бір сипаттама мен белгілі бір формаларда болатындығы анықталады.*

Нақты қылмыстың себептері - ол қылмыс жасауы үшін субъектінің ынтасын қоздыратын пәрменді күштер.<sup>24</sup>

Кең детерминдік тұрғыдан алғанда қылмыскерлік қандай да бір факторлардың біржақты ықпалының емес, күрделі, көпқырлы детерминацияның, оның ішінде өзін-өзі детерминдеуінің нәтижесі ретінде саналады.

*Қылмыскерлікті қоғамның детерминдеуінің жалпы тетігін, оның өзін өзі детерминдеуін және оны тудырған қоғамға қарсы ықпалды схема жүзінде былай беруге болады:*

1) қарама-қайшылығы, проблемалары бар қоғам, егер әлеуметтік басқаруда қателіктер кетсе қылмыстық емес сипаттағы теріс әлеуметтік ауытқулар тудырады;

2) күрес жеткіліксіз болған жағдайда бұл әлеуметтік ауытқулар, басқа әлеуметтік факторлармен өзара әрекеттесе отырып, қылмыскерлікке, оның дамуына себепкер болады;

3) қылмыскерлікпен тиімсіз күрес оның жаңа күйіне – «Қылмыскерлік – 1» -ге алып келеді, нәтижесінде бұл қылмыстар ауырырақ сипаттамаларға ие болады, оларда ұйымдасқандық және кәсібилік сипат күшейеді. Мысалы, ұйымдасқан қылмыстық әрекеттің бір түрі – порно-, нарко-, алкобизнес;

4) қоғамдағы келеңсіз әлеуметтік ауытқулар күшейеді. Халықтың белгілі бір бөлігі есірткіге, ішімдікке, жезөкшелікке тартылады, бұл әрекеттерді «жан рахаты» деп дәріптейтін жарнамалар көбейеді. Мұндай жағдайларда көптеген келеңсіз әлеуметтік ауытқулар күш алады, олар жаңа сипаттамаға ие болады;

5) мұның бәрі қоғамның сипаттамасына ықпалын тигізеді. Мысалы, ірі криминалдық байлықтың иелері өз табыстарымен көзге түсе бастаған кезде олар сол қаражатты өздерінің қажеттігіне жарата бастайды. Екінші жағынан сол криминалдық

табыстың иелеріне ашық қарсы шығатын адамдар да көбейе бастайды, олар қастандық жасап мүлікті жоюы, немесе бәлендей бір күш жұмсап оған қарсы әрекетке баруы мүмкін. Қоғам мұндай жағдайларда жаңа сипаттама алады және қылмыскерлік кең таралған «Қоғам – 1» «күйіне» көшеді.

Ары қарай бұл процесс әр түрлі нұсқаларда жалғасын табады.

*Қылмыскерлік детерминациясын зерделегенде элеуметтік детерминизмнің ерекшелігін есепке алу керек. Оның басты айрықшылығы сонда – қоғамдағы барлық байланыстар адамдар арасындағы қатынастар, яғни мақсатты байланыстар түрінде көрініс табады, сондықтан криминологияда адамға қатысты сыртқы орта мен адамдардың өзара әрекеттестігіне баса назар аудару керек.*

### §3. Криминологиядағы себептілік ұғымы

Орыс тілінде «келтіру (причинять)» сөзі бірдемені «өндіру» мағынасында қолданылды. «Себептілік» - бұл заттар мен құбылыстар байланыстарының бір түрі, бұл - өндіруші, немесе басқаша айтқанда «генетикалық» байланыс, яғни қандай да бір құбылыстың, процестің туындау фактісін анықтаушы байланыс. Себептілік туралы айтқанда «себеп және салдар», «себептік-салдарлық байланыстар», «себептік тізбектер», «себептік кешендер» және басқа да санаттар пайдаланылады.

*Себептік байланыстардың айрықша ерекшелігі мынада: біріншіден, себеп әрекетке апарады, одан салдар туындайды. Себептен әрекет туындауы үшін қандай да бір жағдайлар болуы тиіс, бірақ бұл жағдайлар өздігінен салдар әкелмейді.*

Қылмысты көзімен көргендердің енжарлығы – қылмыс нәтижесінің ойдағыдай болуының жағдайы, бірақ қылмыстың себебі емес.

*Себептің әрекет ету аймағы, ол, бәрінен бұрын, сылтаурату және шешім қабылдау кезеңдері.* Нақты тәсілді таңдау (қорқытып талап ету немесе алаяқтық), қылмыстық қастандық жасаудың нақты объектісін таңдау және іс-әрекеттің өзге де бірқатар сипаттамалары едәуір шамада жағдайлармен анықталады (әр түрлі объектілердің күзетілу жағдайы, криминалдық дағдының бар-жоғы және т.б.).

Екіншіден, себептер мен салдарда уақыт бойынша кезектілік бар. Себеп уақыт бойынша әрқашанда салдардан бұрын келеді, бірақ ол уақыт аралығы кейде мүлде аз болуы мүмкін. Сондықтан да қылмыскерліктің әлеуметтік салдарларын оның себебі және оның өзгеруінің себебі деп қабылдамау керек.

Үшіншіден, салдар сол себептің себебі бола алмайды. Мысалы, қылмыскерліктің жаңа күйі қоғамның жаңа күйін тудырады, ал қоғамның мұндай жаңа күйі өз кезегінде, бұрынғы қылмыскерлікті емес, жаңа сипаттамасы бар басқа қылмыскерлікті тудырады. Төртіншіден, себеп пен салдардың бірмағыналы қатынасы бар: бірдей себептің бірдей жағдайдағы әрекеті бірдей салдар әкеледі.

Бесіншіден, себепті салдармен біріктіруге болмайды. Салдар себепті қайталамайды. Ол – объектінің қайта құрылуының, өзгеруінің нәтижесі. Егер, мысалы, мекемеде іс-қағаздарын жүргізу нашар болса, кадрлар бетімен кетсе және олардың біліктілігі төмен болса, онда бұл мекемеде парақорлық жаппай сипат алғанға дейінгі жағдай осындай болған деп санау керек. Жағдайдың нашарлауына парақорлар өз үлесін қосқан, олар жоғары білікті және тәртіпті қызметкерлерді жұмысқа алмаған немесе жұмыста ұстап қалмаған.

*Криминологтардың жұмыстарына жасалған талдама оларда себептілікті түсінудің төрт тәсілі бар екендігін көрсетеді.* Оның әрқайсысы өзіндік рөл атқарады және олар криминологияның дамуының белгілі бір кезеңдеріне тән. Әр түрлі авторлардың әр түрлі кезеңдердегі жұмыстарын оқи отырып осыны ескеру керек.

*Бірінші тәсіл «кондиционалистік», немесе «жағдай» деп аталады.* Латынның *conditio* сөзі - жағдай, талап дегенді білдіреді. Сол салдар үшін қажетті және жеткілікті жағдайды немесе салдар орын алған мән-жайлардың жиынтығын себеп деп ұғыну керек. Әңгіме бұл жерде себептер мен жағдайлар жайында емес, мән-жайлар мен факторлар жайында.

Көптеген криминологтардың еңбектерінде қылмыскерлікке ықпал ететін көптеген факторлар көрсетілген. Г.М.Миньковский олардың санын бірнеше жүзеге апарды. Және де, талданып отырған жиынтыққа қарай «толықтай себеп» және «ерекше себеп» болып бөлінеді.

Бұл, іс жүзінде, *факторлық немесе конфакторлық деп аталатын тәсіл*, бұл ретте сипаты жағынан әр түрлі әлеуметтік құбылыстар жайында сөз болады.

Көпфакторлы тәсілде ежелгі тарих бар. Ол әр түрлі факторлардың қылмыскерлікпен өзара байланыс тетігін талдауды керек етпейді, яғни ол үшін факторлар мен құбылыстардың өзара себептік, функционалдық немесе өзгедей байланыста болғандығының маңыздылығы жоқ.

Осындай тетікті ескерудің қажеттігін ұғынғанның нәтижесінде «дәстүрлі тәсіл» деген пайда болды: қылмыстың, қылмыскерліктің себебі сыртқы күш көрсетілетін ықпал болып табылады. Криминологияда мұндай ықпал тек қара күш жұмсау емес, әр варианттағы психикалық қысым деп те ұғынылады. Нақты қылмыстың немесе қылмыстың жекелеген түрлерінің себептерін талдағанда, көбіне, дәстүрлі тәсілге кезігіміз.

Ол ғылыми түсініктемеге ғана емес, «күнделікті жай» қатынастарға да тән. Мысалы, ата-аналар балалары жайында мынадай сөздерді жиі айтады: «балам жақсы, оны қылмысқа итермелеген жолдастары», немесе «төбелесті бастаған жәбірленушінің өзі». Бұл тәсіл қылмыскерлікті әлеуметтік құбылыс ретінде талдағанда қолданылады. Мысалы, жәбірленушінің виктимдігі қылмыскерліктің себептерінің бірі ретінде қаралады. Бұрын аталып өткендей, виктимология – жәбірленуші туралы ілім. «Неміс ғалымдарының жүргізген зерттеулері бойынша кісі өлтіру оқиғалары бойынша қылмыскер мен жәбірленушінің арасында субъектілік-объектілік қатынастар 80%-нде, ал денсаулыққа зиян келтіру мен зорлау қылмыстары бойынша 70%-нде тән болған. Ал қарақшылық жасау әрекеттері бойынша мұншалықты жоғары көрсеткіш тән емес, әдетте олардың жәбірленушісі бейтаныс адамдар болады»<sup>25</sup>.

Дәстүрлік тәсілді криминологияда қолдану таза түрінде байқалған жоқ, себебі ол сыртқы ықпал қайдан болады деген сұраққа жауап берген жоқ. Бұл тәсілдің құндылығын эксперимент жүргізгенде байқауға болады дейді философтар.

*Үшінші тәсіл – дәстүрлік-диалектикалық.* Бұған сәйкес осы салдарды туындататындардың барлығы себеп болып саналады. Мұндай тәсіл көптеген авторлардың жұмысында кездеседі.

Дәстүрлік-диалектикалық тәсілмен қылмыскерліктің «тікелей» немесе «жақын» себептері ұғымы байланысты.

Бірқатар авторлар оны субъективтік кезбен – қоғамдық психологиямен, адамның жеке басының сипаттамасымен байланыстырды. Осыған байланысты проф. И.С.Ной қылмыс жасаушы адамның генетикалық ерекшеліктерін ескеру керек деп жазды.

Факторлардың себептік ықпалының реттілігі сөз болады, олар адамға қатысты сыртқы және ішкі болып бөлінеді.

Адам сипаттамаларының дербес рөлі атап көрсетіледі: барлық сыртқы ықпалды адам қабылдайды, олар жайындағы ақпаратты өзінде қалыптасқан қасиет арқылы «өңдейді». Адамның белсенді мақсатты қызметке ерекше қабілеттігі ескеріледі. Объективтік және субъективтік факторлар бөліп алынады, олардың ықпалы жүйелі және біржақты деп түсіндіріледі: адамдардың материалдық тұрмыстық жағдайы қоғамдық сананы анықтайды, ал ол өз кезегінде қылмыскерлікті анықтайды. Қоғамдық психологияны немесе жеке адамның санасын қылмыскерліктің тікелей, жақын себептері деп санау осыдан барып туындайды.

Басқа сөзбен айтқанда, қылмыскерліктің себептілік схемасын осы қаралған үш тәсілдің шеңберінде былайша көрсетуге болады:

**«Кондиционалистік» немесе «жағдайлық» тәсіл схемасы**



**«Дәстүрлік» тәсіл схемасы**



**«Дәстүрлік-диалектикалық тәсіл» схемасы**



Соңғы тәсілдің артықшылығы бар, бірақ ол қылмыстық іс-қимыл ситуациясында сыртқы жағдайдың да, адамның жеке сипаттамасының да бір уақытта көрініс табатынын есепке алмайды. Басқа сөзбен айтқанда қылмыстық іс-қимылға адамдардың санасында бұрыннан орын алып, сонда өзінің ізін қалдырған сыртқы орта ғана емес, сол криминалдық іс-қимыл жағдайында, адам үшін тосыннан, дайындық жоқта пайда болып әрекет жасай бастаған жаңа орта да ықпал етеді.

*Төртінші тәсіл – «интеракционистік», немесе өзара әрекеттестік тұрғыдан.* Қылмыстық іс-қимылдар мен қылмыскерліктің себебі, ол – әлеуметтік орта мен адамның жеке басы арасындағы өзара әрекеттестік.

Криминолог адам, қоғам сияқты өзін өзі басқаратын жүйелермен айналысады. Өзін өзі басқару процестерінде, іс жүзінде, сыртқы фактордың ықпалы салдардың материалдық себептерінің ішкі қасиеттері арқылы жай өзгеріп қана қоймайды, жоспарлы және бағытты бақыланады, өзін өзі басқаратын жүйенің ішкі заңдарына сәйкес өзгереді, ішкі туындататын бастаумен үйлеседі.

Ішкі де, сыртқы да себептер бір уақытта туындататын да, әрекет ететін де болып табылады.

#### **§4. Себептілікті әлеуметтік орта мен жеке бастың өзара әрекеттестігі ретінде қарау**

Жалпы, әмбебап өзара әрекеттестік, ол - әр түрлі жұп заттардың, құбылыстардың жиынтығы. Жұп өзара әрекеттестік себеп деп қаралады, ал осы өзара әрекеттестіктер нәтижесінде заттардың, құбылыстардың өзгеруі – салдар болады.

Өзара әрекеттестік белсенді және енжар тараптардың екібірлігімен, олардың бірін-бірі толықтыра алатындығымен сипатталады. Бұл ретте мыналар жіктеліп алынады: 1) сыртқы және ішкінің өзара әрекеттестігі: әлеуметтік орта мен жеке адамның; 2) ішкі өзара әрекеттестік, яғни сол жағдайда: а) адамдардың экономикалық, саяси, әлеуметтік және рухани өмір жағдайларының өзара әрекеттестігі немесе б) сол адамдардың әр түрлі сипаттамаларының өзара әрекеттестігі (мұқтаждықтарының, мүдделерінің, құндық бағдарларының,

мақсаттарының және т.б.). Атап айтқанда дәл осылар генетикалық тұрғыдан қылмыскерді қалыптастырады.

Әлеуметтік орта мен жеке адамның, әсіресе белгілі бір жағдайлардағы (схемадағы рамка) өзара әрекеттестігі ғана жеке немесе жаппай қылмыстық іс-қимылдың себептілік процесін (туындауын) білдіреді. Мұндай өзара әрекеттестік жаңа күйге алып келеді: әлеуметтік орта қылмыскерлікті қамтиды, ал адам қылмыскерге айналады.

Бұл себептік өзара әрекеттестікте мыналар бөлініп алынады:

а) оған қатысатын екі тараптың - әлеуметтік орта мен жеке адамның сипаттамалары;

б) өзара әрекеттестік процесінің өзі, оның қалай жүретіндігі және қандай екендігі (қоғамдық тәртіп нашар қорғалған, қаржы бақылауы жеткіліксіз жағдайда, немесе құқық қорғау және бақылаушы органдардың жұмысы жақсы жағдайларда, немесе криминалдық құрамалар іскерлерінің тарапынан тиімдірек бақылау жағдайында бақылаусыз өзара әрекеттестік).

Кең ұғымда алғанда қоғамдағы, мемлекеттегі әлеуметтік бақылаудың, оның ішінде бақылау және құқық қорғау қызметтерінің күйі криминология тұрғысынан маңызды болып табылады.

Өзара әрекеттесу тараптарын сипаттайтын мәліметтерді бірімен бірі қатар тұрған деп емес, орын мен уақыттың нақты жағдайларында, бір процестің шеңберінде біріне бірі өзара ықпал етушілер деп есепке алу керек. Бұл ретте жетекші тарап - әлеуметтік орта ерекшеленеді.

Өзара әрекеттесу шеңберінде жеке қылмыстық іс-қимылдың, қылмыскерліктің, оның жекелеген түрлерінің себептерін талдау жүреді.

Қылмыскерліктің себептерін зерделегенде жалпы әлеуметтік орта мен халықтың, оның ішінде көп таралған жеке адамдардың әр түрлі типтерінің өзара әрекеттестігі талданады.

Мысалы, криминологтар, аймақтағы қылмыскерліктің етек алғандығын талдағанда адамдардың өмір тұрмысын ғана емес, халықтың сипаттамасын да анықтайды: ондағы маскүнемдікпен айналысатын, есірткі қолданатын, немесе тұрақты табыс көзі жоқ адамдардың үлестік салмағын анықтайды.

Сонында бір-екі мән-жайды айта кету керек.




Біріншісі – криминологиядағы себептілікті ұғынудың «интеракционистік тәсілі» «интеракционистік теория» деп аталатыннан өзгеше, бұл соңғы адамның қылмыстық іс-қимылына оның бұрынғы қылмыстық іс-қимылын айқындау фактісінің, оған қылмыскер деп «жаман ат» тағудың ықпал ету кезін ғана қарайды. Яғни, кейбір шетелдік авторлардың айтуынша, адамға қандай да бір ат тағылса, ол біртіндеп оған сәйкестене бастайды.

Бұл мәселе адамның арғы қарайғы іс-қимылына оның қылмыс жасаған фактісінің ықпал етуі тұрғысынан алғанда маңызды.

Екінші мән-жайдың мазмұны мынадай: қылмыскерліктің әр түрлі мән-жайлардың өзара әрекеттестігімен байланысының ежелгі тарихы бар. Мұндағы жаңалық сол – себептер жалпы өзара әрекеттестік-детерминация шеңберінде жеке қарастырыла бастады. Бұл ретте тәсіл теория жүзінде негізделіп қана қойған жоқ, сонымен қатар қылмыскерліктің және оның себептерінің өзгерулерін, қылмыскерліктің және оның себептерінің аумақтық айрықшылықтарын нақты криминологиялық зерттеулер бір ізділікпен қолданылды.

#### «Интеракционистік» тәсіл схемасы



#### § 5. Қылмыскерліктің себептері мен жағдайларының диалектикасы

Бір құбылыстарды себеп деп, басқа біреулерін жағдай деп санауда салыстырмалық сипат бар. Құбылыс өзара әрекеттестіктің бірінде себеп болуы, екіншісінде жағдай болуы мүмкін.

Кейбір мән-жайларды, тіптен өте теріс болса да, қылмыстың себебі деп айта салуға болмайды. Оның жеке адамдардың әр

түрлі типтерімен өзара әрекеттестігі мүлде қарама-қарсы нәтижелер беруі мүмкін. Егер қылмыстық іс-қимылды мүлде ұнатпайтын адам объектінің нашар күзетілетінін байқаса ол күзеттің дұрыс болуына ат салысады. Ал, қалайда баюға бағдар алған адам үшін күзеттің нашарлығы криминалдық іс-қимылға барудың себебі болады.

Дегенмен, басқа жағдайларға қарағанда адамдарды қылмысқа жиірек апаратын мән-жайларды бөліп алайық. Мұндай мән-жайларды «криминогендік» деп атайды, оларда қылмыстық әрекетке баруға мүмкіндік мол. Заңды іс-қимылға итермелейтін, қылмыс жасауды қиындататын мән-жайларды «антикриминогендік» деп атайды. Оларды осылай бағалаудың өзі де салыстырмалы. Мысалы, антикриминогендік факторлардың қатарында, әдетте, жұмыссыздықтың жоқтығын атайды. Көптеген зерттеушілердің тұжырымына сүйенсек, жұмыссыздық, жұмыс бастылыққа қарағанда, қылмыскерлікпен жиірек байланысты. Бұдан, толықтай жұмыс бастылықты антикриминогенді деп айтуға бола ма? Егер салақ жұмыскер өз жұмысын қастерлемесе, кадр тапшылығы кезінде кәсіпорын әкімшілігімен қырғиқабақта болса, нәтижесінде сапасыз тауар шығарылса, қосыл жазу орын алса, басқа да шаруашылық қылмыстары жасалса – оны не дейміз?

*Себеп жағдайлармен өзара әрекеттестікте ғана себепке айналады.* Парақорлыққа бағдар алған тұтыну жүйесі, құндылық бағдары, мақсаты бар адам болғанмен қызметкерлердің әрбір әрекеті жіті бақыланса ғана қылмыстық іс қимыл да, тиісінше оның себептері де болмайды.

Сонымен қатар, объектілер күзетінің нашарлығы ол объектіге көз тігіп жүрген адамдар болмаса немесе сол адамдарға ұрлаған мүлікті сату, қылмыс ізін жасыру және т.б. жөнінде басқа субъектілер тарапынан көмек болмаса, өздігімен қылмыстық іс-қимылды тудыра алмайды.

Басқа сөзбен айтқанда, жеке алынған фактор: ситуация немесе адам сипаттамасы өздігінен қанша теріс болса да, оларды қылмыстық іс-қимылдың, қылмыскерліктің себебі деп бағалауға негіз бола алмайды. Бұл жерде тек қылмыстың *формальдық мүмкіндігі* ғана бар, яғни қылмыстың болу-болмау мүмкіндіктері бірдей.

Бірмағыналы детерминизм концепциясы туғанынан қылмыскер, қандай да бір адамның «қауіпті күйі», сондай-ақ криминологиядағы қылмыскердің жеке басын зерделеуден мүлде бас тартатын, зерделеуді сыртқы орта факторларымен ғана шектейтін тұрпайы-социологиялық тәсіл теорияларының әр түрлі варианттарының негізі болып табылады. Ол диалектикалық детерминизмді ұғынудағы формальдық мүмкіндікті мойындамайды. Нақты мүмкіндік, яғни формальды мүмкіндікке қарағандағы жоғарғы деңгей, белгілі бір салдарлардың болуы - мүмкіндіктерді міндетті түрде жүзеге асырумен байланыстырылады. Осы негіздерде, мысалы, құқық бұзуға бейімділігі бар адамдарды алдын ала қамауда ұстау жөнінде нақты жобалар жасалады. Ал, бейімділік пен құқық бұзушылық жасау екі бөлек құбылыс. Алдын алу және құқық қорғау шараларын қолданудың негіздерін ажырату керек.

Қылмыскерлік себептерінің интеракционистік концепциясы нақты өмірден күрделі емес. Ал теорияда ситуацияны оңайлату практикада бекерден-бекер күш пен құрал жұмсауға алып келеді.

Сондықтан да, жоғарыда көрсетілген себептік кешендерді, әр түрлі өзара әрекеттерді жіктеу үшін себептер мен жағдайлардың шегін ажырату қажеттігі туындайды.

Сонымен, криминология қылмыскерліктің диалектикалық детерминациясын себептіліктен бөліп алып зерделейді.

## § 6. Шектеулі детерминизм шегінде зерделеу

Криминологияның жан-жақты ғылым еместігі, ал криминологтың өмірдің барлық көп қырлы құбылыстарын толық зерттей алатын әмбебап маман еместігі жайында бұрындары айтылған болатын. Ол экономисті, саясат танушыны, социологты, психологты және басқа мамандарды алмастыра алмайды. Басқа сөзбен айтқанда, оның құзырының шегі бар. Ол қандай?

Криминолог қылмыскерліктің детерминациясы мен себептілігін «жарым-жартылай детерминизм» шеңберінде зерттейді. Яғни, детерминант философиялық мағынада әдейі толық емес және салыстырмалы толықтыққа ғана, яғни тиісті ғылымның заты мен әдісіне ғана қатысты ашылатын жағдайда зерттейді.

Криминолог қылмыстардың нашар ашылу себептерін, жедел-іздістіру қызметіндегі олқылықтарды терең зерттемейді.

Тиісті ақпараттарды ол басқа мамандарға хабарлап, олардың тереңірек зерттеуі жөнінде мәселе көтереді.

*Тек криминолог қана барлық себептік кешендер, қылмыскерлікті тікелей детерминдейтін басқа да өзара байланыстар жөнінде дереу ақпарат алады. Ол қылмыскерліктен асып, тереңірек байланыстарға өткен сайын басқа мамандардың көмегіне көбірек жүгінуге немесе «эстафетаны» оларға беруге тиіс.*

Криминолог зерттеуді шектеулі детерминизм шеңберінде жүргізіп отырғандығын мойындауы тиіс. Бұл ретте ол себептік-салдарлық байланыстардың жүзеге асырылуы әр түрлі жағдайларда болатындығын мойындау керек.

Мыналарды ескерген жөн:

*Біршама оқшаулау жағдайды*, ол барлық локальдық өзара әрекеттестік (мысалы, жеке адам мен микроорта) неғұрлым ауқымды әлеуметтік өзара әрекеттестіктің элементі екендігін білдіреді және оның заңына бағынады;

*Ішкі біртекті емес жағдайды*, бұл ретте өзара әрекеттесу элементтері бірдей емес, олардың біреуі белсенді рөл атқарады және анықтаушы болып табылады (әлеуметтік орта), ал басқасы – туынды (адамның жеке басы);

*Ішкі ұйымдастыру және тұрақтылық жағдайды*, бұл ретте криминологиялық тұрғыдан маңызы бар өзара әрекеттестіктер әр түрлі дәрежеде болады, ал қылмыс өзін бірқатар өзге мән-жайларға байланысты едәуір шамада көрсете алатын процестің нәтижесі бола алады;

*Орта жағдайын*, ол әлеуметтік орта мен адамның жеке басының нақты өзара әрекеттестігін қоғамның белгілі бір даму деңгейімен байланыстыруды және әр түрлі типтегі ортаның, оның ішінде, статистика бойынша қылмыстық іс-қимылды көбірек беретін ортаның қоғамда туындау тетігін көруді талап етеді;

*Мөлшер жағдайын*, бұл ретте нақты туғызу жағдайы белгілі бір сапалық мөлшерге жеткеннен кейін ғана сондай болады, мысалы, Ф.Энгельс атап өткендей, азғындаудың қылмыстық іс-қимылға айналу процесіне қатысты алсақ;

*Детерминацияның толықтық жағдайын*, ол әр түрлі жұптың өзара әрекеттестігін оқшау қарау мүмкіндігін дұрыс бағалауды,

сондай-ақ детерминацияның қандай да бағытын (саяси немесе экономикалық) бөліп қарауды талап етеді.

Криминолог өзінде бар материалдың толықтығын әрқашан дұрыс бағалауға және тиісінше: а) қылмыскерлікпен күресте бірден ескерілуі мүмкін; б) басқа мамандардың тиісті ақпаратты тереңірек зерделеуі үшін оларға алдымен берілетін тұжырымдамаларды жіктеп бөлуге міндетті.

Кейде криминологтардан бірмағыналы тұжырымдар мен табанасты ұсыныстар күтеді. Егер криминолог осы үміттердің жетегінде кетсе, ол тапсырыс берушілерге сапалы ұсыныстар бере алмайды. Бірақ криминологсыз қылмыстық іс-қимыл мен қылмыскерлікті тікелей детерминдейтін өзара байланыстардың барлық жиынтығын бірден айқындау және жұмысқа тағы да қандай мамандар тарту керектігін анықтау мүмкін емес.

## 8-тарау. Қоғамды криминологиялық зерделеу

*§1. Қоғамға криминологиялық зерделеудің заты ретінде қарау.*

*§2. Әр түрлі деңгейдегі әлеуметтік ортаны криминологиялық талдау.*

*§3. Өмір тірлігінің негізгі өрістерін бөліп алу және олардың ерекшеліктерін ескеру.*

*§4. Қоғамды оның сипаттамалары мен динамикасының өзара әрекеттестігінде зерделеу.*

*§5. Әлеуметтік бақылау.*

### **§1. Қоғамға криминологиялық зерделеудің заты ретінде қарау**

Қылмыстың себептілігін зерттегенде әлеуметтік фактор – адамдар қоғамы, ал детерминацияны зерттегенде – орта өзінің әлеуметтік, ғарыштық, экологиялық және өзге сипаттамаларымен қоса бөлініп алынады.

Қоғамды криминологиялық талдау процесінде оның екі құрамасы: халық және адамдар қалыптасатын және олардың өмір тірлігі жүзеге асатын әлеуметтік орта шартты түрде жіктеліп алынады.

«Әлеуметтік орта» дегеніміз адамның жеке басын қоршайтын және оның санасы мен іс-қимылына белсенді (тікелей немесе жанама, кенеттен немесе саналы) әсер ететін барлық қоғамдық жағдайлардың, қызметтердің және қатынастардың жиынтығы».

Мына сипаттамалар зерделеу объектісі болып табылады: а) әлеуметтік ортаның; б) халықтың, әр түрлі топтарының, жеке адамның әр түрлі әлеуметтік типтерінің; в) әлеуметтік орта мен жеке адамдардың, олардың әр түрлі типтерінің өзара әрекеттесу процестері мен жағдайлары.

«Әлеуметтік орта» ұғымы мыналарды сипаттайды:

1) белгілі бір кеңістіктік-уақыттық жағдайлардағы (қайта құру кезеңіндегі Қазақстан және т.б.) қоғамдық қатынастардың нақты өзгешелігі;

2) материалдық және рухани сипаттағы тиісті әлеуметтік жағдайлардың кешендігі. Салттар, дәстүрлер, іс-қимылдың стереотиптері, қоғамдық пікір – халық, әр түрлі әлеуметтік

топтар үшін өмірдің материалдық жағдайы, заң сияқты объективтік фактор болып табылады.

Қылмыстан, қылмыскерліктен бастай отырып криминолог әлеуметтік ортаның қылмыскерлікті тудыратын сипаттамаларын табуға ұмтылады және сол сипаттамаларды анықтайды.

Әлеуметтік ортада қылмыскерлікті үдететін күрделі тетік ескеріледі: бір қоғамның өзінде іс-қимылы әр түрлі, оның ішінде қылмыстық та, оған мүлде қарма қарсы да мінез-құлқы бар әр түрлі адамдар қалыптасады, себебі қоғамда адамдар өз мәселелерін әрқайсысы өз жолымен шешеді, әлеуметтік өзгерістерге әркім өзінше көңіл аударады. Басқаны да байқауға болады: әлеуметтік ортаның сипаттамалары өзгерді, ал адамдардың іс-қимылы ортаның бұрынғы күйіне сәйкес болып қала береді, немесе әлеуметтік ортаның болашақтағы, армандаған немесе күтетін жағдайына бағдар алады.

Әлеуметтік орта криминологияда: біріншіден, жеке басты оның әр түрлі типтерінің сипаттамаларымен өзара әрекеттестікте; екіншіден, оның әр түрлі деңгейлері тұрғысынан, үшіншіден, қозғалыста; төртіншіден, өмір тірлігінің әр түрлі салаларының бөлінуі ескеріліп; бесіншіден, қылмыскерлікті салыстырмалы дербес, бүтін құбылыс ретінде шартты бөлу сияқты әдістемелік тәсіл пайдаланылып зерделенеді.

## **§2. Әр түрлі деңгейдегі әлеуметтік ортаны криминологиялық талдау**

Әлеуметтік ортаны криминологиялық зерделегенде адамның метаортасы, макроортасы, орта деңгейіндегі ортасы (діни, әлеуметтік-топтық), микроортасы жіктеліп алынады.

Метаорта – бүтіндей адамдар қоғамының өмір сүруінің белгілі бір кезеңіндегі қоғамдық қатынастар кешенінің нақты өзіншелігі. Бұл – Жер бетіндегі әлеуметтік орта, оның материалдық және рухани компоненттерінің бірлігі, әр түрлі мемлекеттердің, халықтардың, нәсілдердің өздерінің өмірге қажетті материалдық ресурстарымен және мәдениеттерімен бірге әлеуметтік ортадағы өзара әрекеттестігі.

60-80 жылдардың криминологтарының еңбектерінде қылмыскерліктің тереңде жатқан себептерінің қатарына әлемде екі жүйенің – социалистік және капиталистік жүйелердің бар

екендігі, олардың өзара қырғиқабақта екендігі сияқты факторлар жатқызылады. Жаппай қарулану мемлекеттердің қалтасын қақты, нәтижесінде экономикалық тұрғыдан нашарлау социалистік жүйе әлсірей бастады, соңғы кездері оны «нақты социализм» деп атады. Қырғиқабақтық қоғам өмірінің барлық жақтарына, оның ішінде, қылмыскерлікке де ықпалын тигізді. Мұның айқын көрінісі ретінде шпиондықты, Отанға сатқындықты, мемлекетке айрықша қауіпті басқа да қылмыстарды, 30-50 жылдардағы «халық жауларын», 60-70 жылдардағы «диссиденттерді» айтуға болады. Ал, бұл аталған мән-жайлар басқа қылмыстардың күйіне де әсер етті. Мысалы, Қазақстанда, халықтың күнделікті мұқтаждығын қанағаттандырып отырған өнеркәсіп жақсы дамымады, жетілдірілмеді. Нәтижесінде сапалы, жақсы тауарлар тапшылығы туындады, оларды қандай жолмен болса да табуға тырысты, айла-амалға барды, алып-сатармен айналысты.

Қазақстандағы қайта құру мен реформаның нәтижесінде «темір перде» ашылды. Бірақ оның мемлекеттік және кеден шекаралары сенімді қорғалмаған еді. Содан барып ол контрбанда, кеден ережелерін бұзу, валютаны заңсыз алып өту, оның ішінде «наркодолларларды» жуып-шаюдың кең байтақ алаңына айналды. Екінші жағынан, Қазақстанның ұйымдасқан қылмыскерлері халықаралық аренаға шықты.

Бұрындары макроортаға белгілі бір қоғамдық-экономикалық формацияның өмір сүруі шеңберіндегі нақты қоғамдық қатынастардың жиынтығы деп анықтама берілген еді. Енді «дамыған», немесе «өркениетті» елдер, «дамып келе жатқан» елдер және т.б. туралы айтады. Экономикасы дамыған елдерде «аралас экономика» не «әлеуметтік бағдар алған нарықтық экономика» туралы айту қалыптасқан.

«Өтпелі экономикасы» бар елдер тобын бөліп алғанда олардың әрқайсысының ерекшелігін ескеру керек. «Қайта құруға» және реформаларға дейін мұндай елдерде экономикалық, әлеуметтік, саяси және рухани ситуациялар едәуір бөлекше болды.

Бұрынғы социалистік лагерьдегі елдер үшін мыналар ортақ еді: мемлекеттік меншікке немесе Конституцияда айтылғандай – жалпы халықтық меншікке бөлмей-жармай қожалық ету; жеке еңбекті ересек еңбекке жарамды адамдардың жеке табысының бірден-бір көзі деп тану; халықтың көптеген маңызды



мұқтаждықтарын қоғамдық қорлар есебінен қанағаттандыру. Бұл мемлекеттік, қоғамдық мүдделердің жеке мүддеден басымдығын жариялаудың негізі еді, нәтижесінде жеке адамның өмір тірлігінің әр түрлі салаларына және іс-қимылына мемлекеттік, қоғамдық қатаң бақылау орнады.

Капиталистік қоғамда жеке меншіктің үстемдігі, еркін жеке кәсіпкерлікке, бәсекелестікке сенім жоғары. Адамның әл-ауқаты толықтай осылармен байланысты. Оларда жеке адамның мүддесі, оның құқықтары мен бостандығы жоғарғы құндылыққа жатады, жеке қызмет аясына мемлекеттің араласуына шек қойылған, орасан зор көлемдегі меншікті иемденгендер өкімет билігіне бақылау жасай алады.

Бұл жерде әңгіме өркениетті дамытудың екі типі жайында болып отыр. Кең тарихи және әлеуметтік тұрғыдан алғанда оның қайсысы «жақсы» екендігін бағалау криминологтың ісі емес.

Тарихи тәжірибе көрсетіп отырғандай, социалистік елдерде тіркелген қылмыстар саны капиталистік немесе экономикасы аралас, нарықтық елдермен салыстырғанда едәуір төмен еді. Мысалы, 1985 жылы Кф (тіркелген қылмыстық факторлардың 100 мың адамға шаққандағы саны) КСРО –да – 752 (оның ішінде Ресейде – 988), ГДР-де – 681, ал ГФР-де – 6 909, Францияда – 6507, Англияда – 7258, тек Жапонияда ғана – 1328 болды.

Бұл айырмашылықтарды қылмыскерлік латенттігінің әр түрлі дәрежесімен толықтай түсіндіруге болмайды.

Нақты қылмыскерлікті көрсететін статистикада да елеулі проблемалар бар.

Қылмыскерлік қарқынындағы 9-10 есе айырмашылық тек мүліктік қылмыстар есебінен ғана болып отыр.

Бұл жерде қоғамның даму типтерінің ерекшеліктерін ескеру керек. Ресми танылған оппозиция жоқ социалистік қоғамда билік басындағылардың қылмысын әшкерелеу және оларды қылмыстық жауаптылыққа тарту мүмкіндігі жоқтың қасы еді. Социализм тарихында оппозицияны жаныштау соттан тысқары жаппай саяси қуғын-сүргінмен байланысты болады, ал билік өкілдерінің бұл қылмысқа жататын әрекеттері іс жүзінде тіркеуге алынған жоқ.

Нарықтық экономикасы бар қоғам ондай жаппай қуғын-сүргінді бастан кешірген емес.

Ал, социалистік қоғамда нақты іске асқан мақсаттар басында сол қоғамды құрудағы идеалдарға мүлде сәйкес келмейді. Социалистік революция идеологтары, өндіріс құралдарының бәрін қоғамдастырғанмен сол меншікті, әсіресе оның көлемі ұлғайған жағдайда тиімді басқару проблемасын дұрыс шеше алмады.

Мемлекет жалпыхалықтық меншіктің басқарушысы деп қана жарияланды. Бірақ, Үкіметтің, министрліктер мен нақты мемлекеттік кәсіпорындардың өзара қатынастары туралы мәселенің оңтайлы шешімі табылмады.

Азаматтық құқық тәуелсіз меншіккерлердің қатынастарын реттейді. Бірақ, академик А.В.Венедиктов жазғандай, азаматтық айналымның формальды дербес және жекеленген учаскілері арасындағы қ ұ қ ы қ т ы қ қатынастардың біртұтас синдикатталған өнеркәсіптің жекелеген буындары арасындағы ұ й ы м д ы қ – т е х н и к а л ы қ қатынастарға айналу үрдісінің күшейе түскені байқалады. Бұл процесс бір «дербес шаруашылық бірлігінен» (трестен) екіншіге (синдикатқа) т а у а р қозғалысының тұйық шаруашылық кешенінің ішінде өнім қозғалысына айналу процесін көрсетеді. Одан кейін ол заңгерлер мен экономистердің бұл проблеманы тез қолға алу керектігін атап өтті. Ал, өнімнің тұйық шаруашылық кешенінің ішінде өнімнің бұл қозғалысында жекелеген мемлекеттік кәсіпорын шегіндегі бастамалар мен орынды шешімдер мұндай кешенді орталықтан басқарудағы қателіктердің қарымын қайтара алмады. Басқаша айтқанда, жүйеге сенім аз болды.

Айту керек, мұндай алпауыт шаруашылықты басқару тәжірибесі бұрындары болмаған. Тез нәтиже беретін сияқты көрінген әміршілдік-әкімшілік әдістер төтенше жағдайларда ғана өзін ақтады, стратегиялық тұрғыдан тиімсіз болды.

Жаңа шешімдер табылмады, тоқырау құбылыстары басталды, экономикалық тұрғыдан алғанда социалистік жүйенің нарықтықтан осал екендігі айқын байқалды.

Экономиканы күйреткен кәсіпорын, министрлік, ел басшылары ешқандай материалдық немесе өзгедей жауапкершілік көтермеді.

Социалистік қоғамда «әркімнен қабілетіне қарай, әркімге еңбегіне қарай» деген принцип жарияланды. Ал, еңбекті қалай бағалау керек? Осы күнге дейін, оның нарықтық бағасынан басқа,

оңтайлы әдістемелер болған емес. Кейін келе социализм кезінде еңбекті мемлекеттік бағалау негізінде (нормировщиктер және т.б.) және нарықтық деп аталатынмен (шабашниктер) ақы төленді.

Өндіріс құралдарын қоғамдандыру, еңбектің қоғамдық сипаты иемденудің жеке формасымен үйлесті. Бұл, адам басымдылығының нақты жүйесінде – жеке бастың әл-ауқатын қоғамдық қорлар, мемлекеттік және қоғамдық меншік, заңдарды бұзу есебінен қамтамасыз етуде көрініс тапты.

Әсіресе, осы меншікті басқарғандардың өз қызмет бабын теріс пайдалану, олардың өздері үшін материалдық молшылықтың ерекше режимін белгілеу және әлеуметтік игілікке қолын жеткізу жағдайында айқын көрінді.

Еркін бәсекелестікке, жеке басының әл-ауқаттылығына кез келген жолмен жетуге бағдар алған жеке адамның әлеуметтік типін сақтау үшін негіз болды.

Жалақы қорының ең жоғарғы шегін енгізу адамдардың физикалық, интеллектуалдық және басқа мүмкіндіктерінің іс жүзінде тең еместігіне ұласты. Мұның бәрі «көлеңкелі» немесе «қосарланған» экономиканың кең етек алуына себеп болды, ол ресми социалистік қатынастарды біртіндеп мүжі бастады. Халықтың нақты табыс бойынша жікке бөлінуі күшейді, социалистік қатынастар тарлық қылған әлеуметтік топтар ұлғайды.

КСРО-да және басқа елдерде орын алған социалистік жүйе дағдарысқа тап болды. Зерттеу жүргізген криминологтар мұны көрді және ол жайында айтты.

Күшті әлеуметтік бағдарламалар, нарықпен салыстырғанда қылмыскерлік деңгейінің төмен болуы сияқты социалистік қоғамдағы артықшылықтар шешуші рөл атқара алмады. Экономикалық фактор негізгі болып қалды. Экономикалық потенциалдың әлсіреуі қоғам өмірінің барлық салаларында, оның ішінде, ұдайы өсіп келе жатқан қылмыскерлікке әсер ете бастады.

Екінші жағынан, нарықтық экономика қоғамына, капитал үстемдігіне криминологиялық тұрғыдан мүлде «бейім» емес еді. Ол айқын экономикалық контрасттармен, өте жекелену психологиясымен сипатталады. Бұл – жеке меншік, еркін бәсекелестік идеясы үстемдік ететін қоғам. Ал, қылмыскерлік, Ф.Энгельстің бейнелеп айтқанындай, «еркін бәсекелестіктің

негізіне салынған принциптің біртіндеп жүзеге асырылуы ғана». Өте көп кедейлік, жұмыссыздық және баспанасыздық мұндай қоғамға тән көрініс.

Көптеген шетел криминологтары бұл қоғамды «ішінен» зерделей келе, онда күшті криминалдық потенциал, жоғары криминогендік бар екендігін нақты көрсетіп отыр.

АҚШ-тың бұрынғы Әділет министрі Рамсей Кларк былай деп жазды: «Барлығы бірімен-бірі байланысты жаппай қоғам жағдайында мемлекеттік жәрдем - өдмей қалудың елеулі себебі болып табылады, бірақ АҚШ-тағы әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі бұл адамдардың кедейліктен арылу қабілетін төмендетеді, ол үшін аса қажетті болып табылатын ынтасын басады».

Американдық социолог Эдвин М. Шурдың айтуына қарағанда, американдық қоғам, құқықтары тең емес адамдардың қоғамы болғандықтан, ол қылмыстық болып табылады, мұнда қайыршылық және қолайлы экономикалық мүмкіндіктердің болмауы бірінші кезектегі проблемаға айналды. Одан кейін, бұл қоғам шет елдерде жаппай зорлық көрсетумен айналысады; оның мәдени құндылықтарында қылмыскерлікке итермелейтін элементтер бар. Оның пікірінше, американдық қоғам жорықсыз регламентация нәтижесінде қосымша қылмыстар тудырды; «қылмыскерлік проблемасына келгенде «жорықсыз және жарамсыз» принциптерді басшылыққа алады; қайыршылықпен күрес, нәсілдік өзара қатынасты жақсарту бағдарламаларын жете бағаламайды, мәжбүрлеу әдістерін бірінші кезекке қояды.

Қазақстанда қандай экономика – нарықтық па, жоспарлы ма, әлде аралас па – болуы тиіс екендігіне талдама жасамай-ақ мынаны бірден айтуға болады – нарық, еркін бәсекелестік, жеке меншік үстемдігі қылмыскерлікпен тікелей байланысты. Капиталистік мемлекеттерде етек алған қылмыскерлікке қарсы тұрудың, оның одан әрі өсуіне жол бермеудің, әлеуметтік-экономикалық контрастарды бәсеңдетудің тәсілдері ұзақ уақыт іздестірілді. Бірақ, реформа жүргізгенде соңғы мән-жайлар мүлде ескерілмеді немесе онша ескерілмеді.

Өтпелі типтегі қоғамда нақты социализмде де, дамыған социализмде де болмайтын ерекше проблемалар болады.

Криминологиялық зерттеулер көрсетіп отырғандай, қылмыскерліктің тез өсуіне қайта құрудың жүйесіз сипаты әсер етеді. Мысалы, 1992 жылы Қазақстанда кәсіпкерлікті дамыту

үшін «шлюздің ашылуы», жекешелендіру халықтың Жинак банктегі еңбекпен тапқандарының құнсыздануымен қатар жүрді. Содан кейін жұмыссыздықтың өсуі халықтың басым көпшілігінің кедейленуіне, өндіріс көлемінің құлдырауына алып келді, халықтың нашар тұратын топтарына, жастарға әлеуметтік көмек көрсетілмеді. Осы тұста қылмыстық капиталдар жұмыс істей бастады, ал проблеманы іс жүзінде шешудің криминалдық жолы көптеген азаматтар үшін нақты бағдарға айналды. Ал, жұмыссыздықтың етек алуы, ішкі жалпы өнімнің азаюы, басқа да келеңсіз өзгерістер Шығыс Еуропаның барлық бұрынғы социалистік елдері мен Ресейде және Қазақстанда байқалды.

Әр түрлі типтегі макроортаның бұл аталған барлық криминологиялық мәні бар ерекшеліктері қылмыскерліктің себептерін талдағанда ескерілуі тиіс.

Әлеуметтік-мемлекеттік орта - мета-, мегоортаның жағдайына және сол мемлекеттің дамуының тарихи ерекшеліктеріне, оның экономикасына, саясатына, рухани негізіне, тіптен оның геосаяси жағдайына байланысты ерекше феномен.

Қайта құру мен реформа процестерінің әр мемлекетте өзінше ерекшеліктері болды. Мысалы, Германияның жаңа шығыс жерлерінде (бұрынғы ГДР) жекешелендіру процесі Қазақстанға қарағанда өзгеше өтті. Онда қылмыстық табыстарды заңдастырумен күресте батыл шаралар қабылданды. Ал, Қазақстанда реформа жылдары ондай шаралар қабылданған жоқ.

Нақты жүргізілген саясаттың нәтижесінде Қазақстан нарықтық типтегі мемлекеттерді халықтың материалдық тұрмысының бөлшектенуі жағынан, соңғы эгоизм идеясын насихаттау жағынан және қалайда жорықсыз табысты ақтап қалу жағынан тез басып оза бастады. Социалистік мемлекеттер нарықтық мемлекеттердің тәжірибесін емес, нарықтық мемлекеттер бұлардың тәжірибелерін қабылдай бастады. Нарықтық экономика елдері социализм жағдайында қылмыскерліктің алдын ашудың әлеуметтік бағдарламасын қабыл алды (әрине, өздері үшін алуға болатын шекте), ал Қазақстан өкіметі реформа кезінде одан мүлде бас тартты. Аналарда халықтың қылмыскерлікпен күресуге қатысуы институты дамыды, ал Қазақстан азаматтары мемлекетпен ынтымақтастығын, әсіресе қылмыскерлікпен күресте, мүлде

тыйды. Мұның басты себептері – нарыққа өту кезеңінде көптеген адамдар тағдыр тәлкегіне түсті, көп жыл адал жинаған табысынан айырылды және олар қылмыскерлер өш аламын десе қорғансыз еді, оның үстіне құқық қорғау органдарының қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа кіріп кетті, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейі төмендеді және т.б..

Орта деңгейдегі орта. Бұл аймақтық орта, яғни өзінің экономикалық, саяси, әлеуметтік және рухани сипаттамалары кешенінің ерекшеліктері бар белгілі бір аумақтың әлеуметтік ортасы болуы мүмкін.

Аумақтық (аймақтық) фактордың мазмұны қандай да бір аймақтың географиялық ерекшеліктерімен, тіптен бұл ерекшеліктердің әлеуметтік салдарымен, бірлігімен шектеле қоймайды. Бұл жерде криминолог адамдардың бірлескен қызметінің негізгі деңгейлерінің бірін зерделейді, ол аумақтың, экономикалық өмірдің, тілдің, әлеуметтік жағдайдың, мәдениеттің кейбір көріністерінің, әлеуметтік психологияның және т.б. ортақтығымен сипатталады. Аумақтың ортақтығы азаматтардың бірлескен қызметінің көптеген аспектілерімен диалектикалық өзара байланыста болады.

Ресейдегі қылмыскерліктің және оның себептерінің аумақтық айырмашылықтарын неғұрлым кеңірек криминологиялық зерделеу 1984-1985 жылдары жеті аймақта – Тува, Башкирия, Москва, Ленинград, Курск, Ростов, Свердловск облыстарында жүргізілді. Бұл аймақтардағы қылмыскерлікте мынадай ортақ үрдіс болды: оның барған сайын үдеуі, зорлық-зомбылық қылмыстарына қарағанда пайдакүнемдік қылмыстардың үлестік саламағының артуы; тіркелген жалпы сипаттағы қылмыстардың жалпы сипаттамаларының өзгеруі; шаруашылық-пайдакүнемдік (экономикалық) қылмыскерліктің жоғары латенттігі және басқалар.

Мәліметтері зерттелген 15 жыл бойы қылмыскерлік айырмашылығы фактылер мен адамдар жөніндегі коэффициенттерінің бір қалыпты иерархиясында тиянақты болып қалған. Бұл иерархия қылмыстарды салыстыруға болатын массив бойынша аймақтарды салыстырғанда да сақталды. Тіркелген қылмыстардағы айырмашылық, негізінен, жасалу мүмкіндігі бірдей қылмыстар есебінен болады. Мысалы, оған «автоматокылмыстарына» ықпал ететін автоматокөліктер

санының әр түрлілігі, өндіріс құрылымының әр түрлілігі және т.б.әсер етпеген. Зерттеу процесінде қылмыскерлік қарқынындағы айырмашылықтың елді мекен сипатындағы, оның ішінде халықтың ұлттық, әлеуметтік құрамындағы айырмашылықпен байланыстылығы да тексерілді. Мысалы, облыстағы, автономиялық республикалардағы жоғары орташа коэффициенттердің тасасында кейбір қалалардағы немесе аудандардағы қылмыскерліктің өте жоғары коэффициенттері тұрған жоқ па, немесе, керісінше, қылмыскерліктің жалпы төмен коэффициенттері қылмыскерлік жоғары елді мекендермен қатар қылмыскерлігі өте төмен елді мекендердің санының көптігімен байланысты емес пе? Бұл болжам расталынбады. Қылмыскерлік коэффициенті жоғарылау автономиялық республикалар мен облыстарда барлық қалалар мен аудандар жоғары коэффициенттер жағына қарай жылжып кеткен.

Кері қарай жылжу қылмыскерлік қарқындығы төмен аймақтарда байқалған. Сонымен, аймақтағы қылмыскерліктің жалпылай жағдайына қандай да бір ортақ әлеуметтік-экономикалық және өзге фактілер, оның ішінде, зерттеу көрсетіп отырғандай, қылмыскерлікпен күрестің аймақтық ерекшеліктері әсер етеді екен. Әр түрлі бұрынғы автономиялық республикаларда, өлкелерде, облыстарда қатаң орталықтандырылған саясаттың жоқтығы, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілеттіктері өте шектеулі жағдайда бұл заңды құбылыс болып саналады.

Қылмыскерліктің жалпы коэффициенттеріндегі айырмашылық, сонымен қатар, халықтың жыныс-жас құрылымындағыдан гөрі, белгілі бір әлеуметтік топтардың криминалдық белсенділік деңгейіндегі айырмашылықты бейнелейді.

Алынған мәліметтерге қарасак, жыныс-жас құрылымы іс жүзіндегі қылмыскерліктің қарқындылығынан гөрі оның құрылымын анықтайды. Кәмелетке толмағандар мен жастардың қылмыскерлік коэффициенті қай жерде биік болса сол жерде жалпы сипаттағы қылмыскерліктің, оның ішінде пайдакүнемдік, зорлық-зомбылық көрсету қылмыстарының да коэффициенті жоғары.

Қылмыскерліктің неғұрлым жоғары немесе төмен коэффициенттеріне оның барлық түрлерінің неғұрлым жоғары

немесе төмен коэффициенттері сәйкес келеді деген, әдебиетте айтылып жүрген, тезис зерттеу барысында расталынбады. Бірқатар аймақтарда қылмыскерліктің жалпы коэффициенттерінің басқа аймақтарға қарағанда төмен болуының тасасында шаруашылық-пайдакүнемдік (экономикалық) қылмыскерліктің неғұрлым жоғары коэффициенттері жасырынып қалды.

Қылмыскерліктің аумақтық айырмашалығы аймақтарда жүретін бүтіндей процестердің ерекшеліктерімен анықталады. Олар мыналардың жиынтығы болып табылады: біріншіден, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-мәдени, ұйымдық-басқарушылық, құқықтық сипаттағы құбылыстардың аймақтық ерекшеліктерінің; екіншіден, осы құбылыстардың аймақтағы динамикасының ерекшеліктерінің; үшіншіден, бір аймақтағы әр түрлі құбылыстардың өзара әрекеттестігіндегі ерекшеліктердің, осы өзара әрекеттестік жағдайларының әр түрлі сипаттамаларының – сыртқы әлеуметтік бақылаудың, алдын алу және құқық қорғау қызметінің қандай жағдайда екендігінің.

Әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен процестер қылмыскерліктің аумақтық айырмашылығын анықтайтын басты фактор болып саналады. Және де, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер қылмыскерлікке бірден емес, белгілі бір уақыт өткізіп барып әсер етеді, себебі: біріншіден, бұл құбылыстың тетігі халықтың сипаттамасымен, субъективтік факторлармен жанама байланыста болады; екіншіден, қылмыскерлікті экономикалық процестер, тіптен жағымсыз болса да, өздігінен тудырмайды, оны тудыратындар – дұрыс есеп жүргізбеудің теріс салдарлары немесе басқару қызметінде, қылмыскерліктің алдын алуда бұл процестерді елемей.

Қылмыскерліктің аймақтық айырмашылықтарын экономикалық фактормен сөзсіз, бірден детерминациялау анықталған жоқ. Ол басқарумен өзара байланыста әрекет еткен.

Қылмыскерлікке географиялық фактордың әсері де айқындалды, бірақ сол өзге мән-жайлармен, оның ішінде әлеуметтік процестерді басқарудың ерекшеліктерімен өзара әрекеттестік жағдайында орын алады.

Мысалы, 1985 жылы Ресейде аймақтың екі криминологиялық типі бөлініп алынды:



жалпы сипаттағы қылмыскерліктің айрықша жағымсыз сипаттамаларында бар «солтүстік тип» деп аталатын аймақ; ондай аймақты экономикалық және әлеуметтік дамытуға қатысты ашық келіспеушілік, жұмыс тапшылығы, халықтың қылмысқа қатты бой алдыруы, азғындаған адамдар санының көбеюі, ішімдікке салыну дәстүрінің кең таралуы орын алды; шаруашылық-пайдакүнемдік немесе экономикалық қылмыскерліктің және жалпы сипаттағы пайдакүнемдік қылмыскерліктің негізінде ашкөзділік, дүниеқұмарлық жатқан бөлігінің жағымсыз сипаттамасымен ерекшеленген «оңтүстік тип» деп аталатын аймақ. Онда халықтың кейбір тобы қоғамдық өндіріс аясынан тысқары қызмет нәтижесінде табыс табумен айналысты, жеке қосалқы шаруашылығын тауарлық шаруашылыққа айналдырды, халықтың жаңа мұқтаждығының қанағаттандырылмауы өздігінен қалыптасқан тауар және қызмет көрсету рыногын тудырды, теңдестірілмеген жоспарлау, әлеуметтік басқарудағы қателіктер проблемалары халықтың әр түрлі әлеуметтік топтарының материалдық жағдайындағы айырмашылықтың күшеюіне, халықты жеке кәсіпкерлік қызметке бағдарлауға, жеке меншікке көңілдің қаттырақ ауғандығына алып келді.

Өтпелі типтегі аймақтар да болды. Жеке қосалқы шаруашылықтан, үй-жайды жалға беруден, демалушыларға қызмет көрсетуден мол табыс табуға мүмкіндік беретін оңтүстік аймақтардағы қолайлы табиғи жағдайлар салық саясатындағы қателіктердің, бұл құбылысқа деген басқару органдарының көз қарасы арқасында жоғарыда аталған процестерге алып келді деп санауға болады. Оңтүстік аймақтағы халықтың белгілі бір тобында ауыл шаруашылық өнімдерін сатудан, үй-жайды жалға беруден түскен «солтүстік» ақшаның бір бөлігі, барлық туындайтын әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық салдарларымен, сонда шөгіп қалады.

Жоғарыда көрсетілген процестер оңтүстік аймақтарда тұратын халықтың жекелеген топтарына ғана қатысты болды. Нәтижесінде онда заңды тапқан табысымен ғана күн көріп отырғандар мен көлеңкелі экономика іскерлері арасында өзара қатынас неғұрлым шиеленісті болды. Сондықтан да, сол оңтүстік аймақтарда ірі көлеңкелі, оның ішінде криминалдық капитал

иелеріне қатысты жасалынатын бандитизм, қорқытып талап ету акциялары кең таралды.

Монтескье өзінің «Заңдар рухы туралы» атты кітабында экваторға жақындаған сайын қылмыскерлік, ал полюске жақындаған сайын маскүнемдік көбейеді деп жазған. 1825-1830 жылдары Францияның солтүстік аудандарымен салыстырғанда оңтүстік аймақтарындағы қылмыскерлік құрылымында мүліктік қылмыстардың басым болғандығын Герри Шампнеф те байқаған, сонымен қатар «қылмыскерліктің термиялық заңы» жайында айта келе былай деп жазады: мүліктік қылмыстар суық климат аймақтарында көп таралған, ал экваторға жақындаған сайын зорлық-зомбылық қылмыстары көбейеді. Бұл жерде, бәлкім, неғұрлым көзге түсетін жалпы сипаттағы қылмыстар ғана ескеріліп, латенттігі жоғары экономикалық қылмыстар ескерілмеген болар. Біздің мәліметтерге қарсақ, солтүстікке қарағанда оңтүстік аймақтарда экономикалық, шаруашылық қылмыстар немесе күш қолданумен және психикалық қысым жасаумен байланысты қауіпті жалпы сипаттағы қылмыстар жиі жасалады. Оңтүстік аймақтарға тән криминологиялық көрініс мемлекеттік билік органдары, банктер және басқа мекемелер шоғырланған, ірі байлық иелері тұратын астаналық қалаларда да байқалады.

Мемлекетті басқару неғұрлым орталықтандырылған болса, аймақтардағы көптеген криминалдық ситуацияны орталық анықтайды, оның аймақтық сипаттамаларының түрлері аздау болады. Мысалы, реформа жылдары Ресейде федеративтік бастама күшейді, аймақтардың дербес шешім қабылдау салалары көбейді. Қылмыскерлік коэффициенттерінің айырмашылықтары да күшейді. Мысалы, 1985 жылы тіркелген қылмыстардың аймақтағы 100 мың адамға шаққандағы саны бойынша айырмашылық 4 еседен аса болса, ондай көрсеткіш 1995-1997 жылдары 7 еседен асты.

Орта деңгейдегі орта, оны әлеуметтік-топтық орта деуге де болады, мұнда әр түрлі әлеуметтік топтардың өкілдері әр түрлі криминалдық белсенділікпен сипатталады. Ол белгілі бір айналысатын жұмысы (табысы) және тұрғылықты тұратын орны жоқ адамдар арасында өте жоғары.

Әлеуметтік-экономикалық критерийлерге негізделген әлеуметтік-таптық, әлеуметтік-топтық айырмашылық криминологтар үшін

әрқашанда маңызды болып табылады. Аймақтардың криминологиялық топтамасында делинквенттігі жоғары аймақтар бөлініп алынды, олар кедейлік пен қайыршылықтың аймағы болып шықты. Ол жерлерде, кейбір шетелдік криминологтардың топтамасы бойынша, жалпы сипаттағы қылмыстар, немесе «жай» қылмыстар көп таралған.

Бірақ, бұл, билікке қолы жетіп айрықша қамтамасыз етілген топтағы криминогендіктің аздығын білдірмейді.

Көптеген авторлардың пікірінше, оларға лауазымдық, экологиялық қылмыстар жасау тән, ал олардың кең ауқымды экономикалық қылмыстық айла-шарғыларын әшкерелеуді және ол үшін жазалауды сол адамдарға билік жасап отырған қоғам қамтамасыз ете алмайды.

Билік қоғамдық лауазымда отырған және өзінің қызметін пайдаланып сол адамдардың жасаған қылмыстарын Э.Старленд «ақ жағалы» қылмыскерлік деп атаған. Э.Шур былай деп жазады: «Бизнес – бизнес

ретінде, сөзсіз тамыр жайған «ақ жағалы» қылмыстардың көбісін жасырып қалады».

Отандық криминологтар – М.М.Бабаев және басқалар қылмыскерліктің әлеуметтік-демографиялық аспектілерін зерттеді. В.П.Мурашев әлеуметтік-топтық факторларға криминологиялық зерттеу жүргізді, өз ойынша «шартты әлеуметтік топтарға», араларында тікелей өзара байланыс жоқ мигранттар тобына және басқа адамдар сияқтыларға жататын «криминогендік топты» бөліп алды. Бұл топтар әрекеттерінің белгілі бір бағыттылығы бойынша бұрындары орын алған заң бұзушылықтары және моральдық нормаларды өрескел бұзғандығы бойынша бөлініп алынады.

Криминогендік топтар әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-демографиялық және өзге критерийлер негізінде бөлініп алынатын топтармен сәйкес келмейді. Аталған және жоғарыда көрсетілген криминогендік топтар арасындағы байланыста, егер ондай бар бола қалса, әдетте, себептік емес, функционалдық немесе өзгедей сипат бар. Мысалы, халықтың кейбір топтарының аса қайыршылығы мен қылмыстық іс-қимылының негізінде адамның маскүнемдікке салынып өте азғындауы жатыр. Жұмыс істегісі келмеу, шөлмектестерімен

жанжалдасу өзара себептік емес, өзгедей байланыста болады. Ал, азғындық тұрмыс салты мен қылмыстық іс-қимыл белгілі бір өзара әрекеттестік арқылы себептік байланыста болады, бұл ретте қоғамдағы әлеуметтік бақылаудың, маскүнемдер мен нашақорларға көмектесу бағдарламасының және т.б. маңыздылығы бар.

Сондықтан криминологтар халықтың «қылмысқа бой алдыру» дәрежесі сияқты ерекше сипаттамаларын (ондағы қылмыс жасаушылар мен бұрын қылмыс жасағандардың таралу шамасы) және «әлеуметтік асқыну» (қылмыстық емес іс-қимылдарда өзгедей теріс ауытқуларға: әр түрлі көріністегі наркотизмге, жезөкшелікке, қаңғыбастыққа, қайыршылыққа және әлеуметтік арамтамақтықтың басқа формаларына жол беруші адамдардың кең таралғандығы) жағдайларын алдын ала біліп алады.

Криминалдық және биморальдық орта өзіндік ерекшелігі бар әлеуметтік-топтық орта болуы мүмкін, оның аз нормалары, іс-қимыл стандарттары, идеалдары және т.б. болады. Бұл ортаға жататын адамдарды экономистер мен социологтар дәстүр бойынша бөліп алатын әлеуметтік-экономикалық, өзге әлеуметтік топқа жатқызуға болмайды.

Қоғамның келеңсіз әлеуметтік ауытқулар тудыратын функциялық әрекетінің жемісі жайында сөз ететін болсақ, қылмыскерлікті немесе едәуір қауіпті көрініс табатын қылмыскерлікті тудыруға қарай жылжығанда қоғамда өзіндік ерекшелігі бар әлеуметтік топтар пайда болады. Оларды кейде «маргиналдық» деп атайды.

Аймақтықпен сәйкес келмейтін этникалық ортаның да криминологиялық маңыздылығы бар. Мысалы, бұл орыс, татар, шешен, еврей диспоралары болуы мүмкін. Мәдени-ұлттық автономия идеясын іске асырудан бас тарту және аумақтық-ұлттық автономияны мойындау аумақ пен этнос, халық, ұлт арасындағы бәсекелестікте нені алғашқы деп санау туралы мәселенің шешіміне байланысты болды.

Әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлары бар бір аймақта өмір сүретін әр түрлі ұлт өкілдерінен тұратын халықтың сипаттамаларын есепке алу проблемаларының дұрыс шешілмеуі бірқатар қылмыстардың туындауына себеп болады. Әлеуметтік-топтық орта мен аймақтық ортаның өзара әрекеттестігі едәуір

күрделі болып табылады. Мысалы, Федерация субъектісі болып табылатын, көпұлтты халқы бар Шешенстанның әлеуметтік ортасы мен көпшілігі Шешенстаннан тысқары тұратын шешендердің әлеуметтік ортасы арасындағы өзара әрекеттестік.

Қылмыскерлікке ұлттың, нәсілдің ықпалын зерттеген шетел криминологтары бұл ықпал басқа әлеуметтік экономикалық факторлармен, мысалы, кедейлікпен, көші-қонмен ұштасады деген тұжырым жасап отыр. Жапон криминологы Кан Уэда Жапонияда қылмыскерліктің өсуіне тосқауыл болатын факторлардың ішінде «табиғи фактор» дегенді бөліп алады, атап айтқанда: халықтың негізінен біртекті құрылымы, мемлекеттің аралдарға орналасқандығы және тілдің ортақтығы, саяси және экономикалық мақсатта ұзақ уақыт бойы басқа халықтар өкілдерінің ұдайы келуіне тосқауыл қою.

Шындығында, көші-қонның көбеюі қылмыскерліктің өсуімен байланысты, себебі жаңа ортаға жайғасуымен байланысты мигранттарда көптеген әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-психологиялық, ұйымдық проблемалар туындайды. Бұл ретте ұлттық-мәдени және әлеуметтік-мемлекеттік ортаның дәстүрлерінің, құндылықтарының қақтығысып қалуы мүмкін екендігін елемуге болмайды. Кейбір ұлттар «қанға қан» дегенді мойындайды, бірақ ол мемлекеттің заңы бойынша қудаланады. Мысалы, заң мен көп әйел алу, қалың мал төлеу арасында қиғаштық бар. Мұндай жағдайларда, халықтың дәстүрінде ғасырлар бойы қалыптасқан әдеттерді, егер жеткілікті негіздер болмаса, қудаламайтын заңнама шығару проблемасы туындап тұр.

Бірақ мемлекеттің каннибализмді немесе «қанға қан» адам өлтіруді қудаламауы қалай болады.

Әлеуметтік-топтық орта мен аймақтық ортаның өзара әрекеттестігі тым күрделі нәрсе. Мигранттардың аса криминалдық белсенділігі, бір жағынан, осыған да байланысты. Мигранттарда өздері үшін жаңа ортаға жайғасумен байланысты көптеген әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-психологиялық, ұйымдық проблемалар туындайды.

Адамның микроортасы неғұрлым ауқымды әлеуметтік ортаның ықпалына ұшырайды. Жеке бастың іс-қимылы, оның қалыптасуы отбасына, оны тікелей қоршағандарға – достарына, жолдастарына, таныстарына, көршілеріне және т.б. байланысты.

Микроорта ортаның басқа деңгейлерімен өзара байланыста қаралады. Ол адамды әлеуметтік-мемлекеттік ортаның ықпалынан оқшаулай алады, одан шыққан ақпаратты өзінше қайта таратады, кейде онымен аса карама-қайшылықта болады (отбасы бір нәрсені, достар – басқасын, қызметтестер – үшіншісін талап етуі мүмкін). Кейбір жағдайларда баланың мектепте оқуы бір табысты керек етеді, ал ата-ананың табысы басқадай – шамалы ғана, ал бойжеткендердің жұмсаған қаражаттарын аса көп табыстармен ғана өтеуге болады.

Бұл тек жеке дара қылмыстық іс-қимылдың ғана емес, қылмыскерліктің де себептерін айқындау тұрғысынан маңызды болып саналады. Қолы бос топтар, оның ішінде криминогендік топтар, американдық авторлардың терминологиясы бойынша – «гэнги», венгр авторларының терминологиясы бойынша «галери», сондай-ақ бандалар, қылмыстық ұйымдар, қылмыстық бірлестіктер, бұлар да өз экономикасы, әлеуметтік, рухани өрістері бар өзінше ерекше микроортаның нұсқалары. Микроортаның қандай типтері кең таралған, басқалармен олар қалай өзара әрекеттеседі, бұлар қылмыскерліктің күйіне әсер ететін маңызды мәселелер.

Әр түрлі деңгейдегі әлеуметтік ортаның сипаттамалары диалектикалық өзара байланыста болады және әр елде әр түрлі. Сондықтан да бір де бір ел басқа елдің қылмыскерлікпен күрес жүйесін бірден қабылдай алмайды. Мұндай жүйе әлеуметтік реформа және катаклизм жағдайларында өзгеріссіз қала алмайды.

### **§3. Өмір тірлігінің негізгі өрістерін бөліп алу және олардың ерекшеліктерін ескеру**

Криминологиялық зерттеулерде тіршілік әрекетінің мына негізгі салалары бөлініп алынады: экономикалық, саяси, әлеуметтік, рухани. Бұл ретте осы салалардың диалектикалық өзара байланысының оған қатысушылардың әрекеттері мен қатынастарының органикалық тұтастығын көрсететіндігі ескеріледі. Криминологтар қылмыскерлік арқылы экономикалық, саяси және басқа қатынастардың жағдайына, халықтың әр түрлі топтарының экономикалық және басқа қызметіне, экономиканы, саясатты және т.б. басқару жөніндегі қызметке шығады.

Көрсетілген осы негізгі салаларды бөліп алу криминологтар үшін кемінде төрт қатынаста маңызды болып табылады.

Біріншіден, қоғамдық қатынастарға қылмыскерлік терең сіңіп кеткендіктен, бұл қатынастардың ерекшеліктерін, өмір тірлігінің әр түрлі салаларына тән заңдылықтарды білу, қоғамдық өмірдің дамуының және тірлік етуінің экономикалық, әлеуметтік, өзге де заңдарын ескеру керек. Олай болмаған жағдайда қылмыстылыққа ондай ықпалдың қауіптілігі болады, нәтижесінде қоғамда «үңірейген бос кеңістік» пайда болуы мүмкін, ол жайында кезінде Г.Гард жазған еді. Оны адам денесіне жайылатын катерлі ісікпен салыстыруға болады. Тиісті органның қалай жұмыс істейтінін және ісікті алып тастағанда адамның аман қалатындығын білмей оның даму процесін болжауға және оған ықпал жасау туралы шешім қабылдауға болмайды. Олай болмаған жағдайда ісік шалған маңызды органның жұмыс істемей қалуы да мүмкін.

Екіншіден, қылмыскерліктің себептерін зерделегенде абстрактыдан нақтыға көтерілу әдісі және басқалар қолданылады, онда зерттеуші экономикалық, социологиялық, политологиялық, әлеуметтік-психологиялық және басқа зерттеулердің нәтижелерін пайдаланады. Ол қылмыскерлік детерминациясының және себептілігінің қандай да бір аспектісін зерделегенде қандай ақпаратты талдау керектігін, қоғамның тірлік әрекетінің қай саласындағы заңдылықтарды қай маман зерделейтіндігін айқын білуі тиіс.

Үшіншіден, криминолог, қылмысқа және қылмыскерлікке жақындау детерминация жүйелерін, себептік кешендерді зерделей отырып, сол себептік кешендер мен детерминация жүйесіне кірген құбылыстар мен процестерді тереңірек талдау үшін «эстафетаны» басқа мамандарға беруі тиіс. Тиісінше, бұл жерде де қай ақпаратты кімге беру керектігін дұрыс шеше білу керек.

Төртіншіден, мұның бәрінің кешендік, пәнаралық зерттеулерді ұйымдастырғанда маңызы зор.

Қоғамның экономикалық саласы – бұл қоғам өмірінің материалдық игілік өндірумен және де өндірістік қызметпен әрі қатынастармен, айырбаспен, бөлумен байланысты саласы. Ал бұған тұтынуды қосу-қоспау мәселесі біржақты шешілмеген. Кейбір авторлар тұтынуды социологиялық санат деп санайды.

Криминологтардың қылмыскерлікті экономикалық фактормен детерминдеуге назары әрқашанда түсті, себебі қоғам өмірінде экономикаға басты рөл бөлінген. Бірақ, экономикалық фактордың қылмыскерлікке әлеуметтік, саяси, рухани факторлармен күрделі байланыса отырып ықпал жасайтындығы әр уақытта ескеріле бермейді. Оның криминалдық ситуацияға табанасты, біржақты ықпал етуі де болмайды. Оны халықтың қалай қабылдайтындығы, қандай жағдайларда әсер ететіндігі маңызды.

Криминологтар қандай да бір нақты экономикалық мән-жайларды қылмыскерліктің себептері ретінде бағалаудан әлдеқашан бас тартты. XX ғасырға дейінгі қылмыскерліктің экономикалық факторлары туралы ілімнің едәуір толық талдамасын 1899-1900 жылдары Амстердам университетінің құқық кандидаты Жозеф Ван-Кан жасады. Оның тұжырымдарының бірі мынаған келіп тіреледі: мүліктік қылмыскерліктің динамикасы мен экономикалық саладағы өзгерістерді зерделеу олардың қатар жүретіндігін көрсетіп отыр. Бірақ бұл қылмыскерліктің тек экономикалық құбылыстар жемісі екендігін білдірмейді. Экономикалық фактор құбылмалы, ол жыл сайын ауытқып тұрады, сондықтан да оның ықпалы қылмыскерліктің тербелісінде айқын көрініс табады. Қылмыскерлікке ықпал ететін басқа факторлар тұрақтылау, сол себепті олардың ықпалын анықтау қиындау. Бұдан мынадай тұжырым жасауға болады: мүліктік қылмыстың динамикасы мен экономикалық ортаның өзгерулері арасындағы параллелизм қылмыскерліктің сол өзгерулерге бірмағыналы себептік тәуелділігін әр уақытта бірдей көрсете бермейді.

Кейіндері криминологтар «қылмыскерліктің және оның формаларының өзгеруі қоғам өмірінің экономикалық ахуалына және үстем таптың қоғамды басқарудағы және өз мүдделерін қорғаудағы таңдап алған және таңдап алатын әдістері мен амалдарына байланысты болды және байланыста болады» деп жазды.

Криминологияда экономикалық факторды абсолюттендірумен және оның қылмыскерлікке ықпалын жай түсіндірумен қатар оның басқа жағын да кездестіруге болады: нақты қылмыскерлікке түсіндірме бергенде немесе онымен



күресу бағдарламасын жасағанда бұл факторды елемеу керек деген.

Мыналарды да елеулі деп санау керек: экономикалық фактордың мүліктік қылмыстарға ықпал етуінің әр түрлі тетіктерін, адамның өміріне, денсаулығына және өнегелілікке қарсы қылмыстарды. Егер мүліктік іс-әрекеттерде экономикалық фактор қылмыскерлік туралы шешім қабылдау және іске асырылу жағдайында анығырақ көрініс тапса, ал зорлық қылмыстарында кейде ол адамның жеке басының қалыптасуы және оның іс-қимылының сылтауы арқылы әрекет етеді. Экономикалық сипаттағы теріс кезеңдер ситуацияның өзінде өздігінен бола алмайды.

Мысалы, қоғамның бірден әлеуметтік-экономикалық жіктелуі халықтың кедей және бай топтары арасында қақтығыс тудырады, нәтижесінде жұмыссыз жүрген және кез келген тәсілмен тез арада өзінің тұрмыстық жағдайын жақсартуды мақсат тұтқан жастардың ісі алға басқан кәсіпкерлерден қорқытып талап етуі, олардың әсем үйлерін өртеп, шетелдік қымбат мәшинелерін бүлдіріп кетуі орын алады.

Криминологиялық зерттеулер қоғам өмірінің экономикалық саласындағы мына құбылыстар мен процесстерді бірінші кезекте ескеру керектігін көрсетеді, олар өндірістің жайы мен дамуы, халықта бар мұқтаждықтар мен мүдделерді қамтамасыз ету, ал ол тек мұқтаждық сипатында ғана емес, халықтың жұмысбастылығына да қатысты болуы тиіс, халықтың тұрақты және өмірді жақсы қамтамасыз ететіндей табыс табуы, әр түрлі субъектілердің табыстарының мөлшері және оны қамтамасыз етудің тәсілдері.

Өндірістің құлдырауы, жұмыссыздық криминологиялық тұрғыдан қылмыскерлікке тікелей ықпал жасайтындығынан басқа да ретте қауіпті болып табылады.

Жанама әсерлерді де ескеру керек: адам біліктілігін жоғалтады, ол адамға ықпал етудің көптеген оң аспектілері бар еңбек ұжымынан кетеді, мұндай кейбір жағдайларда адам маскүнемдікке, нашакорлыққа бой алдырады, содан барып жалпы сипаттағы қылмыстардың саны өседі; немесе криминалдық топтардың, ұйымдасқан қылмыскерліктің бақылауындағы көлеңкелі экономикалық және басқа қызметке араласады; немесе, жұмыссыз қаламын ба деген қауіпшен жұмыста басшысының

барлық талабын қалт еткізбей орындайды, оның заңсыз нұсқауларына, қызмет бабын теріс немесе асыра пайдаланғанына немесе еңбек тәртібінің бұзылғанына көңіл аудармайды, мән бермейді.

Қылмыскерлікке өндіргіш күштердің де, өндірістік қатынастардың да, олардың өзара әрекеттестіктерінің сипатының да жағдайы сөзсіз әсер етеді. Өндіргіш күштерге талдау жасағанда объективтік және субъективтік факторлар жіктеледі, яғни шикізат базасы, ғылыми-техникалық прогрестің даму деңгейі ғана емес, еңбекке қабілеті бар, тәжірибесі және білімі бар адамдар да маңызды болып табылады.

Криминологтар халықтың кіріс және шығыс мөлшерлерінің ара қатынасына, оның ішінде күнкөріс минимумына әрқашанда назар аударып отырды. Нақты кірістері мен тұрмыс деңгейі бойынша халықтың әлеуметтік-экономикалық жіктелуі сияқты криминология тұрғысынан аса маңызды құбылыс та осымен байланысты. Ол адамдардың өз материалдық жағдайын төңірегіндегілермен салыстырғанда пайда болатын «салыстырмалы» мұқтаждық дегенді тудырады және мол табысқа кейбіреулердің заңды, оның ішінде қылмыстық-құқықтық тыйымдарды бұзып қол жеткізіп жатқандығын және олардың жазасыз қалғандығын халық көзбен көріп отырғанда, бұл жағдай қылмыскерлікті тікелей өрістететін факторға айналады. Бірақ бұл қоғам өмірінің экономикалық, әлеуметтік және басқа салаларының сипаттамалары жағымсыз өзара әрекеттесінде орын алады.

Кедейліктің, жұмыссыздықтың, баспанасыздықтың, әлеуметтік-экономикалық контрастардың криминалдық потенциалы жоғары мән-жай екендігін криминологтардың барлығы бірдей мойындап отыр.

Тірлік қызметінің әлеуметтік саласы жайында сөз болса, онда белгілі бір отбасы, сословие, әр түрлі әлеуметтік топтар қамтылатын «азаматтық қоғам» деп аталатынды еске аламыз. Әңгіме қоғамның әлеуметтік құрылымын, азаматтардың қоғамдағы жағдайын, олардың ондағы өз орнына қатынасын көрсететін, әр түрлі әлеуметтік топтардың мүдделері мен мақсаттарын анықтайтын әлеуметтік қатынастар жүйесі жайында болып отыр.

Өмірдің әлеуметтік саласы, бұл азаматтық қоғам институттарының: кәсіби, өзгедей негізде құрылатын қоғамдық ұйымдардың, қорлардың, қауымдастықтардың белгілі бір жүйесі де. Мұндай ұйымдардың қылмысқа және онымен күреске қалай қарайтындығына көп нәрсе байланысты. Мемлекеттің қылмысқа қарсы тұру әрекетін бұл ұйымдардың қолдауы аса маңызды көмек екенін криминологтар анықтап отыр.

Әлеуметтік проблемалар қылмыскерліктің қандай да бір түрлеріне әрқилы өзара әрекеттестікте ықпал етеді. Адамның тікелей қарама қарсы өнегелік, құқықтық жеке талаптары бар топтарға және бірлестіктерге жатуы (әлеуметтік ұстанымдардың қақтығысы), сондай-ақ белгілі бір әлеуметтік ұстанымдағы адамға тікелей қарама қарсы талаптар қою (әлеуметтік-рөлдік қақтығыс) әрқашанда криминогендік мән-жай ретінде бағаланды.

Қоғам өмірінің саяси саласы, ол – саяси ұйымдар мен мекемелер, саяси қатынастар мен әрекеттер. Саясатты ежелгі гректер мемлекетті басқару өнері деп атаған. Мемлекет – басты саяси мекеме. Мемлекет қызметін анықтайтын субъектінің қолында елдің саяси билігі бар. Ең басты саяси мәселе – мемлекеттік билік туралы мәселе болып саналады. Мемлекеттік билік органдарын құру және олардың жұмыс істеуі, мемлекеттік билікті белгілі бір қолда ұстап тұру - қарама қарсы мүдделердің, оның ішінде криминалдық және заңды мүдделердің қақтығыс алаңына айналады. Бұл тұрғыдан алғанда сыбайлас жемқорлық, лауазымдық қылмыстардың көбеюі проблемаларын, мемлекеттік аппарат пайдаланып жасалған экономикалық қылмыстарды, саяси терроризмді, бірқатар мемлекеттік қылмыстарды, қарулы қақтығыстарды және олармен байланысты қылмыстарды қарау керек. Ал мұның барлығы қылмыскерліктің өзге түрлеріне де, бәрінен бұрын экономикалық түріне де ықпал етеді. Айта келгенде, мемлекеттік билік үшін күрес, бұл бәрінен бұрын, белгілі бір экономикалық мүдделерді қамтамасыз ету үшін күрес.

Сонымен қатар қылмыскерлік, кейде, саяси-идеологиялық күрестің құралы ретінде пайдаланылады, ал жұртшылықтың назары ондай күрестің үстемдік етіп тұрған экономикалық мүдделерге зиян келтіретін, оларға «қолайсыздық» тудыратын формаларына ауады. Мысалы, кейбір елдерде саясаткерлер, ресми насихат ұйымдасқан қылмыспен күрес проблемасын рәкетпен және бандитизммен күреске ғана әкеп тірейді, ал

криминалдық капитал, оны заңдастыруға қарсы тұру мәселелерін сөз қылмайды. Қылмыскерлікпен «батыл» күресу керек екенін, тіптен ол үшін заң ережелерін, конституциялық нормаларды бұзуға да болатындығын айтып даурығады. Бірақ ондай «батыл» шараларды кең ауқымды криминалдық операцияларға, мемлекеттік биліктің жоғарғы эшелонындағы сыбайлас жемқорлыққа қатысты қолдану жөнінде құлшыныс көрсетпейді.

Әр түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін ескеру және қоғамда болуы мүмкін қақтығыстардың алдын алу керектігін ұғынған сайын қылмыскерліктің алдын алып әлеуметтік ахуалды сауықтыру жағына көбірек көңіл бөлінеді. Әр түрлі әлеуметтік топтардың, саяси партиялар мен қозғалыстардың саяси мүдделеріндегі қайшылықтар заң шегінде, әлде құқыққа қарсы формада шешімін таба ма; қылмыскерлікпен күрес жүйесі, қоғамдағы әлеуметтік бақылау жүйесі қалай қалыптасқан; заңнамалар қандай - бұлар да маңызды болып табылады.

Қоғамда қылмыскерлік шегіне жетіп, оның ұйыдастырылуы жоғары деңгейге көтерілгенде, ол өзі тасада тұрып белгілі бір саяси партиялардың, қозғалыстардың қызметіне басшылық жасайды. Сөйтіп олар өздеріне өте қолайлы жағдай жасап алады. «Көлеңкелі саясат», «көлеңкелі юстиция» деген солай туындайды.

Қоғамдық өмірдің рухани саласы – күрделі де көпқырлы құбылыс. Әдебиетте ол «қоғамдық және жеке сананы, ғылыми және жай сананы, дүние танымды және дүниені түйсінуді, ғылыми білімдер мен қиялды, діни және эстетикалық көзқарастарды, этникалық және заң нормаларын, сондай-ақ таптар мен әлеуметтік топтардың рухани өмірі мен санасын, таптар мен ұлттардың (ұлыстардың) өзіндік санасын, идеология мен әлеуметтік психологияны» қамтиды делінген. Ғылым, өнер, идеология, дін, білім және тәрбие рухани саланың жүйелері болып саналады.

Қоғам өмірінің рухани саласын зерделеу мыналарды түсінуге мүмкіндік береді:

Қандай пікірлермен, мақсаттармен, құндылық бағдарлармен, дәстүрлермен, мәдениет элементтерімен экономикалық, әлеуметтік және саяси ситуация элементтері өзара әрекеттестікте болған;

Халық, оның ішінде қылмыс жасаған адамдар бұрын қандай қоғамдық ықпалдың объектісі болды. Бұл ықпалдардың қоғамдық санада сақталып қалуы, тәрбие арқылы немесе басқадай жолмен берілуі және жаңа әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларда ары қарай «жұмыс істеуі» мүмкін.

Криминологиялық тұрғыдан алғанда рухани саланың барлық элементтерінің, оның ішінде қоғамдық сананың барлық формаларының маңызы бар. Егер әңгіме қылмыстық іс-қимыл жайында болса, онда сананың әр формаларына: онегелілік, экономикалық, саяси, діни және т.б. формаларына талдау жасау керек. Солармен қатар, барлық жағдайларда да құқықтық сана да талдануға жағады. Құқықтық сана қоғамның не жекелеген әлеуметтік топтардың, азаматтардың әлеуметтік-құқықтық шындықты бейнелейтін пікірлерінің, нанымдарының, бағалауларының, түсініктерінің, көңіл-күйінің, сезімінің жүйесі ретінде көрініс табады. Ол құқықтық тұрғыда маңызды болып табылатын іс-қимылға, оның ішінде құқықтық институттардың, заңнаманың жұмыс істеуімен және өзгеруімен байланысты іс-қимылдарға ықпал етеді.

Қылмыстардың себептеріне талдау жасағанда әрқашанда мынадай сұрақ туындайды: егер қылмыскер өзіндік ерекше онегелілік, діни және басқа нанымдарды басшылыққа алған болса, онда неге заң өзінің қылмыстық-құқықтық тыйымды бұзғандық үшін қарастырылған қатаң санкцияларымен оны тоқтатпаған?

Қоғамдағы құқықтық санаға криминологиялық талдама жасағанда оның мынадай әр түрлі құрылымшалары бөлініп алынады: а) теория жүзінде жүйелендірілген құқықтық сана (идеология және ғылым), б) теория жүзінде жүйелендірілмеген (жай) құқықтық сана (құқықтық таным, дағды, дәстүр және құқықтық салттар).

Қылмыстық тыйымға теріс көзқарастың, оны бұзудың себептері неде жатқандығын: әлде бұл дәстүр ме (мысалы, қанға қан) немесе кейбіреулердің өзін өкпелеткен адамға қарсы күш қолдануға болады, ал «соттан әділдік таппайсың» деген бұрыннан қалыптасқан сенімі ме, әлде заң нормаларын білмегендігі ме, осының бәрін криминолог анықтауға тиіс. Революцияға дейінгі Ресейде Императорлық Орыс География

қоғамының Этнография бөлімшесі жанында Халықтың заңдық салттарын жинастыру жөнінде Комиссия болған.

Құқықтық сананы зерделегенде бес элемент бөлініп алынады, олар: 1) құқықты білу, 2) құқық жөніндегі түсінік (моральдық және басқа нормаларды білу не жеке тәжірибе және байқау нәтижесінде қалыптасқан қате білім); 3) құқық нормаларына көзқарас; 4) құқыққа талап (құқық нормаларына теріс көзқараста біреулер оны қатайтуды, біреулер – жеңілдетуді талап етеді); 5) құқықтық міндеттеулердің орындалуына көзқарас. Соңғы элемент құқыққа көзқарастан өзгеше болады: жаман болса да заңды орындау керек деген нанымдар және тіптен қажетті құқықтық міндеттеулерді құқық бұзушы үшін қолайлы жағдайларда бұзуга болады деген нанымдар кездеседі. Осы соңғы элемент қылмыс жасайтын адамдар арасында жиі кездеседі, олардың құқықтық санасы адамдардың бақылау топтарының құқықтық санасынан өзгеше болады.

Сонымен қатар, қылмыскерлердің дұрыс құқықтық көзқарастарының өзі наным мен мақсат деңгейінде қалыптаспайды. Әлеуметтік-құқықтық мақсат бойынша мыналар бөлініп алынады: 1) танымдық деңгей, онда белгілі бір көзқарас құқық нормаларымен танысу немесе логикалық пайымдау нәтижесінде айтылады; 2) эмоционалдық деңгей, онда көзқарас нанымға айналады; 3) еріктік немесе мінез-құлықтық деңгей, онда сол көзқарасқа сай мінез-құлық көрсетуге дайын тұрғандық байқалады. Іс жүзіндегі іс-қимыл ситуацияның күшті әсерінен сол дайын тұрғандықтан өзгеше болуы мүмкін. Ал, бұл әлеуметтік-құқықтық мақсат қылмыстық іс-қимыл тетігінде маңызды болып келетін өзекті мақсаттың мазмұнына ықпал жасай алады.

Әлеуметтік-құқықтық, өнегелік, діни және көрсетілген үш деңгейді, сондай-ақ құндылық бағдарлар – базалық құндылыққа мақсаттылық жүйесін қамтитын басқа да мақсаттар талданады. Мұндай құндылық бағдарламалардың иерархиясы маңызды болып табылады. Егер оның жоғарғы сатысында достар адалдығы тұратын болса, кәметке толмаған қылмыскерлер қылмыстың барлық ауырпашылығын біле тұрып және сертте тұрмауды кінә санап, ең ауыр қылмысты жасаудан тайынбайды. Егер адамның жоғарғы құндылығы материалдық пайда болса, онда нақты

жағдайларда, көптеген өнегелілік, діни және құқықтық құндылықтар оның жолында құрбан болып кетеді.

Криминологқа мектеп, өзге да тәрбие және білім беру институттары, бұқаралық ақпарат құралдары сияқты мекемелердің жұмысының сипатын талдауға тура келеді.

Ұйымдасқан қылмыс етек алып, ол қоғамның ресми құрылымдары мен институттарын пайдаланған жағдайда, бұл институттарды қылмыстық идеология мен психологияны уағыздау не ақтау, криминалдық іс-қимылдың формалары туралы ақпаратты тарату үшін, тіптен олардың жарнамасы ретінде тікелей пайдалану орын алады.

Қоғамдық пікірді криминологиялық зерделеудің де маңызы бар. Ол белгілі бір кезеңнің қоғамдық санасын оның жиынтығы түрінде, сананың әр түрлі формалары, сондай жай және теориялық түрлері арасындағы бұрмаланыс түрінде сипаттайды. Қоғамдық пікір – бұл қоғамдық сананың нақты жағдаларда нақты мән-жайларға қатысты жұмыс істеуі.

Қылмыскерліктің себептік кешенін криминологиялық зерттеуде, сонымен қатар, өнегелік, саяси, экономикалық, құқықтық, діни мәдениеттер де, яғни нақты өмірде тиянақты іске асырылмайтын, бірақ тұрмысқа кіргендер де зерделенеді.

Кейбір авторлар қылмыстық мәдениетті «субмәдениет» деп бағалайды, бірақ бұл қоғам мәдениеті негізге алатын құндылықтарды ол да негізге алған жағдайда болады. Егер біз христиандар мәдениетін алатын болсақ, онда біз онымен салыстырғанда қылмыстық болып келетін мәдениетті «субмәдениет» емес, «контрмәдениет» деп танымыз.

#### **§4. Қоғамды оның сипаттамалары мен динамикасының өзара әрекеттестігінде зерделеу**

Қоғамның әр құрылымшасының ықпалы басқалармен өзара әрекеттестікте жүзеге асырылады. Сондықтан өзара әрекеттестік процестері мен жағдайларына қылмыстық іс-қимылға қатысты ғана емес, жалпы қылмыскерлікке, оның жекелеген түрлеріне қатысты да баса назар аударылады.

Кең танылған криминологиялық теорияларда қоғамдық жүйенің сипаттамаларының, элементтерінің өзара әрекеттестіктерінің әр түрлі кездері көрініс тапқан. Э.Дюркгейм іс-қимылдың

әлеуметтік нормаларының күйреуі – «аномия», немесе нормативсіздік туралы, оның ішінде олардың жеткіліксіздігі және қайшылықтары нәтижесінде бұзылатындығы туралы жазған<sup>26</sup>. «Аномия» жайында Р.Мертон қылмыскерліктің және теріс әлеуметтік ауытқулардың басқа түрлерінің себептерін талдауға байланысты жазды. Ол мұндай құбылыстардың әлеуметтік топ көздеген мақсаттар мен қолданылатын құралдар арасындағы қайшылықтарға байланысты туындайтынын атап өтеді. Халықтың едәуір бөлігінің заңды жолдармен қол жеткізуін қоғам қамтамасыз ете алмаса да, оны көпшіліктің жетістік символы (ақша, билік, т.б.) деп қоғамның дәріптеуі әлеуметтік кері іс-қимылдар жасауға итермелейді, яғни кең дәріптелген жетістік символы мен қоғамның белгілі бір әлеуметтік құрылымы жағдайында оған қол жеткізудің мүмкін еместігі арасындағы өзара әрекеттестіктің нәтижесін бұл жерде қылмыскерлік себебі деп айтуға болады.

Т.Селлиннің «социомәдени теориясы» нормалар қалыптасуының қылмыскерлікке ықпал ететіндігін мойындауға негізделген. Адамдарға бір нормалар шегінде қалыптасып, басқа нормалар шегінде әрекет жасауға тура келеді не ол іс-қимылдардың тікелей қарама-қарсы нормаларының өзара әрекеттестігінің жағдайында шешім қабылдайды.

Э.Старденд қылмыстық іс-қимылды адамды қылмыстық құндылықтарды игеріп алған өзге адамдармен өзара әрекеттестікте оқытудың, оның тиісті іс-қимыл мәнерін қабылдауының нәтижесі деп түсіндіреді («дифференциалдық қауымдастық» теориясы).

Американдық басқа бір автор Гласер «дифференциалданған сәйкестендіру» тұжырымдамасын негіздеді, мұның басты құндылығы – қылмыстық іс-қимыл этиологиясындағы әртүрлі факторлардың өзара әрекеттестігі, адам іс-қимылын әртүрлі ситуацияда талдау.

«Ситуация», бұл – криминологияда елеулі маңыздылығы бар дербес санат. Польша криминологы Ежи Бафия «криминогендік ситуацияны» бөліп алады, оған «өзара әрекеттесуші әр түрлі факторлардың қылмыс жасауға бағытталған динамикалық жүйесінің жаңа сападағы құраушысы» деп анықтама береді. Бұл – қылмыс жасағанда өзара әрекеттесетін күштер жиынтығының бір түрі деп атап көрсетеді.



Мұндай ситуацияда әлеуметтік орта мен адамның жеке басының күйін, олардың өзара әрекеттестігінің сипатын ескеру керек. Неге, қалайда жеке басты бөліп алу керек, ал ортаның объективтік факторларының субъективтікпен - рухани өріспен арасындағы өзара әрекеттестігімен ғана шектелуге болмайды? Біріншіден, бұрын айтылғандай, адам үшін рухани өріс – экономикалық, әлеуметтік, саяси жағдайлар сияқты объективтік шындық. Екіншіден, белгілі бір әлеуметтік ортада басқа ортада қалыптасқан адамдар әрекет етуі мүмкін. Бұл қоғамдық құбылыс шұғыл өзгергенде не әңгіме мигранттар жайында болғанда орын алады. Үшіншіден, әлеуметтік орта әр түрлі адамдарға әр түрлі ықпал етеді.

Әлеуметтік орта адамның жеке басымен өзара әрекеттесе отырып қылмыскерлікте көрініс табады, оның сипаттамасы арқылы өтіп бұрын қалыптасқан сипаттамаларды өзгертеді немесе жаныштап жоқ қылады, сол кездегі не болжамдағы жаңа ситуацияларда мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін жаңа сипаттамалар тудырады. Кейде, қылмыскерліктегі жаңа құбылыстардың төркінін адамның келешекте неге бағдар алатындығын, әлеуметтік ортаның қалай дамуын күтетіндігін айқындау арқылы түсінуге болады.

Егер әңгіме жеке дара іс-қимыл жайында болса, онда адамның жеке басын әлеуметтік ортаның салыстырмалы дербес және сыртқы ықпалға тұрақты жемісі деп қарауға болады. Ал, қылмыскерлікті жаппай құбылыс деп қарастырсақ, онда әңгіме жеке адам жайында емес, әр қилы әлеуметтік топтары, әр түрлі әлеуметтік типтегі адамдары бар жалпы халық жайында болады.

Криминологиялық маңызы бар «әлеуметтік орта – адам (адамның жеке басы)» өзара әрекеттестігі көп аспектілі болуы мүмкін:

Орта – қылмыс жасаушы адам (қылмыскер)

Орта – қылмыстан жәбір шеккен адам

Орта – қылмыстың куәгері

Орта – қылмыспен күреске ресми қатысушы (тергеуші, прокурор және т.б.).


Орта – криминалдық қақтығысқа тікелей қатыспаған немесе оның куәгері болмаған, бірақ қоғамдық пікірдің қалыптасуына қатысқан адам және т.б.

Өзара әрекеттестіктің осы түрлерінің әрқайсысын талдау маңызды, бірақ олар әр түрлі ақпарат береді. Мысалы, қандай

адамдар, олардың қандай типтері тиісті жағдайларда көбірек жәбірленуші болады. Егер қоғамдық тәртіпті қорғауды тез арада жолға қою мүмкін болмаса, онда нақты жағдайларда алда болатынды көре білмейтін адамдарды қандай әрекет жасаудан сақтандыру жөнінде қандай да бір шара қолданыла ма? «Орта – қылмыспен күрестің ресми қатысушысы» арасындағы өзара әрекеттестік мұндай қатысушылардың қандай сипаттамалары тиісті жағдайларда, оның ішінде, \* орын алып отырған қылмыскерліктің сипаттамасымен өзара әрекеттестікте оңтайлы болып табылатындығын түсінуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік өзара әрекеттестікті зерделегенде қылмыскерлікті біршама дербес құбылыс ретінде бөліп алу және «қоғам – қылмыскер» өзара әрекеттестігін талдау сияқты амал қолданылады. Оған қоғам мен қылмыскерліктің жаңа жағдайын анықтайтын «заңды (ресми) қоғам – криминалдық қоғам» өзара әрекеттестігі шеңберінде де түсініктеме беруге болады.

Қылмыскерлік генезисін талдаудың жұмысшы схемасы, көрсетілген әдістемелік тәсілдерді пайдаланғанда, мынадай боп көрінеді:



\*Кейбір жұмыстарда «келеңсіз» мән-жайларға баса назар аударылған. Мысалы, Н.Ф.Кузнецованың 1984 ж. шыққан «Проблемы криминологической детерминации» кітабында.

Қылмыскерліктің әлеуметтік өзіндік криминологиясының бұл тетігін елемеу іс жүзінде оның жандануына және қоғамға жайылуына алып келеді.

Қылмыскерлік келеңсіз мән-жайлардың ғана кешенінен туындамайды. Бұл кешенде өте оң факторлар бірқатар келеңсіз факторлармен өзара әрекеттесіп, нәтижесінде криминалдық салдар беруі мүмкін. Мысалы, байлықта немесе аса байлықта тұрған не бар, бірақ оның заңды білмеушілікпен және криминалдық байлық иелерінің жазасыздығымен қосындысы

қылмыстық іс-қимыл субъектілерінің әр түрлі варианттарда және ситуацияларда көптеп пайда болу мүмкіндігін тудырады. Әңгіме байларды жою емес, заңның үстемдігін орнату. Қазақстан Конституциясына сәйкес «биліктің бірден-бір көзі оның көп ұлтты халқы болып саналады». Бұл саяси фактор экономикалық, әлеуметтік, рухани факторлармен ұдайы өзара әрекеттестікте болуы тиіс, себебі оның криминологиялық маңыздылығы басқаларынан кем емес.

### §5. Әлеуметтік бақылау

Нақты қылмыскерлік туындататын белгілі бір жүйелік фактор ретіндегі өзара әрекеттестікте оның тараптарының ғана емес, олардың өзара әрекеттесу жағдайларының да сипаттамалары едәуір рөл атқарады. Мысалы, әлеуметтік бақылау рөлін.

Әлеуметтік бақылау дегеніміз адамдардың іс-қимылдарын қоғам, мемлекет, әлеуметтік топтар қорғайтын, сондай-ақ олардың мүдделерін білдіретін іс-қимыл нормаларына сәйкестендіруге бағытталған нормалардың, институттардың және қатынастардың жиынтығы.

Ресми және биресми қоғамдық бақылау бөлініп алынады. Біріншіні Конституцияға, заңдарға және заңға тәуелді актілерге не қоғамдық ұйымдардың заңда көзделген тәртіпте тіркелген сондай актілеріне (мысалы, әр түрлі қоғамдық ұйымдардың жарғыларына) сәйкес берілген арнайы өкілеттік негізінде мемлекет, азаматтық қоғамның институттары, жекелеген азаматтар жүзеге асырады. Биресми бақылау отбасы, қызметкерлер ұжымы, тұрмыстық орта тарапынан әр түрлі формада жүзеге асырылады. Оның айқын көріністерінің бірі – қоғамдық пікір. Өмірде, кейде, ресми және биресми бақылау формалары бірге көрініс табады.

Ресми әлеуметтік бақылау жүйесінде бақылау және құқық қорғау қызметтерінің ерекше криминологиялық маңызы бар.

Бақылау немесе бақылаушылық функциялары ведомстволықтан тыс және ведомстволық негізде жүзеге асырылады.

Бақылау қызметінің барысында әр түрлі бұзушылықтар айқындалуы мүмкін, мысалы: іс-қимылдың технологиялық стандарттарына, кәсіби этикаға және т.б. сәйкес келмейтін іс-

қимыл; тәртіптік, азаматтық-құқықтық, әкімшіліктік, қылмыстық-құқықтық (қылмыс) құқық бұзушылықтар.

Аранулы өкілетті органдар мен лауазымды адамдар құқық қорғау қызметін жүзеге асырғанда заңнаманың бұзылғандығы айқындалады және оған заңда көзделген шаралар қолданылады. Құқық қорғау қызметіне проф. К.Ф.Гуценко «құқықты қорғау мақсатында арнаулы уәкілетті органдар ықпал етудің заңдық шараларын қатаң заңға сәйкес және онда белгіленген тәртіпті мүлтіксіз сақтай отырып қолдану арқылы жүзеге асыратын мемлекеттік қызмет» деп анықтама береді.

«Көше» қылмыскерлігінің етек алуы, әдетте, қоғамдық орындардағы құқық тәртібінің жайына бақылаудың босаңсуы, төңіректегі адамдардың құқық бұзу фактілеріне енжар қарауы жағдайында болады.

Рецидивтік қылмыскерліктің ұлғаюы бас бостандығынан айыру орындарынан босанып келген адамдардың жүріс-тұрысына бақылаудың болмағандығынан, ал кәмелетке толмағандардың қылмысқа баруы – оларға отбасы тарапынан бақылаудың нашар жасалғандығынан орын алады. Кәмелетке толмағандар қылмысты көбіне кешкі және түнгі мезгілдерде жасайды, ал ол уақытта олар үйден тыс жерде болуға тиіс емес.

Әлеуметтік бақылаудың әр түрлі аспектілерінің криминологиялық тұрғыдан маңыздылығы елеулі. Зерттеу процесінің мақсаты, заты, объектісі ескеріле отырып аспектілерді бөліп алу керек.

Мыналарға назар аударылады: 1) әр түрлі объектілерді пайдакүнемдік қастандықтан қорғаудың жайына; 2) қоғамдық орындарда құқық тәртібін қорғауға; 3) бірқатар жұмыс орындарын, қызмет орындарын онда отырған адамдардың оны жеке баю мақсатында пайдалануынан «қорғауға»; 4) аса назар аударуды қажет ететін адамдардың іс-қимылын әлеуметтік бақылаудың жайына; 5) қылмыскерлік, онымен күрес жайындағы қоғамдық, топтық пікірлердің жайына.

Әр түрлі объектілерді қылмыстық қастандықтан қорғаудың жайын талдағанда мыналар ескеріледі: а) нақты объектілердегі мүліктік қастандықтардың санына; б) пайдакүнемдік қастандықтардың затына; в) тиісті объектілер мен заттардың қорғалу жайына: күзеттің жоқтығына; ведомстволық, жеке немесе өзге күзеттің болуына; г) мүліктік қастандықтардың

криминалистикалық сипаттамаларына: криминалдық кәсібиліктің дағдыларын пайдалану (кілттер табу, ашатын басқа амалдар, т.б.), не құлыпты күшпен жұлып алу.

Әлеуметтік бақылаудың жайы ғана емес (мысалы, объектіні қорғағанда жаңа электрондық құралдарды пайдалану), осы бақылау құралдарының қылымыскерліктің сипаттамасына, оның даму үрдісіне сәйкестігі де криминология тұрғысынан маңыздылыққа ие. Қылымыскерлердің криминологиялық кәсібилігі өскен сайын бұл құралдар күзет жүйесін қылымыскерлердің бұзуына мүмкіндік бермейтіндей болуы тиіс.

Жұмыс орындарын, мемлекеттік қызмет орындарын қорғаудың криминологиялық сипаттамасы көптеген құрамдастарды қамтиды. Мысалы, жұмысқа қабылданатын адамдардың сипаттамаларының тиісті қызметкерге қойылатын талаптарға сай келуі. Қызметкерді материалдық-жауапты жұмысқа, мемлекеттік қызметке алғанда бұл жайға баса назар аударылады. Практикада алдын алу шаралары жүйесін енгізу де бар.

Сыбайлас жемқорлық, ұрлау фактілерін болдырмау немесе дер кезінде айқындау мақсатында кіріс пен шығысты бақылау үшін мемлекеттік қызметкерлердің өздерінің кірістері және жылжымайтын құнды мүліктері жайында жыл сайын декларация беруі қарастырылған. Мұндай қатаң бақылау жағдайында ірі пара алу және оны өз мақсатында пайдалану оңайға түспейді. Тиісті қызметкерлердің жеке өктемдік жасау өрісін тарылту, сөйтіп клиенттердің оған тікелей байланыстылығын азайту үшін белгілі бір мемлекеттік функцияларды орындауға қатаң регламентация белгіленген. Бұл жағдайда клиент мемлекеттік қызметкерлердің «көңілін табуға» мәжбүр болмайды.

Адамдардың кейбір санаттарының іс-қимылына жасалатын арнаулы әлеуметтік бақылауды алатын болсақ, қылмыс жасауы өте мүмкін болғандықтан өздеріне баса назар аударуды қажет ететін әлеуметтік топтарды бөліп алудың маңыздылығы бар. Бұл - іс-қимылда объективтік көрініс тапқан жеке сипаттамадан және адамның әлеуметтік ортасының сипаттамаларынан және адамның ортамен өзара әрекеттестігінің ерекшеліктерінен туындауы мүмкін.

Мысалы, мынадай адамдар тобы бар:

- моральдық нормалардың өрескел бұзылуына, қылмыстық емес сипаттағы құқық бұзушылыққа жол беруші және қылмыс жасаған;

- мұндай іс-әрекетке жол бермейтін, бірақ ондай іс-әрекеттер орын алған ортада жүрген, азғындаған және қылмыстық ортамен байланыста тұратын;

- мұндай бұзушылыққа әзірше жол бермеуші және жоғарыдағы байланысқа бармайтын, бірақ соларға бағдар ұстап ұмтылатын адамдар.

Әлеуметтік ортасы шұғыл өзгеріске ұшырайтын мигранттар, әсіресе мәжбүрлі мигранттар арнайы криминологиялық назарға алынады. Олар үшін жаңа жағдайға бейімделу, өздерінің ең керекті мұқтаждықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету қиындыққа түседі. Бұл мәселелер мигранттар қылмыскерлігін зерделегенде жан-жақты талданады.

Әлеуметтік бақылау белгілі бір іс-қимылды қадағалауға және анықтауға ғана келіп тірелмейді, ол шара қолдануды да, оның ішінде бұл көрсетілген және басқа да әлеуметтік топтарға қажетті және уақтылы әлеуметтік көмек көрсетуді де қамтиды. Бұл ретте мұндай топтардың өкілдерінің құқықтары мен заңды мүдделерін «алдын алу мақсатында» шектеуге жол берілмейді. Бұрын аталып өткендей, мәжбүрлеу шараларының сипаты жасалынып қойған іс-әрекеттің сипатына сәйкес келуі тиіс.

Қоғамдық бақылаудың функциясына, сонымен қатар, құқыққа негізделген және құқыққа қайшы іс-қимылдармен бұзылған тәртіпті қалпына келтіру; кінәлі адамдарға заңда белгіленген жауаптылықты қамтамасыз ету кіреді.

Кең мағынада алынған құқық қорғау жүйесінің немесе прокуратура, ішкі істер органдары, қауіпсіздік қызмет органы, салық полициясы, кеден және басқа да органдар кіретін қылмыстық юстиция жүйесінің жұмысына көп нәрсе байланысты. Бұларға сотты қосу мәселесі біржақты шешілмеген. Бірақ соттар қылмыс жасаған адамдарды соттап, өзге құқық бұзушыларға заңда көзделген санкцияларды қолданып, сөзсіз, олар да құқық тәртібін қорғауға қатысады.

Құқық қорғау жүйесі нақты жұмыс жасайтын болса, қалайда жазаланбай қалмау принципі толығырақ іске асады, қылмыстың ашылуы артады. Бұл көптеген адамдардың қылмыстық пиғылының іске асуына тосқауыл болар еді.

Сонымен қатар, көптеген қылмыскерлердің жазасыз қалуы, криминалдық әрекет нәтижелерін еркін және ашық пайдалану мүмкіндігі мұндай субъектілерді бұл әрекетті одан әрі дамытуына, ал өзге азаматтарды «неге маған да бұлай істемеуге» деген принципті ұстануына итермелейді.

Әлеуметтік бақылау, бұл – тек әлеуметтік институттардың ғана емес, сонымен қатар қатынастар мен нормалардың да жүйесі. Бұл жүйеге белгілі бір іс-қимыл ережесін, тыйымдар, оларды бұзғандық үшін жауапкершілік белгіленген әр түрлі нормалар (құқықтық, моральдық, діни, технологиялық және т.б.) кіреді.

Қылмыскерлікпен күреске қатысты қылмыстық және өзге заңдарды жетілдіру туралы, қылмыстық табысты заңдастырумен (жуып-шаюмен) күресу шараларының тиімді жүйесін енгізу туралы жарыссөздердің үдеуі әлеуметтік бақылаудың криминалдық аспектілерімен байланысты.

Өлім жазасы туралы жарыссөзден байқағанымыз, нақты өмірде ресми және биресми бақылау өзара әрекеттестікте болады екен. Мысалы, өлім жазасына қарсы болғандардың аргументтерінің бірі мынадай: біріншіден, қоғамның басқа мүшелерінің адам өлтірмеуі үшін оларға қоғамның адам өлтіруге құқығы жоқ екендігін көрсету; екіншіден, адамды өлім жазасына кесудің ондай қылмыстың алдын аларлықтай сипаты жоқ. Өлім жазасын жақтаушылар, егер бұл жаза қолданылмайтын болса, онда адам өлтіргендерден өш алу өзінен өзі көбейеді деген дәлел айтты.

Соңғы жылдары авторлардың басым көпшілігі әлеуметтік бақылауда мадақтау шараларының рөлін арттыруды, ал тыйымдық және жазалау шараларымен ғана шектеліп қалуға болмайтындығын айтып жүр<sup>27</sup>.

Шетелдік криминологияда «бақылау теориясы» деп аталатын теория пайда болды, ол XX ғасырдың 50-70-жылдары криминологтар Альберт Рейстің, Ф.Айвен Наемнің, Мартин Гоулдтің еңбектерінде жан-жақты зерттелді. Шнейдер былай дейді: «әлеуметтік бақылау және әлеуметтендіру, бұл – қоғам шеңберінде жүріп жатқан және адамдардың комфорттық әлеуметтік іс-қимылын қамтамасыз етуге және қолдауға бағытталған процесс ... әлеуметтік бақылау іс-қимылды анықтауда шешуші рөл атқарады».

Адамның іс-қимылын сырттай бақылау мен оның өзін өзі бақылауының жігін ашудың да криминологиялық маңызы бар. Өзін өзі бақылау адамның сипаттамаларына, оның өзі үшін сыртқы болып табылатын талаптарды қаншалықты бойына сіңіргеніне, олардың оның іс-қимылында қаншалықты ішкі реттеуші болғандығына байланысты.

Адамдардың комформдық әлеуметтік іс-қимылын қамтамасыз етіп қана қою криминология тұрғысынан жеткіліксіз. Олардың оң әлеуметтік-құқықтық белсенділігін қалыптастырудың және ұстап тұрудың да маңыздылығы бар. Ол құқықтық және өзге нормаларды, институттарды жетілдіру мақсатында да, заң бұзушылыққа белсенді қарсы тұру тұрғысынан да маңыздылыққа ие: бұл - қылмыстық іс-қимыл фактісіне ынталы және заң шегінде, әрі криминологиялық сауатты шара қолдануға даяр тұруды көздейді.

Егер қоғамдық пікірде дәл осындай көзқарастар таралса, ол қылмыстық іс-қимылға қарсы тұрудағы енжарлықты айыптаса, онда қылмыстық фактілер толығырақ айқындалады, олар дер кезінде ашылады және тыйылады. Қылмыстық пиғыл, тіптен қалыптасқан күннің өзінде, іске асырылуы қиын жағдайға тап болады. Мұндай жағдайдың ұзаққа созылуы пиғылдың өзгеруіне және қылмыстық іс-әрекеттен бас тартуға себеп болады.

Ал криминологиялық тұрғыдан оң қоғамдық пікір қоғам өміріндегі экономикалық, саяси, әлеуметтік және рухани жағдай жақсарса ғана қалыптасады және тұрақтанады.

Әлеуметтік бақылау жүйесінің жұмыс істеуі әлеуметтік орта мен халықтың негізгі сипаттамаларының туындысы болып табылады.



## 9-тарау. Қылмыскер және оны криминологиялық зерделеу

§1. Қылмыскер және қылмыскердің жеке басы.

§2. Қылмыскерді криминологиялық зерделудің объектісі және заты ретінде қарастыру.

§3. Қылмыскердің әлеуметтік ұстанымын, рөлдерін және әрекетін зерделеу.

§4. Адамның мұқтаждық-сылтаулық өрісін және санасының құндылық-нормативтік сипаттамаларын зерделеу.

§5. Қылмыскерлерді топтастыру.

§6. Қылмыскердің жеке басын әлеуметтік тип ретінде қарау

### §1. Қылмыскер және қылмыскердің жеке басы

Қай ғылыми мектепке жатқанымен бір де бір криминолог қылмыс жасаған адаммен байланысты проблемаларды айналып өте алмайды. Қылмыс жасаған адамды қысқаша «қылмыскер» деп аталық. «Қылмыскер» ұғымын пайдаланғанда біз адамның бойында қандай да бір ерекше криминалдық сипаттамалардың бар екендігін емес, оның қылмыс жасағандық фактісін ескереміз. Бұл ұғымды басқа бір «қылмысты адам» ұғымынан ажырата білу керек, бұл соңғыны туа қылмыскер туралы идеяны жақтаушылар пайдаланады.

«Адам» ұғымына оның бойындағы екі жақтың: әлеуметтік және биологиялық жақтардың ажырамас бірлігі кіреді. «Жеке бас» ұғымы оған тән әлеуметтік белгілерді ғана білдіреді. Жеке бас – адамның әлеуметтік бейнесі, қоғамда өмір сүріп және дамып, оның кім болғандығын көрсетеді. «Қылмыскердің жеке басы» ұғымын пайдаланғанда қылмыс жасаған адамның «әлеуметтік кейпі» ғана ескеріледі. Бар болғаны сол.

Қылмыскерліктің әлеуметтік детерминациясының үш қатар тетігі бар: біріншіден, жеке басты белгілі бір әлеуметтік қалыптастыру жолымен; екіншіден, оған күкыққа қарсы не қарама-қайшы сипаттағы міндеттеулер беру арқылы; үшіншіден, жеке басты іс-қимылдың қылмыстық вариантын таңдауға мәжбүрлайтін және оны жеңілдететін ситуацияда қалдыру арқылы.

Қылмыскердің жеке басында тек оған ғана тән кейіп бар ма, қылмыскер қылмыскер еместен өзгеше ме – бұл басқа мәселе,

оған жауап бергенде өзге ұғымдар пайдаланылады. Қылмыскердің жеке басындағы биологиялық және әлеуметтік жақтардың ара қатынасы туралы айтыс тікелей практикаға келіп тіреледі. Биологиялық факторға басымдық беретін авторлар қылмыскерді зерделегенде психиатрдың, психологтың басты рөлі туралы, биотехникалық амалдар мен тестілерді қолдану туралы тұжырым жасайды. Әлеуметтік фактор шешуші деп санайтындар іс-қимылды түзеудің әлеуметтік бағдарламалары жайында жазады. Қазіргі кезде тек биологиялық факторларға ғана мән беретін көзқарастар мүлде айтылмайды, дегенмен бірқатар генетиктер мен криминологтар генетиканың соңғы жетістіктеріне назар аударуға және адамдардың іс-қимылына генетикалық аномалиялардың әсерін есептен шығармауға шақырады<sup>28</sup>.

С.Я.Булатов зерттеушілердің психологиялық ұғымдарды әлеуметтендіруге ұмтыла отырып, аталған ұғымдарды биологияландырып жіберу қателігіне ұрынбауға шақырған болатын.<sup>29</sup>

Ал, қылмыстық іс-қимылды биологияландыруға үзілді-кесілді қарсы тұрған пікірлер әрқашан да болды. XX ғасырдың басында А.А.Пионтковский былай деп жазды: өзгермелі әлеуметтік құбылысты - қылмысты адамның бойындағы, тіптен «қылмыстық адамның» бойындағы тұрақты қасиет деп санауға болмайды<sup>30</sup>.

Қандай болса, сол қалпында адам қылмыс жасайды. Әрине, жеке бас қалыптасқанда адамның сұлу немесе сұрсыз болып туғандығының маңызы бар. Осы факторларға қарай оның араласатын әр түрлі ортасы, әр түрлі өмір жолы болады. Біреулер қызуқанды, біреулер әрбір әрекетін ойластырып жасайды. Әлсіз адам жаппай төбелеске кірмейді, ал интеллектуалдық даму деңгейі төмен адамдардың арасынан өз ісіне шебер алаяқты кездестірмейсін.

Адамның биологиялық та, әлеуметтік те ерекшеліктері, сөзсіз, қылмыскерлік детерминациясына қатысады. Сондықтан да қылмыстық сот ісін жүргізгенде сот-психологиялық, сот-медициналық, сот-психиатриялық және өзге де сараптамалар жүргізіледі, қылмыскерлік оның детерминациясы және себептілік зерделенгенде пәнаралық және кешенді зерттеулер жүзеге асырылады.

Қылмыскерлердің әр түрлі сипаттамаларын ескерумен қатар, қылмыскерлерді, яғни белгілі бір жасқа жеткен, есі дұрыс адамдар мен заң бойынша қылмыс субъектісі болып табылатын адамдарды ажырату да керек. Соңғыларды криминология зерделемейді.

15-кесте

**Соңғы 14 жылдағы пайдақорлық-зорлық қылмыстарды жасаған тұлғалар саны**

Жылдар	Бандитизм		Қарақшылық		Тонау		Қорқытып алушылық		Барлығы
	саны	үлесі (%)	саны	үлесі (%)	саны	үлесі (%)	саны	үлесі (%)	
1990	2	0	1275	27,8	3316	72,2	228	0	4821
1991	4	0,07	1321	24,5	3815	70,9	243	4,5	5383
1992	8	0	1621	26,4	4502	73,5	350	0	6481
1993	16	0,2	1928	24,6	5282	67,5	598	7,6	7824
1994	5	0,06	1892	25	4884	64,5	784	10,4	7565
1995	93	1,3	1793	25,6	4173	59,5	946	13,5	7005
1996	100	1,5	1908	29,5	3619	56,1	822	12,7	6449
1997	83	0	1965	34	3203	55,4	610	10,5	5861
1998	73	1	2219	31,2	4072	57,3	735	10,3	7099
1999	73	0,9	2245	29,4	4476	58,7	831	10,8	7625
2000	42	0,5	2406	29,5	4800	59	881	10,8	8129
2001	35	0,4	2560	30,1	5029	59,3	854	10,0	8474
2002	-	0,2	1954	30,6	4471	59	632	9,9	7057
2003	-	0,1	1641	26,5	4075	63,8	573	9,3	6289
Барлығы	534	0,61	26729	28,2	59717	61,6	9087	9,5	96067

Криминологқа басқа мамандардың іс-қимылдың туа біткен бағдарламасының бар екендігі және оның әсерінен қоғамға қауіпті іс-әрекет жасалатындығы туралы тұжырымдарына дау айтудың керегі жоқ. Оған адамның өз іс-әрекетінің нақты сипатын және қоғамға қауіптілігін ұғына алғандығын не оны басқара алғандығын, немесе оның іс-қимылы тек биологиялық ерекшеліктермен ғана басқарылғандығын білу керек. Соңғы жағдайда ол криминологтардың назар аударатын объектісі болудан қалады, себебі ол қылмыстық-құқықтық тұрғыдан қылмыскер емес. Әлі талай жаңалықтар ашылады, оларды бұл өзінше «әлеммен» - адаммен айналысатындар ескеруі тиіс. Бірақ криминологтың жоғарыда аталған көзқарасында тұрақтылық сипат бар. Криминолог қылмыстық іс-қимылдан басқа да

варианттар бар жағдайда әрекет еткен адамның қылмыстық іс-қимылға, іс-әрекетке бару себептерін айқындауы тиіс.

Топ болып жасалған пайдақорлық-зорлық қылмыстарды жасаушы тұлғалардың «топ болып тонауды 91,5%-і - ер адамдар болса, 8,5%-і- әйелдер; топ болып жасаған қарақшылықты - 98,4-ерлер болса, 1,6%-і әйелдер; топ болып қорқытып алушылықты - 99,6%-і - ерлер, 0,4%-і әйелдер болған». Демек, топ болып пайдақорлық - зорлық қылмыс жасаушылардың басым бөлігі ерлер болса, ерлермен бірлескен топта сотталған әйелдер, көбіне, қылмыс жасаушыларға көмектескен, не қылмыс жасауға арандатушы болған, кейде өздері де қылмысқа тікелей қатысқан. Тіптен топ басқарған әйелдер де кездеседі.

Әйел басқарған топтың қылмысы, әдетте, алдын ала мұқият дайындалады. Мысалы, 1998 жылғы 20 маусымда Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында «Айви» шағын кәсіпорнының төрт қызметкері ұсталған, ол топты әйел басқарған<sup>31</sup>.

«Іс-қимылдың неге криминалдық вариантын таңдады» деген сұрақ жалпы детерминацияны емес, нақты себептілікті талдауды керек етеді. Оған жауап беру үшін қылмыскерлердің әлеуметтік сипаттамалары – қылмыскерлердің жеке басы зерттеледі.

## §2. Қылмыскерді криминологиялық зерделеудің объектісі және заты ретінде қарау

Криминологиялық зерделеудің объектілері мыналар:

- 1) қылмыс жасаушы жекелеген адамдар (мысалы, оларды монографиялық зерттегенде);
- 2) қылмыскерлердің әр түрлі контингенттері: кәмелетке толмағандар, рецидивистер, т.б.
- 3) қылмыскерлердің әр түрлі криминологиялық типтері.

Бақылау тобы әдісін қолдану және қылмыскерлер сипаттамасының онымен бірдей жағдайда өмір сүріп, әрекет етуші нақты адамдардан айырмашылығын айқындау үшін, қылмыскерлермен қатар, қылмыс жасамайтын адамдар да зерделенеді.

Психологиялық белгілерді айқындау маман-психологтардың міндеті, олардан арнайы білім талап етіледі, ал психофизиологиялық белгілерді медиктер мен биологтар айқындайды. Қылмысқа жақын себептік тізбектер мен

кешендерді талдағанда социологиялық, әлеуметтік-психологиялық және этико-құқықтық зерттеулермен шектелуге болады.

Қылмыскерлердің жеке басын криминологтар екі аспектіде бір уақытта зерделейді: бір жағынан, әлеуметтік байланыстар мен әсерлердің объектісі ретінде, екінші жағынан – мақсатты бағыты бар, өзгертетін белсенді әрекетке қабілетті субъект ретінде. Мынадай жеке бастық сипаттамалар криминологиялық зерделеу заттары болып табылады: 1) «объективтік», немесе әлеуметтік позициялар мен рөлдер; жеке бастың әрекеті; 2) «субъективтік»: мұқтаждық-сылтаулық өріс; сананың құндылық-нормативтік сипаттамасы.

### **§3. Қылмыскердің әлеуметтік ұстанымын, рөлдерін және әрекетін зерделеу**

Криминологиялық зерттеулер әлеуметтік позициялар мен жеке бастың рөлдерінің ерекшеліктерін, оның әлеуметтік-рөлдік аясын бекітеді.

Криминологияда рөлдің нормативтік ұғымына сүйенген жөн. Әлеуметтік позиция дегеніміз әлеуметтік жүйедегі өзінше бөлек «қатынастар түйіні». Адам бір уақытта бірнеше әлеуметтік позиция ұстанады. Отбасының өзінде ғана ол – ұл (қыз), әке (шеше), аға (әпке), немере. Әрбір әлеуметтік ұстанымға субъектілердің үш тобы жарыса жасаған рөлдер сценарийі сәйкес келеді: 1) мемлекет жасаған және ресми міндеттеулер (зандар, заңға тәуелді актілер) жүйесінде көрініс тапқан; 2) қоғам жасаған және көпшілік қабылдаған және қоғамдық пікір қолдаған іс-қимыл нормалары: моральдық, эстетикалық, діни және басқа нормалар формасында; 3) биресми құрылымдар (отбасы, бірге демалатын топтар, әріптестер тобы) жасаған және тосылатын іс-қимылдың жазылмаған ережесі, оның әлеуметтік формасында. Субъектілердің соңғы тобына өз іс-қимыл нормаларымен және әлеуметтік тосу формасымен қылмыстық құрамалар да кіреді.

Әр адам үшін әлеуметтік ұстанымның маңыздылығы, өзінен тосылатын нормалар тарайтын субъектінің маңыздылығы аса қажет. Әрбір рөлдің орындалу жағдайын бағалаудың да елеуі маңыздылығы бар.

Рөлді орындау, егер ол ұзаққа созылатын болса, адамда қандай да бір із қалдырады, бір қасиет дамып, ал екінші бір қасиет

жойылып кетуі мүмкін. Мысалы, мынадай жағдай байқалған: егер кәмелетке толмағанның қалыптасуы, негізінен, биресми демалу топтарының арасында жүзеге асырылса, онда оның бойында биресми ара қатынастар үшін маңызды қасиеттер дамиды: ол адамдармен тез сөз табысады, олардың көңіл-күйін қабағынан біліп тұрады және т.б.. Сонымен қатар оларда еңбек ұжымында бағаланатын қасиеттер: тәртіп, кәсіби шеберлік және басқалар төмен болады.

Криминолог мыналарды ажырата білуі тиіс: 1) осы ұстанымға сәйкес келетін нормативтік міндеттеулердің жиынтығы ретіндегі рөлді; 2) адамның өзінен не талап ететіндігін түсінуі ретіндегі рөлді және нені орындағысы келетіндігін; 3) орын мен уақыттың нақты жағдайларында рөлдің іс жүзінде орындалуын. Соңғы жағдайда ол әлеуметтік жағдайларға, сондай-ақ жеке бастың қалыптасып қойған сипаттамаларына байланысты.

Мына әлеуметтік-рөлдік ситуациялар қылмыстық іс-қимылмен заңды байланыста болады:

1) мемлекеттің, «үлкен қоғамның» нормаларымен танысуға, өзін құқық және мораль талаптарына сай алып жүруге мүмкіндік беретін позицияларды адам ұстанбайды (азғындаған топтар арасында жүреді, олардың өз ұғымы бар және арадағы дауды қара күшпен ғана шешеді);

2) адам қарама қайшы талаптармен, іс-қимыл нормаларымен байланысты позицияларды бірдей ұстанады, яғни әлеуметтік ұстанымдар мен рөлдердің қақтығысы орын алады (құқықтық міндеттеулер қылмыстардың түгелдей есепке алынуын талап етеді, ал басшылық әйгілі болған қылмыстардың есепке кірмеуін талап етеді);

3) адам құқыққа қарсы, қылмыстық іс-қимыл жасауға тікелей итермелейтін позиция ұстанады (қылмыстық құраманың мүшесі);

4) рөлдер мен позициялардың сабақтастығы жоқ, нәтижесінде тиісті әлеуметтік позицияның құқықтық нормаларын сақтауға адамның дайын еместігі байқалады (бұл еңбекті қорғау ережесінің бұзылуына алып келеді және т.б.);

5) адам бір әлеуметтік позицияны ұстанады, ал екіншісіне бағдар алады. Мынадай мысал келтірілік: шамалы ғана айлығы бар тергеуші қолы жүріп тұрған кәсіпкерлермен жақсы қатынаста болады, олар мұны сыйлайды, ал тергеушінің де олар сияқты сәнді өмір сүргісі келеді. Егер сол кәсіпкерлер тергеушіге

әжептәуір сыйақыға бір өтінішті орында деп жүгінсе, онда тергеуші өзі үшін өзекті екі мәселені шешеді: бұл адамдармен «достығын» сақтап қалады және қолы майланады. Бірақ ол табыс – пара алу және қызмет бабын теріс пайдалану;

б) орындалып жатқан және алдыда тосылатын рөлдер қақтығысы. Адамның қылмыстық іс-қимылы, бұл ретте, орындалып жатқан рөлдерге қайшы келуі, бірақ референттік рөлдер тұрғысынан қисынды болуы мүмкін (нақты бар мен алда тосылатынның, қазіргі мен келешектегінің қақтығысы).

Әлеуметтік-рөлдік тәсіл адамның белсенділігін жоққа шығармайды, бірақ бұл белсенділікке әлеуметтік шек қояды. Адамның ұстанымы әлеуметтік рөлдерді таңдауға және оның ойластырылып орындалуына ықпал етеді. Кәмелетке толмағандар мен бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқандар үшін бұл таңдау едәуір шектелген.

*Рөлдердің объективтік қақтығысында* олардың мазмұны шындығында қарама-қайшы болады, ал *субъективтік қақтығыста* адам оларды қарама-қайшы деп қабылдайды, бірақ оларды үйлестіре алмайды.

Динамикалық аспектіде мыналар кездеседі: 1) белгілі бір өзара әрекеттестікте қылмыстық іс-қимыл тудыратын әлеуметтік позициялар мен рөлдердің тікелей сабақтастығы; 2) мораль нормаларына ғана қарама-қайшылықта болған әлеуметтік рөлдердің жаңа жағдайларда заң нормаларына қайшы болғандығынан мазмұнының едәуір теріс сипат алуы; 3) бұрын белгілі бір әлеуметтік позицияның немесе рөлдің өзінде болуы немесе болмауы нәтижесінде адамның қалыпты қалыптасу және қалыпты өмір тірлігі процесінің қиындауы. Мысалы, зерттеулердің нәтижесіне сүйенсек, бұрын толық емес немесе басқадай ақаулы отбасында өскен көптеген адамдар, кейін өзі жақсы отбасын құрғанмен бұрынғы ата-ана стандартынан шыға алмаған: жұбайына қол жұмсау, дөрекілік және т.б. орын алған. Бір жағдайларда бұл қылмыстық іс-қимылға итермелейді немесе отбасы бүлінеді, кейде ондай адам азғындық жолға түсіп ішіп кетеді, жұмысынан айырылады, ішімдік табамын деп ұрлыққа не басқадай қылмысқа барады.

Әлеуметтік позициялар мен рөлдердің деформациясын жалпы сипаттағы және экономикалық қылмыстар жасаушы адамдарға

қатысты алатын болсақ, оларда өзара айырмашылық бар. Біріншілерінде оның сипаты айқын және дәрекі болып келеді.

Қылмыс жасаушы адамдардың әрекетің талдағанда мыналар ескеріледі:

1) адамның іс жүзіндегі іс-қимылы рөлдің мазмұнына сай келмейді;

2) адамның жеке басы, оның позициялары мен рөлдерінің көпқырлылығына қарамастан, белгілі бір бүтіндік береді, әрекет еткенде дәл осы бүтіндікте, әр түрлі әлеуметтік позициялар мен рөлдердің субъективтік интеграциясында көрініс табады;

3) әрекет адамға кері ықпал етеді, бұл жерде іс-қимылды құптаудың немесе құптамаудың, адам санасында оның өзінің немесе нәтижесінің сақталып қалуының маңыздылығы бар. Бұл тұрғыдан алғанда қылмыскерлердің кейбіреулерінің жазасыз қалу проблемасында, қылмыстық әрекет нәтижесінде тапқан мен жоғалтқан арасындағы теңестікте криминологиялық маңыз бар. Кейде олар материалдық сұранымды көп жылдар бойы қамтамасыз етуге жетерліктей, қылмыстық жолмен тапқан байлығынан айырылғанша бас бостандығынан айыру орындарында отырып келгенді жөн көреді.

Әрекет, бұл - әрекеттердің белгілі бір жүйесі, іс-қимылдар жүйесі. Ол материалдық-практикалық та, интеллектуалдық-рухани да операцияларды, яғни мый жұмысын да қамтиды.

Адамның жеке басының әрекетін криминологиялық талдағанда мыналар анықталады:

1) қылмыстық іс-әрекет оқшауланған акті ме, әлде белгілі бір іс-қимылдар жүйесіндегі тізбектің буыны ма;

2) қылмыстық іс-қимыл нормадан қылмысқа «секіру» ме, әлде қоғамға қарсы іс-қимылдың біртіндеп дамуының нәтижесі ме. Мына фактілер анықталады: а) белгілі бір жақтағы және жағдайдағы жай адамның әлеуметтік ұстанымына сәйкес келетін талаптарды бұзу (кәмелетке толмағанның мектепті ерте тастап кетуі, балаларына көмек көрсетуден бас тарту және т.б.); б) биморальдық, бірақ құқыққа қайшы келмейтін әрекеттер (маскүнемдік, жезөкшелік және т.б.); в) қылмыстық емес сипаттағы құқыққа қарсы әрекеттер (тәртіптік, әкімшілік жолмен жазаланатын, азаматтық-құқықтық деликттер), қылмыстар;

3) қылмыс қай салада жасалынады.



Криминалдық зерттеулерге сүйенсек, ауыр қылмыс, көп жағдайларда қалыпты іс-қимылдан қоғамға қауіпті әрекетке бірден секіріп түсудің емес, келенсіз іс-қимылдың біртіндеп дамуының және қоғамға қауіптілігінің артуы нәтижесінде жасалады екен. Ішінара зерттеулердің мәліметтеріне қарасақ, қасақана адам өлтіргендердің 80%-нан астамы бұрын қылмыс жасағандар немесе неше қайтара басқадай құқық бұзғандар екен.

Қылмыс жасаған әрекеттер аясын, өзара әрекеттестіктерді талдағанда өзара әрекеттестіктің белгілі бір типтерінің қаншалықты кең таралғандығы, қандай да бір (қандай?) сипаттама алған адамның оған қатысуы қаншалықты жиі криминалдық нәтиже беретіндігі де айқындалады. Осыған негізделіп қылмыскерліктің қалай дамитындығына болжам жасалады, тиісті адамдар тарапынан қылмысқа тосқауыл қою жөнінде ұсыныс жасалынады.

Адамның жеке басының әрекеттерінің жүйесін және жалпылай оның әрекетін зерделеу оның іс-қимылындағы қандай да бір стереотиптерді, қандай да бір мән-жайларда оның дағдысына айналған әрекет тәсілдерін айқындауға мүмкіндік береді. Бұл адамдардың өздері үшін үйреншікті емес жағдайлардағы іс-қимылын немесе олардың қылмысты ырықсыз жасағандығын түсіндіреді.

#### **§4. Адамның мұқтаждық-сылтаулық өрісін және санасының құндылық-нормативтік сипаттамаларын зерделеу**

Мұқтаждық – адамның ойлау және іс-қимыл белсенділігінің көзі, ол оның табиғи қасиеттерін де көрсетеді (тағамға, киімге, ұйқыға және т.б. мұқтаждық), кейде олар «әлеуметтік рең» алады немесе оларда қоғамда қалыптасқан таза әлеуметтік сипаттамалар болады.

Мұқтаждықтың бұл жүйесінде адамның өзін өзі аяққа тұрғызуға, өзін көрсетуге, білімге және шығармашылық қызметке ұмтылуын есептен шығаруға болмайды, себебі олар қылмыстық іс-қимылда жиі көрініс табады.

Мүдделер немесе мұқтаждықтың эмоционалдық бояуы, көбіне, адамның құндылық бағдарлар жүйесіне, оның санасының өзге де мазмұндық сипаттамаларына байланысты.

«Адамның жеке басының сылтаулық өрісі» дегеніміз «оның өмір бойы қалыптасып дамыған сылтауларының жиынтығы».

Кейбір авторлар сылтаулар мен мақсаттардың жиынтығы туралы айтуға болады дейді.

Қылмыстық іс-қимылдар мен қылмыскерліктің негізінде жатқан мына негізгі сылтаулар бөлініп алынады:

1) қоғамдық-саяси: мемлекет пен қоғамды басқару тетігі, сол басқаруға қатысу, оған ықпал ету және т.б.;

2) әлеуметтік-экономикалық: а) «абсолюттік», яғни өмір үшін ең қажетті мұқтаждықтарды қанағаттандыру; б) халықтың әлеуметтік-экономикалық дифференциясынан және адамдардың өз жағдайын төңірегіндегілердің жағдайымен салыстырудан туындайтын «салыстырмалы» мұқтаждықтарды қанағаттандыру; в) сол адамның өзі не басқа адам бағдар алған өз «идеалына» - бәлендей «материалдық стандартқа» (аса байлыққа) немесе «әлеуметтік стандартқа» (қоғамның «жоғарғы табына» өту) қол жеткізу;

3) зорлық-эгоистік (күш көрсету немесе психологиялық тұрғыдан агрессивтік): а) өзін таныту идеясын абсолюттендіру, бар мұқтаждықтар мен мүдделерді кез келген формада іске асыру; б) нақты ситуацияларда сол адам үшін мүмкін болатын формада өзін көрсету (тәрбиесіз, мәдениетсіз адам өзіне жасаған ескертуге балағатпен жауап береді); «адам төзгісіз жағдайдағы» бұйығы адамның «адам төзгісіз» жолмен өзін көрсетуі осыған жатады;

4) ұшқалақ-жауапсыз: а) өз іс-әрекетінің іс-қимыл нормаларына, заңға бара-бар болуына мұқтаждық пен мүдделілік жоқ; б) ондай бара-барлықты кейде ғана сақтау (қатаң сыртқы бақылау жағдайында, не бағыныштылықта емес билікті адамдармен араласқанда және т.б.)<sup>86</sup>.

Қылмыстық іс-қимылда және қылмыскерлікте көрсетілген сылтаулар әр түрлі үйлестікте көрініс табады. Қылмыскерлердің жекелеген топтарында (кәмелетке толмағандар, әйелдер және т.б.) не ситуациялардың әр түрлі типтерінде криминалдық сылтауламалардың өзіндік ерекшеліктері байқалады.

*Құндылық бағдарлар* – адамның, ол үшін аса маңызды болып табылатын объектілерді көрсететін оның жеке басының тереңде жатқан сипаттамасы. Әдетте, құндылық бағдарлар иерархиясы жайында айтады, бұл жағдайда адам бір құндылықты басқалардан артық санайды. Бағдардың тұрақтылығының да, оның өсу қарқынының да маңыздылығы зор.

Қылмыскерлердің құндылық бағдар жүйесінде жеке даралық не кландық-эгоистік бағдарлар басты орын алады. Мұндай жағдайларда «жеке материалдық молшылық», «өзін ең жоғарғы сатыда көрсету», ол үшін ең қолайлы жағдай тудыру немесе жалаң кландық, топтық «эгоистік» мүдде бірінші орынға қойылады.

Бақылау топтарымен салыстырғанда қылмыскерлер өздерінің бағдар-құралдарының ішінде жеке басының оң қасиеттеріне (қабілетіне, еңбекқорлығына, мақсатқа, ұмтылуына және т.б.) арықшылық бермейді, олар материалдық қолдау көрстеуге, «керек адамдармен арадағы байланысқа», «қалауын тапсақ қар жанады» деген қағидаға жүгінеді. Содан барып олар мемлекеттік қызметкерлерді, емтихан алушыларды сатып алуға ынта қояды, біреулерден қорқытып талап етеді және т.б..

Мораль, өнегелік санаттарының да, олардың туындысы болып табылатын «жақсылық», «жамандық», «парасаттық» және «жауыздық», «берілгендік» және «опасыздық», «адамгершілік» және «қатыгездік» сияқты ұғымдардың да криминологиялық маңыздылығы бар.

Қылмыскерлерде мыналар бекіп қалған: а) өнегелік санадағы елеулі кемістіктер, мысалы, криминалдық және биморальдық ортада қалыптасқан жасөспірім, шындығында, іс-қимылдың өнегелік нормаларының жұртшылық қолдайтын жүйесімен таныс емес, ол «кім кінәлі – соны ұру керек», «өзің бірдемені алып қалмасаң, саған ешкім қол ұшын бермейді» деп санайды; б) жалпы қоғамда қабылданған мораль нормаларымен, әр түрлі топтардың мораль нормаларымен, «қосарланған моральмен» арадағы өнегелік қақтығысқа әкелетін қателік. Қоғамдағы моральдың біртекті еместігін, оның әлеуметтік топтарға, сословиелерге бөлінетінін естен шығармау керек. Ал, халықтың әр түрлі әлеуметтік топтарының моралі мен қылмыскерлік арасындағы өзара байланыстарды айқындаудың да бұл тұрғыдан алғанда криминологиялық маңызы бар.

Қылмыскерлерді зерттеген барлық жағдайларда да мынандай сұрақ туындайды: мұқтаждығы, мүдделері, құндылық бағдарлары, өнегелік ұғымдары бұрмаланған адамды заң, оның ішінде қатаң санкциялары бар қылмыстық заң неге тоқтатпаған. Бұл сұрақтың жауабы адамның құқықтық санасына талдау жасауды керек етеді.

Көптеген қылмыскерлердің құқықтық санасы ерекше, ол бақылау тобындағылардың құқықтық санасынан едәуір өзгеше.

Егер қылмыскерлердің жалпы заңға қатынасы жайында айтсақ, қылмыскерлердің айқын, нақты позиция ұстанатындығын көреміз. Негізінен олар заңның болуы керек екендігін мойындайды, заң қорғайтын көптеген жағдайлардың әділдігін және ізгілікті екендігін ұғынады. Бірақ қылмыскерлер заңның жасампаздық рөлін, оның әлеуметтік реттегіш ретіндегі функциясын, бақылау тобындағы адамдарға қарағанда сирек айтады, қоғам құрылысының мемлекеттік-құқықтық принциптері жайында, заңның әлеуметтік рөлі, құқықтық әр түрлі салаларының нормалары жайында жақсы хабардар емес (мемлекеттік, лауазымдық, экономикалық қылмыскерлерден басқалары). Құқық бұзушылардың басқа азаматтарға қарағанда қылмыстық заңды жетік білетіндігі туралы пікір қате: біріншіден, бірінші қылмыс жасап, ол ашылғанға дейінгі олардың құқықтық хабардарлығы басқа адамдардыкінен артық емес; екіншіден, олардың қылмыс жасағанға дейін және одан кейін алған білімі кездейсоқ және жүйесіз, ол білім өздері алған тәжірибемен немесе араласып жүрген адамдардың тәжірибесімен шектелген. Қылмыстық заң, бұл жағдайда, құқықтық білімге аса мұқтаж адамдар үшін тиісті сақтандыру рөлін атқара алмайды.

Бақылау тобындағы адамдарға қарағанда қылмыскерлер санкциялардың тежеушілік рөліне көп мән береді.

Сотталғандар заңда көзделген санкцияларды жұмсарту керек деп әрдайым санамайды. Себебі, сотталғандардың өздері жәбір шеккен іс-әрекеттер де жазаланады ғой. Бұл ретте сотталғандардың әр түрлі санаттарының атап айтқанда қандай қылмысты қатаң, қайсысын жеңіл жазалау керектігі жөніндегі түсініктері әр түрлі болып келеді. Пайдакүнемдік және зорлық қылмыстарды жасаушы адамдардың құқықтық талаптары өзіндік ерекше.

Көптеген рецидивистердің, әсіресе бас бостандығынан айыру орындарында ұзақ отырғандардың құқықтық көзқарастарының бұрмаланғаны соншалық, олар өз көзқарастарының заңда көрініс тапқан, көпшілік мойындаған көзқарастан қаншалықты өзгеше екендігін ұғынбайды. Олардың қалыптасқан пікірлерінің «табиғилығына» келеңсіз әрі тұйық микроорта себепкер болып отыр. Сондықтан да олар небір

ұнамсыз, жөнсіз сөздерді денесіне татуировка арқылы жазып алып, оны көрсетіп жүргенге ұялмайды.

Қылмыскерлер қоғамдық және топтық психологияда кең таралған пікірлерді едәуір шамада қайта елестетеді. Ал, қылмыс жасаушы адамдардың бұл көзқарастарды қылмыстық іс-қимылға айналдыру мүмкіндігі басқа азаматтарға қарағанда едәуір жоғары, себебі көзқарастардың, мақсаттардың, бағдарлардың тиісті деформациялары олардың ортасында: а) кең таралған; б) тереңірек сипат бар нанымға айналады, сол бағыттағы іс-қимылға дайын тұру, іс-қимыл дағдылары, кейбір жағдайларда, бақылау тобында мүлде байқалмайтын дәрежеде көрініс табады; в) құндылық бағдарлардың, өнегелік, құқықтық және басқадай көзқарастар мен мақсаттардың өзара байланысты деформацияларының кешенін көрсетеді. Мұндай деформациялары бар субъектілер өздері сияқты, қоғам моралі мен заңнан туындайтын тіке қарама-қарсы позициялар ұстанған адамдармен араласып, проблемалық және қақтығысты ситуацияларда жиі қалады.

## §5. Қылмыскерлерді топтастыру

Қылмыскерлікпен күрес әр адамның жеке дара қайталанбас сипатына қарай бағдар алмайды, бұл жерде қылмыскерлер контингентінің біртекті еместігі ескерілуі тиіс. Бұл проблема оларды топтамаларға және типтерге бөлу арқылы шешімін табады.

*Топтама* деп статистикалық жиынтықты белгілі бір топтарға, сипаттарға бөлуді айтады, мұнда бір немесе бірнеше белгілердің статистикалық кең таралғандығы сияқты критерийлер пайдаланылады. Бұл ретте өз сипаттамалары кешенінде адамның *жеке басы* емес, қылмыскерлер *контингенті* зерделенеді. Қандай да бір белгілердің олардың арасында статистикалық кең таралғандығы айқындалады. Мыналарға негізделген топтамалар кең таралған: 1) демографиялық мәліметтерге (жынысы, жасы, т.б.); 2) кейбір әлеуметтік-экономикалық критерийлерге: білімі; айналысатын жұмысы; тұрғылықты тұратын орнының және айналысатын жұмысының бар-жоқтығы (бомждар, лажсыз босқындар және т.б.); 3) азаматтығына (Қазақстан азаматы, шет ел азаматы, азаматтығы жоқ); 4) адамның қылмыс жасаған кездегі

жағдайына. Бұл жерде мыналардың маңыздылығы бар: біріншіден, адамның ішімдікке, есірткіге мас күйде болуы, екіншіден, адамның қылмыс жасағанда топта және қандай топта болғандығы, үшіншіден, бас бостандығынан айыру орынында болуы және т.б.; 5) қылмыстық іс-қимылының сипатына: қасақана немесе абайсызда, зорлық, мүліктік (пайдакүнемдік); алғашқы және қайталап және т.б.

Мұндай қарапайым, белгілерінің біреуі ғана ескерілетіндерден басқа бір уақытта екі және одан көп белгілері бар күрделі топтамалар да пайдаланылады. Топтастыру жеке бастың үштен көп сипаттамалары пайдаланылатын көп өлшемді болғанда математикалық әдістер қолданылады.

*Типология дегеніміз* – қылмыскерлердің әр түрлі контингенттерінің неғұрлым тереңірек сипаттамалары. Ол қылмыстық іс-қимылмен себептік байланыстағы елеулі белгілерге негізделеді. «Типология» жиынтықты белгілер-көрініс табу және белгілер-себептер негізінде топқа бөлінудің мазмұндық сипатымен тығыз байланысты. Типология негізіне соңғылар міндетті түрде жатады, кейде олар белгілер - көрініс табумен бірге келеді.

Бір типтің шегінде белгілер-көрініс табулар мен белгілер-себептер біртекті болуға тиіс, олар криминологиялық зерттеулер барысында айқындалған белгілі бір динамикалық заңдылықтарды, детерминациялық жүйелерді көрсетуі тиіс. Мысалы, белгілер-себептер адамның жеке басының қалыптасу ерекшеліктерін және әрекеттерін көрсетеді.

Жеке бастың сипаттамалар кешені бойынша көптеген қылмыскерлердің өзін тиянақты, заңды ұстап жүрген азаматтардан өзгеше екендігін криминологиялық зерттеулер анықтап отыр.

XIX ғасырдың аяғында әр түрлі авторлар қылмыскерлердің жеке басының төрт типін бөліп алып, оларды әр түрлі атаған, ал іс жүзінде олардың қылмыстық іс-қимылдарының әлеуметтік ортамен өзара әрекеттестіктегі тиянақтылығы мен дербестігін ескерген. Мынадай жіктеулер кездеседі: 1) кінәлі, тиянақсыз, ситуациялық, кездейсоқ; 2) кәсіптенгендер, әдеттегі қылмыскерлер, бірінші мен екінші арасындағы аралық топ, кездейсоқтар; 3) глобалдық, парциалдық, жарым-жартылай қылмысқа бой алдырған, қылмыс алдындағы, қылмысты белгілі

бір ситуацияда жасайтын. Бұл типтер кейде үш топқа, кейде бес топқа бөлінеді<sup>32</sup>, бірақ типология негізі сақталады, ол – қылмыстық іс-қимылдың әр түрлі ситуациялардағы тиянақтылық дәрежесі. Сондықтан да болар, зерттеушілердің ары қарайғы қылмыстық іс-қимылға жасаған болжамдары бұрынғы сотталғандарға ретроспективтік талдау жүргізгенде 70%-дан асатын жағдайларда дәл келген.

Қылмыскерлердің жеке басының өзіндік, мазмұндық сипаттамаларын іздестіру зерттеулердің екі тобын анықтады: 1) қылмыскерлер контингентін өздерін заң шеңберінде ұстайтын адамдар контингентімен қандай да бір белгілер немесе олардың кешені бойынша салыстыру; 2) қылмыскерлердің басын монографиялық зерттеу, сипаттамалар кешенін айқындау және бейнелерді тану әдісін пайдалана отырып қылмыскерлердің әрқайсысын бақылау тобындағы әр адаммен бірдей белгілер кешені бойынша салыстыру. Бұл нақты қылмыскерлер типологиясына жақындауға мүмкіндік береді.

Типология жиі кездесетіндерді ғана емес, адамның жеке басының әлеуметтік дамуының заңды нәтижелері болып табылатындарды да есепке алады. Әлеуметтік типті конструкциялағанда екі жағдайды сақтау керек: 1) жеке бастың сипаттамалары олардың әлеуметтік жағдайлармен байланыстылығында көрсетіледі; 2) бұл сипаттамалардың құрылысы ойдан шығарылмайды, ол адамның жеке басының әлеуметтік ортасының ерекшеліктерін, қылмыс жасаған адамдар контингентінің ерекшеліктерін зерттеудің нәтижесі болып табылады; 3) субъективтік сипаттамалар адамның жеке басының нақты әрекетімен бірге бағаланады.

Криминологиялық зерттеулердің дамуы қылмыскерлер типологиясының критерийлері мен процестерінің нақты жіктелуін талап етеді, ол әр түрлі авторлардың, көзқарастардың сабақтастығын сақтай отырып, бұл процедураны қайта жасай алуы үшін керек.

Типологияға дейін зерттелген қылмыскерлер мына критерийлер бойынша топтастырылды: 1) қылмыс алдындағы іс-қимылының сипаты; 2) микроортаның сипаты; қылмыстық іс-қимылдың қылмысқа дейінгімен байланысы. Үш негізгі топтар бойынша бөлінген адамдар арасындағы байланыс анықталды. Типология жасағанда бұл өзара байланыстың әрбір зерттелген

адамға қатысты маңызы бар. Криминогендік деформациясы бар микрортада қалыптасқан барлық адамдардың ішінде 84%-ын ЭЕМ қылмыс жасамаған адамдардан бөлек, мақсаттарын сипаттайтын белгілер кешені бойынша таныған, 91%-ы қылмыс жасағанға дейін өздерін құқыққа қарсы және биморальды ұстаған; 84 %-ының соңғы ауыр қылмысы оған дейінгі жүріс-тұрысының қисынды жалғасы болған. Дұрыс микроортада зерттелгендердің 5,4%-ы ғана болған. Олардың барлықтарының қылмыстарында, жеке бастық сипаттама тұрғысынан алғанда, бұлардың кінәсіз туындаған қақтығыстық ситуацияға байланысты кездейсоқтық сипат болған. Бұл адамдардың ешқайсысы бұрындары құқық нормаларының бұзылуына және биморальдық теріс әрекеттерге жол бермеген.

Бірінші кезеңнен кейін 10 жыл өткен соңғы зерттеудің екінші кезеңінде бақылау тобынан бөлек танылған адамдардың 60%-ы қылмыс жасаған немесе азғындаған адамдар қатарынан табылды, ал үшінші кезеңде, яғни бірінші кезеңнен кейін 20 жыл өткен соң ол 38 % болды. Бұл кезге дейін бірінші кезеңде зерттелгендердің біршамасы маскүнемдікке салынып, криминалдық қақтығыстарда өлді, біршамасының ізі өшті, кейбіреулері қылмыстық іс-қимылдың формасын неғұрлым латенттікке өзгертті (оның ішінде экономикалық қылмыстық әрекетпен байланыстыларға).

## **§6. Қылмыскердің жеке басын әлеуметтік тип ретінде қарау**

Қылмыскерлерді, олардың жеке басының сипаттамалары бойынша топтастырудың қорытындысы жеке бастың өзіндік ерекше әлеуметтік типін бөліп алу болды. Бұл әлеуметтік тип криминогендік жеке бастың типі деп аталды.

Қылмыс жасаушы адамдардың барлығы осы типке жатқызылуы мүмкін. Бұл жағдайда, оларға, өздерінің жеке басының сипаттамалары бойынша, өзін әрқашан дұрыс ұстап жүрген адамдардан іс жүзінде айырмашылығы жоқ, кездейсоқ қылмыскерлер деп анықтама беріледі. Мұндай қылмыскерлер сирек кездеседі.

Криминогендік жеке бастың әлеуметтік типі жеке бас сипаттамаларының белгілі бір бүтіндігін білдіреді. Оған мыналар тән:



жеке бастың айналасындағылардың құқыққа қарсы және биморальдық күшті іс-қимылдары жағдайында қалыптасуы (отбасы, жолдастары);

бұрындары – биморальдық іс-әрекеттер мен әр түрлі құқық бұзушылық жүйесі ықпал етудің заңда белгіленген шараларын қабылдағаннан кейін де қайталануын қоймаған;

қоғам мен мемлекеттің құндылық-нормативтік жүйесінен алшақтау;

өз іс-қимылын теріс бағалағанға көну, өзін-өзі қорғаудың әлеуметтік-психологиялық тетіктерін пайдалану;

қылмыс жасау ситуациясындағы белсенділік және әдетте, дәлелді сыртқы себептерсіз қылмыс жасау.

Криминогендік адамдар өкілдерінің ішінде тип тармақтарына (подтип) бөлінеді: дәйекті-криминогендік, ситуациялық-криминогендік, ситуациялық.

Әлеуметтік ситуация мен адамның жеке басының өзара әрекеттестігінің сипаты осы көрсетілген тип тармақтарын бөліп алудың критерийі болып табылады. Мұндай өзара әрекеттестіктегі негізгі тарап - ситуация не адам.

*Дәйекті-криминогендік тип тармағы* мораль және құқық нормалары ұдайы бұзылатын микроортада қалыптасады, қылмыс іс-қимылдың дағдылы мәнерінен туындайды және оған субъектінің тұрақты қоғамға қарсы көзқарасы, әлеуметтік мақсаты, бағдары себепші болады. Әдетте, мұндай адамдар қылмыс жасауға болатын ситуация жасауда белсенділік танытады. Бұл типтің өкілдері нақты ортаны өз мүдделеріне қарай өзгерте алады, олардың қылмыстық іс-қимылы біршама дербес және белсенді болып келеді.

*Ситуациялық-криминогендік тип тармақшасы* мораль нормаларын бұзумен және қылмыстық сипатта емес құқық бұзушылық жасаумен, қоғамға жарамды әлеуметтік рөлдерді дұрыс орындамаумен сипатталады; карама-қайшы микроортада қалыптасады және әрекет етеді; қылмыс едәуір шамада оны жасаудың қолайсыз әлеуметтік-экономикалық, өнегелік және құқықтық ситуациясына байланысты (қылмыстық құрамда болу, басқа адамдармен қақтығыс, т.б.). Бұл жерде адамның жеке басының сипаттамасы мен әлеуметтік орта сипаттамасы арасындағы өзара әрекеттестік шешуші болып табылады. Мұндай адамды қылмыскерлікке оның микроортасы, соған дейінгі өмір

салты алып келеді, ал қылмыстық ситуация оның заңды жалғасы болып саналады.

*Ситуациялық тип тармағы:* мұндай адамның санасы мен іс-қимылындағы, оның микроортасындағы өнегесіздік элементтері, егер бола қалған күннің өзінде, шамалы ғана болады. Әлеуметтік орта мен адамның жеке басының күрделі ситуацияда, оның ішінде адамның оған даярлықсыздығы жағдайында өзара дұрыс әрекеттеспеуі де едәуір маңызды рөл атқарады. Бұл тип тармағының өкілдері қылмысты сол адамның кінәсінен туындамаған, ол үшін дағдылы емес ситуацияда жасайды.

Сонымен қатар, мұндай адам (кездейсоқ қылмыскерге қарағанда) бұл ситуацияларда өзінің және басқа адамның құқыққа қарсы, тіптен қылмыстық іс-қимылын ақтай алады. Себебі ол дауларды шешудің заңды және өнегелі тәсілдерін білмейді.

Бұрынғы кәмелетке толмаған қылмыскерлерге 10-20 жылдан кейін жүргізілген криминологиялық зерттеулер көрсетіп отырғандай, дәйекті-криминогендік тип тармағы өкілдерінің 72%-ы 10 жылдан кейін рецидивистер санатына, қалғандары – азғындаған адамдар (маскүнемдер, жезөкшелер) қатарына қосылған. Жұбайы, ата-анасы, әкесі немесе шешесі тарапынан жасалған қатаң бақылау нәтижесінде қылмысқа бармағандар енжар түзелген, ал өз ықтиярымен құқық бұзуға бармағандар – тез түзелген адамдар қатарына жатады. Соңғылар, әдетте, кездейсоқ қылмыскер болғандар.

Адамға, ол криминалдық типке жатады деп жасалған диагностика, оған санкция қолдануға, оның құқықтары мен заңды мүдделерін шектеуге негіз бола алмайды. Ол үшін тек нақты іс-қимыл керек. Қолданылатын құқықтық шаралар сипаты іс-әрекет сипатына қатаң сәйкес келуі тиіс: тәртіптік құқық бұзушылық үшін құқықтық санкция және т.б. Бірақ әлгіндей диагностика бұл адамдарды қылмыскерлікке арнайы тосқауыл қойғанда дербес объект ретінде бөліп алуға негіз болады, мысалы - тұрмысын жайғастырып, жұмысқа тұруы үшін оларға әлеуметтік көмек көрсету үшін; олардың балаларға қылмыстық ықпалын дер кезінде тыю үшін; олардың құқық бұзған фактісін толықтай анықтап тиісті шара қолдану үшін.

## 10-тарау. Қылмыстың және қылмыскерліктің себептілігін және детерминациясын айқындау

*§1. Қылмыскерліктің себептілігін және детерминациясын айқындау процесінің жалпы сипаттамасы.*

*§2. Қылмыстың себептері мен жағдайларын зерделеу.*

*§3. Қылмыскерліктің себептілігі мен детерминациясын қылмыстар жайындағы мәліметтерді жинақтап қорыту жолымен айқындау.*

### **§1. Қылмыскерліктің себептілігін және детерминациясын айқындау процесінің жалпы сипаттамасы**

Қылмыскерліктің себептілігі мен детерминациясын айқындау процесі мына екі тәсілді бірдей пайдалануды көздейді: 1) қоғамның жайы, оның әр түрлі жақтары және келенсіз әлеуметтік ауытқулар туралы жалпы мәліметтерді талдау; 2) жекелеген қылмыстардың себептері мен жағдайларын зерделеу, оларды жинақтап қорыту және қылмыскерліктің себептілігі мен детерминациясын жаппай құбылыс ретінде айқындау деңгейіне өту.

Бұл тәсілдер қолданылып алынған мәліметтер өзара байланыста салыстырылады және талданады.

Әңгіме бұл жерде бір мақсатта, кезең-кезеңмен жүргізілетін танымдық қызмет жайында:

*Бірінші кезеңде* қылмыскерлікпен байланысты қоғамдық құбылыстар мен процестердің шеңбері болжаммен анықталады. Бұл ретте бұрынғы криминологиялық зерттеулердің нәтижелері, қылмыскерліктің өзге құбылыстармен және процестермен өзара байланысының криминологтар анықтаған заңдылықтары ескеріледі.

Сонан соң көрсеткіштер анықталады және экономикалық, социологиялық және басқа зерттеулердің мәліметтері бойынша бұл мән-жайлардың күйі айқындалады. Әлеуметтік-экономикалық статистиканың, ішінара зерттеулердің мәліметтері, халықтың әр түрлі тобына жүргізілген сұрақ-жауап қорытындылары және т.б. зерделенеді.

*Екінші кезеңде* қылмыскерліктің бөлініп алынған көрсеткіштері мен әр түрлі сипаттамаларының статистикалық

байланыстылығы анықталады. Мысалы, криминолог, қоғамда көші-қонның ұлғайғанын ескеріп және мигранттардың криминалдық белсенділігінің жоғары екендігі туралы бұрынғы тұжырымдарды біліп, ол қылмыстық статистиканы, алғашқы есепке алу карточкаларын, қылмыстар туралы материалдарды және қылмыстық істерді талдағанда мигрант-қылмыскерлердің абсолюттік санының ұлғайған-ұлғаймағандығын, қылмыскерлердің жалпы санында олардың үлестік салмағының өскен-өспегендігін айқындайды. Корреляциялық талдау пайдаланылады: көші-қон ағыны туралы мәліметтер қылмыскерлік туралы, оның ішінде мигранттар қылмыскерлігі туралы мәліметтермен салыстырылады.

Ал, тиісті байланыстылықтың болуы себептік байланыстылық бар деп ойлау үшін ғана негіз бола алады. Мәселе – қандай мигранттардың қандай өзара әрекеттестікте қылмыс жасайтындығын түсінуде. Криминолог «көші-қонды жою» немесе «жұмыссыздықты жою» сияқты «қарапайым» ұсыныстар жасауға тиіс емес.

*Үшінші кезеңде* статистикалық тәуелділік фактісін анықтағанда оның сипаты ашылады: себептік-салдарлық байланыс, күйлер байланысы, функциялық және басқа байланыстылық. Бұл жерде криминологияның барлық әдістемелік жолдары пайдаланылады.

## §2. Қылмыстың себептері мен жағдайларын зерделеу

ҚР Қылмыстық кодексінің 38-бабында былай делінген: «жаза тағайындалғанда қылмыстың қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесі және айыптының жеке басы, оның ішінде жазаны ауырлататын және жеңілдететін мән-жайлар ескеріледі». Бұлардың ішінде әлеуметтік ортаның күйін сипаттайтын мән-жайлар, қылмыс жасалған ситуация, оған сылтау және басқалар бөлініп алынады. Қылмыс жасаудағы себептер мен жағдайлар анықтама, алдын ала тергеу жүргізгенде, іс сотта қаралғанда дәлелденуі тиіс.

Алынған мәліметтер: 1) адамның динамикадағы әлеуметтік ортасы туралы; 2) адамның жеке басының сипаттамалары туралы; 3) әлеуметтік орта мен адам арасындағы әрекеттестік

процестері, әлеуметтік бақылаудың жайы туралы мәліметтерді бөліп алу арқылы жинақтап қорытылады.

1) Адамның әлеуметтік ортасын талдағанда мыналар ескеріледі:

а) микрортаның (отбасы-тұрмыстағы, жұмыстағы, оқудағы және т.б. ортаның) материалдық және рухани жағдайлармен бірлескендегі сипаттамалары, сондай-ақ адамның неғұрлым ауқымды әлеуметтік ортамен байланысы (қоғамдық бірлестіктерге қатысуы, бұқаралық ақпараттарға қосылуы және т.б.).

Бұл ретте референттік топтар мен адамдар, сондай-ақ зерттеліп отырған адам бағдар алған әлеуметтік позициялар мен рөлдер бөлініп алынады;

б) қылмыскердің бұл жағдайларды субъективтік қабылдауы және олардың әсерін сезінуі (қылмыскердің материалдық жағдайын зерттеуші қанағаттанарлық деп, ал өзі – қайыршылық деп санауы мүмкін);

в) өмір тірлігінің әр түрлі салаларының: отбасының, тұрмыстың, оқудың, жұмыстың, демалудың, танымдық, қоғамдық және басқа қызметтердің ерекшеліктері; адамның сол салалармен әлеуметтік байланысы. Криминалдық сылтауларды қалыптастырған мән-жайлар мен байланыстар, қатынастар, қылмыс жасауға шешім алу, ол шешімді іске асыруға, қылмыстың ізін жасыруға және нәтижесін пайдалануға мүмкіндік берген жағдайлар қай салада орын алғандығы анықталады.

Өз бойындағы барлық жақсы-жаман қасиетті кәметке толмаған жас күнделікті өмір шындығынан алады, оның отбасына әлеуметтік-психологиялық және заңдық тәуелділігі, оны сондағы дау-дамайдың куәсі болуға душар етеді, егер ата-анасы сотталып келген болса, не олардың өзара ынтымағы болмаса, не бала тәрбиесі жұмысымен айналыспаса жасөспірім өз бойына қылмыстылық жолға түсіретін теріс қасиеттер жинақтап, қылмысқа баруы әбден мүмкін. Пайдақорлық-зорлық қылмысын жасап сотталғандардың қандай отбасында тәрбиеленгендігін мына кестеден көреміз:

**16-кесте - Пайдақорлық-зорлық қылмысын жасап сотталғандардың отбасының құрылымы және тәрбиелену жағдайы<sup>33</sup>**

Отбасының құрылымы		%
<i>Мынадай жағдайда тәрбиеленген</i>		
1	Толық отбасында	68,0
2	Толық емес отбасында	32,0
3	Толық емес отбасының ішінде:	
4	Тек шешесімен тұрған	32,0
5	Тек әкесімен тұрған	6,3
6	өгей әкемен, өгей шешемен	4,5
7	Әке-шешесінің біреуімен және онымен некелеспеген адаммен	32,0
8	Өзге жағдайда	25,2
Әке-шешесінің біреуінің болмауының себебі		
1	Қайтыс болған	24,0
2	Басқа отбасымен тұрады	52,4
3	Бала некесіз туылған	7,3
4	Өзге жағдайға байланысты	16,3
Отбасы толық, бірақ әке-шешенің біреуінің жоқ болуына себеп		
1	Ұзақ ауыруы	9,6
2	Бас бостандығынан айыру орнында	7,2
3	ЛТП-да	2,3
4	Ұзақ мерзімді іссапарда	3,7
5	Өзге жағдайларға байланысты	77,2
Отбасындағы балалар саны		
1	Біреу	11,6
2	Екеу	23,4
3	Үшеу	32,5
4	Төртеу және одан көп	32,5
Әке-шешесі бала кезінде		
1	Әке-шешесімен тұрған	62,62
2	Тек шешесімен тұрған	11,1
3	Тек әкесімен тұрған	4,88
4	Туыстарымен тұрған	4,4
5	Балалар үйінде	17,0

Қазақстанда соңғы уақытта жүргізілген социологиялық зерттеулерге орай «Сіздің жанұяңыз тату ма?»-деген сұраққа оқушылардың 72,2%-і «иә, өте»,- деп, 24,4%-і «онша емес»,- деп, ал 1,8%-і «мүлде тату емес»,-деп жауап берсе, 1%-і мүлде жауап қатпаған<sup>34</sup>.

Кейде криминалдық әрекет адам әрекеттерінің негізгі түріне айналады, адам өзінің әдебиет оқуын, спортпен айналысуын, басқа адамдармен байланыс орнатуын тек соған бағындырады. Сонымен қатар адамның тікелей криминалдық құрамаларға қатысуын оның демалыстағы криминогендік топтамаларға қатысуынан ажырату керек. Бұл топтамаларда ішімдік ішіледі, есірткі қолданылады және басқа де өнегесіз қылықтар орын алады. Онда адамның кейбір қасиеттері, проблемалық және даулы ситуацияларды шешу дағдылары қалыптасады, дау-дамай да сонда туындайды.

Алдымен адамның әлеуметтік ортасының жалпы сипаттамасы және сол адамның оны қалай қабылдайтындығы айқындалады, сонан соң қылмыстық іс-қимылмен байланысты аспектілер терең талданады.

2) Қылмыскер жайындағы мәліметтерді талдау оның қозғалыстағы сипаттамасын, жоспарларын, идеяларын, нені қосатындығын айқындауды көздейді. Қылмыспен себептік байланыстағы сипаттамалар да және басқа: денсаулыққа қатысты, психологиялық, психологиялық сипаттамалар да қарастырылады. Олар жайындағы деректер сот-психологиялық, сот-психиатриялық және басқа сараптамалар актілерінде, маман-психологтар қорытындыларында, емхана, аурухана құжаттарында, қылмыскерге жақын адамдардан алған жауап хаттамаларында, сипаттамаларда болады.

«Адамның әлеуметтік-рөлдік аясын», әр түрлі салалардағы және әр түрлі іс-әрекеттермен байланыстағы оның қызметінің мазмұнын толығырақ анықтаудың, басты әрекетін анықтаудың маңыздылығы зор. Адамның әлеуметтік ортасының әрбір кездерінің ол үшін маңызды екендігін де ескеру керек.

Криминологиялық зерттеулердің мәліметтеріне сүйенсек, өзара байланыста мыналар басты болып табылады: а) кәмелетке толмағандар (14-18 жас) және әлі жас адамдар (23 жасқа дейінгілер) үшін – ата-ананың отбасы, мектеп немесе басқадай оқу орны не жұмыс орнындағы ұжым, бірге демалатын топ; б) 24-

30 жастағы адамдар үшін - өз отбасы, жұмыстың сипаты және жұмыс орнындағы ұжымның, демалыс байланысының рөлі төмендейді, өз ата-анасының немесе жұбайының ата-анасының отбасымен байланыстылық едәуір артады; в) 30-жастан кейін – отбасы-тұрмыстық орта, әдетте, бірінші орынға шығады, негізгі табыс көзі болып табылатын жұмыс түрінің де маңыздылығы артады.

Адам бұрындары моральдық нормаларды өрескел бұзған ба, сипаты қылмыстық емес құқық бұзушылыққа және қылмысқа барған ба, олар ашылған ба, қандай шара қолданылған, одан кейін оның іс-қимылы өзгерді ме, өзгерсе қалай өзгерді, міне осы тұрғыдан алғанда адамның барлық бұрынғы әрекеті мұқият талдауға жатады. Қылмыстың әрбір фактісі қылмыстық іс-қимылдың тетіктерін зерттеу жөніндегі ұсыныстар ескеріліп зерделенеді. Тиісінше, бұл ретте, қылмыстың жекелеген актілері мен басқа құқық бұзушылықтар арасындағы байланыстың сипаты анықталуы тиіс.

Сонымен қатар адамның оң қасиеттерін көрсететін деректерді анықтаудың да маңыздылығы бар. Бұл жаза қолдану туралы мәселенің дұрыс шешілуіне көмегін тигізеді.

3. Қылмыстық ситуацияның талдамасы, Е.Г.Горбатовская атап өткендей, жәбір шеккен жақтың белгілі бір жағдайымен немесе іс-қимылымен, сондай-ақ қылмыскер мен жәбірленген жақтың өзара әрекеттестігі болатын жағдайлармен де сипатталады. Бұл ретте осы өзара әрекеттестікте ситуация, әлде адамның жеке басы шешуші болды ма, адам күрделі ситуацияға қалай тап болды, осы жақтар да айқындалады.

Мынадай ситуациялар бөлініп алынады: а) қылмыстың жасалуын жеңілдету мақсатында қылмыскер алдын ала даярлаған (мысалы, мекемедегі есеп жүргізу және бақылау жүйесін бұзу); б) қылмыскерлердің кінәсінен, бірақ әдейі жасалмаған (ішімдікті көп мөлшерде қабылдағандықтың нәтижесінде); в) басқа адамдардың биморальдық және құқыққа қайшы іс-әрекеттерінің нәтижесінде туындаған; г) табиғи, техногендік, әлеуметтік сипаттағы төтенше ситуациялардан туындаған; д) мән-жайлардың кездейсоқ тоғысуы нәтижесінде туындаған.

Ситуацияны бағалағанда жәбірленген жақтың іс-қимылының сипатын толық анықтау керек, соның нәтижесінде криминалдық сипаттағы қақтығыс орын алған жоқ па, мүмкін



скеуі де қылмыстық жазаланатын әрекетке барып, тек бір реті келіп қалғанда ғана біреуі екіншісіне ауыр жарақат салған шығар, міне, осы мән-жай айқындалуы тиіс. Мұндай жарақат алу, бұл жағдайда жәбірленуші болып саналатын тарапты, оның осы кезге дейінгі іс-қимылына қылмыстық-құқықтық баға беруден босатуға негіз бола алмайды.

Ситуация: а) адамның қандай да бір мақсатқа жетудегі, қоғамға қайшы келмейтін сипаттағы мұқтаждықтар мен мүдделерді қанағаттандырудағы қиындықтармен сипатталатын проблемалық; б) адамға қоғамға жат мұқтаждықтарының, мүдделерінің, көзқарастарының басқа субъектілердің мүдделерімен ашық қақтығысы нәтижесінде туындайтын қақтығыстық болып бөлінеді.

Әлеуметтік бақылаудың жайына баға бергенде мыналар айқындалады: а) оның жайы қылмыстың жасалуын қиындатты ма, оған кедергі жасады ма; б) қылмыстық іс-қимылды жеңілдетті ме; в) бейтарап болды ма? Егер адам күрделі тосқауылдарды жеңіп, куәгерлердің қылмысқа кедергі келтіру талпынысын аттап өтіп қылмыс жасаса, онда бұл жағдай оның криминалдық позициясының ойластырылған және белсенді екендігін көрсетеді. Әлеуметтік бақылау бұл жағдайда неге әлсіздік көрсетті, оны күшейту үшін не істеу керек – мұны айқындау керек.

### **§3. Қылмыскерліктің себептілігі мен детерминациясын қылмыстар жайындағы мәліметтерді жинақтап қорыту жолымен айқындау**

Зерделеу, себептері талданып жатқан қылмыстық істерді іріктеп алудан басталады. Одан кейін бұл істер белгілі бір бағдарлама бойынша зерделенеді.

Мынадай екі қателіктен сақтану керек: 1) қылмыстық істерді алғашқы есеп жүргізу карточкаларындағы және статистикалық формалардағы деректерді (адамның жасы, жұмыс орны, т.б.) алу үшін ғана зерделеу керек; 2) қандай да бір факторлардың статистикалық жиынтығын қылмыскерліктің детерминациясына, себептілігіне қатысатын әлеуметтік құбылыс деп, жаппай құбылыс деп қабылдамау керек. Жеке дара құбылыстардан олардың кең таралуын анықтайтын, сол құбылыстардың өзін тудыратын мән-жайларды көре білу қажет. Мысалы, егер білімі

төмен қылмыскерлер саны көп болса, ол – білім туралы заңнаманың бұзылғандығы, халі нашар отбасылардан шыққан балалардың көп қылмыс жасауы - ондай отбасыларымен жұмыстың нашар жүргізілгендігін, қоғамдық және мемлекеттік институттардың оларға ықпалының мардымсыз болғандығын көрсетеді, ал соңғы жағдай - ондай отбасылары жайында хабарламаған адамдардың әлеуметтік-құқықтық енжарлығын көрсетеді, бұл жерде қамқоршы органдар қызметкерлерінің немқұрайдылығы, отбасыларына әлеуметтік қолдау көрсетудің материалдық базасының жұпынылығы да себеп болып отыр.

Нарықтық экономикаға көшудің нәтижесінде жұмыссыздар саны көбейді, халықтың тұрмыстық ахуалы әртүрлі деңгей алды, т.б.

Қоғамның әртүрлі топтары арасындағы алшақтықтың өсіп бара жатқанына назар аудармасқа болмайды. 1997 жылғы 25 желтоқсандағы «Адам және заң» телехабары бай адамдар мен кедейлердің табысы жайында мәліметтер келтірген. Мысалы, 1997 жылы Ресейдегі бай адамдардың табысы кедейлердікінен 26 есе, АҚШ-та 11 есе, Қытайда 5 есе көп болған.

Жекешелендірудің және мемлекет меншігінен алудың 1992-1995 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы сауда, қоғамдық тамақтандыру, дайындау мекемелерінің 49,5% негізгі қорының, тұрмыстық қызмет көрсету және коммуналдық шаруашылықтың - 63,7% , өнеркәсіптің - 13,8%, ауыл шаруашылығының - 9,9%, құрылыстың - 32,8% негізгі қорының жекешелендірілуін көздеген болатын. Барлығы 12 мың тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорны жекешелеуге тиіс болатын. Әрине, мұндай шараның нәтижесінде көптеген адам меншік иесіне айналады. Әлеуметтік детерминанттың мазмұнын, бәрінен бұрын, қоғамдағы қайшылықтар және оларды шешудің қаншалықты тиімді екендігін анықтайды, -деп В.Н. Кудрявцев дұрыс айтады. Соңғы кездердің бір ерекшелігі - тұрмысы өте нашарлаған адамдар саны күннен күнге көбейіп барады, олар тегін тұрақ-жайға, бала-бақшасына, жұмысқа, т.б. құқығын жоғалтуда. Бақуатты адамдардың біразының өтпелі кезеңде сауда жасап байығандығын олар көріп отыр.

Сол байығандардың едәуір бөлігі бұрын заң аттаған адамдар екенін жастар біледі. Сондықтан олар заңды бұзбай мәселе шешілмейді деген тұжырым жасайды. Материалдық тапшылық

нен қажеттілік ерекше құбылыс емес, бұл фактор кейбір жағдайларда пайдақорлық-зорлық сипаттағы қылмыстарды жасауға итермелеуі мүмкін<sup>35</sup>.

Жекелеген қылмыстар туралы мәліметтерді пайдалана отырып қылмыскерліктің себептерін айқындау екі жолмен жүзеге асырылады.

Біріншіден, жекелеген қылмыстардың себептерін айқындау, олар туралы мәліметтерді, себептік байланыстарды терең талдау және аймақтық, жалпы мемлекеттік масштабтағы әлеуметтік құбылыстарға макро-, микроорта деңгейінде шыға отырып қорытып талдау арқылы жүргізіледі.


Бұл схеманы ары қарай да жалғастыруға болады. Жеке дара факторлардан орташа деңгейдегі әлеуметтік-мемлекеттік ортаны сипаттайтын мән-жайларды да бірге бақылағанның пайдасы бар. Бұл қылмыстық іс-қимылға тосқауыл болатын процестер мен құбылыстарды дамытуға көмектеседі.

Сол аймаққа, сол әлеуметтік топқа тән қылмыстық іс-қимыл, не қылмыскерлік түрі айқындалады және алыста жатқан әлеуметтік байланыстар мен байланыстылыққа көз жүгірте отырып қылмыстық іс-қимылды тудыратын себептер мен жағдайлардың кешені зерделенеді. Бұл ретте мыналар маңызды болып табылады.

1. Жекелеген қылмыстардың себептері туралы мәліметтерді жинақтап қорытқанда: біріншіден, бұл жекелеген қылмыстарды тудыратын себептер айқындалады; екіншіден, әр түрлі қылмыстық іс-әрекеттердің себептерінің ішіндегі ұқсастары анықталады.

*Пара алушылықтың себептік кешенінің ықтимал схемасы:*

(Шарғы – кадр жұмысының, бақылаудың жеткіліксіздігі)



Мұндай салыстыруда: а) ұқсастық; б) жеке даралық, қайталанбастық табылады. Ұқсастықты талдау негізінде қылмыстардың әр түрлі топтарының себептеріндегі ортақтық туралы ұғым қалыптасады.

2. Сонымен бір уақытта неғұрлым ірілеу топтарға және жинақтап қорытуға көше отырып қылмыстардың өздері топтастырылады.

Қылмыскерліктің қандай да бір сол түрі, тіптен жеке дара қылмыстық іс-қимылдың себептерінің сипаттамалары бірдей болған күннің өзінде, әлеуметтік-топтық, әлеуметтік-аймақтық ортаның және неғұрлым жоғары деңгейдегі ортаның әр түрлі сипаттамаларымен бейнеленуі мүмкін. Мысалы, өңшең кәмелетке толмағандардың аса мұқтаждығының арғы жағында етек алған жұмыссыздық, сол асыраушысы жұмыссыз қалған отбасыларын қайыршылықта қалдырмау үшін берілуі тиіс жәрдемақының уақтылы берілмеуі тұр, ал басқа жеткіншектерге қатысты алатын болсақ - әжептәуір табыс тауып тұрса да олардың ата-аналарының ішімдікке салынуына әлеуметтік шара қолданудағы кемшіліктер тұр. Сондықтан да қылмыстық іс-қимылдардың әр түрлі типтеріне тән себептік тізбекті алдын ала, оның үстіне «қатаң» анықтау мүмкін емес. Олар әр түрлі аймақтарда әр түрлі және уақыт өткен сайын өзгеріп тұрады.

Жекелеген қылмыстардың, қылмыстық іс-қимыл типтерінің және қылмыскерлік түрлерінің себептеріндегі ұқсастықты айқындаумен қатар жеке дараны, қайталанбайтынды да талдау қажет. Ол көп таралған мән-жайлардың өзгеше жиынтығы және онда кездейсоқ сипат болуы мүмкін. Ал ол жеке дара, қайталанбас артында жаңа себептік кешендер, жаңа әлеуметтік құбылыстар мен процестер байқалуы, жаңа туып келе жатқан үрдістер көрінуі мүмкін.

Екіншіден, қылмыстық іс-қимылдағы типтікті жеке дара деңгейде де, қылмыскерлік түрлерінде де бөліп алу жолы, оны монографиялық зерделеу, сонан соң себептік байланыстарды терең бақылай отырып әлеуметтік-топтық, аймақтық және әлеуметтік ортаның неғұрлым жоғары деңгейіне шығу үшін пайдаланылады. Бұл жол практикада, мысалы, әңгіме өзара байланысты қылмыстық іс-әрекеттер жүйесі жайында болса, таңдалып алынады. Өзара байланыста барлық қылмыстар, шегінде сол қылмыстар жасалынатын қызмет талданады. Бұл

жағдайда себептік тізбектер емес, бірдей элементтер әр түрлі өзара әрекеттестікте жиі көрініс тапқан себептік кешендер бой көтереді.

Бұл тәсілді жиі кездесетін типтік қылмыстық іс-қимылды (мысалы, жұмыссыз жас адамның қорқытып талап етуі), немесе кримналдық әрекеттері бар типтік ұйымдасқан қылмыстық құрамаларды жіктегенде қолданған жөн.

## 11-тарау. Қылмыскерлікпен күрес

- §1. Қылмыскерлікпен күрес ұғымы және оның мазмұны.*  
*§2. Қылмыскерлікпен күрестің жалпы ұйымдастырылуы.*  
*§3. Қылмыскерліктің алдын алу.*  
*§4. Құқық қорғау қызметінің криминологиялық аспектілері.*  
*§5. Қылмыскерлікпен күрестің міндеті және негізге аларлық бастаулары.*

### §1. Қылмыскерлікпен күрес ұғымы және оның мазмұны

Қылмыскерлікпен күрес дегеніміз жүйелік-құрылымдық қызмет, ол үш жүйенің жиынтығынан тұрады: 1) күресті жалпы ұйымдастыру; 2) қылмыскерліктен сақтандыру; 3) құқық қорғау қызметі. Бұл әлеуметтік басқару салаларының бірі және мыналарға ықпал етеді: а) қылмыс және қылмыскерлік тудыратын себептер мен жағдайларға; б) қылмыскерліктің өз бетімен детерминациялануынан сақтандыру және оны тыю мақсатында оның өзіне.

«Қылмыскерлікпен күрес» термині құқықтық және басқа ресми құжаттарда, сондай-ақ ғылыми еңбектерде кеңінен қолданылады.

«Қылмыскерлікпен кесімді күрес жүргізудің маңызы Қазақстан Республикасында құқықтық тәртіп орнатуда ғана емес, сонымен қатар тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауда да зор. Соңғы жылдары тек қана жеке адамдардың өміріне, бостандығына, мүлкіне т.б. құндылықтарына қол сұғу қылмыстарының саны ғана өскен жок, сонымен қоса қазіргі күні ұйымдасқан қылмыскерлік, жемқорлық, тапсырыспен кісі өлтіру т.б. сияқты жаңа қылмыс түрлері пайда болды»<sup>36</sup>.

Біріккен Ұлттар Ұйымы қылмыскерлікпен күрес және құқық бұзушылардың күтімі жөнінде Конгресс өткізіп тұрады. Сонымен қатар бірқатар жұмыстарда «бақылау», «қарсы әрекет», кейде - «қылмыскерлікпен соғыс» сияқты ұғымдарды пайдалану керек деген ұсыныстар бар. Бірақ бұл терминдер қаралып отырған мәселенің мәнін толықтай аша алмайды.

«Күрес», ол дегеніміз біріне-бірі үстемдік етуді мақсат тұтқан карама қарсы мүдделердің, топтардың, пікірлердің белсенді қақтығысы. Бұл - әр уақытта қандай да бір мақсатты

көздейтін қызмет. Заң қорғайтындармен бітіспес қайшылықта болатын мүдделер, құндылықтар, мақсаттар қылмыскерліктен өз көрінісін табады. Мұндай жағдайдағы мақсат - бәрінен бұрын қылмыскерліктің детерминация және себептілік процесіне, оның өзіне ықпал ете отырып қылмыстық заңның жаппай бұзылуына жол бермеу, ал ол бұзыла қалған жағдайда – айыптылардың қылмыстық іс-қимылдан бас тартуына қол жеткізу және қылмыскерлікті тыю үшін айыпкерлерге мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану. Мемлекет те, қоғам да ешқандай ымыраға жол бермейді. Сонымен, Қылмыскерлікпен күрес дегеніміз - қоғамның қылмыскерлікпен белсенді қақтығысы.

«Бақылау» деген сөз біреуді, бірдемені тексеруді, біреуді бірдемені байқауды білдіреді.

Бұл ұғымды криминологияда пайдалану әлі күнге дейін көңілге қонарлықтай болған жоқ, себебі әңгіме бұл жерде қылмыскерлікті «байқау» жайында емес.

«Қарсы әрекет» басқа әрекетті жою, «бірдемеге қарама қарсы жүру, оған кедергі келтіру» дегенді білдіреді. Ал, біріншіден, тек мемлекет қылмыскерлікке кедергі келтірмейді, қайта қылмыскерлік мемлекетке, қоғамға кедергі келтіреді. Екіншіден, күрделі себептік-салдарлық кешені бар, оның ішінде қылмыстық заңның бұзылуына жол бермеуді, ол бұзыла қалғанда - айыптыға мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдануды қарастыратын әлеуметтік құбылыс ретіндегі, қылмыскерлікке ықпал ету шараларының барлық жиынтығын қамтымайды.

«Ықпал ету», бұл - бірдемеге қол жеткізу мақсатында біреуге немесе бірдемеге бағытталған біржақты әрекет. «Қылмыскерлікпен күрес» - екі қарама-қарсы тараптың өзара әрекеттестігінің айрықша түрі.

«Қылмыскерлікпен күрес» терминін қолданғанда қоғамның өнегелік, құқықтық негіздері мен қылмыскерлік арасындағы бітіспес қарама қайшылыққа ғана бола назар аударылатын сияқты. Егер бұл соғысты өмір үшін емес, өлім үшін соғыспен теңдестіретін болсақ, онда ол соңғының шеңберіне сыйыспайды. Қылмыскерлікпен күрестегі басты мақсат – оның алдын алу, адамды қылмыс жасаудан сақтандыру, ал егер оның қылмыстық әрекеті айқындалса – ондай әрекеттің сылтауы мен себептерін білу, оған қолданылатын қылмыстық жазаны басқа шарамен



алмастыру мүмкіндігін қарастыру, қажетті әлеуметтік көмек көрсету.

Соғыс жөніндегі дәстүрлі ұғымға бұл сәйкес келмейді, себебі нағыз соғыста бір жақ екінші жақты кез келген құралмен жоюға, қалайда оның шабуылын не қарсылығын жаныштауға тырысады. Соғыстың жариялануы дегеніміз, армияға тойтарыс беретін жақтың қажетті қорғаныс қабілеті болуын көздейді. Қылмыскерлікпен күреске қатысты алатын болсақ мұндай ұқсастықта үлкен қауіп жатыр: қылмыскер ұсталған жерде-ақ жазасын алар еді, оған заңсыз мәжбүрлеу әрекеттері қолданылар еді, ал одан қоғамға қауіпті салдарлар туындауы сөзсіз.

Сондықтан армияны қылмыскерлікпен күрес субъектілерінің қатарынан, мүмкін болса, шығарып тастау керек. Армия сыртқы жауларды жеңу үшін керек, ал мемлекетке оны өз азаматтарына қатысты қолдануға болмайды.

Екінші жағынан, қылмыс жасайтындармен келісімге келуге бола ма? Тәжірибеге сүйенсек, оларды тек өз кінәсін мойындап, жасаған ісіне өкінсе, ары қарай қылмыс жасаудан бас тартса ғана жазадан босатуға және оларға көмектесуге болады. Жаңа қылмыс жасалғанда мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы қатайып, өлім жазасы немесе өмір бақи бас бостандығынан айыру жазасы қолданылуы мүмкін.

Әңгіме тұрақты кәсіби қылмыскерлер, ұйымдасқан қылмыстық құрамалардың басшылары, олардың белсенді қатысушылары жайында болса - кейбір шаралардың тиімділігі төмен болады.

Қоғам, қаншалықты мейірбанды, адамгершілікті болса да, қылмыстық іс-қимылға, әсіресе жоғарыда аталған адамдардың қылмыстық әрекетіне жайбарақат қарап отыра алмайды, қайта оларға қатысты мемлекеттік мәжбүрлеудің ең қатаң шараларын қолдануы тиіс. Өйтпеген жағдайда көптеген адамдардың өмірін, ар-ожданын, тыныштығын, денсаулығын, мал-мүлкін құрбан етеді. Азаматтардың өздері де өз азаматтарын қылмыскерліктің құрбаны еткен мемлекетке төзе қоймас. Қылмыскерлік пен саясат өзара тығыз байланысты.

Кейбір авторлар ұстамдылық керек, қылмыскерлікпен күресті соғыс жағдайына дейін жеткізудің қажеті жоқ дейді, олар уақыт өзгере келе бүгінгі қылмыскер мен жәбірленуші ертең орындарын алмастыруы мүмкін, ал шоқпардың екінші басы

бүгінгі шокпар ұстап тұрғанның басына тиіп қалуы ғажап емес дегенді айтады. Бұл – аса криминологиялық пессимизм теориясы. Өкінішке орай, біздің елдің тарихы, саяси режимі тұрақты емес басқа елдердің тарихы солай деп айтуға әжептәуір негіз берді. Әрине, өмір болған соң қорқынышсыз болмайды, бірақ, күндердің күні сол қылмыстың құрбаны болып кетпейміз бе? Олай болмас үшін мемлекеттегі саяси және құқықтық режимнің тұрақтылығын қамтамасыз ету жөңінде шаралар қабылдап, оларды жүзеге асыру керек, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың сенімді жүйесі жасалып, оның тиімділігін көтеретін заңнамалар шығару қажет.

Кез келген өркениетті қоғам қылмыскерлікке қарсы тұрады, олай болмаған жағдайда ол өз өркениеттігін сақтай алмайды. Ал бұл қарсы тұрушылық қылмыс жасаған адамға қатысты да, жәбірленушіге қатысты да заң шеңберінде жүзеге асырылуға, онда өркениеттік форма болуға тиіс.

Сонымен, қылмыскерлікпен күресті толық көлемде жүргізу керек.

## §2. Қылмыскерлікпен күрестің жалпы ұйымдастырылуы

Қылмыскерлікпен күресті жалпы ұйымдастыруға мыналар жатады:

1. Ақпараттық-талдау қызметі.
2. Криминологиялық болжаулау.
3. Қылмыскерлікпен күрес стратегиясын анықтау.
4. Қылмыскерлікпен күреске бағдарлама жасау.
5. Қылмыскерлікпен күрес саласында заң шығарушылық.
6. Қылмыскерлікпен күрес бағдарламасын жүзеге асыру, оған түзету енгізу және қылмыскерлікпен күрес жөніндегі қызметті үйлестіру.
7. Қылмыскерлікпен күресті ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру және дамыту.

*1. Ақпараттық-талдау қызметі* – бұл көрініс тапқан қылмыскерлікті тіркеу, ол көріністерді, олардың себептілігін және детерминациясын, қылмыскерлікпен күрестің өткен кезеңдегі нәтижелерін зерделеу және тиісті мәліметтерді бағалау жөніндегі қызмет.

Ол: қылмыскерлікті, статистикалық есептерді есепке алу жүйелерін құру; қылмыскерлікпен күрес жүргізуші органдардың ағымдағы талдаушылық қызметін; криминологиялық зерттеулерді дамыту, алынатын деректердің теориялық қорытпаларын пайдалану жолымен жүзеге асырылады.

*2.Криминологиялық болжаулау* – қылмыскерліктің болашақ жайына және қандай да бір басқарушылық шешімдердің криминологиялық маңыздылығы бар өзге салдарларына баға беру.

Болжаулау қылмыскерліктің заңдылықтарын, оның детерминациясын, себептілігін білуге, қылмыспен күрестің әр түрлі шараларына әсерлік заңдылықтарына негізделген.

Бұл функцияның іске асырылуы қылмыскерліктің оперативтік талдамасы мен оның заңдылықтарын зерттеудегі үйлесімділікті қажет етеді. Сондықтан да арнаулы криминологиялық қызмет құру керек.

Болжаулаудың екінші тарауда сөз болған әдістері кең пайдаланылады. Маман-криминологтардың қылмыскерліктің өзгеру болашағын ұжымдық талқылауы және тұжырымдарын баяндауы айрықша тәсіл болып табылады. Мұндай қылмыскерлік проблемалары талқыланатын форумдар да болады. Проблемаларды жан-жақты талқылау үшін басқа мамандардың да шақырылуы мүмкін.

*3. Қылмыскерлікпен күрес стратегиясын анықтау.* Криминологиялық ситуацияны (қылмыскерлікті, оның себептілігін, детерминациясын және онымен күрестің жайын), криминологиялық болжамды және мамандардың қылмыскерлікпен ары қарай күрес жөніндегі ұсыныстарын бағалау негізінде оның стратегиясы анықталады. Бұл - мемлекетті қылмыскерлікпен күресті ұйымдастыратын негізгі субъект жасайды.

Стратегия дегеніміз – қылмыскерлікпен күрес жүргізудің өнері сияқты, ол бұл күресте жеңіскер болу үшін негізгі соққыны қай бағытта жасау керектігін анықтайды.

Сактандыру шараларының – қылмыскерліктің себептері мен жағдайларына ықпал етудің басымдылығы стратегиялық тұрғыдан маңызды болып табылады. Тек сол ғана қылмыстық іс-қимылдың жаппай өріс алуына тосқауыл бола алады.

Кез келген жүйелік-құрылымдық құбылыстардағы сияқты қылмыскерлікте де «ядро» болады, соған берілген соккы оң нәтиже беруге тиіс. Зерттеулерге сүйенсек, кәметке толмағандардың қылмыскерлігі, ұйымдасқан және кәсіби қылмыскерлік сондай «ядролық» жағдайда екен. Олар бірімен бірі жиі қабаттасып келеді және қылмыстың басқа түрлерімен де өзара тығыз байланыста. Кәметке толмағандардың қылмыскерлігі барлық қылмыскерліктің сақталуының және дамуының қайнар көзі болып табылады.

Ал ұйымдасқан қылмыс неғұрлым ауырлау қылмыстардың жасалуын, тұрақты қылмыстық әрекетті және қылмыскерліктің қоғамға қарсы бағытталған ықпалын анықтайды.

Ұйымдасқан қылмыстың дамуына кәсіби қылмыскерлік едәуір «үлесін» қосуда.

Стратегия – жалпы қылмыскерлікпен күресті ғана емес, оның жекелеген түрлерімен күрес жүргізу өнері (олардың қылмыскерліктің жалпы жүйесіндегі орны ескеріліп).

Криминолог пен қылмыскерлікпен күрес жүргізуші мемлекеттік қызметкердің өнері сонда, олар қаражат тапшылығына қарамай жақсы идеяларды өмірге алып келіп, олардан нақты оң нәтижелер алуға тиіс.

Стратегия шеңберінде *қылмыскерлікпен күрестің тактикасы* жасалады, онда нақты мақсаттар және сол жағдайларда оларға қол жеткізудің оңтайлы әдістері анықталады. Тактика – стратегияның бір бөлігі. Мәселенің тактикалық шешімі әрқашанда кадрлардың жетіспейтіндігін, материалдық тапшылықты, қылмыскерлікпен күреске қаржының аз бөлінетінін ескеріп, нақты жағдайға тиісінше бағдар алуды талап етеді. Бірақ, «қанша бере аласыңдар, сол бергендеріңді қайда жаратуын өзіміз білеміз» деген ұстаныммен де келісуге болмайды. Тактикалық шешімдердің криминологиялық тұрғыдан негізделген есептері болуға тиіс, олар кейін, белгілі бір нәтижелерге қол жеткізу үшін тиісінше түзетіліп тұрады.

Жекелеген операцияларды жүргізуде де өнер керек.

Стратегия мен тактика қылмыскерлікпен күрес бағдарламасында іске асырылады.

4. *Қылмыскерлікпен күреске бағдарлама жасау.*

Ол: ұзақ мерзімді (қылмыскерлікпен күрес стратегиясын толықтай қамтиды), орташа мерзімді (әдетте, 2 жылға) және қысқа мерзімді (токсанға, жартыжылдыққа) болып бөлінеді.

Бағдарлама жасау (бұрын – жоспарлау) қоғамның, мемлекеттің экономикалық, саяси және әлеуметтік дамуына бағдарлама жасаумен байланыстырылады.

Мұнымен қатар қылмыскерлікпен күрестің жекелеген бағдарламалары жасалып қабылданады. Және де қылмыскерліктің жекелеген көріністерімен күрес бағдарламалары да болады.

Бағдарлама жасауда мақсаттық сипат болуға тиіс, яғни алдымен нақты мақсаттар баяндалады, одан соң – оларға қол жеткізу жолдары анықталады, орындаушылар, мерзімдері және оларды ресурстық қамтамасыз етудің сипаты көрсетіледі (кадрлар, қаржы қаражаты, материалдық-техникалық қамтамасыз ету және т.б.).

Қылмыскерліктен сақтандыруға ғана қатысты бағдарламаларға (немесе бағдарлама бөлімдеріне) қарағанда қылмыскерлікпен күрес бағдарламалары, мысалы, ақпараттық-талдама қызметін жетілдіру, жаңа заңдарды немесе жаңа құқықтық нормаларды толықтай және ретімен қолдану сияқты мақсаттарға қол жеткізуді көздейді. Егер анықтаушылар мен тергеушілердің санын, уақытша ұстау изоляторларындағы орындарды көбейту керек болса – ондай шаралар бағдарламада көрініс табады.

*5. Қылмыскерлікпен күрес саласындағы заң шығарушылық.*

Қылмыскерлікпен күреске бағдарлама жасау заң шығарушылық жұмысымен тығыз байланысты. Егер қолданыстағы заң елдегі кримналдық және криминогендік ситуацияның жаңа сипаттамаларымен күресті қамтамасыз ете алмаса, онда қолданыстағы заңдарды өзгерту немесе жаңа құқықтық актілер жасау жөнінде тыңғылықты әрі мақсатты жұмыс жүргізу керек.

Қандай жағдай болса да, егер бұрынғы құқықтық амалдар өзін тауысса, олардың шегінде қылмыскерлікпен күреске бағдарлама жасау аңғырттық болар еді, ал оған жол беруге болмайды.

Бұл айтылғандармен іс-әрекетті қылмысқа жатқызу немесе жатқызбау, заңның криминологиялық келісімділігі туралы мәселе тығыз байланысты. Академик В.Н.Кудрявцев былай деп жазады: «қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді криминалдау процесі бірнеше сатыны қамтиды: қоғамға қауіпті болып табылатын іс-әрекеттердің кейбір түрлерінің елде кең таралғандығы туралы ақпарат алу және оны бағалау; олардың туындай себептерін, негізгі белгілерін және әлеуметтік саңдарларын зерделеу; онымен күрестің болашағын анықтау; және де, егер, қажет деп шешім қабылданса, жаңа қылмыстық-құқықтық норма – жаңа заң жобасын жасау».

Іс-әрекетті қылмыстық жазаланатындар қатарынан шығару кең таралған екі жағдайда орын алады. Біріншіден, егер іс-әрекет қоғамға едәуір қауіпті болудан қалса. Екіншіден, қылмыстар қатарынан шығару басқа жағдайға байланысты болады: ол өте көп таралады, ал барлық кінәлілерге қылмыстық-құқықтық шаралар қолдануға нақты мүмкіндік болмайды. Бұл жағдайда, мысалы, қылмыстық жазаның орнына әкімшілік жауапкершілік енгізіледі. Мемлекеттік және қоғамдық мүлікті аз мөлшерде ұрлауға қатысты сондай жағдай болды. Үшінші жағдай да бар: заң саясатына қылмыстық ортаның белсенділері қысым жасайды, нәтижесінде, олардың арасында көп таралған іс-әрекет қылмыстық жазаланатындар қатарынан шығып қалады. Бұл – мемлекеттік билік органдарының қылмыстанғандығының айғағы.

Қылмыскерлікпен күресті құқықтық реттеу проблемалары әдебиетте, оның ішінде криминологиялық әдебиетте кеңінен талқылануда.

Бұл жолда Қазақстан Республикасы Президентінің «Қылмыскерлікпен күресті күшейтудің қосымша шаралары туралы» Жарлығы басты маңызға ие<sup>37</sup>.

*6. Қылмыскерлікпен күрес бағдарламасын іске асыру, оған түзету енгізу және қылмыскерлікпен күрес жөніндегі қызметті үйлестіру.*

Қылмыскерлікпен күрес бағдарламасын іске асыруды тікелей қамтамасыз етуде көп аспектілі сипат бар. Ол – басқарушылық қызметті, бақылауды, кадрлар іріктеуді, оларды даярлауды, оңтайлы орналастыруды, олардың біліктілігін көтеру жұмысын ұйымдастыруды, жаңа криминологиялық және ауқымды әлеуметтік шындықтарды ескеріп оларды қайта

даярлауды, жаңа техника жасауды, қылмыскерлікпен күрестің ресурстық қамтамасыз етілуін, қабылданатын шаралардың тиімділігін талдауды және бағдарламаларға түзету енгізуді қамтиды.

Орындалуы кезінде бағдарламаға түзету енгізу қажеттігі тосын әлеуметтік өзгерістер жағдайында туындайды.

Сонымен қатар, бағдарламаны орындау барысында нақтылау енгізілуі мүмкін. Жалпы оның тұрақтылығы керек – бағдарламада бастан жақсы ойластырылғандық және ғылыми негізделгендік сипат болуға тиіс.

Шаралардың тиімділігін бағалауға қатысты алатын болсақ, ол: а) қылмыскерлікпен күрес жөніндегі қызмет тетігінің тиімділігі, б) қылмыскерлікпен күрестің әлеуметтік тиімділігі болып бөлінеді. Бірінші жағдайда, мысалы, қанша конференция өткізілгендігі, қанша құқықтық нормалар қабылданғандығы, қанша адамның өз біліктілігін көтергендігі, қылмыстардың ашылу жайы, яғни қылмыскерлікпен күрес «тетігінің» өзі қалай жұмыс істейтіндігі бағаланады.

Екінші жағдайда, мұндай тетіктің жұмыс қорытындысы қандай: қылмыскерліктің және оның қоғамға қауіптілігінің деңгейі төмендеді ме, бағдарламада алға қойылған мақсатқа қол жетті ме.

Қылмыскерлікпен күрес субъектілерінің саны өте көп болғандықтан бұл күресті үйлестірудің де қажеттілігі туып отыр. Бұған мемлекет, азаматтық қоғамның институттары (қоғамдық ұйымдар, қорлар, т.б.), барлық жеке және заңды тұлғалар қатысады. Тек осы елдің азаматтары ғана емес, осында тұратын азаматтығы жоқ адамдар, шетелдіктер де қатысады. Бұл күреске іс жүзінде барлық халық әр түрлі формада қатысады. Мысалы, куәгер, айғақ ретінде.

Құқық қорғау органдарының қылмыскерлікпен күрес жөніндегі қызметін Бас прокуратура және оған бағынышты прокурорлар үйлестіреді. *Қылмыскерліктің аса қауіпті көріністерімен күрес Ресейдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шегінде жүргізіледі.*

Атқарушы билік органдарының қылмыскерлікпен күрес жөніндегі қызметін аймақтық үйлестіру де бар. Ол, біріншіден, мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың өкілеттіктерін бөлу және құзыреттерін есепке алу; екіншіден, ортақ міндетті

орындауға қатысты әрекеттерді келісу. Бұл жерде әрбір субъект өз ісімен айналысуы керек, бірін бірі алмастыруға, қайталауға және қосарласып істеуге жол берілмейді.

7. *Қылмыскерлікпен күресті ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру және дамыту.* Бұл жерде әңгіме ғылыми-зерттеу мекемелерінің жүйесін дамыту және ғылыми кадрларды даярлау, зерттеу әдістемелерін жетілдіру жайында, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің нәтижелерін практикаға енгізу жайында болып отыр. Криминологиялықпен қатар пәнаралық және кешенді зерттеулерді дамытудың да маңызы зор, ол жайында 2- тарауда айтылған.

Ғылыми зерттеулерді практикаға енгізу – екіжақты процесс, ол криминологиялық зерттеулердің нәтижесіне, ғылыми ұсыныстардың сапасына да, практикалық қызметкерлердің оларды қабылдауға және қолдануға даярлығына, қабілеттілігіне де байланысты. Ал, тағы да бір маңызды буын бар, ол – ғылыми және практикалық қызметкерлердің ғылыми ұсыныстарды оларды қолданудың нақты жағдайларына «байланыстыруы», «аяғына жеткізуі». Бұл - өндірістегі тәуекелді технологиялық процесс кезеңі. Криминологиялық ұсыныстарға қатысты да осындай жағдай қалыптасады.

### §3. Қылмыскерліктің алдын алу

«Қылмыскерліктің алдын алу» дегеніміз, бұл – мемлекеттің, қоғамның, жеке және заңды тұлғалардың қылмыскерлікке жаңа адамдардың тартылуына, жаңа қылмыстық іс-әрекеттердің жасалуына, қоғамдық қатынастардың ары қарай криминалдануына жол бермеу мақсатында қылмыскерліктің детерминация және себептілік процесіне мақсатты ықпал етуі.

Біз бұрындары қылмыстылық дегеніміз - күрделі әлеуметтік құбылыс, сондықтан да оның себептерін ең тиімді қылмыстық саясат та жоя алмайды деп санағанбыз. Қылмыстық заң жүйесі қандай да бір қылмыстың алдын алу мақсатында қылмыскерге, сондай-ақ азаматқа ықпал жасай алады, жасауға тиіс те. Әңгіме - сол ықпалдың неге тұратындығында, қаншалықты және қандай әдістермен жасалатындығында.

Бұл мәселелерде маңызды саяси-әлеуметтік және идеологиялық мазмұн бар. Қылмыстық саясат құралдары



қылмыстылықтың субъективтік және бірқатар жақындау объективтік себептеріне және оларға мүмкіндік тудыратын жағдайларға ғана ықпал жасай алады.

И.П. Портновтың пікірінше, «таза» түрде қылмыстың алдын алу дегеніміз - криминогендік факторларды жою және қылмысқа дейінгі кезеңде адамның мінез-құлқын түзету арқылы қылмыстың жасалуына жол бермеу.

Ал, Г.А. Аванесовтың ойынша, қылмыстың алдын алу мақсатында ықпал жасалынатын объект «өте күрделі құбылыс», оған жеке адам, адамдар тобы, оларды қоршаған орта (оның ішінде тікелей қоршаған орта) және әр түрлі «заттар» - факторлар, себептер мен жағдайлар, мән-жайлар, т.б. жатады.

Алдын алу объектілері жайында сөз қозғағанда, тіптен, нақты кәсіпорын, аудан, қала, қандай да бір аймақ жайында айтуға болады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, *қылмыстылықтың алдын алуға анықтама берсек, ол - қылмыстылықтың себептерін және оған мүмкіндік тудыратын жағдайларды анықтау және жою мақсатында мемлекеттік, қоғамдық және басқа ұйымдардың жүргізетін, өзара байланыстағы әр түрлі шараларының жиынтығы*<sup>38</sup>.

Әңгіме әр түрлі субъектілерден тарайтын көп деңгейлі шаралар жүйесі жайында болып отыр.

«Қылмыскерліктің алдын алу» термині даусыз деп саналмайды, себебі орын алған бар нәрсенің алдын алу мүмкін емес. Ал қылмыскерлік, ол – бар нәрсе. Бұл тұрғыдан алғанда оған дау айтуға болады, бірақ ол ғылыми айналымға кіріп кеткендіктен қалыптасқан ұғымды өзгертіп жатқанның қажеті болмас. Мұндағы басты мақсат – қылмыскерліктің себептілігі мен детерминациясына баса көңіл аудару, адамдарды қылмысқа жібермеу.

Бұл терминмен қатар «сақтандыру» термині де қолданылады. Кейбір авторлар бұл екі ұғымды синонимдер дейді, кейбіреулері олардың арасында айырмашылық бар дейді. «Сақтандыру» туралы, көбіне, нақты қылмыстардың жолын кесуге қатысты айтады, бұл ретте қылмыстың ойластырылуы, оны жасауға дайындалу фактісін дер кезінде ашу және ол фактіге шара қолдану жайында сөз болады. Бұл тұрғыдан алғанда «сақтандыру» жоғарыда көрсетілген «классикалық» мәндегі

қылмыскерліктің алдын алу мен құқық қорғау қызметінің ортасындағы көпір іспетті, тіптен соңғысына жақын тұрған сияқты.

Адам көп жыл бұрын босануға тиіс еді немесе жаңа қылмыс бұрынғымен байланысты емес /бұрынғысы - лауазымдық, ал екіншісі - зорлық-пайдақорлық қылмыс/, бұл жай адамның жеке басының бағыттылығын көрсетпейді, ал бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу фактісінің өзі оған қатаң режим тағайындауға негіз болады. Қатаң режимдегі колонияны тағайындау туралы мәселені шешуге ықпал ететін маңызды фактор - бұрынғы жазадан босанғаннан бергі өткен уақыт мерзімі.

Егер одан бері неше жылдар өтіп, сол кезеңде адам дұрыс өмір салтын құрса, онда жаңа қылмыс кездейсоқ мән-жайлардың салдары деп есептелінеді, ол бұрынғы қылмыспен байланыстырылмайды<sup>39</sup>.

Қылмыскерліктің алдын алу жүйесінде үш түр бөлініп алынады: жалпы, арнаулы және жеке дара алдын алу. Бұлай бөлуге алдын алу қызметінің ауқымы негіз болған.

*Қылмыскерліктің жалпы алдын алу дегеніміз* – қылмыскерліктің барлық халыққа немесе оның топтарына ықпал ететін, жалпы экономикалық, әлеуметтік және өзге критерийлер бойынша бөлініп алынатын және бұл ретте ондай әлеуметтік топтардың іс жүзінде барлық өкілдеріне қылмыстық іс-қимыл мүмкіндігін жасайтын детерминация және себептілік процестерін жою жөніндегі шаралар жүйесі. Жалпы алдын алуға қатысты алатын болсақ, әңгіме бұл жерде - халықтың басым көпшілігінің қайыршылыққа ұшырау, ал ат төбеліндей адамдардың тікелей қылмыстық іс-әрекеттер жасап байып кету процесін тыйып тастау жайында; адал кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау және қылмыстық жолмен түскен табысты заңдастыру (жуып-шаю) әрекетіне қарсы қатаң шара қолдану жайында болып отыр. Бұл аса мұқтаждықтан немесе қолы жүріп тұрғандар қатарына қосылсам ба деп криминалдық әрекетке ниеттенушілерге тосқауыл болады.

*Мысалға мынандай жалпы алдын алу-шаралары жүзеге асу керек:*

1. Ұтымды экономика, меншік нысанының көптүрлілігі, адамдардың іскерлік белсенділігі мен ынтасын көтерудің негізінде нарықтық қатынастарды қалыптастыру.

2. Жас адамдардың әлеуметтік, экономикалық және басқадай жағдайларын жақсартуға, олардың өз бетімен еңбекке және қоғамдық-саяси өмірге араласуы үшін мемлекеттік жастар саясатын қаржымен, заңмен қамтамасыз етуге шаралар қарастырып, оны жүзеге асыру.

3. Оқу орындарында «Мемлекет және құқық негіздері» және «Құқықтану» пәндерін оқытудың сапасын жақсарту. Оқылатын сағат санын 60-қа дейін көбейтіп, курс аяғында емтихан алуды қарастыру.

4. Пайдакорлық-зорлық қылмыстарының алдын алуды жалпы қоғамдық деңгейде қарастырғанда Қазақстан үшін өзекті проблема - адамдарды жұмысқа орналастыру мәселесін шешу қажет. Нарықтық қатынастарға көшу жұмыссыздар санының көбеюіне әкеліп соқты. Сондықтан да «Еңбек туралы» Заңның негізінде Қазақстан халқын еңбекпен қамтамасыз етудің 2004-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын жасау керек. Бұл бағдарлама халықты еңбекпен қамтамасыз етудің облыстық, қалалық және аудандық бағдарламалары негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Ол үшін әр түрлі мемлекеттік органдардың, жұмыс берушілердің және қоғамдық ұйымдардың өзара тығыз байланыста болуы шарт. Мемлекеттік бағдарлама 4 бөлімнен тұруға тиіс: а) көрсетілген кезеңде республиканың еңбек рыногында қалыптасқан жағдай; б) еңбек рыногын болжау; в) еңбекпен қамтамасыз ету, жұмыссыздар санын азайту және жұмыссыздарға әлеуметтік қолдау көрсету шаралары; г) 2004-2010 жылдардағы еңбекпен қамтамасыз ету қоры.

5. Республиканың ірі қалаларында құқық бұзушылықтан алдын алудың кешенді шаралары жасалуға, онда қаланың экономикалық, әлеуметтік, географиялық және басқа срекшеліктері ескерілуге тиіс. Мұндай шаралар қаланы әлеуметтік дамытудың 2005 жылға арналған жоспарына кіруі керек. Онда қылмыстылықпен күрестің негізгі проблемаларын жан-жақты қамтитын нақты шаралар және күрестің озық тәжірибелері көрініс табады. Құқықтық тәртіпті қорғау шаралары тар мағынада емес (халық жасақшыларын құру, маскүнемдермен күрес, жатақханаларда тәртіп орнату, т.б. ), оларды кең әлеуметтік ауқымда жүзеге асыру қарастырылады, мысалы, халықтың көші-қонын реттеу, қоғамға көндіктіру процесін басқару, қаланың

инфрақұрылымын дамытуға белсенді қатысу, халықты қоғамдық тәртіпті қорғауға жұмылдыру, т.б.

6. Заңды жалпыға бірдей оқытуды және заңға тәрбиелеуді ұйымдастыру. Кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, оқитын жастардың және басқа да азаматтардың құқықтық оқу жүйесін құру.

Халық арасында заңды жан-жақты насихаттау, атап айтқанда, жасалған қылмыс үшін жазаланбағанды қалу мүмкін еместігіне көз жеткізу, адамды қастерлеуге, оның жеке басын сыйлауға баулу, заңды, қоғамдық тәртіпті бұзуға болмайтындығын санаға жеткізу. Бұл тұрғыдан алғанда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі зор.

7. Құқық бұзушылықтың алдын алудың әлеуметтік базасын нығайту. Әлеуметтік-экономикалық шаралар арқылы көпбалалы отбасыларын, зейнеткерлерді, халықтың нашар тұратын топтарын мемлекеттік қамқорлыққа алу. Ең аз табысты және күн көріс үшін қажетті азық-түлік мөлшерін ауық-ауық қайта қарау. Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін, ата-анасының қамқорынсыз қалған, жетім қалған балаларға, қарттарға арналған үйлерді көбейту.

8. Азаматтардың әлеуметтік-құқықтық белсенділігін арттыру. Құқық тәртібін сақтауға азаматтарды тартудың жаңа нысандарын табу. Жәбірленушілерді, куәлерді қорғауды заң бойынша реттеу. Зандылықты нығайту ісінде белсенділік танытқан адамдарға әлеуметтік қолдау жасау.

9. Бас бостандығынан айыру орындарынан босаған адамдардың әлеуметтік ақталуына көмектесу. Оларды жұмысқа орналастыру жүйесін құру. Сотталған адамдардың қажетті жұмысшы мамандығын игеру үшін жаза өтейтін колониялардың жұмысын жақсарту және жетілдіру. Әлеуметтік ақтау орталықтарының, бас бостандығынан айыру орындарынан босанып келген адамдарды қоғамға көндіктірудің басқа да нысандарының қызметін ұйымдастыруға көмектесу, оларға қолдау жасау<sup>40</sup>.

Жалпы алдын алу шеңберінде жеткіншек ұрпақтың онтайлы тәндік, рухани және өнегелік дамуы, қандай да бір психо-физикалық ерекшеліктері бар адамдарды (сараң, зағип және т.б.) тиімді әлеуметтендіру мәселесі шешіледі.

Қылмыскерліктің жалпы алдын алу қоғам өмірінің әлеуметтік те, экономикалық та, саяси да, рухани да саласын

сауықтыру жөніндегі шараларды қамтиды. Қылмыскерлікпен күрес қоғамның барлық саясатының: мемлекеттік те, әр түрлі мемлекеттік емес құрылымдар мен азаматтық қоғамның институттарының қызметінің де ажырамас бөлігі болуға тиіс.

Қоғам өмірінің әр түрлі салаларының өзара әрекеттестік факторларын ескеру керек. Егер экономикадағы немесе әлеуметтік өмірдегі қандай да бір теріс құбылысты тез жою мүмкін болса, оның саяси немесе рухани өмірдің белгілі бір факторларымен өзара әрекеттестігін қамтамасыз етіп, оны біршама бейтараптандыруға болады.

Жалпы алдын алу шараларын криминологтар емес, басқа мамандар (экономистер, социологтар, саясаттанушылар, әлеуметтік психологтар, басқару мамандары және т.б.) ойластырады.

Қылмыскерліктің жалпы алдын алудағы криминологтың ролі мыналарға тіреледі:

Біріншіден, қылмыскерліктің себептілігі және детермианциясы жайындағы белгілі бір кезеңнің ақпаратын береді, атап айтқанда, қандай өзара әрекеттестіктердің қандай мән-жайларда қылмыскерлік ретінде қабылданатынын және криминогендік деп бағалануы мүмкін екендігін көрсетеді.

Бұл ақпаратты одан кейін экономистер, социологтар және басқа мамандар өңдейді, ол қайта құру бағдарламаларын, елдің экономикалық, әлеуметтік және басқадай дамуының мақсатты бағдарламаларын жасау процесінде қоғамдық қатынастарды жетілдіру үшін бағдар болады. Криминолог ауа райын болжап, оның қандай болатынын білетін, бірақ азаматтарға плащ кию немесе қол шатыр алу керектігін айтып жатпайтын метеоролог сияқты, дейді проф. А.Д.Берензов. Криминолог, зерттеулерге сүйеніп, неден аулақ болу, неменеге жол бермеу керектігін ғана көрсетеді. Бұл да аз емес. Оңтайлы экономикалық және басқа шешімдерді іздестіру белгілі бір шектерде жүзеге асырылады.

Екіншіден, криминолог, қоғамды дамытудың және сауықтырудың әр түрлі бағдарламаларын жасауда консультант ретінде тартылады. Мысалы, қоғамдағы бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралардың жалпы алдын алушылықтағы нәтижелілігін немесе балаларға көмек көрсету бағдарламаларын алдын ала бағалау үшін, немесе қылмыскерлікпен күресті

жетілдіру жөніндегі арнайы ұсыныстар қаншалықты толық ескерілгендігін бағалау үшін тартылады.

Үшіншіден, криминолог, мүдделі ұйымдардың тапсыруы бойынша әлеуметтік-экономикалық және басқадай қайта құру бағдарламаларының жобаларына, заң жобаларына криминологиялық сараптама жүргізеді. Бұл ретте ол қылмыскерліктің себептік кешеніне, айта келе оның өзіне қандай да бір заңды, жекешелендіру бағдарламасын қабылдау қандай әсер келтіреді, немесе қылмыскерлікпен күрес жүйесіне, яғни қылмыскерлікке ішкі әскерлер бөлімшелерінің санын ұлғайту, кейбір құқық қорғау органдарын қайта ұйымдастыру қандай әсер етеді деген сұрақтарға жауап береді.

Өлім жазасымен қорқытқан күнде де қылмыстылықты жеңу мүмкін емес, деген С.В. Максимовпен келіспеуге болмайды. Жаза қанша қатаң болғанмен, қылмыстылықтың түбіріне балта шабуға қоғам қаншалықты ұмтылғанмен кәнігі қылмыскерлерден арылу мүмкін емес. Жазамен қорқыту да, жазалау да қылмыстылықты жоя алмайды дейді И.Э. Звечаровский. Жазадан көп талап етуге болмайды, неге есептелсе ол соны ғана береді, яғни ол адамды өнегелі етіп қайта жарата алмайды, тек қылмыстық әрекетті тежейтін құрал ғана болуы мүмкін -деп дұрыс айтады И.И. Карпец. Бұл пікірді М.А. Ибрагимов те құптайды<sup>41</sup>.

### 18 - кесте - Күш көрсетіп тонау, қорқытып алушылық және қарақшылық үшін жаза тағайындау практикасы

Сот тағайындаған жаза					
Қылмыс түрі	Төменгі шектен төмен (%)	Санкцияның төменгі шегіне жақын (%)	Орташа деңгейден төмен (%)	Санкцияның жоғарғы шегіне жақын (%)	Барлығы (%)
Күш көрсетіп тонау	6,5	59	7,5	37	100
Қарақшылық	3,5	51	15	30,5	100
Қорқытып алушылық	2	61	13,5	23,5	100
Бандитизм	-	14,5	17,1	67,4	100
Пайда табу мақсатымен адам өлтіру	-	8,4	21,3	71,3	100

Осыған қарамастан заң шығарушы ауырлататын және ерекше ауырлататын мән-жайларда жасалған пайдақорлық-зорлық қылмыстары үшін ұзақ мерзімге бас бостандығынан айыратын санкцияларды сақтауға, тіптен олардың санын көбейтуге бет алып отыр, бұл жағдай соттардың құқықтық санасына қатты әсер етуде.

Жаза тағайындау да қылмыстылықтың жалпы алдын алу шараларының бірі.

Тағайындалған жазалардың ширегінен артығы санкциялардың орта мөлшерінен жоғары болуы, ал бандитизм мен пайда көру үшін адам өлтіруде оның 60% асуы бұл қылмыстардың қоғамға қауіпті екендігін және олармен күресте қатаң жаза қолдану керектігін растайды<sup>42</sup>.

Құжаттардың криминологиялық сараптамасы деп маман-криминологтардың заңдардың, өзге де нормотивтік құқықтық актілердің жобаларын олардың қылмыскерлікке, оның детерминациясы, себептілігі процестеріне, сондай-ақ қылмыскерлікпен күрестің жайына ықпал ету мүмкіндігі тұрғысынан зерттеуін айтады.

*Маман-криминолог*, ол - арнайы криминологиялық білімі бар, «криминология» мамандығы бойынша аға ғылыми қызметкер, профессор атағы бар немесе криминологиялық зерттеулермен, криминологияны оқытумен айналысатын және маман-криминологтардың қатысуымен тиісті қызметке аттестатталған адам.

Криминологиялық сараптама жүргізу бір немесе бірнеше маман-криминологке немесе ғылыми-зерттеу мекемесінің не жоғары оқу орнының криминологиялық бөлімшесіне, егер ондай бар болса – криминологиялық қызмет бөлімшелерінің қызметкерлеріне, немесе криминологтардың заңды тіркелген кәсіби ұйымына жүктеледі. Өз қорытындысын тиісті сілтемемен негіздеу үшін маман-криминологтар, қажетті жағдайларда, басқа мамандардың консультацияларын алады және олардың тұжырымдарын пайдаланады.

Егер криминолог өзінің алдына қойылған мәселелерді кеңірек зерттеу және заң жобаларына және басқа нормативтік құқықтық актілерге жан-жақты баға беру керек деген қорытындыға келсе, ол тапсырыс беруші алдына зерттеу шеңберін кеңейту және басқа мамандар шақырып кешенді сараптама жүргізу туралы мәселе қояды.

Нақты сарапшыны таңдағанда оның криминологиялық мамандануы, біліктілігі, тиісті жобаға немесе қолданыстағы нормативтік заң актісіне жеке мүдделі еместігі, дұрыс және кәсіби зерттеулер жүргізуге қабілеттілігі ескеріледі.

Мұндай криминологиялық сараптамаға заңдардың, ҚР Президенті жарлықтарының, ҚР Үкіметі қаулыларының, ҚР Жоғары Сот Пленумы, нормативтік сипаттағы басқа да құжаттардың жобалары, сондай-ақ, егер өзгерту немесе бұзу жөнінде мәселе көтерілсе - заңды күшіне енген жоғарыда аталған нормативтік актілер жіберіледі.

Қылмыскерлікпен күреске және осы күрестің жүйесіне тікелей қатысы бар заңдардың және өзге құқықтық нормативтік актілердің жобаларын қарағанда және қабылдағанда криминологиялық сараптама міндетті түрде жүргізіледі.

*Криминологиялық сараптама мына шешімдер:* 1) әлеуметтік қайта ұйымдастыру және басқа бағдарламалардың даярлануы және қабылдануы үшін жауапты лауазымды адамның немесе органның, немесе заңнамалық бастама туралы шешім немесе басқа нормативтік құқықтық актінің жобасын енгізу бастамасы; 2) қайта ұйымдастыру жобасын, заң жобасын немесе өзге нормативтік құқықтық акт жобасын құраушы органның, лауазымды адамның, сондай-ақ оны қабылдауға заң уәкілеттік берген адамның шешімі бойынша тағайындалады.

*Сараптама тағайындау туралы шешімде жазбаша сипат болады,* онда сарапшы алдына қойылған мәселелер, криминологиялық сараптама объектісі, оны жүргізудің мерзімдері мен жағдайы, оны жүргізуге және сарапшыларға кететін қаражаттың мөлшері көрсетіледі.

Тиісті шешімді алған маман-криминолог немесе ұйым осы шешімді шығарған лауазымды адамға немесе органға шешімді сөзсіз орындауға қабылдағаны туралы, не жазбаша хабарламада көрсетіп, шешімді қосымша шарттар сақталғанда орындауға қабылдайтындығы туралы, не ондай шешімнің сылтаулары көрсетіліп өзінің сараптама жүргізуі мүмкін еместігі туралы, не басқа сараптама, оның ішінде кешенді сараптама жүргізу керектігі туралы хабарлауға міндетті.

Қосымша шартты криминологиялық сараптама жүргізу туралы шешім қабылдаған орган немесе лауазымды адам, қажетті болған жағдайда маман-криминологты қатыстырып, қарайды,



содан кейін ол маман, не қосымша шарттың қабылданып, сараптама жүргізу жөніндегі тапсырманың күшінде қалғандығын, не қосымша шарттан бас тартылып, криминологиялық сараптамаға қатысты басқа шешім қабылданғанын хабарлайды.

Тиісті құжаттарға криминологиялық сараптама жүргізу туралы тапсырма алу фактісі екі жақ қол қойған шартпен рәсімделеді. Бұл шарттан туындаған дауларды оған қол қойған тараптардың біреуінің талабы бойынша сот қарайды.

*Қылмыскерліктің арнайы алдын алу* дегеніміз – қылмыскерлік детерминациясы мен себептілігінің жекелеген элеуметтік топтарға қатысты процестерге, қылмыскерліктің жасалу ықтималдығы жоғары әрекет салалары мен объектілерге ықпал етудің жүйесі. Қылмыскерлер үшін айрықша тартымды, олар шоғырланатын, ұйымдасып әрекет ететін нысандарға баса көңіл аударылады.

Әдебиетте басқадай да анықтама бар: «қылмыскерліктің арнайы алдын алуды криминологиялық білімдер мен дағдыларды қылмыскерлік-құқықтық нормаларды сақтау мақсатында адамдардың іс-қимылдарын реттеу үшін пайдаланатын мақсатты процесс деп анықтауға болады». Мұндай көзқарас криминологияның қайта туындауының алғашқы кезеңдерінде орын алды, ал кейін қылмыскерліктің жалпы және арнайы алдын алу туралы түсінік қылмыскерліктің себептілігі мен детерминациясы процестерін әр түрлі деңгейлерде: неғұрлым жалпы деңгейде – макро-, микро ортада, элеуметтік-мемлекеттік ортада (жалпы алдын алу) және орта деңгейдегі ортада (арнайы алдын алу) жоюмен толығырақ сәйкестене бастады<sup>43</sup>.

Криминологиялық зерттеулерге сүйеніп қылмыскерліктің арнайы алдын алғанда жоғары криминогендік және жоғары виктимдік элеуметтік топтар, әрекет салалары және объектілер бөлініп алынады. Біріншілерге, мысалы, сәтсіз отбасыларынан шыққан кәмелетке толмағандар; тұрақты табыс көзі жоқ адамдар; халықтың кедейшіліктен де төмен тұрған топтары жатады. Жоғары виктимдіктерге – мол байлықтың иелері және құндылықтар сақталатын объектілер, әрекет саласынан – ақша және валюта айналымымен байланыстылар, объектілерден – көпші-қон тасқыны мол аймақтар және т.б. жатады.

Виктимология саласындағы мамандар «рөлдік» виктимдікті бөліп алады, олар: а) адамның кемшілігімен және ол орындайтын

рөлдің күрделілігімен байланысты; б) әрекеттің күрделілігінен, ол адам тап болған ситуациядан туындайтын рөлдер.

«Жеке бастың» виктимдігі дегеніміз қылмысқа құрбан болу ықтималдығын көтеретін жеке бастың сипаттамасы.

Мысалы, кәмелетке толмағандар қылмыскерлігінің, немесе алтын өндіру және өңдеу саласындағы қылмыскерліктің, немесе тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарындағы қылмыскерліктің алдын алу бағдарламасы жасалады. Қылмыскерліктің детерминациясы мен себептілігінің жалпы процестерімен қатар тек кәмелетке толмағандарға, алтын өндіру және өңдеуге, тамақ өнеркәсібінің кәсіпорындарына қатысты арнайы процестерді бөліп ала отырып тиісті қылмыскерлікті арнайы зерттеу оларға криминологиялық негіз бола алады. Ал, тиісті себептік кешендер мен детерминациялық өзара әрекеттестіктер бұл жағдайларда әр түрлі болып келеді. Қоғамды түгелдей жетілдірмей-ақ белгілі бір топтың немесе объектінің криминогендік және виктимдік потенциалын, шындығында, шектеулі мөлшерде төмендетуге болады. Мұның өзі де жаман нәтиже емес.

Осы жолдар авторының жүргізген зерттеулері бойынша жәбірленушілердің виктимдік мінез-құлқы туралы негізгі қорытындылары төмендегідей.

Айыпталушымен таныс емес жәбірленушілердің 42,2%-і қарақшылық шабуыл кезінде өлген.

Жәбірленушілердің 87%-і ер адамдар, 13%-і әйелдер болған. Қарақшылықта - 17, күш қоладынып тонауда-2, пайдақорлықпен кісі өлтіруде-10,4 пайызында жәбірленуші жұбайы не бірге тұрушысы болса, сотталушыға туыс болып келетін жәбірленушілер қарақшылықта - 18,1, қорқытып алушылықта - 27,7, күш қолануып тонауды - 3, пайдақорлықпен кісі өлтіруде- 9,5 пайызды құрайы. Ал таныстары мен көршілерінің жәбірленушіге қарсы қылмыс жасауы қарақшылықта - 22,6, қорқытып алушылықта - 32,9, күш қолданып тонауды - 45,5, пайдақорлықпен кісі өлтіруде - 12,2 пайызды құрайды, қалған жағдайлардың бәрінде таныс еместер оларға қатысты қылмыс жасаған.

Жәбірленушілердің жасына байланысты да көрініс те әр қилы: қорқытып алушылық пен қарақшылыққа ұшырайтындардың жасы көбіне 31-50 жас аралығында болса, күш қолданып тонауға

ұшырайтындардың жасы - 31-40 жаста, бандитизм мен пайдақорлықпен кісі өлтіру кездерінде барлық жас аралықтарына байланысты бірдей пропорцияда.

Шабуылға ұшырағандардың 7% мас күйінде болған.

Пайдақорлық зорлық қылмыстардан зардап шегушілердің виктимдік мінез-құлқы әр қилы болуы мүмкін. Жәбірленушінің бейтарап мінез-құлқы - бұл жәбірленушінің виктимологиялық қауіпті жағдайдың тууына қалай да болса әсер етпейтін, сондай-ақ қарсылық көрсетпеумен байланысты емес мінез-құлық түрі. Жәбірленушінің жағымды мінез-құлқы - бұл жәбірленушінің виктимологиялық қауіпті жағдайдың тууына себепкер бомайтын, жағдай туғызбайтын, сондай-ақ жағдайға қарай абай, мұқият болуы және қылмыскер(лер)ге қарсылық көрсететін мінез-құлқы. Жәбірленушінің жағымсыз мінез-құлқы - бұл жәбірленушінің виктимологиялық қауіпті жағдайдың тууына себепкер болатын әрекеті не әрекетсіздігі:

-адам мас күйінде адамсыз жерлерде ұйықтап қалып, тонау мен қарақшылықтың жәбірленушісіне айналатын жағдай;

-ол күйінде, әлбетте, қылмыскерлерге қарсылық көрсете алмайды; адам мас күйінде қылмыскердің басқа жерге шығу туралы ұсынысына келісіп, діттеген жердегі кінәлінің сыбайластарына ұрынатын жағдай;

-көп адамға қарсылық көрсете алмайды;

-адам өзіне жаңа таныстарды белсенді түрде іздеп, оларды өз үйіне шақырып, спирт ішімдіктерін ішіп, қылмыс жәбірленушісіне айналады;

-әрине, мас күйінде қарсылық көрсете алмайды;

-адам есік қағып тұрған адамның кім екендігін анықтамай немесе оның айтқан өтірігіне иланып, есік ашып, сол жерде шабуылға ұшырайтын жағдай;

-қылмыскерге сенгендігінен қаражат туралы ақпараттарды айтып немесе ақша тұрған жерлерді көрсететін жағдай;

-адам өзін бай етіп көрсетіп, бай адам есебінде әсер қалдырып, қылмыскерлердің назарын аударып алатын жағдай;

-адам қарақшыға не тонаушыға қарсылық көрсете алатын мүмкіндігі бола тұра қорқақтық танытып, қылмыскерлерге орай туғызатын жағдай<sup>44</sup>.

Қылмыскерліктің жекелеген түрлерінің ерекшеліктерін көрсететін криминологиялық жұмыстарда онымен күрестің ерекшеліктері де көрсетілген.

Қылмыскерліктің арнайы алдын алуда криминолог белсенді рөл атқарады: біріншіден, ол зерттеулердің мақсатты арнайы бағдарламаларын жасау үшін база болып табылатын нәтижелерін ұсынады, екіншіден, тиісті субъектілердің, объектілердің, қызмет саласының криминогендігін және виктимдігін төмендетудің нақты бағыттарын ұсынады; үшіншіден, осы бағыттарды іске асыру шараларының жүйесін жасауға қатысады. Олардың мақсатты арнайы бағдарламалар жобаларына криминологиялық сараптама жүргізуі жайында айтуға болар еді, егер мұндай бағдарламалар криминологтың қатысуынсыз жасалған болса. Ал, мұндай бағдарламалар әрқашанда криминологтың тікелей қатысуымен жасалады.

*Жеке дара алдын алу*, бұл – қылмыстық іс-қимылдың себептері мен жағдайларын жеке дара деңгейде, жекелеген адамдарға қатысты жою.

Жеке дара алдын алу: а) адамның ортасына, б) адамның, бәрінен бұрын оның жеке басының сипаттамасына, в) сол адамның ортамен өзара әрекеттестік процесіне ықпал етуді қамтиды.

*Адамның ортасын сауықтыру* – оның өмір салтын сауықтырудың, криминалдық контактілерді болдырмаудың, қылмыскерліктің құрбаны болу қаупінен сақтандырудың, ықтимал конфликттік ситуациялардың алдын алудың маңызды құралы.

Субъектінің жеке бастық және басқа сипаттамаларының оң өзгерісі оның әр түрлі жағдайларда ұдайы заңды іс-қимыл жасауына, келеңсіз контактілер мен іс-әрекеттер іздеуден бас тартуына көмектеседі. Адамның ортамен өзара әрекеттесу процесіне түзету енгізу дегеніміз оны оң әрекеттер, оң әлеуметтік байланыстар жүйесіне кіргізуді білдіреді (жұмысқа тұру, оң сипаттағы спорт командасына кіру, т.б.). Немесе, егер заң көтерсе, ондай адамның келеңсіз байланыстарына, түнгі уақытта үйден тыс жерлерде болуына жол бермеу жөнінде шара қабылдау және т.б.

Қылмыстық іс-қимылдың жеке дара алдын алу әдістеріне адамға қажетті әлеуметтік көмек көрсету, онымен тәрбие

жұмысын жүргізу, заң негізінде және шегінде ғана мәжбүрлеуді қолдану жатады.

Өзіне қатысты осындай алдын алу шаралары жүзеге асырылатын нақты адамды таңдағанда мына мән-жайлар ескеріледі:

1) *Адамдардың іс-қимылдарының сипаттамалары*: а) қылмыстарды жасауы. Алдын алу объектілері, әрқашанда: қылмыс жасағаны үшін жазасын өтеген адамдар, қылмыстық жауапкершіліктен ақталмайтын негіздер бойынша босатылған адамдар, өздеріне қатысты тәрбиелік ықпалдың мәжбүрлеу шаралары қолданылған кәмелетке толмағандар және т.б.; б) адамның қылмыстық іс-қимылымен заңды байланыстағы құқыққа қарсы басқа іс-әрекеттерді жасауы; в) адамның аса биморальдық іс-әрекеттер жасауы (ішімдікке салынуы, есірткі қолдануы, т.б.); г) адамның жасқа, басқа да әлеуметтік позицияларға, рөлдерге айқын сәйкес келмейтін және де қылмыстық іс-қимылдармен байланыста болуы заңды іс-қимылдары. Жеткіншектердің жезөкшелігі, олардың темекіге, ішімдікке құштарлығы, оқуды ерте тастап кетуі, мысалы, олар темекі, ішімдік, сәнді киім алу, достарын сыйлау үшін ересектерден жасырын ақша іздеуге мәжбүр болады, келешекте адал қызмет етіп өздерін толық қамтамасыз ету мүмкіндігінен айырылады. Шағын ғана жалақымен отырған қызметкерлердің қымбат шетелдік туристік сапарға шығуы, өте қымбат киім, машина алуы оған баса назар аударуға негіз болады. Егер бұл борыштың нәтижесі болса, онда мұндай қызметкерлерге заң шегінде ықпал ету – оның сыбайластық іс-қимылының алдын алудың маңызды кезеңі.

2) *Адамдардың әлеуметтік ортасының сипаттамасы*. а) қылмыс жасалатын; б) қылмыстық іс-қимылмен заңды байланыстағы өзге құқық бұзушылықтар жасалатын; в) аса биморальдық іс-әрекеттерге жол берілетін, заң негізінде жатқандарға қайшы келетін идеялар, көзқарастар, құндылықтар жүйесі уағыздалатын және өзін қылмыстық іс-қимылда көрсететін (теріс сипаттағы топтарда, заңсыз секталарда); г) әлеуметтік позициялардың, рөлдердің және құндылықтардың қатты қақтығыстары бар ортада тікелей жүрген немесе оның ықпалын сезіп жүрген немесе оған бағдар алған адамдар тиісінше бөлініп алынады. Мысалы, соңғы жағдайда мәжбүрлі мигранттардың мүлде басқа жағдайда тұрған, өзге әлеуметтік

позиция ұстанған және бейімделудің аса үлкен қиындықтарын басынан кешіруші бірқатар топтарын бөліп алуға болады. Мұндай адамдар қылмысқа оп-оңай құрбан да, қатысушы да болып кетеді.

Қылмыскерліктің алдын алуда мынадай кезеңдер бар: 1) ертерек алдын алу; 2) тікелей алдын алу; 3) қылмыскерліктің өзінше детерминациясының алдын алу. Тиісті шараларды қылмыстық іс-қимылдың уақытына қатысты қабылдау уақыты оларды бөлектеудің критерийі болады.\*

*Қылмыскерліктің ертерек алдын алу* – қылмыскерліктің детерминация, себептілік процестерін, олар келеңсіз әлеуметтік ауытқулар тудырғанға дейін жою, бейтараптандыру, ал ол ауытқулар қылмыстық іс-қимылдың алдында қалайда болады. Бұл – туындайтын проблемаларды, қайшылықтарды дер кезінде айқындау және тиімді шешу. Мысалы, фермер шаруашылығын дамыту ірі ұжымшар өндірісіне қарағанда басқа техниканы, өнімді өткізудің арнайы жүйесін, өз қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін талап етеді. Бұл проблемалардың шешілмеуі көптеген келеңсіз экономикалық және басқа құбылыстар тудыруы мүмкін. Кейде қылмыскерліктің ертерек алдын алу жалпы алдын алумен теңдестіріледі. Дегенмен, оларды бөліп қараған жөн.

*Қылмыскерліктің тікелей алдын алу* – қылмыскерліктің детерминация, себептілік процестерін келеңсіз әлеуметтік ауытқулардың қылмысқа ұласу кезеңінде жою, бейтараптандыру. Мысалы, бұл – көлеңкелі экономиканың «қоңыр» секторына ықпал ету, ал қара сектор, ол – экономикалық қылмысқа жатады. Тікелей тауар алмасу, экономикалық қызметті тіркеусіз жүзеге асыру салық төлеуден тікелей жалтару болып табылады, кейде ол адам өліміне алып келетін арнайы ережелерді бұзумен де байланысты.

*Қылмыскерліктің өзіндік детерминациясының алдын алу*, бұл – қылмыскерліктің өзі тудыратын, кәсіптенген және ұйымдасқан қылмыскерлер мақсатты реттеп отыратын оның детерминация және себептілік процестерін жою, бейтараптандыру, ол дегеніміз, бір жағынан, қылмыстық әлемнің тіршілік етуінің экономикалық, идеологиялық және ұйымдық негіздерін жою, қылмыстық жолмен тапқан мүліктерді дер кезінде тәркілеу, қылмыстық идеологияны, психологияны уағыздауға, жаңа адамдарды қылмыстық әрекетке тікелей тартуға

жол бермеу, екінші жағынан, жазасын өтеген адамдардың өздерінің өмір сүруі үшін заңды қаражат иемденуіне мүмкіндік беру, олардың оң талпынысын қолдау, оларға «қылмыскер» деген жаман ат тақпау және т.б. Мұның бәрі қылмыстардың рецидивіне, ұйымдасқан және кәсіби қылмыскерліктің шоғырлануына тойтарыс болады.

Қылмыскерліктің алдын алу субъектілері көп және неше түрлі. Қылмыскерліктің жалпы алдын алу, бұл - мемлекеттің және қоғамның азаматтық институттарының қызметі. Қылмыскерліктің арнайы алдын алуды мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар мен ұйымдар, заңды тұлғалар мен азаматтар жүзеге асырады. Олардың өкілеттіліктерін құқықтық актілер анықтайды.

Қылмыскерліктің мамандандырылған және мамандандырылмаған да субъектілері бар. Соңғылар қатарына қылмыскерліктің алдын алу функциялары өздері үшін бірден бір және негізгі болып табылмайтындар жатады. Бұл, мысалы: ҚР Президенті, Федералдық деңгейдегі және субъектілер деңгейіндегі заң шығарушы және атқарушы билік органдары, жергілікті өзін өзі басқару органдары, оның ішінде Экономика министрлігі, Білім министрлігі, Меммүлік комитеті, Қорғаныс министрлігі және басқалар.

Мемлекеттік салық қызметінің, Мемстандарттың, Мемсауда инспекциясының, Бағаларды бақылау жөніндегі Мемлекеттік инспекцияның, Валюта және Экспорттық бақылау жөніндегі федералдық қызметтің, санэпидқадағалаудың, орман және балық қорғаудың, аудиторлық ұйымдардың және басқа да мемлекеттік бақылау органдарының қылмыскерліктің арнайы және тікелей алдын алудағы рөлі зор.

Азаматтық қоғамның әр түрлі институттарының: саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдардың және т.б. рөлдері де айрықша.

Қылмыскерліктің алдан алудың мамандандырылған субъектілеріне мұндай алдын алулар олар үшін бірден бір немесе негізгі функция болып табылатын мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар, заңды тұлғалар мен азаматтар жатады. Бұлар –прокуратура, ішкі істер органдары, федералдық қауіпсіздік қызметі, кеден және салық полициясы органдары және т.б. Қылмыскерліктің алдын алуға сот та қатысады, ол қылмыстың

жасалуына мүмкіндік тудырған себептер мен жағдайларды анықтайды, қылмыстық-іс жүргізу заңына сүйеніп сол себептерді айқындайды.

А.И.Алексеев қылмыскерліктің алдын алудың мамандындрылған субъектілеріне мемлекеттік емес мына құрылымдарды жатқызады: тәртіп қызметінің қоғамдық пункттері, жолдастық соттар, ерікті халық дружиналары (халық отрядтары), кәсіпорындардың маскүнемдікпен күрес жөніндегі комиссиялары, еңбек ұжымдарын сақтандыру кеңестері, прокурорлардың, тергеушілердің қоғамдық көмекшілері, милицияның штаттан тыс қызметкерлері және басқалар. Айта кететін бір жағдай, «кейбір көрсетілген құрамалар (мысалы, сақтандыру кеңестері) өз жұмысын тоқтатты, кейбірлерінің қызметі (ЕХД) бұрынғыдай емес, аясы тарылды, көбісі жаңа мазмұн алды, басқаша ұйымдастырылуда».

Мамандандырылған мемлекеттік емес субъектілер қатарына, сонымен бірге, ведомстволық және жеке қауіпсіздік қызметі, жеке күзетпен және детективтік қызметпен айналысатын субъектілер жатқызылуы мүмкін.

#### **§4. Құқық қорғау қызметінің криминологиялық аспектілері**

Қылмыскерлікпен күрес саласындағы құқық қорғау қызметі дегеніміз, бұл – мемлекет арнайы өкілеттік берген субъектілердің қылмыс жасаған адамдарға, осындай шараларды қолданудың заңда белгіленген тәртібін сақтай отырып, заңда көзделген шараларды қабылдау жолымен жүзеге асыратын қызметі.

Бұл құқық қорғау қызметінің екі жағы бар: 1) *жазалаушы* - қылмысты айқындау, тойтару, ашу, қылмыс жасаған адамға қылмыстық шара қолданып оны жазалау немесе заң негізінде оны алмастыратын шара қолдану; 2) *құқықты қалпына келтіруші* - қылмыс нәтижесінде бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерді қалпына келтіру, зиянды өтеу жөніндегі қызмет.

Құқық қорғау қызметі қылмыскерлікке қатысты көптеген формаларда жүзеге асырылады, олар: жедел-ізвестіру, қылмыстық іс жүргізушілік, қылмыстық-атқарушылық қызмет. Құқықты қалпына келтіру қызметі азаматтық сот ісін жүргізу шегінде, кейде тәртіптік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу

шегінде де жүзеге асырылады. Сонымен қатар, қылмыскерлікпен күреске «арнайы қызметтер» деп аталатындар – контрбарлау, барлау қызметтері де қатысады. Олардың қызметі арнайы заңмен реттеледі.

Ең бастысы – құқық қорғау қызметінің осы формалары өзара үйлескен, өзгеріп тұратын криминалдық және криминогендік жағдайға сәйкес болуы тиіс. Бұл жерде де криминологиялық зерттеулердің маңызы зор.

Криминолог қылмыстық құқық, қылмыстық процесс, жедел-ізвестіру, контрбарлау және басқа қызметтер бойынша маманды алмастыра алмайды және алмастыруға тиіс емес. Бірақ ол, біріншіден, бұл мамандарды қылмыскерліктегі жаңа құбылыстар, оның себептілігі мен детерминациясы туралы, қылмыстық, қылмыстық-іс жүргізу және өзге заңнамалардың қылмыспен күрестегі тиімділігі туралы дер кезінде хабардар етуге міндетті.

Екіншіден, криминолог, зерттеу негізінде құқық қорғау қызметін қылмыскерлікпен күрестегі біріңғай жүйе ретінде құрудың және жетілдірудің негізге аларлық бастаулары туралы ұсыныс бере алады. Ол заңнаманың тиісті саясын жетілдіруге қатысады. Бұл, әсіресе, мүлде жаңа институттар, тәсілдер құрғанда, ал тиісті мамандар олардың қажет екенін де байымдап үлгері алмаған жағдайда маңызды болып табылады. Нормада, тиісті құқықтық шешімдерді, криминологтардың қатысуы және консультациясы болғанмен, тиісті мамандар қабылдауы көзделген.

Үшіншіден, криминолог тиісті заң жобаларына криминологиялық сараптама жүргізеді.

*Құқық қорғау органдары құқық қорғау қызметінің субъектісі болып табылады.* Дәстүр бойынша оған тек мемлекеттік органдар: прокуратура, ішкі істер, федералдық қауіпсіздік қызмет, кеден, салық полициясы органдары, соттар (бұл біршама даулы), бірқатар басқа органдар жатқызылған. Мысалы, әділет органдары, нотариат, адвокатура. Ал, іс жүзінде ведомстволық қауіпсіздік қызметінде жұмыс істейтін, жеке күзетпен және детективтік қызметпен айналысатын, жалпы адамдар саны 150 мыңдай мемлекеттік емес қуатты құқық қорғау қызметі пайда болды.

Қоғамдық құқық қорғау органдарының қатарына ерікті халық дружиналарын да жатқызуға болады, оларға мемлекет



қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі өзінің бірқатар өкілеттігі берілген.

«Құқық қорғау қызметі» мен «құқық қорғау органдарының қызметі» ұғымдарын шатастыруға болмайды, себебі соңғының мазмұны кең: құқықтық қорғау органдарына қылмыскерліктің алдын алудан, онымен күресті жалпы ұйымдастырудан туындайтын функциялар да жүктеледі.

### **§5. Қылмыскерлікпен күрестің міндеті және негізге аларлық бастауы**

Адамзат еш уақытта қылмыссыз және қылмыскерліксіз болған емес, ал жақын арада олардан арылады деп ойлау ағаттық болар.

Әңгіме - олардың ауқымында және қоғамға қарсы келуінде. Адамзат тарихы көрсетіп отырғандай, егер қылмыскерлікпен күрес нашар болса немесе мүлде болмаса, қылмыскерлік кең етек алып, қоғам түгелдей қылмыстанып кетеді екен.

Қылмыскерлікпен күрес бұл қоғамға қауіпті құбылысты тізгіндеуге, адамның жеке басының менмендік есебі мен басқа субъектілердің, қоғамның мүдделері арасындағы теңдестікті сақтап тұруға мүмкіндік береді; мұқтаждықтар мен мүдделерді қанағаттандырудың қоғам үшін неғұрлым қауіпті тәсілдеріне жол бермейді.

Қылмыскерлікпен күрестің ең маңызды негізге аларлық бастаулары деп мыналарды санауға болады:

1. Алдын алу қызметінің құқық қорғау қызметінен басымдылығы, ал алдын алу қызметінде – мұқтаждарға әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі шаралардың заңда көзделген шектеулерден басымдылығы.

2. Қылмыскерлікті айқындау, ашу және айыпты адамдарға қатысты заңда көзделген шараларды қолдану.

3. Азаматтардың құқықтары мен бостандығын шектейтін шараларды тек заңның бұзылғандық фактісі бойынша және заңда көзделген жағдайларда ғана қолдану. Қылмыстық іс-қимылға ниетті, оның болу ықтималдығын ғана негізге алып мұндай сипаттағы алдын ала ықпал ету әрекетіне жол берілмейді.

4. Күресті жалпы қоғам болып, жалпы халық болып жүзеге асыру. Мұнда мемлекеттің рөлі ерекше, себебі мәжбүрлеу

құралдары мен институттары мемлекеттің қолында. Қылмыскерлікпен күрестің бағытын да мемлекет анықтайды. Бірақ, мемлекеттің талпынысы азаматтық қоғамның барлық институттарының, заңды және жеке тұлғаларының талпынысымен өзара байланыста ғана ойдағыдай жеміс беруі мүмкін. Мұны әлемнің барлық криминологтары мойындаған, ол БҰҰ-ның бірқатар қарарларында бекімін тапқан.

5. Қылмыскерлікпен күресті заңдылық режимінде, тек мемлекеттің Конституциясы, оған қайшы келмейтін басқа заңдар мен заңға тәуелді актілер шегінде, халықаралық-құқықтық нормаларды сақтай отырып жүзеге асыру. ҚР Конституциясына сәйкес, ҚР Конституциясында заңдық күш бар, ол тікелей әрекет етеді және ҚР барлық аумағында қолданылады. ҚР қолданылатын заңдар мен басқа құқықтық актілер ҚР Конституциясына қайшы келуге тиіс емес... Халықаралық құқықтың жалпы мойындалған принциптері мен нормалары және ҚР халықаралық шарттары оның құқықтық жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Егер ҚР халықаралық шарттарында заңда көзделгеннен өзгеше ереже белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Адамдардың құқықтары мен бостандығын реттеу және қорғау; қауіпсіздік; сот құрылысы; прокуратура; қылмыстық, қылмыстық іс-жүргізушілік және қылмыстық-атқарушылық заңнама; рақымшылық және кешіру; федералдық мемлекеттік қызмет ҚР басқаруында болады. Ал, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығын қорғау, заңдылықты, құқық тәртібін, қоғамдық, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыскерлікпен күресте едәуір маңыздылығы бар бірқатар мәселелер Ресей Федерациясы мен оның субъектісінің басқаруында болады. Қылмыскерлікпен күреске қатысатын органдардың халықтың бақылауында болуы. ҚР Конституциясына сәйкес «биліктің бірден бір көзі оның көпұлтты халқы болып табылады», сол сияқты: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну негізінде жүзеге асырылады. Биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот органдары өзінше дербес». Өзекті мәселелердің бірі – халықтың сот органдарының, басқа да құқық қорғау органдарының қызметіне бақылау жасауының тиімді тетігін ойластыру.

6. Қылмыскерлікпен күресті кешенді жүзеге асыру: бір кезендерде қылмыскерліктің алдын алу шараларымен ғана, басқа кезендерде құқық қорғау, әсіресе жазадау шараларымен ғана әуестенуге жол бермеу.

7. Барлық жеке және заңды тұлғалардың заң алдында теңдігін қамтамасыз ету.

8. Қылмыстық қудалауды үнемдеу және бас бостандығынан айыру түріндегі жазаларды қолдану, және де - өлім жазасы сияқты айрықша жазаны, басқадай шешім қылмыстың жаңа құрбандарына және басқа елеулі зиянға алып келетін жағдайда ғана қолдану.

9. Жаңа ғылыми және ғылыми-техникалық жетістіктерді пайдалану, қылмыскерлердің алдында жүру.

10. Қылмыскерлікпен күрестегі халықаралық ынтымақтастық және екі жақты ынтымақтастық.

Тек Біріккен Ұлттар Ұйымы шегінде ғана мыналар жұмыс істейді: БҰҰ-ның әділет және қылмыскерлік саласындағы зерттеулер мәселесі бойынша аймақтық институты – UNICRI; Қылмыскерліктің алдын алу жөніндегі Хельсинки институты - HEUNI; БҰҰ-ның Азия және Қиыр Шығыс елдерінде қылмыскерліктің алдын алу және құқық бұзушылықпен күрес жөніндегі институты - UNAFEI; БҰҰ-ның Латын Америкасының елдерінде қылмыскерліктің алдын алу және балалар қылмысымен күрес жөніндегі институты - ILANUD; БҰҰ-ның қылмыскерліктің алдын алу және құқық бұзушылықпен күрес жөніндегі Африка аймақтық институты - UNAFRI. Қылмыскерлікпен күрес проблемалары және құқық бұзушыларға үндеу жөніндегі Халықаралық конгрестер, семинарлар, симпозиумдер жиі өткізіліп тұрады.

## **2-тарау. Қылмыскерліктің жекелеген түрлерінің криминологиялық сипаттамасы**

*§1. Қылмыскерліктің жекелеген түрін бөліп алудың және оларды зерделеудің маңызы.*

*§2. Қылмыскерліктің сылтаулама негізінде бөлініп алынған жекелеген түрлерінің ерекшеліктері.*

*§3. Қылмыскерліктің адамның жеке басын сипаттайтын демографиялық белгілер негізінде бөлініп алынған жекеленген түрлерінің ерекшеліктері.*

*§4. Объектілердің сипаттамалары және қылмыстық қастандықтың тәсілдері негізінде бөлінетін қылмыскерлік түрлерінің ерекшеліктері.*

*§5. Ұйымдасқан қылмыскерлік, оның рецидивтік және кәсіби қылмыскерлікпен өзара байланысы*

### **§1. Қылмыскерліктің жекелеген түрін бөліп алудың және оларды зерделеудің маңызы**

Криминологияда 70-жылдардың аяғынан бастап Ерекше бөлім бой көтере бастады. Бұл қылмыстық құқық жөніндегі мамандар үшін үйреншікті тәсілдерді өзінше қалпына келтіру еді, себебі қазақстандық криминологтар қылмыстық құқықтан «шыққан» болатын. Ал, Жалпы және Ерекше бөлімдер бөлектенді, мұнда өзінше мән бар еді. Ерекше бөлімде криминологияның барлық жалпытеориялық проблемалары қылмыскерліктің жекелеген түрлеріне байланыстырылып қаралады, әдетте, нақты қылмыскерлік белгілі бір мемлекетке және тарихи кезеңге «байланыстырылады». Бұл қылмыскерліктің арнайы алдын алу шараларын қабылдауға негіз болады.

Адам өлтіру, әйел зорлау, ұрлық көптеген криминологиялық параметрлер бойынша парақорлықтан, алаяқтықтан, абайсызда жасалған қылмыстардан және басқалардан өзгеше. Қылмыскерліктің жекелеген түрлерінің криминологиялық маңыздылыққа ие ерекшеліктерін ескермеу – онымен күресте мақсатты және нақты тәсілдерді қамтамасыз етпеу деген сөз.

Сонымен қатар, адам өлтірудің немесе алаяқтықтың өзі де біртекті болмайды. Тиісінше, мұндай әр түрлі қылмыстармен күрес шаралары да біртекті болуға тиіс емес.

Қылмыскерліктің жекелеген түрлері әр түрлі негіздер бойынша бөлектенеді.

Белгілер-көріністер деп аталатындардан шығатын қылмыстық іс-қимылдардың мына топтамалары кең таралған:

1. Қылмыстық-құқықтық сипаттамаларға негізделгендер: адам өлтіру (оның ішінде қасақана және абайламай), мүлікті жою және бүлдіру (оның ішінде қасақана және абайсызда) және т.б.

2. Қылмыс субъектісін сипаттайтын белгілерге негізделген. Олар: жыныс (ерлер немесе әйелдер қылмыскерлігі), жас (кәмелетке толмағандар, жастар, ересек адамдар қылмыскерлігі); әлеуметтік жағдай (кәсіпкерлердің, қызметкерлердің, оқушылардың және басқалардың қылмыскерлігі); өзіндік әлеуметтік позиция (рецидивистер қылмыскерлігі, бас бостандығынан айыруды өтеп жатқандар қылмыскерлігі – пенитенциарлық және т.б.) және басқалар.

3. Тіршілік қызметінің қылмыс жасалатын өрісінің (саяси, экономикалық, әскери және т.б.) немесе қызметтің неғұрлым нақты саласының ерекшелігін сипаттайтын белгілерге негізделген.

4. Қылмыстық іс-қимыл сылтауларын талдаудан шығатын: пайдакүнемдік, зорлық және т.б.

Қайта-қайта жаңа критерийлер таба отырып қылмыскерліктің түрлерін шексіз бөлшектеуге болады.

Ал, мынадай сұрақ туындайды: жаңа түрлерді бөліп алу не береді, қылмыскерлік заңдылығын айқындауға, онымен күреске көмектесе ме? Бұл жерде зерттеуші бөлініп алынған түрлерді салыстыруы, сондай-ақ олардың қылмыскерліктің жалпы құрылымындағы орнын түсінуі керек.

Басқа жағынан, олардың барлығы біртұтас өте күрделі құбылыстың көріністері екенін түсінбей, олардың өзара байланысы мен өзара әрекеттестігін анықтамай, негізінен детерминацияның бір жүйесінің, бір себептілік кешенінің барлық қоғам деңгейінде туындау фактісін елемейтін болсақ қылмыскерліктің әр түрлі көріністерін (адам өлтіру, паракорлық және т.б.) методологиялық және теориялық сауатты талдау мүмкін емес.

Қылмыскерліктің жекелеген түрлерін өзінше бөлек-бөлек қарағанда қылмыскерліктің күрделі, жүйелік-құрылымдық әлеуметтік құбылыс ретінде бүтіндігін, оның әрбір түрлерінің

диалектикалық өзара байланыстары мен өзара әрекеттестігін әрқашанда есте сақтау керек.

Дәл осы жүйелік-құрылымдық тәсіл «қылмыскерліктің көрініс сипаттамасын» реттеуге және оның өзіндік детерминологиясының нақты тетіктерін ашуға мүмкіндік береді.

Криминология бойынша оқулықтарда және монографияларда қылмыскерліктің түрлерінің криминологиялық сипаттамасы қаралады. Олардың кейбіреулері жиі кездеседі және олар жалпы қылмыскерлікке елеулі ықпал етеді. Ал, кейбіреулері, аса көп таралмаса да, не қоғамға аса қауіпті, не едәуір ерекшеліктерге ие.

Қылмыскерліктің жекелеген түрлерінің детерминациясы мен себептілігі, айта келгенде, мемлекет, қоғам деңгейінде олар үшін ортақ құбылыстармен және процестермен анықталатынын ескеру керек. Бұл процестер мен құбылыстар өздерінің әр түрлі әрекеттестігінде қылмыскерліктің санқилы түрлерін тудыруы мүмкін. Сонымен қатар, қылмыскерліктің бірнеше түрлері үшін ерекше факторлар, сондай-ақ белгілі бір нақты түр үшін ғана ерекше фактор болуы мүмкін.

Тиісінше, қылмыскерліктің санқилы түрлерімен күресті жалпы және ерекше шаралар кешеніне сүйеніп жүргізу, олардың оңтайлы жиынтығын табу қажет.

Криминология жөніндегі оқулықтарда қылмыскерліктің көптеген түрі жан-жақты қаралады. Бұл қысқаша курста қылмыскерліктің, бөлініп алынуы іс жүзінде өзін қажетті деп көрсеткен, айырмашылығы елеулі криминалдық көріністерге ықпалды мақсатты түрде ұйымдастыруға мүмкіндік беретін түрлерінің ғана ерекшеліктері көрсетіледі.

Қылмыскерліктің басқа түрлерімен дәстүрлі оқулықтар арқылы-ақ оңай танысуға болады.

## **§2. Қылмыскерліктің сылтаулама негізінде бөлініп алынған жекелеген түрлерінің ерекшеліктері**

Сылтаулама негізінде қылмыстарды және оларды жасаушы адамдарды топтастыру типологиялық топтамаға жақындайды. Қасақана және абайсыздағы қылмыстарды бөліп алу назар аударарлық.

Белгілер-себептерден шығатын қылмыстар: материалдық аса мұқтаждықтан, маскүнемдіктен шығатын қылмыстар топтамасы

да типологияға жақын. Қасақана қылмыста бәрінен бұрын пайдакүнемдік және зорлық қылмыстар бөлініп алынады.

Пайдакүнемдік қылмыскерлікте оның неғұрлым көп таралған мына түрлері, олардың туындылары бөлініп алынады:

а) адамның жалпы азғындауы – маскүнемдік, наркомания, токсикомания, арамтамақтық, бұлардың нәтижесінде адамда, бір жағынан, бұрмаланған мұқтаждық туындайды, екінші жағынан – оны қанағаттандырудағы қиындық болады, себебі ол біліктілігін жоғалтқан, онда заңды табыс көзі жоқ және т.б.;

б) мол байлыққа кенелуді аңсау, мұның нәтижесінде адам қылмыстың аса қауіпті түрлерін жасауы мүмкін: ұрлық жасайды, шаруашылықтық, лауазымдық қылмыстар, бандитизм және басқа іс-әрекеттер жасайды;

в) төзгілікті өмір деңгейін қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайдағы аса мұқтаждық;

г) контрагенттерге заңсыз сыйақы беру және сөйтіп, ақшаны, құндылықтарды берудің және алудың заңға негізделмеген тәртібін пайдалану, салықтар мен өзге төлемдерді төлемеу негізінде кейде мүлде заңды міндеттерді шешуді көздейтін «көлеңкелі» экономикалық және басқа қатынастар;

д) иесіздік, мүлікті есепке алудың, бақылаудың және күзетудің нашарлығы, құқық қорғау қызметіндегі олқылықтар, бұлардың нәтижесінде мүліктік қылмыс жасауға болатындық және жазасыз қалуға болатындық сенім ұялайды;

е) бюрократизм, ведомстволық, рушылдық, мұның нәтижесінде қайткен күнде де сырт көріністі әдемілеп, мемлекеттік мүліктің талан-таражға түскендігін, басқа қылмыстар болғандығын жасыруға тырысады;

ж) экономиканы басқарудағы қателіктер, нәтижесінде инфляция өседі, халықтың тұрмысы нашарлайды, жекешелендіру процесіне байланысты пайдакүнемдік қылмыстар саны көбейеді;

з) қоғамды басқарудың демократиялық принциптерінің бұзылуы, жариялылықтың, халықтың билікті органдарға бақылау жасауының батымды тетігінің болмауы, нәтижесінде мемлекеттік аппаратты өзінің жеке не кландық мүддесіне пайдакүнемдікпен пайдалану орын алады.

*Зорлықты қасақана қылмыскерлік, әдетте, өзара байланысты ықпалдан туындайды:*

а) халықтың маскүнемдікке салынуы, жыныстық бетімен кету, азғындаған адамдардың, ұйымдасқан қылмыстық құрамалардың ерекше топтарының туындауы, олардың арасында күш қолданған қақтығыстар жиі болып тұрады, ондай қақтығыстар басқа субъектілермен де болады, күш қолдануды – дауды шешудің құралы ретінде дәріптеп жеткіншек ұрпаққа теріс ықпал ету;

б) бұрмаланған көзқарастар, зиянды салттар, дәстүрлер, дағдылар, мысалы, күш қолданып дауды шешу (өш алу, т.б.), әйелдерге қатысты дөрекілік (әйелді ұрып-соғу және т.б.);

в) бюрократизм, жариялылықтың жоқтығы, мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының азаматтардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі қызметінде орын алған кемшіліктер, нәтижесінде өзара қатынасты анықтау күш жұмсауға дейін барады;

г) халықтың әлеуметтік енжарлығы, мемлекеттік және қоғамдық институттардың шиеленіскен отбасы-тұрмыс проблемаларын шешуде нашар көмек көрсетуі, нәтижесінде ол отбасы қақтығыстары күш көрсетуге дейін, тіптен адам өліміне дейін барады;

д) субъектінің өзін-өзі көрсетуге ұмтылысы және күш көрсетуді нақты жағдайлардағы ең тиімді құрал деп санауы;

е) әлеуметтік бақылаудағы, оның ішінде қоғамдық тәртіпті қорғаудағы кемшіліктер.

Адамның әр түрлі типтерімен әр түрлі жиынтықта және өзара байланыстылықта бұл мән-жайлар қылмыстық іс-қимылдың әр түрлі түрлерін, тіптен зорлық немесе пайдақорлық типтерін тудырады.

Қасақана және абайсызда жасалған қылмыстар талдамасы жеңілтектік нәтижесінде жасалған (бұрын менмендік) абайсыз іс-әрекет қасақана қылмыстарға ұқсас детерминация желісін береді екен.

Абайсызда қылмыс жасаушы қылмыскерлердің жеке басын екі типке бөлуге болады. Олар: мінез-құлқында менмендік басым болатындар және жеңілтектік басым болатындар.<sup>45</sup>

Қылмысты абайсызда жасау көбіне мыналармен байланысты:



а) іс-қимылдың арнаулы ережелерін зерделеуге және оларды қолданудың дағдыларын алуға жеңілтектікпен жауапсыз қараумен;

б) әлеуметтік позициялар мен рөлдердің қажетті сабақтастығының болмауымен, мамандарды, лауазымды адамдарды, қандай да бір қызметтің қатысушыларын нашар кәсіби даярлаумен;

в) ведомстволық, мансап, «даңқ» жолында арнайы ережелерді жақтауды құрбандық етіп басымдылықтар жүйесін бұрмалаумен;

г) ережелерді орындауды қиындататын жағдайларда қалумен (орта талаптарының қайшылығы, жұмыстан шаршағандық, т.б.).

Бұдан біз осы бөлініп алынған барлық жағдайларда қылмыскерлікпен күрес бағытының қаншалық әр түрлі екендігін көреміз.

### **§3. Қылмыскерліктің адамның жеке басын сипаттайтын демографиялық белгілер негізінде бөлініп алынған жекеленген түрлерінің ерекшеліктері**

Қылмыскердің сипаттамасы қылмыстық іс-қимылдың детерминациясы мен себептілігінде маңызды рөл атқарады. Атап айтқанда, олар әр түрлі әлеуметтік топ өкілдерінің қылмыскерліктерінің ерекшеліктерін анықтайды. Бұл ретте топтар әрқашанда жас және жыныс сияқты демографиялық белгілер негізінде бөлініп алынады.

Кәмелетке толмағандардың қылмыскерлігінде айрықша ерекшелік бар. Бұл қылмыскерліктің негізгі себептерінің әрекет ету саласы – адамның жеке басының қалыптасуы және оның өмір тіршілігінің аясы. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жолға тұруының типтік тетігі: баланы тәрбиелегісі келмейтін, тәрбиелей алмайтын отбасында болу; оқу орындарында жолы болмау, педагогтармен немесе бірге оқитындармен арадағы қақтығыс; қолы бос уақытында, демалу кездерінде азғындаған немесе қылмыскер адамдармен араласу.

Ортамен өзара әрекеттестікте кәмелетке толмағандардың белсенділігі және дербестігі шектелген: олар өздеріне ата-ана, тәрбиеші таңдап ала алмайды, көбісінде өмір сүру үшін қажетті қаражат жоқ. Ата-анасымен немесе тәрбиешімен арада қатты қақтығыс болып қалғанда бала бірден-бір көңілді жұбататын орта

деп өзінің бірге серуендейтіндерінің ортасына барады. Қылмыскерлікте жастық ерекшеліктер адамның жеке басының қалыптасуы және өмір тірлігі үшін жағымсыз ортада өзін-өзі айқын көрсетеді. Біріншіден, ол ержеткендіктен көрініс табады, өзі үшін елеулі болып табылатын топқа, адамдарға ол өзін «мен де сендердеймін» деп көрсетсе, басқа субъектілермен араласқанда «мен – тұлғамын» деп көрсетеді. Екіншіден, өтіп бара жатқан балалықпен және оның «қалдықтарымен» байланысты сылтаулар, «балалық анархизм» деп аталатын санаға ұялайды: табан асты жақсы заттар иемдену, машинада серуендеу, біреуге ақыңды жібермеу, т.б. Үшіншіден, жеткіншектер қылмыскерлігінде олардың ересектерге тәуелділігінен туындайтын сылтаулар бар, бұл ретте олар өз мүдделерін, құқықтарын заңды тәсілдермен қамтамасыз ете алмайды. Осыдан барып қарны тойып тамақ ішпеген бала дәмді тағамдар (конфеттер, т.б.) ұрлайды, үйден кетіп қалады, материалдық аса қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ұрлыққа барады, қаңғыбастыққа салынады.

Мәселе бұл жерде адамның жасы сияқты биологиялық факторда емес, мұндай балалардың әлеуметтік дамуында және олар басынан өткізіп жатқан жағдайларда. Өсе келе ересек адамдарға тән позициялар ұстанса, кәмелетке толмағандар қылмыскерлігінің ерекшелігі және оның детерминациясы біртіндеп өз айрықшылығын жоғалтады.

Кәмелетке толмағандар, көбіне, жалпы сипаттағы қылмыстарды жасайды. Ол түсінікті де, себебі олар экономикалық, саяси және өзге ерекше салалардағы қылмыстарға бара алмайды. Олардың криминалдық іс-қимылдарының сипаты көбіне көзге көрініп тұратындықтан, олардың қылмыскерлігінің латенттігі ересек адамдардікіне қарағанда төмен болады. Сондықтан да олардың тіркелген қылмыскерлігінің коэффициенттері жоғары.

Кәмелетке толмағандардың қылмыскерлігімен күресте оның алдын алуға, ал, оның ішінде – кәмелетке толмағандарға әлеуметтік көмек көрсетуге баса назар аударылады. Олардың өздері өз жағдайларын өзгерте алмайды (азғындаған отбасындағы балалар және т.б.), ал олардың жеке басының деформациясы әзірге ересек адамдардыкіндей едәуір болмайды.

*Әйелдер қылмыскерлігінің негізгі ерекшелігіне, әдебиетте аталып өткендей, әйелдің қоғамдағы әлеуметтік позициясы мен рөлдерінің ерекшеліктері, сондай-ақ оның іс-қимылының негізгі сылтауларының туындысы жатады.*

Әйелдер қылмыскерлігінің деңгейі мен үдемелік қарқыны (тіркелген қылмыстардың абсолюттік саны мен коэффициенттері) ерлердікіне қарағанда едәуір төмен. Бұл, негізінен, әйелдердің көптеген қылмыстарға тікелей емес, жанама қатысатындығының нәтижесінде болады. Бұл қылмыстар – ерлерде сирек кездесетін арандатушылық, қылмыстық жолмен табылғанды сату, пайдалану және т.б.

Әйелдерге қылмыскерліктің басқа құрылымы тән, атап айтқанда, оларда пайдакүнемдік қылмыстар басым, оның ішінде – иемдену, жаратып қою не қызмет бабын теріс пайдалану; алаяқтық, тұтынушыларды алдау.

Әйелдердің зорлық қылмыстарының бір түрі – жаңа туған сәбиді өлтіру. Адамды басқадай өлтірулер, әдетте отбасы-тұрмыстық жағдайларда, қызғаныштан, ашынасынан айырылып қалмау мақсатта жасалады. Оларда көбіне күйеулері, ашынасы, жақын туыстары, тіптен балалар құрбан болады.

Әйелдерге тән әлеуметтік позициялар мен рөлдерді жоғалта бастағанына, аса азғындағандықтан (маскүнемдік, нашақорлық) немесе қартайғандықтан ерлердің өмір салтына жақындай бастағанына қарай әйелдер ерлердікіне ұқсас зорлық және басқа әрекеттер жасайды, тіптен әйел зорлағанға қатысады.

В.А.Серебрякованың айтуына қарағанда айқындалған қылмыскер-еркектермен салыстырғанда қылмыскер-әйелдер арасында егде жастағы адамдар көп екен. Тиісінше, қылмыскерлік әрекет, көбіне, не кәсіптік міндеттерді орындаумен, не отбасындағы дау-дамаймен байланысты болады.

Отбасындағы материалдық тапшылықтың салмағы алдымен әйелге түседі, себебі ол, еркекке қарағанда, балаларға, қарияларға қамқорлық жасап, оларды киіндіріп-тамақтандыру міндетін өз мойнына алады. Сондықтан да кедейлік жағдай, әсіресе, әйелдердің қабырғасына батады.

Әйелдер қылмыскерлігінде олардың тіптен заңмен берілген аспектіде ерлермен тең еместігі фактісімен байланысты себептер бар. Бұл әйелдердің еңбек құқығына жасалған қастандық

фактісіне мән бермеу, жұмыс берушілердің сексуалдық байланысқа тартуы және т.б.

Әйелдер қылмыскерлігінің алдын алу жалпы және арнайы деңгейде жүзеге асырылады. Әйелдер өмірінің барлық салаларын жалпы жақсартуға, қоғамдағы моральдық климатты жетілдіруге бағытталған, әйелдердің нақты жағдайын өзгерту жөніндегі шаралар база ретінде алынады. Зандылықты нығайту, әйелдердің өндірістегі, отбасындағы құқықтарын қорғаудың ұтымды жүйесін қамтамасыз ету жөніндегі шараларға; өндірістегі, отбасындағы, тұрмыстағы жағдайларды сауықтыруға; білім, мамандық, әлеуметтік мәртебе алу үшін ерлермен бірдей бастапқы мүмкіндік жасауға баса көңіл аудару керек.

Жазасын өтеп жатқан немесе өтеп келген әйелдерге әлеуметтік көмек көрсету жағына арнайы назар керек, себебі олардың, еркектерге қарағанда, отбасы жиі ыдырайды, кейін қай жерге бас сұғарын білмейді.

Басқа әлеуметтік-демографиялық топтар арасынан криминологтар елеулі ерекшеліктері бар адамдар ретінде *мигранттарды* бөліп алады.

Мигранттар қылмыскерлігін және оның детерминациясын талдағанда, олардың қазіргі тұрып жатқан ортадан басқа ортада қалыптасқан адамдар екендігін ескеру керек. Тиісінше, олардың бір жағдайларда заңды қалыптасқан және сол жағдайлардың іс-қимыл стандарттарына сәйкес келген жеке бастық сипаттамалары кейде жаңа проблемаларды шешуде жарамсыз болып қалады. Мигранттардың қылмыскерлігінде олардың бұрынғы ортада, жаңа ортада қалыптасуының және өмір тірлігінің, жаңа жағдайға бейімделу процесінің ерекшеліктері байқалады.

Миграция адамдардың уақытша немесе тұрақты аумақтық орын ауыстыруымен байланысты. Оның мынадай түрлері бар: 1) тұрақты – адамдар жаңа қонысына тұрақты қоныстанады; 2) маусымдық – мысалы, ауыл шаруашылық жұмыстарымен байланысты және т.б. 3) ары-бері – адамдар күніге үйінен жұмыс орнына және керісінше жүріп тұрады; 4) эпизодтық – тұрағын қысқа уақытқа бір рет өзгертумен байланысты (іссапар, туристік сапар және т.б.).

Криминологиялық зерделеуде адамдардың бұл әр түрлі санаттарын айқындау және бәрінен бұрын бөлектеу керек: 1) осы елдің азаматы; 2) басқа мемлекеттің азаматы және қол

астындағы; 3) қос азаматтығы бар адамдар; 4) азаматтығы жоқ адамдар.

Сонымен қатар, мигранттарды топтастыру олардың орын ауыстыру себептеріне қарай да жүргізіледі. Бұл жерде босқындар, лажсыз қоныс аударғандар бөлек санатқа жатқызылады, олар тосыннан қоныс аударғандықтан және мал-мүлкінен толықтай немесе жарым-жартылай айырылып қалғандықтан өте қиын әлеуметтік-экономикалық жағдайда қалады. Әлеуметтік-демографиялық топтармен қатар, әрқашанда әлеуметтік-экономикалық, өзге критерийлер бойынша да топтар бөлініп алынады. Олардың ішінде: жұмысшылар, қызметкерлер, әр түрлі негіздермен ауыл шаруашылығымен айналысатын адамдар, кәсіпкерлер, тұрақты табыс көзі жоқ адамдар, оның ішінде белгіленген тәртіпте тіркелген жұмыссыздар, сондай-ақ тұрақты орны және жұмысы жоқ адамдар.

#### **§4. Объектілердің сипаттамалары және қылмыстық қастандықтың тәсілдері негізінде бөлінетін қылмыскерлік түрлерінің ерекшеліктері**

Бұл жерде қылмыскерліктің мемлекеттік, жалпықылмыстық, экономикалық, әскери сияқты түрлері жайында сөз болады. Соңғы кездері оларға сыбайлас жемқорлық және экологиялық қылмыстар да қосылды. Бұл жіктеулер біртұтас мінсіз критерийлерге негізделмеген, дегенмен ол қылмыскерліктің осы бөлініп алынған түрлерінің сипаттамалары мен детерминациясының ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Олар, мысалы, әр түрлі құқық қорғау органдарының немесе қандай да бір құқық қорғау органдары бөлімшелерінің (мысалы, ІІМ-де қылмыстық іздестіру немесе экономикалық қылмыстармен күрес бөлімшелерінің) құзыретін бөлгенде назарға алынады.

Қылмыскерліктің осы түрлерін бөліп алу, кейде, өмірдің әр түрлі саласындағы қылмыскерлік сияқты критерийлер негізінде бөліп алуды көрсетеді. Бірақ ол онша дұрыс емес, себебі мұндай жағдайда әңгіме әлеуметтік саладағы, экономикалық саладағы, өмірдің саяси және рухани салаларындағы қылмыскерлік жайында болар еді. Мұндай бөлектеуде ескеретін бір жағдай: экономикалық салада тек экономикалық қылмыстар ғана емес,

зорлық қылмыстары да жасалады, ол жайында әлі айтылады. Мысалы, зорлық - экономикалық дауларды шешкенде қолданылады. Немесе, жалпықылмыстық пайдакүнемдік іс-әрекеттер де жасалынады (алаяқтық және т.б.).

Қылмыскерліктің түрлерін параграфтың тақырыбында көрсетілген негіздер бойынша бөліп алу қатаң және ғылыми негізделген болып көрінбейді, дегенмен бұл дәстүрге кірген, сондықтан онымен санасу керек.

Бұл түрлерді іс жүзінде бөліп қарау кейде жалпы, кейде керісінше, егжей-тегжейлі болады. Соңғы кездері мына блоктарды бөліп алуға және талдауға баса назар аударыла бастады: а) жалпы сипаттағы қылмыскерлік – қылмыскер қылмысты барлық салада жасайды, бірақ олардағы ерекше мәртебені және ерекше әлеуметтік байланыстарды пайдаланбайды; б) экономикалық қылмыскерлік – оған қылмыскерлердің экономика, шаруашылық саласындағы экономикалық қатынастарды, байланыстарды, әлеуметтік позицияларды пайдалануы тән; в) сыбайлас жемқорлық қылмыскерлігі - өзінің мемлекеттік органдардағы, жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы немесе әр түрлі заңды тұлғалардағы қызметкер мәртебесін пайдаланушы субъектілердің сатқындығымен, оларды сатып алумен байланысты; г) мемлекеттік қылмыскерлік – оның субъектілері ұлттық (мемлекеттік) қауіпсіздікті және елде конституциялық тәртіпті қамтамасыз ету саласында қылмыс жасайды; д) әскери қылмыскерлік немесе әскери қызметшілердің қылмыскерлігі. Соңғы кездері экономикалық қылмыскерлік те бөлініп алына бастады.

*Жалпы сипаттағы қылмыскерлік*, әдетте, кәмететке толмағандар мен жастардың қылмыскерлігімен, адамның ертерек азғындауымен және қылмыстануымен, сондай-ақ маскүнемдікпен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен, әлеуметтік орнықсыздығымен тығыз байланысты. Онымен күрес бағыты осылармен анықталады.

*Экономикалық қылмыскерлік*, бұл - ойластырылған, жоспарланған пайдакүнемдік криминалдық әрекеттің көрініс табуы, мұны көпшілік жағдайда экономикалық, шаруашылық қызметінің субъектілері ұжымдық негізде және әр түрлі субъектілердің тиісті қызметіндегі жағдайларды, олардың

арасындағы байланыстарды пайдалана отырып іске асырады. Ол «көлеңкелі» экономикамен тығыз байланысты, оның «қара» секторын құрады, сондай-ақ ол сыбайлас жемқорлықпен де байланыста болады. Соңғыға қатысты алатын болсақ – көптеген экономикалық қылмыскерлер мемлекеттік және басқа органдардың қызметін өз мүддесі үшін өзгертуге, мемлекеттің экономикалық саясатын өз қалауынша белгілеуге тырысуда.

ҚР ҚК-нің «Экономика саласындағы қылмыстар» тарауында криминологиялық тұрғыдан алынған жалпықылмыстық та (ұрлық, тонау, алаяқтық және т.б.), әдеттегі «экономикалық» та (заңсыз кәсіпкерлік, тауар белгісін заңсыз пайдалану және т.б.), тіптен сыбайлас жемқорлық та (әр түрлі жарыстар, конкурстар ұйымдастырушыларды және оған қатысушыларды сатып алу) іс-әрекеттер қарастырылған. Экономикалық қылмыскерліктің ерекше түріне салық және кеден қылмыстары да жатады, олармен күресті тиісінше салық полициясы және кеден органдары жүргізеді. Кейде бұл түрлер егжей-тегжейлі зерттеу үшін де бөлініп алынады.

Экономикалық қылмыскерліктің себептілігін және детерминациясын талдағанда ол үшін ерекше болып келетін мына тұстарға назар аудару керек: а) материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етуге; б) есеп жүргізу мен бақылаудың жайына; в) нақты экономикалық, шаруашылық қатынастардың заңда белгіленетін сипатына; г) адамның жеке басы сипаттамасының сол экономикалық салада, шаруашылық байланыстарда ұстанатын әлеуметтік позициясына сәйкес екендігіне.

*Сыбайлас жемқорлық қылмыскерлігі* – бұл сыбайлас жемқорлық сияқты әлеуметтік құбылыстың бір бөлігі ғана. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік және өзге қызметкерлердің сатылу және сатып алынуымен және осы негізде өзінің жеке не тар топтық, корпоративтік мүддеде ресми қызметтік өкілеттігін, онымен байланысты беделі мен мүмкіндіктерін пайдакүнемдік мақсатта пайдалануымен сипатталады.

Сыбайлас жемқорлық тетігі дегеніміз, ол: а) екіжақты мәміле, мұнда мемлекеттік және өзге қызметтегі адам өзінің қызметтегі беделіне және онымен байланысты мүмкіндіктеріне негізделген қызметтік өкілеттіктері мен көмегін жеке және заңды тұлғаларға, топтарға (оның ішінде ұймдасқан қылмыстық құрамаларға)

жасырын «сатады», ал «сатып алушы» мемлекеттік немесе өзге құрылымдарды өз мақсаттарында: баю, артықшылықты заңды ресімдеу, заңда көзделген жауаптылықтан, әлеуметтік бақылаудан және т.б. құтылу үшін пайдалануға мүмкіндік алады; б) қызметкерлердің пара, қосымша сыйақы талап етуі; в) күшті психологиялық ықпал жасай отырып қызметкерлерді ынта білдіріп, белсене сатып алу. Соңғы ұйымдасқан қылмыскерлікке тән.

Сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстар мыналарды қамтиды: а) материалдық және өзге игіліктерді және артықшылықтарды беру, алу түрінде жасалынатын құқық бұзушылықтар; б) сыбайлас жемқорлық үшін жағдай тудыратын және оны қамтамасыз ететін құқық бұзушылық (қызметтік өкілеттікті қызмет мүддесіне қарсы пайдалану, билікті асыру және т.б.). Мұндай құқық бұзушылықтарда әр түрлі сипат бар, олар – қылмыстық-құқықтық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік болуы мүмкін.

Міне, сондықтан да кейде «сыбайлас жемқорлықпен және қылмыскерлікпен күрес» деген сөз тіркесі қолданылады. Бұл сыбайлас жемқорлықтың барлығы бірдей қылмыс еместігін, қылмыстық жазаланбайтындығын көрсетеді. Дегенмен бұл онша дұрыс емес. Одан да бұл құбылыстардың арақатынасын бірін-бірі жарым-жартылай жабатын дөңгелектер сияқты түсінген жөн.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының қатары лауазымдық қылмыскерлікпен сәйкес келмейді, мысалы салақтық ол қатарға кірмейді. Қызмет бойынша қылмыскерлікке де ол толықтай сәйкес келмейді. Мұның қатарына мемлекеттік билікке, мемлекеттік және өзге қызметке қарсы көптеген қылмыстарды жатқызуға болады, сондай-ақ, лауазымдық өкілеттікті теріс пайдалану, лауазымдық өкілеттікті асыру, кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу, қызметтік жалғандық, кінәсізді әдейі қылмыстық жауапқа тарту, қылмыстық жауаптылықтан заңсыз босату, коммерциялық және басқа ұйымдардағы қызмет мүддесіне қарсы қылмыстар және бірқатар басқа қылмыстар сыбайлас жемқорлықпен байланыста бола алады. Бұл іс-әрекеттер қатары қылмыстық істерді, парақорлық туралы материалдарды, коммерциялық жалғандықты, коммерциялық қызметке заңсыз қатысуды зерделегенде анықталады, ал соңғының талдамасы статистикалық мәліметтерден басталады. Сыбайлас



жемқорлықтың себептілігі мен детерминациясын талдағанда мәселенің үш жағы ескеріледі: 1) қызметтік ортаның сипаттамалары; 2) қызметкерлердің сипаттамалары; 3) олардың өзара әрекеттестігінің жағдайлары мен процестері, қызмет саласындағы әлеуметтік бақылаудың жайы.

*Мемлекеттік қылмыскерлікке* «мемлекеттік және қоғамдық құрылысына қастандық жасаушы қылмыстардың жиынтығы» деп анықтама берілген. Бұл, бәрінен бұрын, мемлекеттің конституциялық негіздері мен қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар, бірақ мұның қатарына «саяси терроризм» деп аталатын фактілер мен жаппай тәртіпсіздіктің кейбір түрлері жатқызылуы мүмкін. Әрине бұлар лажсыздан аштық жариялау емес, негізінде мақсатты сепаратизм, мемлекетті бөлшектеу және т.б. жатқан қылмыстар.

Қылмыскерліктің бұл түрінің сылтауламасын және оны қалыптастырған құбылыстарды талдағанда тек саяси, идеологиялық ұғымдар ғана емес, пайдакүнемдік те, жауапкершіліктен құтылумен байланысты басқа да қылмыстар да, мемлекеттің нақты өкілдеріне, қызметкерлеріне өкпе де байқалады. Сонымен қатар, қылмыскерліктің тек осы түрінде «сыртқы» деп аталатын ерекше фактор, атап айтқанда шетелдік барлау қызметінің мақсатты әрекеттері көрініс табады. Қылмыскерліктің осы түрлерімен күрес, бұл: а) сыртқы дұшпанмен; б) өз азаматтарының және сол мемлекеттің аумағында тұрып жатқан басқа адамдардың тиісті қылмыстық іс-қимылымен күрес. Бұл екі жағдайдағы әрекеттердің өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, әшкереленген «өз» қылмыскерлерінің бәрі осында қалады, сондықтан адамның құқықтары мен заңды мүдделерін сақтай отырып, заң шегінде оған қатысты қолданылатын тәрбиелеу шараларының маңызы зор. Мемлекеттік қылмыскерліктің себептік кешенінде: адамға сырттан ақпараттық-идеологиялық ықпал ету; адамның қалыптасқан өз өміріне қанағаттанбауы; мемлекеттің ресми жүргізіп отырған саясатына толықтай немесе оның кейбір тұстарына келіспеу; басқару органдарына өкпе, кейбір кемшіліктерді басқаша түсіну және қате талқылау; басқа да факторлар орын алады.

*Әскери қылмыскерлік*, С.М.Иншаковтың анықтамасы бойынша, әскери қызметшілер жасаған қылмыстардың жүйесін

қамтиды, олар: 1) жалпы қылмыстар, яғни оған қатысты қылмыстық заңда арнайы субъект - әскери қызметшілер көзделмеген; 2) тек әскери – бұл қылмыста арнайы субъект - әскери қызметшілер және объект - әскери құқық тәртібі болады. «Тек әскери қылмыстарға бағыныштылық тәртібіне қарсы, әскери қызмет атқару тәртібіне қарсы, әскери техниканы пайдалану, әскери кезекшілікті, күзет, шекара және басқа арнайы қызметтер тәртібіне қарсы қылмыстар, сондай-ақ әскери лауазымдық қылмыстар жатады».

Әскери қылмыскерлік құрылымында әскерлердің түрлеріне қарай блоктар бөлініп алынады: Қорғаныс министрлігінің әскерлеріндегі, ИМ-нің ішкі әскерлеріндегі, шекара және басқа әскерлердегі қылмыстар. Қорғаныс министрлігінде әскери қылмыскерлікті қарулы күштердің (құрғақтағы әскерлер, флот) және әскерлердің түрлері бойынша талдайды.

Бұл қылмыскерліктің детерминациясы мен себептілігін талдағанда қызмет өтеу жағдайына, оның ішінде тұрмыстық жағдайға, әскери ұжымның сипатына, басшылыққа назар аударлады. Айыптының әскерде болу ұзақтығының да маңыздылығы бар, себебі көбіне мұның артында қылмыскерліктің жалпы себептері мен жағдайлары тұрады.

*Экологиялық қылмыскерлікті* талдағанда оны қоршаған табиғи орта мен адам денсаулығына, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға зиян келтіретін қылмыстар жиынтығы деп санап, оның ҚК-де экологияға бағдар алған отыздай бапты қамтитынын еске алған жөн (балық аулаумен және судан өндіретін кәсіппен заңсыз айналысу; су тышқандарын заңсыз аулау; балық қорларын сақтау ережелерін бұза отырып сумен сал жіберу және қопарыс жұмыстарын жүргізу; заңсыз аң аулау; жерді өз бетімен басып алу; су қоймалары мен ауаны ластау; адамдар денсаулығы үшін және теңіздегі тірі ресурстар үшін зиянды заттармен теңізді ластау және т.б.).

Қылмыскерліктің бұл түрі экономикалық және ұйымдасқан қылмыскерлікпен тығыз өзара байланысты. Тиісінше олардың детерминация және себептілік желілері ортақ болады. Материалдық мұқтаждық сылтауымен жасалған экономикалық қылмыстар да болады. Экономикалық қылмыскерліктің алдын алудың барлық жағдайында қоршаған табиғи орта мен адам денсаулығын қорғаудың арнайы шаралары, сондай-ақ

мамандандырылған бақылау жүйелері қажет. Олардың күйін криминологиялық талдауда айқындау керек.

### **§5. Ұйымдасқан қылмыскерлік, оның рецидивтік және кәсіби қылмыскерлікпен өзара байланысы**

Ұйымдасқан қылмыс жаһанға түгел таралған, барлық құқық қорғау органдары өз құзыреті шегінде онымен күресуде. Төртінші тарауда оған анықтама берілген.

Қылмыскерліктің бұл түрінің өзін-өзі детерминациялауы маңызды рөл атқарады. Ұйымдасқан қылмыс рецидивтік (қылмысы әшкереленіп, тиісті жаза қолданылғаннан кейін адамның қылмысты қайта жасауы), сондай-ақ кәсіби қылмыскерлікпен тығыз байланысты, ал оларға мына сипаттар тән: а) кәсіп түріндегі қылмыстық әрекет; б) адамдардың негізінен біртекті қылмыстар жасауы; в) тиісті субъектілерде қылмысты әрекетте пайдаланылатын арнайы криминалдық дағдының болуы.

Топтасқан қылмыстың қауіптілігі, сонымен қатар, оның рецидивпен берік байланыстылығында<sup>46</sup>. Көп жағдайларда мұндай топтарды ұйымдастырушылар немесе олардың жетекшілері бұрын сотталған адамдар. Ал жалпы қатысқандардың 44%-і бұрын сотталғандар (кейбіреуі неше қайтара). Олардың көпшілігінде тұрақты мекен-жай болмаған, пайдалы еңбекпен айналыспаған. Олар жасы толмағандарды қылмысқа тарта бастаған.

Бұл айтылғандар топтасып қылмыс жасауға қатысатын субъектілердің тұлғасы қоғамға қауіпті болып келеді, сондықтан да оларға қатысты ауырлау жаза қолдану керек деп тұжырым жасатады.

Сонымен қатар, талдау нәтижесіне қарағанда, сот-тергеу органдары пайдақорлық-зорлық қылмысқа қатысқан адамдарды түгел анықтауда, олардың әрқайсысының рөлі мен кінәсін анықтауда заңда қарастырылған шараларды әрқашан толық қолдана бермейді<sup>47</sup>.

Көптеген кәсіби қылмыскерлер жауапкершіліктен өте шебер жалтарып кетеді, сондықтан олар рецидивистер болып саналмайды. Сонымен қатар көптеген рецидивистер кәсіби

қылмыскерлер болып табылады. Соңғылар өздерінің ортақ мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында әрқашанда ұйымдасқан бірлестікке ұмтылды. Олар бірлесіп ықпал ететін өрісті бөлісу, криминалдық ортаның дәстүрін сақтау, әшкереленіп жазасын өтеп жатқандарға қолдау көрсету үшін ортақ қор құру, дау-дамайларды реттеу және т.б. мәселелерді шешеді.

Ұйымдасқан қылмыскерлік кәсіби қылмыскерліксіз мүмкін емес деп айтуға болады. Барлық кәсіби қылмыскерлер іс жүзінде ұйымдасқан құрамаларға қатысады деуге болады. Ұйымдасқан топтарға және қылмыстық ұйымдарға қатыспай, өз бетінше дара қылмыс жасаған күнде де ол қылмыстық қауымдастықтармен арақатынаста болады. Сонымен қатар ұйымдасқан қылмыскерлік кәсіби қылмыскерлермен, сондай-ақ криминалдық тұрғыдан кәсіптенген де емес, рецидивист те емес көптеген адамдармен қарым-қатынас жасап тұрады.

Бұл қылмыстық құрамаларға қатысушылардың әр санатын өзінше бөлектеп қарауды талап етеді.

Мына жағдайларды ескеру керек: а) ұйымдасқан қылмыстық құрамалардың лидерлері әрқашанда құқық қорғау органдарының алдына шығып кетуге тырысады; б) қылмыстық әрекет үшін қолайлы жағдайды әдейі жасайды және кеңітеді; в) алғашында қылмыскерлікпен күресті жалпы ұйымдастыру деңгейінде әрекет ете отырып қылмыскерлікпен күреске кедергі келтіреді, ұтымды заңдарды және күресудің батымды бағдарламаларын қабылдауға тосқауыл жасайды.

Ұйымдасқан қылмыскерліктің бар екендігі және оның етек алғандығы жайында тұжырымды криминологтар жан-жақты зерттеулер негізінде 80-жылдардың басында жасады. 70-жылдардың аяғында қылмыс жасаған, не, қалайда онымен байланысты, оған тәуелділікке түскен адамдар көлеңкелі экономиканы түгелдей өз бақылауына алды. Ал айқындалған қылмыскерлерде отандық ақшалар емес, көбіне валюталар, алтын, платина, асыл тастар табылатын. Олар тиімсіз жұмыс істейтін социалистік шаруашылық тетігін «майлау» керек екендігі және заңсыз экономикалық қызметті іс жүзінде заңдастыру қажет екендігі туралы пікір тарата бастады. Аса ірі мөлшердегі ұрлықтары, қиянаты үшін сотталғандар жарамсыз ресми экономиканың «құрбандары», қайта құрудың көш бастарлары, нағыз талантты әрі ынталы шаруашылық басшысы –

экспериментаторлар, «алтын бастылар», оларсыз ел экономикасы құлдырап кететін адамдар деп жарияланды.

1988-1995 жылдарындағы қорқытып алушылық туралы істер бойынша сот практикасын жинақтап қорыту Қазақстан Республикасында қорқытып алушылық үшін барлық сотталғандардың 40-41%-і қылмысты топтасып жасағанын көрсетті. Бұл қылмысты ең көп топтасып жасаушылар: 1999 жылы Алматы қаласында - 44%, 1999 жылы Қарағанды облысында - 43, 2000 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында - 46,5, 2000 жылы Қызылорда облысында - 51,5, 2002 жылы Алматы облысында - 52,5% болды<sup>48</sup>.

Қайта құрудың аяқ кезінде қылмыстық капиталдың иелері оны біршама заңдастырып молайтты, қоғамда беделі артып, елдегі экономикалық және саяси өзгерістерге ықпал ете бастады. Нарыққа өту кезеңінде экономикалық қылмыскерлікпен күреске мораторий енгізу жөнінде 1990-жылы ұсыныс енгізілді, ол біртіндеп іске аса бастады. 1994-жылы ақпанда 1993-жылғы қазан оқиғаларына қатысушылар үшін жасалған саяси рақымшылықтың қарымтасы ретінде КСРО-да 1991-жылдың желтоқсанына дейін экономикалық қылмыс жасағандарға рақымшылық ету жөнінде ұсыныс жасалды, ол іске асырылды. Экономикалық қылмыскерлікте түгелдей ұйымдасқандық сипат болды, ол қайта құрудың бастапқы кезінде жалпы сипаттағы қылмыстармен араласып кетті. 1991-жылдың басынан бастап Қылмыстық кодексте шаруашылық қылмыстарының қатары сиреді, ал қылмыс қатарынан шығарылған іс-әрекеттер бәрібір қоғамға қауіптілік төндіріп тұрды.

Криминологиялық зерттеулер көрсеткендей экономикалық қылмыстық әрекеттердің негізгі ұйымдастырушылары және қылмыстық капиталдың иелері лауазымды адамдар емес, сол ұрлыққа ынта білдіргендер және оның идеологтары болған. Олар, әдетте, ресми құрылымда онша биік дәрежеде емес, не тіптен «бөтен» адамдар болған. Лауазымды адамдарды сатып алуға 80-жылдардың басында ұрлық дүниенің үштен біріндейі ғана жұмсалған. Ал, 80-жылдары құқық қорғау органдары негізгі соққыны ұйымдасқан экономикалық қылмыскерліктің нағыз ұйымдастырушыларына, лауазымды адамдарды сатып алушыларға емес, ұйымдасқан жемқорлықтағы лауазымды адамдарға бағыттаған.

Экономикалық қылмыскерлер мен олардың капиталдары, бұл Қазақстандағы әлеуметтік ситуацияны криминалдық тип бойынша дамытудың, ұйымдасқан қылмыскерліктің етек алуы және оған өркениетті, ұтымды қарсы тұруға заң негізінде қарсы әрекет жасаудың бірінші көзі. Екінші көзі – мемлекет және партия номенклатурасының сыбайлас жемқорлыққа бой алдырған өкілдері. Үшінші көзі – кәсіби жалпы сипаттағы қылмыскерлік. Олардың табыстары экономикадағы әлеуметтік бақылау жүйесі әлсіреген сайын және елде аса бақуатты адамдар саны көбейген сайын өсті. Мысалы, көлеңкелі экономиканың өкілдеріне, экономикалық және лауазымдық қылмыскерлерге қатысты алаяқтық, қорқытып талап ету бұрыннан да бар болатын, ал олар құқық қорғау органдарына мұндай актілер жайында айтпағанды жөн көретін. Екінші жағынан, экономикалық қылмыскерлер өздерінің ұрлық іздерін жасыру үшін өрт болды немесе ұрлық жасалды деген пікір қалдыру, куәлердің зәресін алу, жалған құжаттар жасау және т.б. мақсатында қылмыстық ортаның көмегіне жүгінді. Бас бостандығынан айыру орындарында, әсіресе 70-80-жылдары экономикалық және лауазымдық қылмыскерлікпен күрес жанданғаннан кейін жалпы сипаттағы және экономикалық, лауазымдық қылмыстар арасындағы одақ нығайды. Ол елде жаңа криминалдық ситуацияның және ұйымдасқан қылмыскерліктің жаңа сипаттамаларының пайда болуына ықпал жасады.

Халық қайта құруды да, реформаны да құптады. Қоғамдағы дағдарысты жағдай ешкімге құпия емес еді, сондықтан елдің мұндай позициясын түсінуге болады. Бірақ, көлеңкелі және қылмыстық экономикалық әрекет жөніндегі «идеалистік-романтикалық» ұғым, сондай-ақ криминалдық мүддені тікелей қорғаштау Қазақстандағы нақты өзгеріс процестерінің жемісі еді.

Нарыққа көшу бағдарламасының авторлары 1990-жылы былай деп жазды: «Көлеңкелі экономиканың ауқымы осы Бағдарлама контекстінде ерекше маңызды болып табылады, себебі нарыққа көшу логикасы көлеңкелі капиталдың халық игілігі үшін пайдаланылуын көздейді. Бұл реформаны ресурстық қамтамасыз етудің маңызды факторларының бірі».

Бірақ капиталдарды, негізінен, көлеңкелі экономиканың криминалдық секторында тек өз басының мүдделеріне жаратуды

көздеген және одан да көп ақша жасауды армандаған, өздеріне тән іс-қимыл стереотипі, құндылық бағдары бар адамдар табады.

Олар өз капиталын өндіріске салмайды, мүмкін болса шетелге аударады, немесе үлкен табыс әкелетін және жақсы сақталатын салаларға орналастырады.

Мамандар дұрыс болжам жасады: біріншіден, меншікті иелену және қайта бөлу үшін криминалдық шайқас өршіді, екіншіден, капитал тек жеке мақсатта ғана пайдаланылды. Солай болды да: капиталдар бұрынғы мемлекеттік және қоғамдық мүліктерді, басқа да байыған азаматтардың, шетелге кеткен азаматтардың мүліктерін иемденіп қалу үшін пайдаланылды. Ал, меншік қайда болса, билік сонда. Билік ешқашанда меншіктен бөлек болмайды.

Жағдай бұдан да бетер нашарлауы мүмкін, себебі криминалдық капитал молаюда және ол өзіне бақылау жасауға және оларды заңды иелеріне қайтаруға жан ұшырап қарсылық көрсетуде. Қылмыстық табысты заңдастырумен күресті көптеген ел жүргізіп келеді, ал Қазақстандағы сыбыйлас жемқорлықпен, қылмыстық табыстарды жуып-шаюмен күресті күшейту жөнінде әңгіме ғана бар.

Мұның барлығы: біріншіден, қылмыскерлікпен күрестің жалпы ұйымдастырылуын жетілдірудің (мысалы, тек заң жобаларын ғана емес, әлеуметтік-экономикалық қайта құру жобаларын да криминологиялық сараптау), екіншіден, ұйымдасқан қылмыскерлікпен күресте жалпы алдын алудың, себебі онда қоғамды мүлде бүлдіретіндей қабілет бар, үшіншіден, күшті арнайы алдын алу бағдарламаларын енгізудің, төртінші, жоғары білікті, арынды құқық қорғау қызметін қамтамасыз етудің қажеттігін көрсетеді. Әрине, заң шегінде.

Қоғамды, мемлекетті түбірімен жалпы сауықтырмайынша арнайы заңдар қабылдау істің жайын өзгерте алмайды. Дегенмен, ондай заңдарды қабылдау да қажет. Заңдарда бастапқы ұғымдар анықталады және ұйымдасқан қылмыскерлікпен өзара байланыста болып келе жатқан аса қауіпті құбылыстарға кешенді шабуыл жасаудың құқықтық негізі қаланады. Сондықтан да салалық заңнама ұйымдасқан қылмыспен, сыбайлас жемқорлықпен, терроризммен, қылмыстық табысты заңдастырумен (жуып-шаюмен) күрес туралы кешенді заңдармен толықтырылуы керек.

Ұйымдасқан қылмыскерлікпен күрестің *жүйесін* құру қажет. Күрес субъектісі, сөзсіз, барлық қоғам: мемлекет, азаматтық қоғамның мемлекеттік емес институттары, заңды және жеке тұлғалар болуы тиіс. Бұл ретте, заңға сүйене отырып, құқық қорғау органдарының ұйымдық-кадр мәселесі шешілген, мамандандырылған бөлімшелерін құру керек. Ұйымдасқан топтармен күресті прокуратураның, ішкі істер, қауыпсіздік, кеден, салық полициясы органдарының, басқа құқық қорғау органдарының барлық оперативтік бөлімшелері; қылмыстық ұйымдармен және қылмыстық бірлестіктермен - мұндай органдардың мамандандырылған бөлімшелері жүргізуге тиіс. Бұл, біріншіден, жоғары кәсіби тәсілді, екіншіден, іс-шараның заң шегіндегі қажетті құпиялылығын, үшіншіден, мамандандырылған прокурорлардың, сондай-ақ ұйымдасқан құрамалардың қылмыстық әрекеті туралы істерді қараушы судьялардың тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Ұйымдасқан қылмыскерлікпен күрестің басты объектілері: а) ұйымдасқан қылмыстық құрамалар; б) мұндай құрамалар жүйесі; в) олардың экономикалық, саяси, әлеуметтік, рухани негіздері; г) көптүрлі сыртқы байланыстары және мұндай байланыстарды қолдауға және дамытуға қатысушы, не оған өзгедей мүдделі сыртқы субъектілер.

Экономикалық, саяси, әлеуметтік және рухани сипаттағы шараларды біртіндеп, ешқандай «төтеншесіз», кешенді, мұқият ойластырып қолдану керек. Төтенше шаралар қылмыстық құрамалардың қатардағы мүшелерін және олардың әрекеттерін қалайда қамтиды, ал басшылары «әліптің аяғын» күтіп шет елде немесе басқа бір ыңғайлы жерде жүреді, жағдайды ол кейін өз пайдасына айналдыруы да мүмкін.

Мұндай ұйымдасқан қылмыскерлікпен күрес қоғам мүшелерінің экономикалық, өзге де мүдделері мен құқықтарын қалайда қозғайды. Бұл жерде әрқашанда адамның және азаматтың құқығы, әр түрлі құқықтар мен мүдделердің, әр түрлі субъект құқықтарының бәсекелестік, құндылықтардың иерархиясын анықтау, басымдылықтар таңдау, сол құқықтардың шегі және шектеудің негіздері проблемалары туындайды. Жақсы жері сол – мұндай шектеулер үшін құқықтық негіз бар. Шет елдік тәжірибе де бұл тұрғыда жақсы бағдар бола алады.



Күрестің басты бағыты – ұйымдасқан қылмыстық құраманың өзін және де оның әрекетін, қайта тууының экономикалық, ұйымдық және басқа негіздерін жою. Бұл тұрғыдан алғанда мына шаралар аса маңызды болып табылады: а) ұйымдасқан қылмыстық құрамалардың лидерлерін әшкерелеу және заңда көзделген жауаптылыққа тарту; б) қылмыстық табыстар мен капиталдардың қозғалыс және пайдаланыс жолдарын жабу, олардың заңдастырылуына және молаюына жол бермеу; в) ұйымдасқан қылмыстық құрамалардың қатардағы мүшелеріне өзінше жекелей қарау және олар ұйымдасқан қылмыстық әрекеттің бетін ашуға еркімен көмектессе оларға тиісті әлеуметтік көмек көрсету, жұмыстық-тұрмыстық мәселелерін, басқа да мұқтаждықтарын шешуге жәрдем ету; г) ұйымдасқан қылмыстық құрылымдарды әшкерелеуге қатысқандардың, куәлердің, қылмыстық іс жүргізу әрекетінің басқа да қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету; д) сыбайлас жемқорлықпен, терроризммен күрес туралы батымды шараларды бірге қабылдау; е) ұйымдасқан құрылымдардың қылмыстарынан зиян шеккендердің залалын өтеуді қамтамасыз ететін тиімді шаралар қабылдау. Ұйымдасқан қылмыстық әрекеттің жаңа түрі пайда болған сайын Қылмыстық кодекске түзетулер енгізу керек. Қылмыстық іс жүргізу кодексінде жедел-іздістіру қызметінің нәтижелерін, оның ішінде АҚШ-та, Италияда және басқа бірқатар елдерде кеңінен қолданылып жүрген жедел-іздістіру шаралары мен қылмыстық табысты заңдастырудың (жуып-шаюдың) алдын алу жөніндегі шараларды қылмыстық сот ісін жүргізуге енгізу процедурасын қарастыру керек.

Қылмыстық табысты заңдастырумен және молайтумен күрестің кешенді шаралары, қылмыстық-құқықтық шаралармен қатар, өзінде арнайы-алдын алу сипаты бар және қылмыстық табыстармен заңсыз операцияларды дер кезінде айқындауға, тыюға бірден мүмкіндік беретін қаржылық және өзге де бақылау шараларын қамтуы тиіс.

Жедел-іздістіру, қылмыстық-іс жүргізу және өзге сипаттағы арнайы шараларды енгізу сезіктілердің, айыпталушылардың, басқа адамдардың заңда көзделген құқықтары мен заңды мүдделерін сот тәртібінде не прокурорға жүгіну жолымен қорғаудың бірқатар кепілдіктерімен қалайда үйлесуі керек. Ұйымдасқан қылмыскерлікпен күресетін мамандандырылған

органдардың сезіктілерге, айыпталушыларға, куәлерге күш қолдануды, психикалық қысым жасауды, басқа да заң бұзушылықты пайдалануына жол бермеу жөніндегі шаралардың да маңызы артуда. Сонымен қатар, заңға сүйене отырып қылмыстарды ашудың және тергеудің өзін ақтайтын жаңа тәсілдерін қылмыстық-іс жүргізу қызметіне енгізу керек.

Заңдылықтың бұзылуына жол бермеудің кепілдігі, ол прокурорлық қадағалау режимін немесе сот бақылауын қатайту ғана емес, ұйымдасқан қылмыскерлікпен күресетін мамандандырылған органдардың әр түрлі бағыныштылығы және есеп берушілігі, бұл жағдай олардың біріне бірі және бақылаушы бір органға тәуелсіз жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Нәтижесінде осы органдардың өздеріндегі сыбайлас жемқорлықты, басқадай қылмыстарды ашуға және оларға тосқауыл қоюға мүмкіндік ашылады, өзара бақылаудың нәтижелілігі артады. Ұйымдасқан қылмыскерлікпен күрестің мүддесін ойластырсақ, қылмыстарды ашатын және сезіктілер мен айыпталушыларды қамауда ұстайтын органдарды біріктіруге болмайды, себебі қылмысты қалайда ашу мақсатында қамауда отырған адамдардан заңсыз көрсетулер алу тәсілі қолданылуы мүмкін. Екінші жағынан ондай адамдардың ұйымдасқан қылмыстық құрылымдармен байланысты тергеушілердің, басқа да қызметкерлердің қылмыстық әрекетіне ұшырауы ғажап емес. Ұйымдасқан қылмыскерлер үшін арнайы оқшауланған орынның болуы өзін өзі ақтайды. Ұйымдасқан қылмыстық құрылымдарға қатысы бар адамдардың ерекше назарда болуы, мұқият оқшаулануы, керексіз куәлерден арылу мақсатында олардың көзін жою әрекетінен қорғалуы тиіс.

\* \* \*

Криминологтар қылмыскерліктің арнайы тәсілдерді керек ететін басқа да түрлерін бөліп алды, бірақ бұл жұмыста олардың бәріне тоқталудың мүмкіндігі жоқ, олар криминология саласындағы әдебиетте жан-жақты қаралған.

Қорыта келе айтарымыз – қылмыскерліктің барлық түрлері өзара байланысты, ал жалпы қылмыскерлік - қоғамға сіңіскен, онымен бірге өзгертін және оның өзгеруіне ықпал жасайтын күрделі жүйелік-құрылымдық ерекше құбылыс.

## Сілтемелер:

<sup>1</sup> Алауханов Е. Как уберечься от преступника. Алматы: Өркениет, 2005.

<sup>2</sup> «Криминогендік», «антикриминогендік», «криминалдық» терминдерін дұрыс қолдану керек. Кейде «криминогендік жағдай» деп қылмыскерліктің жайын айтады. Бұл ретте «криминалдық жағдай» деу керек.

<sup>3</sup> Қараңыз: Каиржанов Е. И. Криминология. Алматы 1995. С. 11.

<sup>4</sup> У.С. Жекебаев. О. Социально психологических аспектах преступного поведения. Алматы. 1971. 286.

<sup>5</sup> Қараңыз: Ван-Кан. Экономические факторы преступности. М., 1915; Познышев С.В. Основные начала науки уголовного права. М., 1912; Чубинский М.П. Курс уголовной политики. М., 1907; Криминология (А.И.Долгованың редакциясында. М., 1997. 15-30б.

<sup>6</sup> Конгрестер 1885 жылы Римде, онда Ломброзо идеясы үстемдік етті, 1889 жылы – Парижде (онда Ломброзо әлеуметтік факторды ескермегенін мойындады), содан соң 1892 жылы – Брюссельде, 1846 жылы – Женевада, 1901 жылы – Амстердамда, 1906 жылы – Туринде өтті. Қараңыз: Журнал Министерства юстиции. 1901. №9.

<sup>7</sup> Маркс К., Энгельс Ф. Шығармалары. Т.2. 361-б.

<sup>8</sup> Мұнда Ф.Листтің, Ресейде – М.В.Духовскийдің, И.Я.Фойницкийдің, Н.С.Таганцевтің, М.П.Чубинскийдің және басқалардың үлесі зор.

<sup>9</sup> Кан Уэдо. Преступность и криминология в современной Японии. М., 1989. 23-26б.

<sup>10</sup> Курс советской криминологии. Т. 1. М., 1985. 58-б.

<sup>11</sup> Қараңыз: Криминология / Н.Ф.Кузнецованың, Г.М.Минковскийдің редакциясында. М., 1994; Криминология / В.Н.Кудрявцевтің, В.Е.Эминовтың редакциясында. М., 1997; Криминология / Н.А.Беляевтің, И.В.Болгареваның редакциясында, СПб, 1992; Криминология / В.Н.Бурлаковтың және т.б. редакциясында. СПб, 1995. және басқалар.

<sup>12</sup> Қараңыз: Ағыбаев А.А. «Қылмыстық құқық». Алматы. Жеты Жарғы. 2003 ж.

<sup>13</sup> Алауханов Е.И. Криминологические проблемы борьбы с корыстно-насильственными преступлениями. Алматы, 2002 С.117.

<sup>14</sup> Кудрявцев В.Н. Причинность в криминологии. М., 1968; Механизм преступного поведения. М., 1981.

<sup>15</sup> Франк Л.В. Потерпевшие от преступления. Душанбе, 1977. Черных Н.С. Виктимологическая профилактика преступлений военнослужащих // Преступность и законодательство. М., 1997.

<sup>16</sup> «Қылмыскерлік – таптық қоғамның белгілі бір мемлекетте, белгілі бір кезеңде жасалатын барлық қылмыстар жиынтығынан тұратын, біршама жаппай, тарихи өзгеріп тұратын әлеуметтік, қылмыстық-құқықтық сипаты бар құбылысы» -деп жазды Н.Ф.Кузнецова. (Кузнецова Н.Ф. Преступление и преступность. М., 1969.).

<sup>17</sup> Джекебаев У.С. Преступность как криминологическая проблема. Алма-Ата, 1974. 105-б.

<sup>18</sup> Қараңыз: Гуров А.И. Профессиональная преступность. М., 1990.

<sup>19</sup> Қараңыз: Шнайдер Г.Й. Криминология. М., 1995. 127-б.

<sup>20</sup> Каиржанов Е.И. Понятие, структура и виды профилактики. Караганда, 1986. С. 19.

<sup>21</sup> Жунусов Б.Ж. Проблемы уголовно-правовой политики. Алматы, 1993.

<sup>22</sup> Себепке мынадай әмбебап анықтама беруге талпыныс болған: «Кез келген қоғамдағы қылмыскерліктің ортақ себебі – объективтік әлеуметтік қайшылықтар». Қараңыз: Криминология / В.Н.Кудрявцевтің, В.Е.Эминовтың редакциясында. 1995. 76-б.

<sup>23</sup> А.К.Миндагулов, т.б. Причины преступности, Хабаровск, 1988. 12-б.

<sup>24</sup> М.Д.Шаргородский. Преступность, ее причины и условия в соц. обществе // Преступность и ее предупреждение. Л. 1966, 30б; А.Н.Агыбаев. Уголовная ответственность за должностные злоупотребления в РК. Аламаты, 1995, 115б.

<sup>25</sup> Жұмағали А. Криминология. Жалпы бөлім. Дәрістер. Алматы, «Лет» баспасы, 2003. 57-бет.

<sup>26</sup> Дюркгейм Э. Норма и патология // Социология преступности. М., 1966.

- <sup>27</sup> Аванесов Г.А. Теория и методология крим. прогнозирования. М., 1972
- Лунев В.В. Мотивация преступного поведения. М., 1991, және басқалар.
- <sup>28</sup> Ной И.С. Методологические проблемы сов. Криминологии. Саратов, 1975. Емельянов В.П. Преступность лиц с психическими аномалиями. Саратов, 1980
- <sup>29</sup> Булатов С.Я. Возрождение \*Ломброзо в советской криминологии // Революция права. № 1. 1920. С. 48.
- <sup>30</sup> Герцензон А.А. Уголовное право и социология. М., 1970; Дубинин В.П. және басқалар. Генетика, поведение, ответственность. М., 1982.
- <sup>31</sup> Алауханов Е.О. Криминологические проблемы борьбы с корыстно-насильственными преступлениями. Алматы, 2002 С. 133.
- <sup>32</sup> Кудрявцев В.М. Правовое поведение: норма и патология. М., 1982..
- <sup>33</sup> Мәліметтер Е.О.Алаухановтың «Пайдақорлық-зорлық қылмыстардың алдын алудың криминологиялық проблемалары» тақырыбындағы з.ғ.д. ғыл...дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациядан алынды. (Алматы, 2004, 131-бет)
- <sup>34</sup> Джаманбалаева Ш.Е. Общество и подросток: социологический аспект девиантного поведения. Алматы, 2002. С. 146
- <sup>35</sup> Алауханов Е.О. Криминологические проблемы борьбы с корыстно-насильственными преступлениями. Алматы, 2002 С. 126.
- <sup>36</sup> Мауленов Г.С. Основные характеристики преступности в Республике Казахстан. Алматы, Ғылым, 1999. С.6.
- <sup>37</sup> ҚР Президентінің және ҚР Министрлер кабинеті актілері жинағы, 1992. №7. 493-496-беттер.
- <sup>38</sup> Алауханов Е.О. Криминологические проблемы борьбы с корыстно-насильственными преступлениями. Алматы, 2002 С. 187.
- <sup>39</sup> Скаков А. К. К вопросу о правовых основаниях назначения режима исправительной колонии в порядке исключения// Вестник Мин. Юст. РК. Алматы, - 1995. - 136 с.

---

<sup>40</sup> Алауханов Е.О. Пайдақорлық-зорлық қылмыстардың алдын алудың криминологиялық проблемалары. З.ғ.д. ғыл... диссертация. Алматы, 2004. 201-бет.

<sup>41</sup> Ибрагимов М.А. Влияние юридической и моральной ответственности на развитие сознания личности// Взаимодействие правового сознания с моралью и нравственностью в обществе переходного периода -Алматы: Жеті Жарғы, - 1995. С. 197

<sup>42</sup> Алауханов Е.О. Пайдақорлық-зорлық қылмыстардың алдын алудың криминологиялық проблемалары. З.ғ.д. ғыл... диссертация. Алматы, 2004. 230-бет.

<sup>43</sup> Кудрявцев В.Н. Правовое поведение: норма и патология. М., 1982

<sup>44</sup> Алауханов Е.И. Криминологические проблемы борьбы с корыстно-насильственными преступлениями. Алматы, 2002 С. 199.

<sup>45</sup> Жадбаев С. Х. Криминология. Алматы: Жеті жарғы, 2002. С. 93.

<sup>46</sup> Ашитов З.О. Вопросы дальнейшего укрепления социалистической законности. Алматы. - 1976. С. 11.

<sup>47</sup> Алауханов Е.О. Криминологические проблемы борьбы с корыстно-насильственными преступлениями. Алматы, 2002 С. 197.

<sup>48</sup> Алауханов Е.О. Пайдақорлық-зорлық қылмыстардың алдын алудың криминологиялық проблемалары. З.ғ.д. ғыл... диссертация. Алматы, 2004. 82-бет.

**Қазақстан Республикасының 2015 - 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2015 - 2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 234 қаулысы «Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2015 – 2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, сондай-ақ Жоспарды орындауға жауапты мүдделі ұйымдар:

- 1) Жоспарды іске асыру бойынша қажетті шаралар қабылдасын;
- 2) жылына бір рет, есепті жылдан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей:

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі – Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын (бұдан әрі – Стратегия) іске асыру;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі Жоспардың іс-шараларының орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.07.2016 № 414; 27.10.2016 № 628 қаулыларымен.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі есепті жылдан кейінгі 15 ақпаннан кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне Жоспардың Стратегияны іске асыру жөніндегі іс-шараларына жүргізілген мониторинг және олардың орындалуын бағалау туралы жиынтық ақпарат берсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.10.2016 № 628 қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі есепті жылдан кейінгі 10 наурыздан кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне Жоспардың көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларының іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

5. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне:

1) жылдың қорытындысы бойынша, есепті жылдан кейінгі 15 наурыздан кешіктірмей Жоспардың Стратегияны іске асыру жөніндегі іс-шараларының орындалу барысы туралы ақпарат берсін;

2) жылдың қорытындысы бойынша, есепті жылдан кейінгі 25 наурыздан кешіктірмей Жоспардың көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларының орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

6. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*К.Мәсімов*



**Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі  
2015 – 2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары**

Ескерту. Жоспарға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.07.2016 № 414; 27.10.2016 № 628 қаулыларымен.

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімдері	Болжанатын шығыстар (мың теңге)	Қаржылан-дыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл						
Мемлекеттік қызмет саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл						
1.	Мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімдері мен мемлекеттік қызметтер көрсетуге қажетті құжаттар тізбесін қысқарту: - ұйымдарды энергетикалық сараптама жүргізуге аккредиттеу (8 құжаттан 7-ге дейін); - электр зертханаларын аккредиттеу (7 құжаттан 6-ға дейін)	бұйрық	ЭМ	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	

2.	«Қазақстан Республикасында тұтынушылардың құқықтарын қорғау» автоматтандырылған көп функционалды ақпараттық-коммуникативтік жүйесін енгізу мәселесін пысықтау	инвестициялық ұсыныс	ҰЭМ (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар	2015 жылғы 3-тоқсан	талап етілмейді	
3.	Мемлекеттік органдар қызметінің бағаланатын бағыттарының бірі ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша олар қабылдап жатқан шараларды қосу мәселесін пысықтау	ПӘ-ге ақпарат	МҚІСҚА (келісім бойынша, жинақтау), мемлекеттік органдар	2015 жылғы қыркүйек	талап етілмейді	
4.	Тарифтерді бекіту тәртібі мен табиғи монополияларды реттеу бойынша өзге де мәселелерді реттейтін нормативтік құқықтық актілерді оңтайландыру (отыз нормативтік құқықтық акті және жиырма әдістеме)	нормативтік құқықтық актілер	ҰЭМ (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар	2015 жылғы 3-тоқсан	талап етілмейді	
5.	Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қызметі туралы арнайы тараулардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	интернет-ресурстарда тараулар	МҚІСҚА (келісім бойынша, жинақтау), мемлекеттік органдар, ЖАО	2015 – 2017 жылдардағы 4-тоқсан	талап етілмейді	
6.	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және әскери қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Қорғанысмині (жинақтау), МҚІСҚА (келісім бойынша), ҰҚК	2015 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	

<p>толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу, оның шеңберінде:</p> <p>1) әскери полиция органдарының Қарулы Күштер, басқа әскерлер мен әскери құралымдар әскери қызметшілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын сақтауына тексеру жүргізу процесін регламенттеу;</p> <p>2) тізбесін мемлекеттік органның бірінші басшысы бекітетін лауазымдарға тағайындалатын әскери қызметшілерге қатысты психофизиологиялық және полиграфологиялық зерттеулерді қолдана отырып, арнайы тексеру жүргізуді көздеу;</p> <p>3) азаматтардың Қорғанысмині «Әскери-техникалық мектебі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына оқуға түсуге арналған өтініштерін халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы қабылдауды, сондай-ақ түсу кезінде медициналық комиссиядан өтуді тұрғылықты жері бойынша денсаулық сақтау ұйымдарына беруді көздеу;</p>		(келісім бойынша), ПМ, мүдделі мемлекеттік органдар			
---	--	---	--	--	--

<p>4) мемлекеттік қорғаныс тапсырысын қалыптастыру және орналастыру рәсімін қайта қарау;</p> <p>5) қару-жарақ пен әскери техниканы тікелей өндірушілерден немесе оларды жеткізу (сату) жөніндегі уәкілетті ұйымдардан импорттау мәселесін пысықтау</p> <p>7. «Мемлекеттік емес өрт сөндіру қызметтерін ұйымдарда, елді мекендер мен объектілерде өрттердің алдын алу және сөндіру, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу бойынша жұмыстар жүргізу құқығына аттестаттау» өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша құжаттарды қабылдау және беру функцияларын Халыққа қызмет көрсету орталықтарына беру</p>	ҰЭМ-ге ұсыныс	ПМ	2015 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	
<p>8. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу</p>	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	МҚІСҚА (келісім бойынша, жинақтау), Әділетмині, мүдделі мемлекеттік органдар, «Нур	2015 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	

			Оган» партиясы (келісім бойынша)			
9.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қызметкерлерінің қатарынан мемлекеттік, оның ішінде құқық қорғау органдарында мүдделер қақтығысы және этика бойынша кеңесшілер институтын енгізу мәселесін пысықтау	ПӘ-ге ұсыныстар	МҚІСҚА (келісім бойынша, жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар	2015 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	
10.	Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте өзге де жолмен жәрдемдескен адамдарға берілетін ақшалай сыйақы мөлшерін өтелген залал мөлшерінен пайыздық арақатынаста қайта қараудың орындылығы мәселесін пысықтау	ПӘ-ге ақпарат	МҚІМ (жинақтау), Қаржымині, ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2016 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді	
11.	Шекаралық бақылау бөлімшелерінің, ішкі істер органдарының және мемлекеттік кірістер органдарының кеден қызметінің қызметкерлері үшін портативтік бейнетіркеуіштермен жабдықтау нормаларын әзірлеу және бекіту	бұйрықтар	ҰҚК (келісім бойынша), ПМ, Қаржымині, ҰЭМ, ЖАО	2016 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді	
12.	Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы құжаттарды қабылдау және беру функцияларын халыққа	ҰЭМ-ге ұсыныстар	ИДМ	2016 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	

	қызмет көрсету орталықтарына беру					
13.	Мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерінің жеке және заңды тұлғалармен байланысын шектеу мақсатында салықтық және кедендік әкімшілендіру процестерін автоматтандыру	орындалған жұмыстар актілері	Қаржымині	2016 жылғы 2-тоқсан	талап етіледі	шығыстар тиісті жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады
14.	Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру конкурсына құжаттарды қабылдау процесін автоматтандыру мәселесін пысықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	БҒМ (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар, ЖАО	2016 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	
15.	Мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың, жеке және заңды тұлғалардың есептілікті және ақпаратты монополияға қарсы органға ұсынуын электрондық нысанға көшіру туралы мәселені пысықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ҰЭМ	2016 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	

16.	Мемлекеттік органдардың және квазимемлекеттік сектор объектілерінің сатып алу туралы деректерінің негізінде мемлекеттік сатып алу шеңберінде сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бағаларының пашыраңқылығын болдырмайтын «Электрондық мемлекеттік сатып алу» ақпараттық жүйесінің бағалар модулін пысықтау	орындалған жұмыстар актілері	Қаржыміні (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар	2016 жылғы 4-тоқсан	талап етіледі	шығыстар тиісті жылдарға арналған республик алық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады
17.	Тарифтік сметаны, тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) немесе оның шекті деңгейін бекіту кезінде табиғи монополиялар субъектілерінің өтініміне қоса берілетін құжаттар тізбесін қысқарту (отыздан жиырмаға дейін)	нормативтік құқықтық актілер	ҰЭМ (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар	2016 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	
18.	Кәсіпкерлерге жануарлардан алынған өнімдердің (ет және ет өнімдері, сүт және сүт өнімдері, балық және балық өнімдері, жұмыртқа және жұмыртқа өнімдері, сондай-ақ ара шаруашылығының өнімдері) қауіпсіздігін растайтын құжатты (өнімнің түрін, санын, иесінің Т.А.Ә., межелі объектісін көрсете отырып, сараптама	бұйрық	АШМ (жинақтау), мемлекеттік органдар, ЖАО	2016 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	

	актісінің телқұжаты) базарларда жұмыс істейтін ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханаларынан тікелей алуға мүмкіндік беру арқылы жеке және коммуналдық базарлардың қызметіндегі әкімшілік кедергілерді алып тастау					
19.	Ұқсас қызметтерді көрсету кезінде жосықсыз өнім берушілер деп танылған тұлғалардың орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыру бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қатысуна тыйым салуды енгізу, сондай-ақ осындай тұлғалардың бірыңғай республикалық тізілімін қалыптастыру	нормативтік құқықтық акт	БҒМ (жинақтау), Қаржыміні	2016 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	
20.	Жеке тұлғалардың табыстары мен мүлкін кезең-кезеңмен декларациялауды, оның ішінде жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті және оған теңестірілген адамдардың, сондай-ақ олардың жұбайларының жылжымайтын мүлікті, көлік құралдарын, бағалы қағаздарды,	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Қаржыміні	2016 жылғы 4-тоқсан	талап етіледі	республик алық бюджетте көзделген қаражат шегінде

	қатысу үлесін сатып алуға жұмсаған шығыстар көздерін декларациялауды енгізу мәселесін пысықтау					
21.	Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін реставрациялау-қалпына келтіру жұмыстарына сметалық нормалар мен бір реттік бағалар нормативтерін әзірлеу	жинақ	МСМ	2017 жылғы 1-тоқсан	талап етіледі	республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде
22.	Кәсіпкерлер үшін есептіліктің, анықтамалардың, хабарламалардың (салықтық және статистикалық есептілікті қоспағанда) жаңа түрлерін енгізуді жүйелендіруге, оңтайландыруға және шектеуге бағытталған ақпараттық құралдарды жаңғыртуды жүргізу	заң жобасының тұжырымдамасын ВАК-қа шығару және қарау	ҰЭМ (жинақтау), Әділетмині, мемлекеттік органдар	2017 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	
23.	Тарих және мәдениет ескерткіштеріне ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізу тәртібін әзірлеу мәселесін пысықтау	МҚІСҚА-ға ақпарат	МСМ	2017 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	
24.	Мыналарды: 1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар және бағдарламалар бойынша гранттық және бағдарламалық-мақсатты қаржыландыруға қатысуға өтінімдер беру процесін;	пайдалануға беру актілері	БҒМ	2017 жылғы 4-тоқсан	талап етіледі	республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде

	2) мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды және бағдарламаларды және олардың орындалуы бойынша есептерді мемлекеттік есепке алуды; 3) ғылым саласындағы сыйлықтар, мемлекеттік ғылыми стипендиялар тағайындауға арналған құжаттарды беру процесін автоматтандыру					
25.	Мемлекеттік бақылауды және қадағалауды ұйымдастыру, жүзеге асыру және нәтижелерін есепке алу мәселелерін автоматтандыру және кейін бірыңғай ақпараттық тұғырнамада ықпалдастыру	бұйрық	БП (келісім бойынша, жинақтау), ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2017 жылғы 4-тоқсан	талап етіледі	республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде
Қоғамдық бақылау институтын енгізу						
26.	БАҚ өкілдері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы үздік журналистік жарияланымдарға конкурстар өткізу	конкурстар	МҚІСҚА (келісім бойынша, жинақтау), АҚМ, мүдделі мемлекеттік органдар	жыл сайын	талап етіледі	республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде
27.	Жоғары білім беру орындарында білім беру гранттарын беру жөніндегі комиссияға азаматтық қоғам институттарының өкілдерін енгізу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	

28.	Коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу бойынша мәліметтерге, сондай-ақ тұрғын үй алған азаматтардың тізімдеріне еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету	ақпаратты жергілікті атқарушы органдардың ведомстволық интернет-ресурстарын да орналастыру	ҰЭМ (жинақтау), ЖАО	2015 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	
29.	«Жария ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	ИДМ (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар, «Нұр Отан» партиясы (келісім бойынша)	2016 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	
30.	«Қоғамдық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	МҚІМ (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар, «Нұр Отан» партиясы (келісім бойынша)	2016 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	
31.	Жоғары оқу орындарында студенттердің сабаққа қатысуы мен үлгерімі, гранттар мен жатақханаларда орындардың бөлінуі туралы ақпарат орналастырылатын онлайн-порталдар құру	пайдалануға беру актісі	БҒМ	2016 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	
Квизимемлекеттік және жеке секторлардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл						
32.	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.07.2016 № 414 қаулысымен.					

33.	Далалық жұмыстарды жүргізу үшін облыстар бойынша ЖЖМ көлемдерін айқындау және бөлу	ЖЖМ жеткізу және көлемін бөлу кестесі	АШМ (жинақтау), ЭМ, ЖАО	жыл сайын	талап етілмейді	
34.	Кондоминиум объектісіне қызмет көрсететін ұйымдардың халық қаражатын жұмсау тәртібін регламенттеу	бұйрық	ҰЭМ (жинақтау), ЖАО	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	
35.	Қаржы ұйымдарының, банктік холдингінің, сақтандыру холдингінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлеріне және актуарийлеріне тестілеу мен емтиханның дыбыс-, бейнежазбасын жүзеге асыру арқылы компьютерлік тестілеу және біліктілік емтихан рәсімінің ашықтығын арттыру	бұйрық	ҰБ (келісім бойынша)	2015 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	
36.	«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ кредит беруші ұйымдарына агроөнеркәсіптік кешен субъектілері беретін кредиттік өтінімдерді ресімдеу және өңдеу, оның ішінде оны «электрондық үкіметтің» веб-порталымен интеграциялау рәсімдерін автоматтандыру	пайдалануға беру актісі	АШМ (жинақтау), «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ (келісім бойынша)	2015 жылғы 4-тоқсан	талап етіледі	«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ меншікті қаражаты есебінен
Соттардағы және құқық қорғау органдарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу						

37.	Судьяларға қойылатын талаптарды, оның ішінде: 1) судьяларға үміткерлерді дайындау және іріктеу; 2) жоғары тұрған судья лауазымдарына кадр резервін құру және онымен жұмыс істеу; 3) жұмыс істейтін судьялардың қызметін және жауапкершілігін бағалау мәселелері бойынша талаптарды қатаңдату жөнінде бұдан арғы шараларды әзірлеу	ПӘ-ге ақпарат	ЖС (келісім бойынша)	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	
38.	Ішкі істер органдарында қызмет өткеру үшін кадр резервіне енгізілген үміткерлердің ақпараттық дерекқорын әзірлеу	бағдарламалық қосымша	ПМ	2015 жылғы желтоқсан	талап етіледі	республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде
39.	Ішкі істер органдары қызметкерлерінің барлық санаттары үшін аттестаттаудан өткізу кезінде тестілеуге арналған бірыңғай бағдарламалық қамтуды әзірлеу	бағдарламалық қосымша	ПМ	2015 жылғы желтоқсан	талап етілмейді	
40.	Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің мансаптық өсуін төмен тұрған лауазымдардан басшы лауазымдарға ілгерілету арқылы ынталандыру тетігін, сондай-ақ құқық қорғау органдары	нормативтік құқықтық актілер	БП (келісім бойынша, жинақтау), МҚІМ, ПМ, Қаржымині	2016 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді	

	қызметкерлерінің қызмет нәтижелерімен ұштастыра отырып, олардың мансапты жоспарлау жүйесін әзірлеу					
41.	Халықтың құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне сенімділік деңгейін арттыру, олардың қызметін бағалау критерийлерін қайта қарау жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу	жоспар	БП (келісім бойынша), МҚІМ, ПМ, Қаржымині	2016 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді	
42.	Құқық қорғау органдарының кадр саясатына конкурстық іріктеу тетіктерін және меритократия қағидатын енгізу	нормативтік құқықтық актілер	БП (келісім бойынша), МҚІМ, ПМ, Қаржымині	2016 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді	
43.	Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кадр резервін пайдаланбай ауысуына тыйым салуды белгілей отырып, оларды аттестаттау және тестілеу рәсімдерін жетілдіру	нормативтік құқықтық актілер	БП (келісім бойынша), МҚІМ, ПМ, Қаржымині	2016 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді	
44.	Соттардағы және құқық қорғау органдарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған профилактикалық шаралар кешенін әзірлеу	жоспар	МҚІМ (жинақтау), БП (келісім бойынша), ПМ, Қаржымині	2016 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді	
45.	Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жұмысқа қосқан үлесінің нәтижелілігі бойынша еңбегіне ақы төлеудің және оларды материалдық ынталандырудың	ПӘ-ге ұсыныстар	ҰЭМ (жинақтау), БП (келісім бойынша), МҚІМ, ПМ, Қаржымині	2016 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	

	жана жүйесін енгізу мәселелерін пысықтау					
46.	Құқық қорғау органдарының қызметін бағалау критерийлерін жұмыстағы басымдықтарды жасалған құқық бұзушылықтарды анықтаудан олардың профилактикасына және алдын алуға ауыстыра отырып қайта қарау	ПӘ-ге ұсыныстар	МҚІСҚА (келісім бойынша, жинақтау), БП (келісім бойынша), ЦМ, Қаржымині	2016 жылғы 4-тоқсан	талап етпейді	
47.	Мемлекеттік қызметтер көрсетуді бақылау үшін көші-қон полициясының ақпараттық жүйесін енгізу	пайдалануға беру актісі	ПМ (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар	2016 жылғы 4-тоқсан	талап етіледі	республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде
48.	Электрондық сот төрелігін дамыту бойынша бұдан арғы шаралар әзірлеу, оның шеңберінде: 1) барлық залдарды сот процестерін дыбыс, бейнетіркеудің жаңғыртылған жүйесімен жаратқандыру; 2) түзеу жүйесі және денсаулық сақтау органдарымен қашықтан сот төрелігін іске асыруды ұйымдастыруға арналған бейне-конференциялық-байланыс жүйесін енгізу; 3) сот органдарының интернет-ресурсын дамыту, оның шеңберінде	ПӘ-ге ақпарат	ЖС (келісім бойынша, жинақтау), Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар	2017 жылғы 4-тоқсан	талап етіледі	республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде

	сот төрелігін оңайлату және оның қолжетімділігі бойынша қосымша сервистерді іске асыру					
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру						
49.	Көрнекті ғалымдардың, мемлекеттік органдардың, саяси партиялардың, қоғамдастықтың өкілдері мен басшыларының сөз сөйлеуін көздей отырып, сондай-ақ олардың сыбайлас жемқорлықтың профилактикасы және оған қарсы күрес мәселелері бойынша брифингтерге, интернет-конференцияларға, телевизиялық бағдарламаларға және «тікелей желілерге» қатысуын қамтамасыз ете отырып, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру мақсатында БАҚ-та ауқымды ақпараттық-насихат жұмысын ұйымдастыру	ақпараттық-насихаттау жұмысын ұйымдастыру жөніндегі жоспар, БАҚ-та мақалаларды, сұхбаттарды жариялау, телерадиобағдарламаларды, сюжеттерді шығару	МҚІСҚА (келісім бойынша, жинақтау), АҚМ, мүдделі мемлекеттік органдар	тұрақты	талап етілмейді	
50.	Азаматтардың сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілігін қалыптастыруға бағытталған мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі бағыттарын түсіндіру жөніндегі деректі, көркем фильмдерді, арнайы дыбыс-, бейнероликтерді жасауды және	деректі, көркем фильмдерді, аудиоджинглдер мен бейнероликтерді жасау және	АҚМ (жинақтау), МҚІСҚА (келісім бойынша), МСМ, мүдделі мемлекеттік органдар	тұрақты	талап етіледі	республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде



	трансляциялауды қамтамасыз етуді көздеу	трансляциялау				
51.	Республикалық және жергілікті БАҚ-та сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыт бойынша тұрақты айдарлар ашу	айдарлар	АКМ, (жинақтау), МҚІСҚА (келісім бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар	тұрақты	талап етілмейді	
52.	Жергілікті атқарушы органдардың жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі консультативтік-кеңесші органдардың жұмыс жоспарларында қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша мәселелерді көздеу	жұмыс жоспары	МҚІСҚА (келісім бойынша, жинақтау), ЖАО	тұрақты	талап етілмейді	
53.	Жастар ұйымдарын тарта отырып және оқу бағдарламаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие мәселелерін енгізе отырып, білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру жөніндегі жұмыс жоспарын бекіту	жұмыс жоспары, оқу бағдарламалары	БҒМ (жинақтау), ЖАО	жыл сайын	талап етілмейді	
54.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік деңгейін айқындау бойынша әлеуметтанушылық зерттеулер жүргізу	әлеуметтанушылық зерттеулер	МҚІСҚА (келісім бойынша)	жыл сайын	талап етіледі	шығыстар тиісті жылдарға арналған республикалық алық

						бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады
55.	ҮЕҰ арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізуге арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар кешені	МҚІСҚА (келісім бойынша, жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар	2016 – 2017 жылдар	талап етіледі	шығыстар тиісті жылдарға арналған республикалық алық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту						
56.	Шетелдік БАҚ-та Қазақстанның қабылдап жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралары туралы арнайы материалдар жариялауды ұйымдастыру	БАҚ-тағы жарияланымдар	СІМ (жинақтау), МҚІСҚА (келісім бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар	тұрақты	талап етіледі	республикалық алық бюджетте көзделген қаражат шегінде
57.	Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлық деңгейін бағалауды және рейтингтер беруді	халықаралық ұйымдарға	МҚІСҚА (келісім бойынша, жинақтау), мүдделі	тұрақты	талап етілмейді	

	жүзеге асыратын халықаралық ұйымдармен тұрақты негізде өзара іс-қимылды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды қамтамасыз ету	тиісті ақпарат беру	мемлекеттік органдар, ЖАО			
58.	Экономикалық ынтимақтастық және даму ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Ыстамбұл іс-қимыл жоспары ұсынымдарын іске асыруды қамтамасыз ету	ПӘ-ге ақпарат	МҚІМ (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар	2016 жылғы 3-тоқсан	талап етілмейді	
59.	Шет мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы ведомстволарының, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру	тиісті іс шаралар өткізу	МҚІСҚА (келісім бойынша, жинақтау), СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2017 жылғы 3-тоқсан	талап етіледі	республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде
Стратегияны іске асыруды мониторингтеу және бағалау						
60.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның іске асырылуына сыртқы талдау мен бағалауды жүргізу үшін мүдделі мемлекеттік органдардың, қоғамдастықтың, БАҚ өкілдері қатарынан арнайы мониторингтеу тобын құру	бұйрық	МҚІСҚА (келісім бойынша, жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар	2015 – 2017 жылдардағы 4-тоқсан	талап етілмейді	

61.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыру жөніндегі жоспар іс-шараларының орындалуына мониторинг пен бағалау жүргізуді қамтамасыз ету	мониторинг жүргізу	МҚІСҚА (келісім бойынша)	жыл қорытындысы бойынша жыл сайын, 15 ақпаннан кешіктірмей	талап етілмейді	
62.	Арнайы мониторингтеу тобының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның іске асырылуына сыртқы талдау мен бағалау жүргізуін қамтамасыз ету	талдау жүргізу	МҚІСҚА (келісім бойынша, жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар, ЖАО	жыл қорытындысы бойынша жыл сайын, 15 ақпаннан кешіктірмей	талап етілмейді	
63.	Халық тарапынан сыртқы бағалауды алу және қоғам пікірін есепке алу мақсатында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыру жөніндегі жоспар іс-шараларының орындалу барысы туралы есептерді БАҚ-та, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сайтында жариялау	жарияланымдар	МҚІСҚА (келісім бойынша, жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар, ЖАО	жыл қорытындысы бойынша жыл сайын, 15 ақпаннан кешіктірмей	талап етілмейді	
64.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның іске асырылуы	есеп	МҚІСҚА (келісім бойынша,	жыл қорытынды	талап етілмейді	

	туралы жыл сайынғы есепті БАҚ-та орналастыру		жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар, ЖАО	ысы бойынша жыл сайын, 15 ақпаннан кешіктірмей		
2. Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл						
65.	Мемлекеттік тапсырмаларды (инвестициялық іс-шаралар және т.б.) іске асыруға арналған бюджет қаражатын бөлудің жана тетіктерін әзірлеу мәселесін пысықтау	Қаржыминің е ақпарат	ҰЭМ (жинақтау), Қаржымині, ҰБХ (келісім бойынша), ҰК (келісім бойынша)	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	
66.	ББӘ-нің бейінді емес функцияларын алып тастау үшін құрылыс жобаларын басқару институтын енгізу мәселесін пысықтау	Қаржыминің е ақпарат	ҰЭМ (жинақтау), Қаржымині, БҒМ, ДСӘДМ, мүдделі мемлекеттік органдар, ҰКП (келісім бойынша)	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	
67.	Іс-шараларды жоспарлау мен іске асырудың барлық кезеңдерінде бюджетті қалыптастыруға қатысушыларды жауапкершілікке тартудың және жауапкершіліктің аражігін ажыратудың тиімді тетігін құру мәселесін пысықтау	Қаржыминің е ақпарат	ҰЭМ (жинақтау), Қаржымині, ИДМ, ЖАО, БП (келісім бойынша), ЕК (келісім бойынша), ҰКП (келісім бойынша)	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	

68.	ТБЖ арқылы мемлекеттік мекемелердің тіркелген азаматтық-құқықтық мәмілелеріне сәйкес қазынашылық органдары өткізетін бюджеттік төлемдерге бақылау жүргізу тетігін әзірлеу	бұйрық	Қаржымині	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	
69.	Квазимемлекеттік секторда ішкі аудит қызметтерінің жүйесін жетілдіру, оның ішінде корпоративтік басқару шеңберінде олардың өкілеттіктері мен функцияларын кеңейту	бұйрықтар	ҰЭМ (жинақтау), Қаржымині, ЕК (келісім бойынша), БП (келісім бойынша), ҰБХ (келісім бойынша), ҰК (келісім бойынша), ҰКП (келісім бойынша)	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	
70.	Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді стандарттау жөніндегі жоспарды әзірлеу	бұйрық	ИДМ (жинақтау), Қаржымині, ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар, ЖАО, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісім бойынша)	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	
71.	Олардың ашықтығын арттыру мақсатында квазимемлекеттік сектордың сатып алу тетігін, оның ішінде тауарды немесе көрсетілетін қызметті егжей-тегжейлі сипаттай отырып, тендерді ұтып алған тұлға, баға туралы толық ақпаратты,	директорлар кеңесінің шешімі	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісім бойынша), ҰЭМ, ЖАО, ЕК (келісім бойынша), БП (келісім бойынша),	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	

	сондай-ақ өндіруші туралы ақпаратты жариялау жолымен жетілдіру		ҰҚП (келісім бойынша), ҰБХ (келісім бойынша), ҰК (келісім бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар			
72.	Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың талаптарына сәйкестігін талдау мен бағалауды қамтамасыз ету үшін ішкі қаржылық бақылаудың ТБЖ критерийлерін кеңейту	бұйрық	Қаржымині (жинақтау), ИДМ	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	
73.	Сауда базарларын заманауи форматқа кезең-кезеңмен көшіру жөніндегі мәселені пысықтау	Қаржымині е ақпарат	ҰЭМ (жинақтау), Қаржымині, ЖАО, ҰҚП (келісім бойынша)	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	
74.	Инвестициялық артықшылықтар берілетін экономикалық қызметтің басым түрлерінің тізбесіне ірі сауда объектілерінің (дүкендердің, сауда үйлерінің) құрылысын енгізу мәселесін пысықтау	Қаржымині е ақпарат	ҰЭМ (жинақтау), ИДМ, Қаржымині, ЖАО, ҰҚП (келісім бойынша)	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	
75.	Мемлекеттік қолдау алу мақсатында «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасына заманауи форматтағы сауда объектілерінің құрылысы саласын енгізу мәселесін пысықтау	Қаржымині е ақпарат	ҰЭМ (жинақтау), ҰҚП (келісім бойынша)	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	

76.	Елді мекендердегі сауданы ұйымдастыру және аудандастыру бөлігінде ішкі сауда қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	бұйрық	ҰЭМ (жинақтау), Қаржымині, ІІМ, ЖАО, ҰҚП (келісім бойынша)	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	
77.	Коммуналдық сауда алаңдарын ұлғайту және коммуналдық сауда алаңдарына мұқтаждарды қамтамасыз ету	Қаржымині е ақпарат	ҰЭМ (жинақтау), Қаржымині, ЖАО, ҰҚП (келісім бойынша)	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	
78.	Сауда объектілері әкімшіліктерінің мемлекеттік кірістер органдарында дара кәсіпкерлер ретінде тіркелмеген және/немесе ресми еңбек қатынастарын ресімдеген жалға алушы жеке тұлғаларға алаңдарды беруі бойынша бақылауды жетілдіру мәселесін пысықтау	Қаржымині е ақпарат	ҰЭМ (жинақтау), Қаржымині, ЖАО, ҰҚП (келісім бойынша)	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	
79.	Жеке қосалқы шаруашылықтарда мал басын есепке алуды жетілдіру мәселесін пысықтау	Қаржымині е ақпарат	ҰЭМ (жинақтау), АШМ, ЖАО, ҰҚП (келісім бойынша)	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	
80.	Кең ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргізе отырып, ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған халықты заңдастыру бойынша жағдайлар жасау және ынталандыру шараларын жүргізу жөніндегі жұмысты жалғастыру	Қаржымині е ақпарат	АШМ (жинақтау) ДСӘДМ, ЖАО, ҰҚП (келісім бойынша)	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	

81.	АӨК-те электрондық форматта мемлекеттік қызметтер көрсету саласын кеңейту мәселесін пысықтау	бұйрық	ИДМ (жинақтау), АШМ, ҰКП, (келісім бойынша)	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	
82.	Элеваторларда астықты электрондық есепке алуды енгізу	бұйрық	АШМ (жинақтау), ҰЭМ, ҰКП (келісім бойынша)	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	
83.	ЖҚШ-да мал басын лимиттейтін нормалар мәселесін пысықтау	Қаржыминін е ақпарат	АШМ (жинақтау), ЖАО, ҰКП, (келісім бойынша)	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	
84.	Билеттерді тіркеу және есепке алу үшін «Жолсеріктің мобильді терминалы» бағдарламалық-аппараттық кешенін дамыту және енгізу	Қаржыминін е ақпарат	ИДМ (жинақтау), ПМ, Қаржымині, ЖАО, «ҚТЖ» ҰК» АҚ (келісім бойынша), ҰКП (келісім бойынша)	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	
85.	Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша теміржол жолаушылары тасымалын жүзеге асырушы тасымалдаушылардың шығындарын субсидиялау тетігінен алшақтау (күшін жою) және әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырушы тасымалдаушылардың кейбір (реттелетін қызметтер: магистральді теміржол желісі,	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	ИДМ (жинақтау), ҰЭМ, Қаржымині, «ҚТЖ» ҰК» АҚ (келісім бойынша)	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	

	локомотивті жетек және вагондарды, электр поездар мен жылжымалы құрамның қозғалтқышы бар вагондарын жалға беру/сатып алу) шығыстарын мақсатты қаржыландыруды енгізу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу					
86.	Тауар импорты кезінде әкімшілендірудің жаңа схемасын енгізу бойынша ұсыныстар енгізу	бұйрық	Қаржымині (жинақтау), ҰЭМ, ҰКП (келісім бойынша)	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	
87.	Алкоголь өнімдері және спирт саласындағы Қазақстан Республикасының экспорттық әлеуетін ұлғайту бойынша ұсыныстар енгізу	бұйрық	Қаржымині (жинақтау), ҰЭМ, ҰКП (келісім бойынша)	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	
88.	Табыстары жоғары жеке тұлғалардың кірістерін әкімшілендіруді күшейту туралы мәселені пысықтау	есеп	Қаржымині	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	
89.	Халықаралық тәжірибені (Лондон сауда биржасы) ескере отырып, сауда биржаларын бақылауды жетілдіру және нақты критерийлерді белгілеу арқылы олардың қызметін регламенттеу	бұйрық	ҰЭМ (жинақтау), Қаржымині, ҰКП (келісім бойынша)	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	

90.	Салық төлеуден жалтару фактілерін анықтау және жолын кесу үшін құқық қорғау органдары өкілдерінің арасынан ведомстволаралық жедел топ құру	бұйрық	Қаржымині (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар	2015 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	
91.	Алдыңғы жылғы кедендік алымдарға тең каражат көлемінде кедендік инфрақұрылым құрудың қаржыландырылуын қамтамасыз ету жөніндегі мәселені пысықтау	есеп	Қаржымині (жинақтау), ҰЭМ	2015 жылғы 3-тоқсан	талап етілмейді	
92.	Жеке табыс салығы сомаларын төлемей тұрғын үйді жалға беретін жеке тұлғаларды анықтау бойынша ішкі істер органдары мен мемлекеттік кірістер органдарының өзара іс-қимылы тәртібін регламенттеу	бірлескен бұйрық	Қаржымині (жинақтау), ПМ	2015 жылғы 3-тоқсан	талап етілмейді	
93.	Жүктерді, атап айтқанда инертті материалдарды тасымалдау кезінде тауарлық-көліктік жүк құжаттың және өлшеу актісінің болмағаны үшін жауапкершілікті күшейту жөніндегі мәселені пысықтау	Қаржыминінің ақпарат	ИДМ (жинақтау), ҰЭМ, ҰКП (келісім бойынша)	2015 жылғы 3-тоқсан	талап етілмейді	
94.	Шетелдік және бірлескен компаниялардың сатып алу айқындылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың сатып алуында отандық, оның ішінде жер қойнауын пайдалану саласында операцияларды жүзеге асыратын	Қаржыминінің ақпарат	ЭМ (жинақтау), ИДМ, Қаржымині, ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2015 жылғы 3-тоқсан	талап етілмейді	

	кәсіпорындардың қатысуын арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру					
95.	Түркия, Иран, Литва, Қытай және Қазақстан уәкілетті органдарының арасында тауарлар мен көлік құралдарының барлық түрлері бойынша мемлекеттердің кеден қызметтері арасында алдын ала электрондық ақпараттандыру бойынша келісім жасасу	көрсетілген елдердің уәкілетті органдары арасындағы өзара іс-қимыл және ақпарат алмасу туралы келісім жобасы	Қаржымині (жинақтау), СІМ	2015 жылғы 3-тоқсан	талап етілмейді	
96.	Құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде шарттар бойынша мердігерлердің міндеттемелерді орындауын айқын әкімшілендіруді қамтамасыз ету мақсатында қосалқы мердігерлер жұмыстарды іс жүзінде орындаған кезде оларға есенген шығарылатын ақша қаражаты есепке жазылатын жеке шоттарды ашу мәселесін пысықтау	есеп	Қаржымині (жинақтау), ҰЭМ	2015 жылғы 3-тоқсан	талап етілмейді	
97.	Кеден бекеттерін, ҰКК ШҚ-ның жекелеген бақылау өткізу пункттерін, кинологиялық қызметтерді, құқық қорғау және арнаулы органдарды, оның ішінде	бірлескен бұйрық	ИДМ (жинақтау), Қаржымині, ҰКК ШҚ (келісім бойынша)	2015 жылғы 3-тоқсан	талап етілмейді	

	кешенді жедел-профилактикалық операцияларды өткізу үшін техникалық жарақтандыру қағидаларын бекіту					
98.	Кеден бекеттерінің инфрақұрылымын жетілдіру жөніндегі мәселені пысықтау	Қаржыминіне ақпарат	ИДМ (жинақтау), Қаржымині, ҰЭМ, ЭМ, ҰКП (келісім бойынша)	2015 жылғы 3-тоқсан		талап етілмейді
99.	«Көлеңкелі» қаржылық қызметтердің ақшаны жылыстатудағы схемаларын мониторингтеудің және қаржылық талдаудың тиімді әдістемесін қолдануды жетілдіру	бұйрық	Қаржымині (жинақтау), БП (келісім бойынша), ҰБ (келісім бойынша)	2015 жылғы 4-тоқсан		талап етілмейді
100.	Интернет желісіндегі көлеңкелі операцияларды реттеу жөнінде жұмысты жалғастыру	есеп	Қаржымині (жинақтау), ИДМ, ҰЭМ, ҰБ (келісім бойынша), БП (келісім бойынша)	2015 жылғы 4-тоқсан		талап етілмейді
101.	Тауарларға декларацияның 31-бағанын толтыруға қойылатын талаптарды қатаңдату (Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 257 шешімімен бекітілген Кедендік декларацияларды толтыру бойынша нұсқаулық және кеден декларацияларының нысандары)	ЕЭК-ке ұсыныстар	Қаржымині (жинақтау), ҰЭМ, ҰКП (келісім бойынша)	2015 жылғы 4-тоқсан		талап етілмейді

102.	Еңбек шартын жасаусыз адамды жұмыс істеуге жібергені үшін жұмыс берушілердің жауапкершілігін қатаңдату жөніндегі мәселені пысықтау	Қаржыминіне ақпарат	ДСӘДМ (жинақтау), Қаржымині, ҰЭМ, ҰКП (келісім бойынша)	2015 жылғы 4-тоқсан		талап етілмейді
103.	Заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер үшін қолма-қол тәртіппен төлемдерді жүзеге асыруға шектеулер енгізу, банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алуға лимит белгілеу мәселелері бойынша заңнамалық шаралар енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	ҰБ (келісім бойынша, жинақтау), ҰЭМ, Қаржымині, ҰКП (келісім бойынша)	2015 жылғы 4-тоқсан		талап етілмейді
104.	POS-терминалдар арқылы қолма-қол ақшасыз есеп айырысу үшін комиссия мөлшерлемелерін төмендету жөніндегі мәселені пысықтау	Қаржыминіне ақпарат	ҰБ (келісім бойынша, жинақтау), Қаржымині, ҰЭМ, ҰКП (келісім бойынша), ҚҚҚ (келісім бойынша)	2015 жылғы 4-тоқсан		талап етілмейді
105.	Төлем қорточкалары бойынша банкаралық транзакцияларды өңдеу жүйесін құру мәселесін пысықтау	Қаржыминіне ақпарат	ҰБ (келісім бойынша)	2015 жылғы 4-тоқсан		талап етілмейді
106.	Қолданыстағы тарифтердің салыстырмалы дерекқорын банктер мен «Қазпошта» АҚ-ның депозиттері және банктердің кредиттері бойынша сыйақы	салыстырмалы базаны толықтыру	ҰБ (келісім бойынша, жинақтау), Қаржымині, «Самұрық-Қазына»	2015 жылғы 4-тоқсан		талап етілмейді

	мөлшерлемелері туралы ақпаратпен толықтыру		ҰӘҚ» АҚ (келісім бойынша)			
107.	Төлем карточкаларын пайдалана отырып, санкцияланбаған операциялар бойынша қаражатты қайтару мәселесін пысықтау	Қаржыминіне ақпарат	ҰБ (келісім бойынша, жинақтау), Қаржымині, ҰӘМ, ҚҚА (келісім бойынша)	2015 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	
108.	Бұзушылықтарды (артық, тиімсіз шығыстар және т.б.) уақтылы анықтау және тиісті, оның ішінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілерін жауапкершілікке тарта отырып, шаралар қабылдау мақсатында бюджет шығыстарын жоспарлау кезінде ТБЖ әзірлеу мәселесін пысықтау	есеп	Қаржымині (жинақтау), ҰӘМ, ЕК (келісім бойынша)	2015 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	
109.	Мемлекеттік аудит жүйесін енгізудің құқықтық тетігін құру және мемлекеттік қаражат пен мемлекет активтерін басқарудың, пайдаланудың тиімділігін арттыру үшін ұсынымдар әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Қаржымині (жинақтау), ЕК (келісім бойынша)	2015 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	
110.	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының ТБЖ бірыңғай қағидаттары мен тәсілдерін енгізу, оның ішінде олардың критерийлерінің саны мен талдамалық құрамдастарын кеңейту	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Қаржымині (жинақтау), ЕК (келісім бойынша)	2015 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	

111.	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының тексерулерін барынша азайту үшін олардың өзара іс-қимыл тетігін заңнамалық түрде айқындау	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Қаржымині (жинақтау), ЕК (келісім бойынша)	2015 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	
112.	Мемлекеттік сатып алу жүйелерін жетілдіруді көздейтін ұсыныстар енгізу: - сатып алуға қатысушылардың құқықтарын қорғаудың тиімді жүйесін құру (заңсыз іс-әрекеттерді даулау және оларды шарт жасасқанға және орындалғанға дейін жою); - бір көзден алу тәсілімен және «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын қолданусыз мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру жағдайларын қысқарту; - конкурстан тыс сатып алу үшін талаптарды арттыру; - сатып алудың барлық кезеңдерін одан әрі автоматтандыру (ұсыныстарды іріктеу, өнім берушіні таңдау, келісімшарт орындалғанша оны сүйемелдеу); - мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың барлығының электрондық шот-фактураларды	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қаржымині (жинақтау), ИДМ, ҰӘМ, БП (келісім бойынша), ЕК (келісім бойынша), ҰҚП (келісім бойынша)	2015 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	



	міндетті түрде қолдануы; - жасанды кедергілерді жою мақсатында шарттарды орындау тетігін жетілдіру; - бас мердігердің қосалқы мердігерлермен жасасқан шарттарының көшірмелерін тапсырыс берушіге ұсынуы жөніндегі талаптарды енгізу арқылы жұмыстардың орындалуына тапсырыс берушінің мониторинг жүргізуін жүзеге асыру; - мәмілелердің заңсыздығы рәсімдерін соттарда қарау және шағымдану тетігі мәселелерін шешу бойынша (шарт іс жүзінде орындалған кезде талаптарды бастапқы жағдайға келтірусіз мәмілені заңсыз деп тану)					
113	ҰҚП-ның қатысуымен өнім берушілерді білікті іріктеу тетігін енгізу жөніндегі жұмысты жалғастыру	есеп	Қаржымині (жинақтау), БП (келісім бойынша), ҰҚП (келісім бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар	2015 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	
114	Техникалық ақауларды болдырмау бөлігінде мемлекеттік сатып алу веб-порталының функционалдығын	орындалған жұмыстар актілері	Қаржымині (жинақтау), ИДМ	2015 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	

	арттыру және ақауға жол бергені үшін электрондық сатып алу саласындағы оператордың жауапкершілігін күшейту					
115.	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының тексерушілеріне қойылатын біліктілік талаптарын жаңарту	бұйрық, қаулы	ЕК (келісім бойынша, жинақтау), Қаржымині, МҚІСҚА (келісім бойынша), Тексеру комиссиялары (келісім бойынша)	2015 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	
116.	Барлық мердігерлер мен қосалқы мердігерлерді қоса алғанда, жобаны қаржыландыру және іске асыру туралы ақпаратты қамтитын «электрондық шарт» функционалын әзірлеу	сынақ хаттамасы	Қаржымині (жинақтау), БП (келісім бойынша)	2015 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	
117.	Экономикалық қызмет түрлері бойынша көлемкелі экономиканы бағалау әдістемесін әзірлеу	бұйрық	ҰЭМ (жинақтау), Қаржымині, ҰБ (келісім бойынша)	2015 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	
118.	Сауда объектілерінің құрылысы саласында МЖӘ-нің жекелеген тетігін құру мәселесін пысықтау	Қаржымині және ақпарат	ҰЭМ (жинақтау), Қаржымині, ҰҚП (келісім бойынша)	2015 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	
119.	Жер қойнауын пайдалануға келісімшарттар не өнімді бөлу туралы келісімдер шеңберінде әкелінетін тауарлардың орташа	Қаржымині және ақпарат	ЭМ (жинақтау), Қаржымині, ҰҚП (келісім бойынша)	2015 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	

	бағалары бойынша ақпаратты жер қойнауын пайдаланушылардың шығыстарын келісу және бекіту кезінде сыртқы экономикалық қызметтің өзге де қатысушылары әкелетін тауарлармен салыстырып қолдануды қамтамасыз ету					
120.	МӨЗ-дердегі, мұнай базалары мен АЖС-тегі бақылау есептеу құралдарына қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту	бұйрық	Қаржымині (жинақтау), ИДМ, ҰЭМ, ЭМ	2016 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді	
121.	Этил спиртінің, алкоголь өнімдерінің өндірісі және айналымы саласында қолданыстағы бақылау және есепке алу жүйелерін жаңғырту (ТЭН әзірлеу және кезең-кезеңмен енгізу)	орындалған жұмыстардың актілері	Қаржымині (жинақтау), ҰЭМ, ИДМ, ҰКП (келісім бойынша)	2016 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді	

122.	<p>Мынадай мәселелер бойынша заңнамалық шаралар енгізу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ҚҚС төлеушілер үшін арнайы ҚҚС-шотын енгізу;</li> <li>- ҚҚС төлеушілердің барлығының электрондық шот-фактураларды қолдануы;</li> <li>- заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру кезінде міндетті түрде салықтық тексеру жүргізу;</li> <li>- ҚҚС бойынша артық төлемді есептен шығару;</li> <li>- сауда саласында жалпыға белгіленген салық салу тәртібіне көшу;</li> <li>- ірі салық төлеушілерге салықтық тексерулер жүргізу барысында Е-аудитті енгізу;</li> <li>- туындаған күнінен бастап 4 айдан астам 150 еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын көлемде салық берешегі, кедендік төлемдер, салық және өсім пұлдар бойынша берешегі бар салық төлеушілер және оларға қатысты банкрот деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімі бар тұлғалар бойынша бағалы қағаздардың болуы және олардың қозғалысы туралы мәліметтерді Бірыңғай тіркеушіден</li> </ul>	заң жобасының тұжырымдамасын ВАК-қа шығару және қарау	ҰЭМ (жинақтау), Қаржымині (ұсыныстарды әзірлеу және ұсыну), ҰКП (келісім бойынша)	2016 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	
		Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	ҰЭМ, (жинақтау) Қаржымині (ұсыныстарды әзірлеу және ұсыну), ҰКП (келісім бойынша)	2016 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	

	мемлекеттік кірістер органдарының алуы; - сауда саласындағы барлық жеке кәсіпкерлерді патент бойынша арнайы салықтық режимнен бақылау-касса машиналарын немесе POS-терминалдарды міндетті пайдаланатын жеңілдегілген декларацияға біртіндеп ауыстыру					
123.	Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар бөлінісінде түсетін өтініштерге талдау жүргізу мүмкіндігімен мемлекеттік сатып алу процесіне қатысушылардың шағымдарын қабылдау процесін автоматтандыру және оларды қарау қорытындыларын Қаржымінің интернет-ресурсында жариялау үшін «электрондық үкімет» және «электрондық мемлекеттік сатып алу» порталдарымен ықпалдастыру бөлігінде ЭҚАБЖ-ны пысықтау	ЭҚАБЖ ақпараттық жүйесін «электрондық үкімет» және «электрондық мемлекеттік сатып алу» порталдарымен ықпалдастыру	Қаржыміні (жинақтау), АҚМ, ЖАО, ҰКП (келісім бойынша)	2016 жылғы 2-тоқсан	талап етіледі	республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде
124.	Кедендік тексерулер жүргізу барысында электрондық аудитті әзірлеу және енгізу	бағдарламалық қамтымды пайдалануға беру актісі	Қаржыміні (жинақтау), ҰЭМ	2016 жылғы 3-тоқсан	талап етіледі	шығыстар тиісті қаржы жылдарын арналған республика

						алық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады
125.	Ұлттық стандарттардың немесе республикада қолданылатын мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетін мұнай өнімдері өндірісінің паспортына кері қайтарып алу рәсімін әзірлеу	бұйрық	ЭМ (жинақтау), Қаржыміні, ҰКП (келісім бойынша)	2016 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	
126.	Импорттаушылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан өтуі туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының шекара қызметі органдарының мемлекеттік кірістер органдарына беру регламентін бекіту	бірлескен бұйрық	Қаржыміні (жинақтау), ҰҚК ШҚ (келісім бойынша)	2016 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	
127.	Мұнай және мұнай өнімдерін, қатты пайдалы қазбаларды, жерасты сулары мен кең таралған пайдалы қазбалар өндірісі мен айналымын бақылау мақсатында қолданыстағы «Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай	пайдалануға беру актісі	ЭМ (жинақтау), Қаржыміні, ЖАО, БП (келісім бойынша)	2017 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	

	<p>мемлекеттік жүйесі» ақпараттық жүйесін және ілеспелі инфрақұрылымды пысықтау, сондай-ақ уәкілетті және бақылаушы мемлекеттік органдардың қолданыстағы ақпараттық жүйелерімен ықпалдастыру</p>					
128.	<p>МӨЗ-ге мұнай жеткізуде жер қойнауын пайдаланушыдан МӨЗ-ге дейін тікелей жеткізу бойынша делдалдарды болдырмауды көздейтін тетіктерді енгізу</p>	<p>Қазақстан Республикасы Заңының жобасы</p>	<p>ЭМ (жинақтау), Қаржымині, ҰЭМ, ҰҚП (келісім бойынша), «ҚМІ» ҰК» АҚ (келісім бойынша)</p>	<p>2017 жылғы 4-тоқсан</p>	<p>талаш етілмейді</p>	
129.	<p>МӨЗ-ге өңдеуге түсетін мұнайдың шығу заңдылығын растайтын құжаттардың тізбесін бекіту мәселесін пысықтау</p>	<p>Қаржымині е ақпарат</p>	<p>ЭМ (жинақтау), Қаржымині, ИДМ, ҰЭМ, БП (келісім бойынша), ҰҚП (келісім бойынша)</p>	<p>2017 жылғы 4-тоқсан</p>	<p>талаш етілмейді</p>	

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ПӨ	– Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі
ЖС	– Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты
ҰБ	– Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
БП	– Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы
ҰҚК	– Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ЕК	– Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті
МҚІСҚА	– Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі
СІМ	– Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
ІІМ	– Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Әділетмині	– Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Қаржымині	– Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
БҒМ	– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Қорғанысмині	– Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі
ДСӘДМ	– Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі
ИДМ	– Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі
ҰЭМ	– Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
ЭМ	– Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі
МСМ	– Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
АШМ	– Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
ҰҚК ШҚ	– Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі
ЖАО	– жергілікті атқарушы органдар
ҰКП	– Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы

ҚҚК	– Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	– «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ	– «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ	– «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
«ҚТЖ» ҰК» АҚ	– «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
«Қазпошта» АҚ	– «Қазпошта» акционерлік қоғамы
ҰБХ	– ұлттық басқарушы холдингтер
ҰК	– ұлттық компаниялар
ВАК	– Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Заң жобалау мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия
Тексеру комиссиялары	– облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиялары
ЭҚАБЖ	– электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі
БАҚ	– бұқаралық ақпарат құралдары
ББӘ	– бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі
ТЭН	– техникалық-экономикалық негіздеме
ТБЖ	– тәуекелдерді басқару жүйесі
ҚҚС	– қосылған құн салығы
АӨК	– агроөнеркәсіптік кешен
МЖӘ	– мемлекеттік-жекешелік әріптестік
МӨЗ	– мұнай өңдеу зауыты
АЖС	– автомобильге жанармай құю станциясы
ҮЕҮ	– үкіметтік емес ұйымдар
ЖҚШ	– жеке қосалқы шаруашылық
ЖЖМ	– жанар-жағармай материалдары
МҚІМ	– Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігі
АКМ	– Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі

